Мәдениетаралық құзыреттің құрамдас бөліктерін талдауды қарастыра отырып, оны шеттілдік коммуникативтік құзырет құрамымен салыстыруға болады. Екі құзыретті салыстыра отырып, Г.В. Елизарова мәдениетаралық құзыретті құрайтын білім, қабілеттер мен қатынастар шеттілдік коммуникативтік құзыреттің компоненттік құрамынан көрініс табады және оған сәйкес келеді деген қорытынды жасайды. Ғалым шеттілдік коммуникативтік құзыреттің әр компонентінде мәдениетаралық аспектіні бөліп алуда жұмыс жүргізді [7, 227-232].

Шеттілдік коммуникативтік құзырет пен мәдениетаралық құзырет арасындағы мұндай өзара байланысты В.В. Сафонова өз еңбектерінде де атап өткен. Ол мәдениетаралық құзыретті шеттілдік коммуникативтік құзыреттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Автордың пікірінше, мәдениетаралық құзыреттің шеттілдік коммуникативтік құзыреттің компоненттерімен үйлестікте қалыптасуы мәдениетаралық диалогтың нәтижелілігін, шетел тілінде тілдесуде өзара түсіністік пен ұлттық-мәдени ерекшеліктерді ескеруді қамтамасыз етеді [2, 62]. Осылайша, екі ғалым да мәдениетаралық құзыретті шеттілдік коммуникативтік құзыреттің дәстүрлі компоненттерін мәдениетаралық мазмұнмен толықтыру тұрғысынан талдайды.

Мәдениетаралық құзыреттің ерекше дербес орнын Н.Д. Гальскова және Н.И. Гез негіздейді, олар бойынша, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттер, қосындысы білім алушылардың мәдениетаралық деңгейде өзара әрекеттесу қабілетін қамтамасыз ететін, бір бүтіннің екі жартысы болып табылады. Бұл жерде авторлардың мәдениетаралық құзыреттің өзіндік ерекшеліктері мәдениетаралық өзара әрекеттесудің психологиялық аспектісінде (атап айтқанда: саналылық, сұхбаттасты түсінуге деген ұмтылыс, эмпатия, және т.б.) ашылады деген пікірімен келіспеу мүмкін емес [4, 92].

Мәдениетаралық құзырет шеттілдік коммуникативтік құзыретке қарағанда кең мағыналы түсінік деген үшінші көзқарас та бар. Бұл жағдайда, коммуникативті компонент табиғи түрде мәдениетаралық құзыреттің құрылымына енеді. Осыған байланысты, авторлардың екі құзыреттің бірігуін, бітіп тұтасып кетуін баса айтуға ұмтылыстарын айта кету керек. Яғни, лингводиатикада соңғы жылдары салыстырмалы түрде жаңа құбылыс – мәдениетаралық коммуникативтік құзырет пайда болып, қарқынды зерттеліп жатыр.

Мәдениетаралық коммуникативтік құзырет ұғымы ғылыми дискурста екі негізгі мағынада қолданылады: "мәдениетаралық құзырет" лингводиатикалық терминінің синонимі ретінде және дербес ұғым ретінде. Мәдениетаралық коммуникативтік құзырет және мәдениетаралық құзырет ұғымдарының ара жігін ажырата отырып, бірқатар ғалымдар мәдениетаралық коммуникативтік құзыретті коммуникативтікке де, мәдениетаралық құзыретке де ұқсас емес деген пікір айтады: мәдениетаралық құзырет тілдер мен мәдениеттерді салыстыруға бағытталған және оның қалыптасуы ана тілінде жүргізілуі мүмкін, ал мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттің дамуы шетел тілін оқуды талап етеді. Мұндай көзқараспен мәдениетаралық құзырет жалпы құзыреттерге теңестіріледі, ал мәдениетаралық коммуникативтік құзырет басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас құру қабілеті және дайындығы, мәдениетаралық байланыста вербалды және вербалсыз құралдармен түсіністікке қол жеткізу ниеті және қабілеті ретінде түсіндіріледі. Бұл тілдік тұлғаға өз мәдениетінің шегінен шығуға және өзінің мәдени сәйкестігін жоғалтпай-ақ мәдениет медиаторының қасиеттерін игеруге мүмкіндік беретін құзырет болып табылады [6, 493].

Қорытындылай келе, мәдениетаралық коммуникативтік құзырет берілген терминді құрайтын екі анықтаманың дағдылы түрде бірігуін болжамайды. Мәдениетаралық коммуникативтік құзырет оны иеленген тұлғаның ерекше қасиеттерін көрсетуді үндейді. Мәдениетаралық құзыретті тұлға тікелей тілдесу құралы ретінде шетел тілін меңгермеген тұлға болуы да мүмкін. Ондай адам медиатор ретінде мәдениетаралық қатынастың жүзеге асуына көмектесетін делдалдың (аудармашы) көмегіне жүгінуі мүмкін. Ал мәдениетаралық коммуникативтік құзырет тілдесу құралы ретіндегі шетел тілін айтарлықтай жоғары деңгейде меңгерген адамға ғана тән. Мәдениетаралық коммуникант болу үшін күрделі үлгі болып табылатын мәдениетаралық коммуникативтік құзыретті игеру қажет. Мәні өз туған тілінде тілдесе отырып, мәдени айырмашылықтарды жеңіп, басқа мәдениет өкілдерімен табысты қатынас құра



білу болып табылатын мәдениетаралық құзыретке қарағанда, мәдениетаралық коммуникативтік құзырет мәдениетаралық тілдесуді шетел тілінде жүргізе білуді болжайды.

Осылайша, шеттілдік білім беру саласында пайда болған жаңа жағдай басты сұрақты қойып, оны шешуге итермелейді, бұл сұрақ: болашақ тіл мамандарында мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттің тиімді қалыптасуын қалай қамтамасыз етуге болады? Бұдан, бүгінгі күні тілдік жоғары оқу орнында оқытудың негізгі мақсаты – нақ осы мәдениетаралық коммуникативтік құзыретті қалыптастыру және нәтижесі – жаңа көзқарастың лингвист-маманы «мәдениетаралық коммуникант» (Г.В. Елизарова), мәдениетаралық деңгейдегі тілдесуге қатысуға қабілетті және дайын екінші реттік тілдік тұлға (И.И. Халеева) деп қорыта аламыз.

### **Әдебиеттер:**

1. Шимичев А.С. Современные подходы к определению понятий межкультурная компетенция и иноязычная коммуникативная компетенция. // Новая наука: стратегии и векторы развития. - №64. - Уфа, 2016. С. 102-105.
2. Сафонова В.В. Изучение языков международного общения в контексте диалога культур и цивилизаций. Воронеж: ИСТОКИ, 1996. 237с.
3. Елизарова Г.В. Формирование межкультурной компетенции студентов в процессе обучения иноязычному общению: Дисс. ... д - ра пед.наук. СПб., 2001. 371с.
4. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. М : Академия, 2004. 336 с.
5. Анненкова А. В. Межкультурная коммуникативная компетенция как цель обучения иностранным языкам в языковом вузе // Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена. 2009. № 109. С. 121-125.
6. Психология общения. Энциклопедический словарь / Под общ. ред. А.А. Бодалева. - М. Изд-во «Когито-Центр», 2011. 962 с.
7. Елизарова Г.В. Культура и обучение иностранным языкам. — СПб.: КАРО, 2005. – 352 с.

**АУТОВА Г.М.  
(АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)**

## **ДҮНИЕТАНУДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КЕЛБЕТІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Білім беру сапасын дүниежүзілік деңгейге жеткізу төңірегіндегі Президент саясатына негізделіп еліміз білім беру саласын қайта құру жағдайын бастан өткізіп жатыр. Жалпы білім беретін мектептерде математикалық бағытта терең білім берудің күшеюіне байланысты физика курсының мазмұнын тереңдетіп

оқытуға және физикалық білімді саналы түрде меңгеруге қойылатын талаптар күшейтілді және оны жүзеге асыру мақсаттары айқындалды. Оның үстіне физика саласындағы ашылып жатқан жаңалықтар жыл сайын ұлғайып әлемді өзгертіп келеді, ал бұл өз кезегінде дүниетанудың физикалық келбетін оқып үйрену үшін оқушылардан танымдық әрекетті және белсенділікті талап етеді.

Дүниетанудың физикалық келбетінің негізгі компоненттері – материя, кеңістік, уақыт. Материя қозғалысының формалары және қоршаған әлемді танып білу деңгейінің тереңдігін ашу жаратылыстану ғылымдары жүйесіндегі теориялық физиканың басты мақсаты.

Ал, мектеп аясында оқушының бастапқы дүниетану философиясының қалыптасуы физика пәнін оқыту барысында қолға келтіріледі. Қазіргі физика пәнін оқыту бағдарламасына сәйкес, жалпы білім беретін мектептердің 7-9 сыныптарында физика курсының барлық бөлімдері оқытылады. Бұл этаптағы меңгерілетін материал біріншіден оқушылардың жас ерекшелігіне, екіншіден олардың математикалық дайындығына сәйкес берілген. Жоғары сыныптарда (10-11 сынып) болса, физика курсы әр түрлі мектептерде түрлі бағдарламалар бойынша оқытылады. Бұл жаратылыстану-математикалық бағыт және қоғамдық -гуманитарлық бағыттағы сыныптарға арналған физика курсы. Бұл этапта оқушылардың физика курсы бойынша алатын білімі олардың болашақ мамандығына тікелей байланысты. [1,18 бет]

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы физиканы оқыту бағдарламасы үлкен қадамдар мен дамып келе жатқан ғылыми- техникалық прогресске өз ақыл ойы, және танымы мен ілесе алатын, технологиялық ортада жеке басы үшін маңызды мәселелерді шеше білетін, одан артық болса өз саласында зерттелмеген мәселелерді ашып, ғылым мен техникаға жаңалық енгізетін тұлғаның қалыптасуына барынша бағдар алу керек.

Өйткені, физикада әлі де дүниенің физикалық келбетін жасайтын кейбір философиялық түсініктер мен теориялар арасындағы елеулі зерттеулерді қажет ететін қарама-қайшылықтар, теория мен тәжірибе арасындағы алшақтық, кейбір теориялар шеңберінде түсіндіре алмайтын құбылыстар мен заңдылықтар жетіп жатыр.

Дүниенің физикалық келбетін айқындау барысында көптеген идеялар жүйесі, физикалық ұғымдар мен заңдар, физикалық теорияның теңдеулері мен олардың арасындағы байланыстар ашылды. Сонымен қатар кейбір теориялар шеңберінде түсіндіре алмайтын құбылыстар, заңдылықтар да пайда болды және ол қазіргі білім беру саласындағы физика курсына да кездеседі. [1,175 бет]

Демек, физика курсына дүниетанудың физикалық келбеті туралы нақты түсінік қалыптастыру үшін өзекті мәселе –ол осы қайшылықтарды айқындау барысында білім алушылардың ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту, Әлемге деген жаңаша ғылыми көз-қарасын қалыптастыру. Физикалық құбылыстарды, заңдарды, теория элементтерін, тәжірибеден алынған деректерді салыстырып, талдау жасау арқылы анықталған қарама қайшылықтарды түсіндіру барысында оқушылардың айналасындағы Әлемді тануын дамыту. Ол үшін ең алдымен түсініктер, заңдар, принциптер, физикадағы әлемнің физикалық көрінісі жайлы идеялар жүйесі, ғылыми білім

жүйесі және таным әдістері жүйелерінің өзара байланысы түріндегі теориялық қорытуларды қалыптастырудың мәселелерін көрсететін философиялық, ғылыми, әдебиеттерді саралау керек.

Физиканың дамуындағы барлық кезеңдер дүниенің физикалық келбетінің дамуы мен қалыптасуының үрдісі болып табылады. Оның алғашқысы – дүниенің механикалық бейнесі болса, соңғысы дүниенің кванттық-өрістік бейнесі.

Классикалық механикадан басталып, кванттық механикамен аяқталатын кейбір қайшылықтарға мысал келтірейік. Мысалы, металдар мен жартылай өткізгіштердің кедергісінің температура байланысын алайық. Бұл материал жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 сынып физика курсының «Әртүрлі ортадағы электр тогы» тарауында оқытылады. Классикалық электрондық теория металлдардың кедергісін, Ом және Джоуль-Ленц заңдарын жақсы түсіндіреді, меншікті электр өткізгіштікті металдың атомдық тұрақтылары арқылы өрнектеуді, электр өткізгіштіктің температураға тәуелділігін түсіндіре алады, жылу мен электр өткізгіштік арасындағы байланысты көрсетеді. Алайда, кейбір жағдайларда теория мен тәжірибелердің арасында алшақтық басталады. Мысалы, теория бойынша меншікті кедергі температура артқан кезде металдың меншікті кедергісі  $\rho \approx \sqrt{T}$  байланысына тәуелді арту керек. Ал тәжірибе нәтижесі  $\rho = \rho_0(1 + \alpha t)$  екендігін көрсетеді. Демек, классикалық электрондық теория жылу сыйымдылық және асқын өткізгіштік құбылысын мүлдем түсіндіре алмайды. Асқын өткізгіштік құбылысын заттың құрамына және құрылысына қарай, теориялық тұрғыдан түсіндіру керек. [1,163 бет]

Классикалық электрондық теорияның қыйыншылықтарының болуы: электрондардың бір-бірімен өзара әсерлесуі ескерілмейді, себебі кристалдық тордың периодты өрісіндегі электрондардың қозғалысы классикалық механика заңдарына емес, кванттық механика заңдарына бағынады.

Жартылай өткізгіштердің асқынөткізгіштігін түсіндіргенде коваленттік байланысты негізге алып, олардың өткізгіштігінің металдардікіне керісінше екенін ғана айтып өтеді. «Жартылай өткізгіштерде атомдардан электрондар бөлініп шығу үшін аз ғана энергия жұмсалады. Сол себепті жартылай өткізгіштер қызыған кезде еркін заряд тасымалдшылардың саны тез өседі де кедергі кемиді» деп түсіндіріледі. [2,308 бет]. Металдардағы сияқты кедергі мен температураның арасындағы байланыс формуласы немесе пропорционалдық байланыс келтірілмеген.

Келесі сұрақ электродинамика мен кванттық механика арасындағы қайшылық: «Электрон неге атом ядросына құламайды?». 1911 жылы Э. Резерфорд атомдың планетерлік моделін ұсынды. Бұл модель бойынша атомдың құрылысы Күн системасына ұқсас. Планеталар қозғалысы әлбетте, гравитация заңдарына, ал электрондардың қозғалысы Кулондың әсерлесу заңдарына бағынады.

Электрондың вакуумда тұрақты жылдамдық пен қозғалатыны белгілі, демек ол сәуле шығару арқылы энергия бөлмейді. Әдетте мұндай жағдайда оны түзу сызықты қозғалады деп қоса айтады.

Ал электрон атом ядросының айналасында орбита бойынша қозғалады, демек оның центре тартқыш үдеуі бар. Ал зарядталған бөлшектердің үдеумелі қозғалысы кезінде электромагниттік толқындың пайда болатыны туралы мәлімет белгілі. Ол туралы оқулықта да айтылады. [3,19 бет] Классикалық электродинамика бойынша үдеу мен қозғалған электрон, үздіксіз сәуле шығару салдарынан ядроға  $10^{-11}$  с уақыт аралығында құлауы керек. Бұл мәлімет, әлбетте оқулықта айтылмаған. Жоғары мектеп физика курсында осы теориялық қарама қайшылықты, яғни электрондың ядроға құламайтынын кванттық механика қағидалары және Гейзенбергтің анықталмағандықтар принципі бойынша түсіндіруге тырысады. Бірақ, кейбір зерттеушілер электрондың ядроға құламауын электрон орбитада қозғалмайды, тек «жағылып қозғалады» деп түсіндіруге тырысады. [5,18 бет]

Қарапайым Бор моделі электрондың ядроға құламауын кулондық тартылысы күшінің электрондың ядро айналасында қозғалуынан туындаған центрге тепкіш күшімен теңестірілуі мен түсіндіреді<sup>53</sup> (Электрон сәуле шығармайды, себебі бұл... кванттық механика!). Бор теориясы классикалық физика заңдылықтарын микроәлем физикасының құбылыстарына қолдануға жарамайтындығын айқын көрсетіп берді. Бірақ алғашқы жетістіктерден соң Бор теориясы көптеген қиындықтарға кездесті. Мысалы, ол сутегінен кейінгі ең қарапайым гелий атомының теориясын жасауда толық сәтсіздікке ұшырады. Сәтсіздіктің басты себебі теорияның ішкі логикалық қарама-қайшылығында еді, ол жартылай классикалық, жартылай кванттық көзқарастарға сүйенді. Қазіргі кезде Бор теориясы шешілмеген қайшылықтар теориясы ретінде қызығушылық туыдырады. [3, 253 бет]

Бұдан күрделі модельдерде бұл құбылыс электрондың толқындық функциясы мен байланысты. Кейінгі зерттеулер электрондардың шынымен атом ядросына құлайтынына көбірек сенеді, яғни ауыр элементтер электрондарының ядроға құлау ықтималдылығы жоғары. Бұл құбылыс К-түсу деп аталады. К- түсу бойынша ядроға ең жақын S-орбитадағы электрон ядроға құлайды да, бір протон нейтронға айналады және нейтрино бөлініп шығады. Бұл ядроның  $\beta$ -ыдырауның бір қызық варианты болады. [4, 23 бет]

Қысқасы, дүниетанудың механикалық бейнесінен бастап кванттық бейнесіне дейін әлі де зерттеуді талап ететін қайшылықтар толып тұр. Мұндай қарама қайшылықтарды анықтау 45 минуттық сабақ барысында қарастырылмасада, өз бетінше тапсырмаларда «Сен қалай ойлайсың? Неге осылай, басқаша емес» деген сұрақтармен танымдылығы жоғары дарынды балаларға бағытталса деп ойлаймын. Әлбетте, ондай шығармашылық төңірігінде жұмыс жасау үшін мұғалімнің білім деңгейіде жоғары болу керек, себебі болашақ физика мұғалімін дұрыс бағытта дайындау келешектегі білім алушылардың дүниетанымдық белсенділігіне оң ықпалын жеткізетіні айтпасада түсінікті. Ол үшін, физика бойынша ЖОО-ға арналып жасалған білім беру стандарттары, оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқулықтар және әдістемелік құралдардың мазмұнына талдау жасалу керек.

Осы бағытта жүргізілген әдістемелік зерттеу нәтижелері әлем келбетін танудағы орын алатын физикалық құбылыстардың бұған дейінгі

оқулықтар мен зерттеу жұмыстарында толығымен қамтылмаған немесе көмескі түрде баяндалған көптеген күрделі мәселелерді физикалық концепциялардың теориялық және диалектологиялық әдіснамасын негізге алу арқылы, оларды осы бағаттағы заманауи көзқарастармен дәлелдеу нәтижесінде оқу үдерісін жүйелі түрде дайындылған жаңа пікірлермен толықтырады.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Акитай Б.Е. Физиканы оқытудың теориясы мен әдістемелік негіздері. – Алматы 2017 ж. –275бет.

2.. Кронгарт Б., Кем В., Қойшыбаев Н. Физика. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы «Мектеп» 2017 ж.350 бет.

3. Туяқбаев С., Насохова Ш., Кронгарт Б., Кем В., Загайнова В. Физика. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық Алматы «Мектеп» 2017 ж.435 бет.

4. Левитов Л. Научная статья «Почему электрон не падает на ядро атома» Журнал «Новости науки и техники».№ 5 2013 г. Стр 25-31.

5. Материал заимствован с интернет ресурса <http://vmanturov.ru/index.php/articles/2/19>. «Почему не излучает и не падает на ядро орбитальный электрон?» В.В. Мантуров. 4 стр.

*Ғылыми жетекші: ф.м.ғ докторы Мукашев К.М*

**АШИРОВА Ж. Б.  
(АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)**

### **ЖЫЛЫЖАЙЛАРДАҒЫ КӨКӨНІС СҰРЫПТАРЫНЫҢ БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ас қызанақ (*Lycopersicon esculentum* Mill. - томат съедобный, помидор) алқалар тұқымдасына жататын бір және көп жылдық шөптесін өсімдік. Салмағы 25-500 г, кейде 800-900 г-ға дейін жетеді. Қызыл, сарғыш жемісінің құрамында 4,5-8,1% құрғақ зат, оның 3,5-8,5% органикалық қышқылдар, минералдық тұздар, В, РР тобының дәрумендері, каротин. Жемісін тамаққа пайдаланады, тұздайды, шырын алады. Қызанақты жеміске де, көкөніске де жатқызады. Өйткені, 1893 жылы АҚШ Жоғарғы Соты қызанақты көкөніс деп қабылдаса, 2001 жылы еуропалықтар оны жеміс деп шешті. Біздің елде қызанақ көкөніс болып саналады [1,2].

Қызанақтан ертерек өнім алу үшін жылыжайда немесе үй жағдайында наурыздың соңы, сәуір айында көшетін дайындайды. Мамырдың 10-нан кейін немесе үсік жүріп өткеннен кейін бақшаға егеді. Өнім алу мерзімі – шілде,

қыркүйек айлары аралығы. Қызанақ адам организміне пайдалы дәрумендерге бай, құрамында органикалық қышқыл, каротин бар [3].

Қызынақты жүрек-қан тамыр аурлары кезінде жеген пайдалы. Өйткені, қызанақтың сұрыптарынан ғалымдар 24 пайдалы химиялық элемент тапқан. Онда темір, мыс, калий тұздары көп. Бұлар жүректің жақсы жұмыс істеуіне көмектеседі, организмдегі артық сұйықтық, зиянды қалдықтарды сыртқа шығарады. Ал шырыны жүрек тамырлары мен қанайналым жұмысын жақсартады. Томат өт айдағыш, несеп айдағыш, микробтарға, қабынуға қарсы әсер ете алады. Зәрдің шығуын тездетеді, бұзылған зат алмасу процесін қалыпқа келтіреді [4].

Қызанақ асқазан мен ішектің сөл бөлу қызметі нашарлаған ішек жолдары сырқаттары кезінде аса пайдалы. Ас қорытуды жақсартады. Іштің қатуы мен қатар жүретін ішек қызметінің бұзылуы кезінде жеген дұрыс. Қантты диабетке және семіздікке шалдыққан науқастар үшін томат құнды азық. Сапасы жақсы, тұзы аз немесе мүлде жоқ томат шырынының құрамында хромопласт ликопин бар. Ғалымдар хромопласты дәрумен деп есептейді. Ол организмді зиянды ісік ауруларынан қорғайды. Қызанақ шырыны семіздікке жол бермейді. Ағылшын ғалымы К. Эзау (1980) адам организміндегі жаңа басталған кез келген ауруды емдейді деп көрсеткен [5]. Америка Құрама Штаттарында ликопин хромопласты 2,5 есе артық томат сұрыпын емдік мақсатта шығарған. Қызанақ иммунитетті де көтереді. Қызанақ пен бал қоспасының денсаулыққа пайдасы мол [6].

Ас қызанақ жылу сүйгіш және құрғақшылыққа төзімді. Өсуіне қолайлы температура 20 - 25°C, температура 15°C дейін төмендегенде гүлдеуін, ал 10°C-та өсуін тоқтатады. 1-2°C үсікке шалдығады. Жартылай түйіршікті, қарашірігі мол топырақта жақсы өседі [7].


### **Зерттеу нәтижелері**

Ас қызанақ жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарымен Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты айналысады. Осы институттың жасаған жылыжайларда егуге арналған қызанақ сұрыптарының бірі –Дәмді (1-сурет). Бұл сұрып гибридті түрінен алынған. Негізгі сабағының ұзындығы – 150 см. Жапырақтары қанық жасыл, пісу уақыты 108-110 күн. Бір реттік терілімде 19,5-22,1кг/м жиналады. Жемісінің орташа салмағы 45-50г. Құрғақ органикалық затының салмағы 6,6%, қант – 4,5%, қышқылдылығы-0,65%, С дәрумені – 19,2 мг/100г. Қазақстанның барлық облыстарында 2013 жылдан бастап егіледі. Авторлары: Джантасов С.К., Айтбаев Т.Е., Мирманова Э.М.




**1-сурет. Дәмді сұрыпы**

Шетелдік селекцияның гибридтеуімен алынған F<sub>1</sub> (бірінші ұрпақ) сұрыпы – **Жалын**. Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында шығарылған қызанақ сұрыптарының бірі (2-сурет). Ең ұзын сабағының биіктігі – 200см. Жапырақтары орташа пішінді, ашық жасыл, бір түштегі жеміс саны 8-14 дана. Жемісінің пішіні дөңгелек ашық сары, сырты тегіс, 4 ұялы. Орташа пісу уақыты – 109-115 күн. Өнімділігі 20-25 кг/м<sup>2</sup>. Алматы облысында 2006 жылдан бастап егіледі. Авторлары: Джантасов С.К., Бабаев С.А., Искаков Н.С., Тарбенев К., Лигай Г.Л.



**2-сурет. Жалын сұрыпы**

Экологиялық бейімделу негізінде «Бүкіл әлемдік Көкөніс орталығы» (Всемирного Центра Овощеводства) үлгісіндегі әдіспен алынған сұрып - **Солнечная жемчужина**. Қыстық және көктемдік жылыжайларға ұсынылады (3-сурет). Пісу уақыты 110-114 күн. Өнімділігі -11-16кг/м<sup>2</sup>. Жемістері ұсақ -8-10г. Құрғақ органикалық затының салмағы 8,5%, қант –5,2%, қышқылдылығы-0,37%, С дәрумені – 14,0мг/%. Негізгі сабағының ұзындығы- 150см. Жемісі қанық жасыл, тегіс, дөңгелек пішінді. Піскен жемісі – қою сары. Қазақстанның барлық облыстарында 2013 жылдан бастап егіледі. Авторлары: Джантасов С.К., Айтбаев Т.Е., Мавлянова Р.Ф., Ien-Ire Chen, Peier Hanzon.



**3-сурет. Солнечная жемчужина**

Гибридтеу әдісімен алынған сұрып – **Малиновое чудо**. Пісу уақыты – 120-127 күн. Өнімділігі 25-30кг/м<sup>2</sup>. Жемістену уақыты 70 күн. Негізгі сабағының ұзындығы 180-195см-ден жоғары (4-сурет). Жемісінің салмағы-100-110г. Жемісінің орташа салмағы 45-50г. Құрғақ органикалық затының салмағы 5,8%, қант – 3,49%, қышқылдылығы-0,65%, С дәрумені – 12,5 мг/. Авторлары: Брюзгина В.В., Нурбаева Ә.А., Айтбаев Т.Е., Джантасов С.К.



**4-сурет. Малиновое чудо**

Экологиялық бейімделу негізінде «Бүкіл әлемдік Көкөніс орталығы» (Всемирного Центра Овощеводства) үлгісіндегі әдіспен алынған сұрып - **Сердце Астаны** (5-сурет). Жеміс беру уақыты -115-117күн. Өнімділігі 20,0-25,0 кг/м<sup>2</sup>, товарлық құндылығы 98%. Піспеген жемісінің түсі-сары жасыл, піскен жемісі қызыл. Жемісі етті, қатты, тауарлық түрі 15-20 күнге дейін сақталады. Жарылып кетпейді. Мемлекеттік сұрып бақылауында. Авторлары: Джантасов С.К., Айтбаев Т.Е., Нусупова А.О., Киселева Н.А., Hanson Peter, Мирманова Э.М.



**5-сурет. Сердце Астаны**



Экологиялық бейімделу негізінде «Бүкіл әлемдік Көкөніс орталығы» (Всемирного Центра Овощеводства) үлгісіндегі әдіспен алынған сұрып - **Керемет** (6-сурет). Жеміс беру уақыты -107-112күн. Өнімділігі 5,7-8,2кг/м<sup>2</sup>, товарлық құндылығы 98%. Піспеген жемісінің түсі-ашық жасыл, піскен жемісі қызыл. Жемісі етті, қатты, тауарлық түрі 15-20 күнге дейін сақталады. Жарылып кетпейді. Мемлекеттік сұрып бақылауында. Авторлары: Джантасов С.К., Мирманова Э.М., Нусупова А.О., Айтбаев Т.Е., Hanson Peter.



**6-сурет. Керемет**

Экологиялық бейімделу негізінде «Бүкіл әлемдік Көкөніс орталығы» (Всемирного Центра Овощеводства) үлгісіндегі әдіспен алынған сұрып - **Тепличный F<sub>1</sub>** (7-сурет). Жеміс беру уақыты -115-117күн. Өнімділігі 12,1-14,7 кг/м<sup>2</sup>, товарлық құндылығы 98%. Піспеген жемісінің түсі- ашық жасыл, піскен жемісі қызыл. Жемісі үлкен, тегіс, тауарлық түрі 15-20 күнге дейін сақталады. Жарылып кетпейді. Мемлекеттік сұрып бақылауында. Авторлары: Джантасов С.К., Мирманова Э.М., Нусупова А.О., Джаумутбаева Д.Е.



**7-сурет. Тепличный F<sub>1</sub>**

Жылыжайда өсетін гибриді түрінен алынған қияр сұрыптарының бірі – **Айбын** (8-сурет). Тұқымы өне бастағаннан соң 58-60 тәулікте алғашқы өнімі жинала бастайды. Жалпы вегетациялық кезеңі 65-70 күн. Өнімділігі 29-30 кг/м<sup>2</sup>. Жемісінің тауарлық құндылығы жоғары 80-85%. Ақ ұнтақ пен пероноспора саңырауқұлақ түрлеріне төзімді. Аналық гүлдері басым көп болып жетіледі. Жемістері ұзын цилиндр тәрізді, жасыл түсті, сыртындағы төмпешікті өсінділері сирек. Жидек тәрізді жемісінің ұзындығы 18-20см, орташа диаметрі 3-3,5см, тұқымы жетілетін эндокарпийі диаметрі салмағы 90-100г. Қабығы жұқа, нәзік, қытырлақ (хрустящая). Мемлекеттік сұрыптық бақылауда. Авторлары: Нусупова А.О., Айтбаева Т.Е., Джантасов С.К. [8].



**8-сурет. Айбын**

### **Қорытынды**

Қазақстандағы қолданыстағы көкөністік томаттың сұрыптары көп. Солардың ішінде Қазақстанның территориясында өсірілетін томаттың сұрыптарының шаруашылықта және медицинада маңызы жоғары. К. Эзаудың көрсетуі бойынша томаттың жемісі адам ағзасында кез келген басталып келе жатқан ауруларды қалпына келтіреді. Ал Америкада томаттың құрамындағы дәрумен болып есептелінетін хромопласттарының мөлшері 2,5 есе артық сұрыпын шығырып, дәрілік мақсатта қолданады. Келешек барлық облыстарда ауданның орталықтарында тіпті жеке үйлерде, жылыжайларда томаттың сорттарын өсіріп, құнды азық ретінде пайдаланудың маңызы зор.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Da Silva Dias, J.C. Impact of improved vegetable cultivars in overcoming food insecurity. *Euphytica* 2010, 176, 125–136.

2. Pleshkov K.K. Vegetable growing of the open and closed ground. Kiev, 1991, 352 p.

3. Jeffree C.E. Structure and ontogeny of plant cuticles. In: Kerstiens G, ed. *Plant cuticles: an integrated functional approach*. Oxford: Bios Scientific, 33–82.

4. J. Agric. Food Chem., Publication Date (Web): April 17, 2002 pp 3010–3014 DOI:10.1021/jf0115589

5. Эзау К. «Анатомия семенных растений» Издательство Мир, Москва 1980 Т.1

6. Kulzhabayeva K. Educational-methodical complex "Plants world", Vegetables: Didactic material .- Almaty, 2011. P. 16.

7. Marcelis, L.F.M. and Baan Hofman-Eijer, L.R. (1995). Growth analysis of sweet pepper fruits (*capsicum annum L.*). *Acta Hortic.* 470-478 DOI:10.17660/ActaHortic.1995.412.56

<https://doi.org/10.17660/ActaHortic.1995.412.56>

8. Айтбаев Т.Е., Амиров Б.М., Джанабаева Т.Т «Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми зерттеу институты каталогы» Алматы 2014 (129б.)

*Ғылыми жетекшісі: б.ғ.д., профессор Кужантаева Женис Жунисбековна*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АӨК КӘСІПОРЫНДАРЫН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ТҮРЛЕРІ**

Агроөнеркәсіптік кешен ірі экономикалық әлеует шоғырланған, өңдеу өнеркәсібі үшін азық-түлік және шикізат өндіретін Қазақстан экономикасының негізгі компоненті болып табылады. Ол материалдық өндіріс саласында жұмыс істейтіндердің 30% -ын құрайды, өндірістің бесінші бөлігі қорлар және жалпы ұлттық табыстың үштен бірін құрайды. Ауыл шаруашылығын дамыту деңгейі бүкіл ұлттық экономикалық әлеуеттің жай-күйін, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды анықтайды.

АӨК-нің маңызды буыны Ауыл шаруашылығы болып табылады. Ол тек қана АӨК-де ғана емес, барлық халық шаруашылығында да ерекше орын алады, ал халық тұтынатын тауарларға халықтың сұранысы 75% - ға дерлік ауыл шаруашылығы өндірісі есебінен жабылады. Агроөнеркәсіп кешенінің агроөнеркәсіптік кешені және осыған байланысты салалары кез келген аймақтың экономикасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Экономиканың тұрақтылығы мен әл-ауқаты, тұтастай алғанда, өңірдің аграрлық секторының тұрақты және гүлденгеніне байланысты. Аграрлық өндірістің тиімділігін кеңейту және арттыру үшін алынған пайда табу жеткіліксіз, ол үшін жаңа резервтерді іздестіру қажет, бірақ бұл бағытта агробизнестің қаржылық тұрақтылығының басты реттеушісі рөлін атқаратын мемлекеттік қолдау негіз болып табылады.

Агроөнеркәсіп кешені (АӨК) – бұл өндіріс бойынша экономикалық қатынастармен байланысты халық шаруашылығы салаларының жиынтығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін бөлу, айырбастау және тұтыну. Оған ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, оны қайта өңдеуді қамтамасыз ететін салалар кіреді, АӨК үшін өндіріс құралдарын сақтау және өткізу, өндіру және оған қызмет көрсету. Агроөнеркәсіптік кешеннің құрылымы үш негізгі саланың жиынтығы болып табылады.

## Қор өндіруші салалар

- Тракторлық және ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктер мен жануарларды қорғаудың химиялық құралдарын өндіру, ауыл құрылысы, өнеркәсіптік жемшөп өндірісі және микробиология

*1 сурет-АӨК салалары*

## Ауыл шаруашылығы өндірісі:

- өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы мал азығы өндірісі

## 

- Дайындау, сақтау, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу, сату.

Кез келген экономиканы дамыту үшін қаржылық қамтамасыз ету процесіне байланысты факторлар ерекше маңызға ие. Экономика мен әлеуметтік саланы дамытудың объективті қолда бар қажеттілігін іске асыру көп жағдайда өткізілетін іс-шаралардың ресурстық қамтамасыз етілуіне байланысты, соның салдарынан негізгі міндеттерді шешудің қажетті шарты мемлекеттік реттеу қаржылық қамтамасыз ету процесі болып табылады.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдау - ауыл шаруашылығында кәсіпкерлік қызметтің барлық түрлерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін теңдестірілген экономикалық қатынастарды қалыптастыру үшін кәсіпкерлік субъектісінің өтеусіз немесе жеңілдетілген мемлекеттік қаржыландырудың әртүрлі нысандары мен әдістерінің үйлесімі.

АӨК кәсіпорындарын қаржыландыру ерекшеліктері ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігімен айқындалады. Жоғарыда атап өткендей, Ауыл шаруашылығы өндірісінің маусымдылығы жыл кезеңдері бойынша айналымдық өндірістік қорлар көлемінде күрт ауытқулар тудырады, бұл қарыз қаражатын тарту қажеттілігін тудырады. Ауыл шаруашылығы, сондай-ақ өндіріс уақыты мен өндірістік циклдің едәуір ұзақтығымен айқын көрінетін жұмыс кезеңі.

Бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорнындағы қаражат айналымының ерекшеліктерін, оның салыстырмалы бәсеңдеуін, айналым процесінде шығындардың біртіндеп өсуін, өнімнің шығуы мен сатылуы кезеңінде айналыстан қаражаттың босатылуын айқындайды.

Қаражаттың айналым айналымының ерекшеліктері өз шығындарын кірістермен өтейтін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржыларын ұйымдастыруда ерекше нысандарға әкеп соғады. Алайда, бір жыл ішінде оларда шығындарды жүзеге асыру және кіріс алу мерзімдері арасында елеулі маусымдық алшақтық пайда болады, бұл айналым қаражатын ұйымдастыруға

әсер етеді, қарыз қаражатын тартуды талап етеді. Кірістер алынғанға дейін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының негізгі бөлігі кредиттік қаражат есебінен жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қаржыландырудың пайда болған проблемаларын қосымша қаржы ресурстарын тарту арқылы ғана шешуге болады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, табиғи және экономикалық жағдайлардың өрілуі: табиғи-климаттық жағдайлардың әсері, жұмыс кезеңі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру уақытының сәйкес келмеуінен, қарыз қаражатына тәуелділігінен, айналым қаражатын біркелкі пайдаланбауынан және агроөнеркәсіптік кешен кірістерін алуынан көрінетін өндірістің маусымдылығы оны қаржылық қамтамасыз ету мен қаржылық реттеуге ерекше көзқарасты талап ететінін атап өтуге болады.


Қаржылық қамтамасыз етудің негізгі міндеті қаржыландыру көздерін таңдау, ақша қаражатын тарту және оларды пайдалану жолымен қаржы ресурстарын жұмылдыру болып табылады. Әр түрлі көздерден қалыптастырылатын қаржы ресурстары кәсіпорынға өз міндеттемелерін уақтылы өтеуге, қаражатты жаңа өндіріске инвестициялауға, қажет болған жағдайда оны кеңейту мен ақша қаражаты қорларын (қаржы ресурстарын) құру, бөлу және пайдалану бойынша қарым-қатынас жиынтығы болып табылатын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржы ұйымындағы қаражат айналымының ерекшеліктері) аграрлық секторға қаржы қаражатының түсуінің негізгі көздерін іздестіруді алдын ала анықтады.

Нарық жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы ресурстарын қалыптастыру және пайдалану тетігін әзірлеу және енгізу неғұрлым өзекті және күрделі болып келеді. Сала қызметінің ерекшелігін ескере отырып, негізгі қаржы ресурстарын есептеудің негізгі кезеңдері:

- ішкі көздер есебінен меншікті қаржы ресурстарының шамасын анықтау (таза пайда, амортизациялық аударымдар));
- қарыздық қаржы ресурстарын анықтау.


Негізгі капиталды тұтыну (амортизациялық қор) және таза пайда-ЖӨӨ бөлігі болып табылатын және бөлу процесінде қосылған құн ретінде құрылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың бастапқы кірістері және экономикалық қызмет субъектілерінде қалады. Ауыл шаруашылығы саласын қолдау, атап айтқанда, азық-түлік нарығы мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады және отандық экономиканы тұрақтандыру мен сауықтыруды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдануда.

2013-2017 жылдар аралығындағы кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 1,4 есеге дерлік өсті (2-сурет).



Сурет 2-ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млрд. теңге

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің құрылымында ең үлкен үлес салмағын өсімдік шаруашылығы өнімі алады, оның мөлшері жалпы өндіріс көлемінде орташа есеппен талданып отырған кезеңде 55,0% - дан астам (3-сурет) құрайды.



3-сурет-өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы, млрд. Теңге

Дамыған мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, ауыл шаруашылығында одан әрі тұрақтандыру көбінесе оның қаржылық қамтамасыз етілу деңгейіне

байланысты. Институционалдық және өнеркәсіптік инфрақұрылымды, қаржы, сақтандыру, ақпараттық институттарды дамыту, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкес өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету арқылы өндірісті жаңғырту және қайта жарақтандыру қажет. Қазақстанда қолданылатын нысандар мен көріністер қаржы тетігінің тиімді құралдарымен белсенді толықтырылуы тиіс. Бюджеттік шығыстарды "жеңілдету" үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін белсенді қолдану қажет.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын дамыту үшін өндіріске инновациялық технологиялар мен заманауи техниканы енгізудің маңызы зор. Қазіргі уақытта өнімсіз ескі техниканы пайдалану, агротехникалық іс-шараларды орындаудың ескірген тәсілдері мен тәсілдері, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің тиімсіз технологиялары, оны сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу және сату негізінде рентабельді ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру мүмкін емес. АӨК инновациялық даму тетігіне қажетті назар аударылуы тиіс, ол экономикалық, ұйымдастырушылық тәсілдердің жиынтығын білдіреді өзара іс-қимыл жасайтын объектілер мен басқару субъектілерінің мүдделерін келісуді қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізу субъектілерінің мақсатты өзара іс-қимылы және олардың қызметіне ықпал ету. Осылайша, ауыл шаруашылығының стратегиялық маңызы мен ерекше ерекшеліктері осы саланы басқаруда, аймақтық деңгейде инвестициялауда ерекше тәсілдерді әзірлеуді талап етеді. АӨК инвестициялық дамуының қазіргі заманғы мемлекеттік саясаты өңірлік аспектіге бағытталуы тиіс. Мұндай тәжірибе аймақтың жеке қажеттіліктері мен табиғи-климаттық жағдайларына сүйене отырып, барынша тиімді әсер ету тетіктерін бейімдеуге мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Кантарбаева Ш. М. ауыл шаруашылық өндірісінің қаржылық тұрақтылығы және азық-түлік қауіпсіздігі. ТМД елдерінің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігі: проблемалары мен жолдары

олардың шешімдері: халықаралық материалдар. Конф.. - Алматы: АӨК экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ҒЗИ "ҚазАгроИнновация" АҚ, 2008. бет 481-бет 254

2 Статистика / / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті // [www.stat.kz](http://www.stat.kz) ескерту.

3 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы Қазақстан халқына Жолдауы // [www.esep.kz](http://www.esep.kz)

*ғылыми жетекшісі: Юсупова С.А.*

## XX ҒАСЫРДЫҢ 60-90 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛЫБРИТАНИЯ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК ИРЛАНДИЯ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

1921 жылы ағылшындық-ирландиялық келісім шарты бойынша Ирландияның оңтүстік бөлігі доминион құқығын алып, ал солтүстік-шығыс бөлігі Англия құрамында қалған кезден Солтүстік Ирландия мәселесі қарастырылып келеді.

1947 жылдан бастап құжаттарда, баспа және әдебиеттерде соғысқа дейін қолданылып жүрген "Британдық империя" термині (1926-1931 жылдардағы империялық конференцияларда) "Британдық ұлттар достастығы" атауына жол берді. "Доминионның" орнына "Достастық мүшесі" деп айтыла және жазыла бастады. Ньюфаундленд доминионы 1949 жылдың 31 наурызында референдум нәтижесінде Канадаға қосылды. 1949 жылы 18 сәуірде Ирландия Республикасы Достастықтан ресми түрде шықты. Доминион мәртебесін қабылдаған, бірақ өзінде республикалық басқару нысанын белгілеген колониялар үшін Достастық елдері премьер-министрлерінің конференциясы 1949 жылғы сәуірде "Достастық мүшелері тәжге ортақ сенімділікпен біріктірілді" деп жариялады. 1931 жылғы Вестминстерлік жарғысы формуласын алып тастау және ағылшын королі тек қана "тәуелсіз ұлттар қауымдастығының еркін нышаны — Достастыққа мүше және Достастық басшысы қасиетіне ие" деп санауға шешім қабылданды.

Солтүстік Ирландия тарихындағы мәселені талдаудың нәтижесі келесі кезеңдерден тұрды:

1. 1919-1923 жылдардағы ағылшындық-ирландтық және азамат соғысын, Республикалық қозғалыстың жеңілісі мен ел бөлімін түпкілікті рәсімделуін қарастырды;

2. 1923-1954 жылдардағы Солтүстік Ирландияда юнионистік режимді қалыптастыру, Ирландияның саяси және экономикалық дербестігін дамыту мен тәуелсіздікті алуынан, ИРА қызметін мерзімді жандандырудан, Солтүстік Ирландиялық мәселені бейбіт жолмен шешуге талпыныстардың болмауынан тұрды;

3. 1954-1968 жылдардағы «Шекарадағы науқан» – Ирландияны қарулы жолмен біріктіру мен Солтүстік Ирландияда католиктік азшылықты кемсitudiң күшеюінен және азаматтық құқық үшін күрес қауымдастығының рәсімделуі болып табылды;

4. 1968-1972 жылдардағы Ольстер дағдарысы, Британ әскерлерінің ірі контингентін енгізіп, репрессивті аппаратты күшейтті. ИРА қызметін жандандырып, оны бөлді. Юнионистік режимді жою – Ұлыбританияның тікелей басқаруын енгізді;

5. 1973-1990 жылдары Солтүстік Ирландияда реформалар жүргізу қажеттілігін көрсетті.



1960 жылы Біріккен Корольдіктегі саяси жағдай Солтүстік Ирландиядағы дағдарыс салдарынан күрт шиеленісіп кетті. Провинциядағы католиктік азшылық өздерінің азаматтық құқықтарын кеңейтуді талап етті. 1967 жылы Ольстердің католиктері азаматтық құқық үшін күрестің Солтүстік Ирландиялық қауымдастығын құрды, бірақ олардың бейбіт демонстрациясы 1968 жылы полиция тарапынан басып тасталды. Оған жауап ретінде 1795 жылы құрылған "оранжистер ордені" сияқты тым оңшыл протестанттық ұйымдар қарсы тұрды. 1969 жылы тамызда Солтүстік Ирландияға британдық әскерлер енгізіліп, бұл жағдайды одан әрі ушықтырды.

ИРА Солтүстік Ирландияға шабуыл жасады. 1956-1961 жылдары солтүстік графтықтарға қарсы ең маңызды жорық жасалды, бірақ ол халық арасында қолдау таппады [1, с. 3].

1969 жылдың жазында Дерри мен Белфастта католиктер мен протестанттар арасындағы жаппай көше қақтығыстары өріс алды. Ольстердің Британдық бөлігіне одан әрі қақтығыстардың алдын алу үшін ағылшын әскерлері енгізілді. Бастапқыда католиктер аймақта әскерлердің қатысуын қолдады, бірақ одан әрі олардың қақтығысқа деген көзқарастарына көңілі толмады. Армия протестанттарды қолдады [2, с. 3].

Осылайша ол Ольстер дағдарысының бастауына алып келді.

Католиктердің арасында бүкіл Ұлыбритания аумағындағы ағылшын билігі мен Ольстердегі ағылшын жауынгерлеріне қарсы террордың жорығы басталған Ирландияның республикалық әскери (ИРА) террористік ұйымы құрылды.

Лондондағы және басқа да ағылшын қалаларындағы ИРА террорлық актілері мен Ольстердегі діни қақтығыстар жыл сайын бейбіт тұрғындардың орасан зор мөлшердегі өмірін әкететін әлі күнге дейін ағылшын дипломатиясының шешілмеген мәселесі болып табылады.

Маргарет Тэтчер үкіметі елдегі жағдайды жақсарту үшін бірқатар іс-шаралар өткізді. Осы іс-шаралардың ішінде:

- инфляция тоқтатылды, оның күшеюі елдің шаруашылық өмірін бұзды;
- корпорациялардың кірістеріне және жеке кірістерге салынатын салықтар азайтылды, бұл ел экономикасына инвестициялауды ұлғайтуға мүмкіндік берді;
- түптің түбінде шаруашылық және әлеуметтік істерге мемлекеттік араласудың жазылуы, әлі күнге дейін экономиканың өсуіне кері әсерін тигізіп келді;
- кәсіподақтарға қатысты заңнама қайта қаралды, бұл бизнестің дамуына жол ашты;
- жекешелендіру жүргізілді.

Әлеуметтік шаралар арасында Тори үкіметі: «кім көп ақша табатын болса, оған оқу мен емделуге ештеңе тегін болмайды», - деген қағиданы қабылдады. Медицинада білім беру реформасы жүргізілді. Зейнетақы реформасы да қалыс қалмады. Жетістіктер халық табысының өсуіне ықпал етті. Еңбекақыда жыл сайынғы үстемеақы 7-8%-ды құрады. 80-ші жылдары Англиядағы акционерлер саны азайды. Әлеуметтік дарвинизмді уағыздап (әркім өзі үшін – мықтылар аман қалсын), консерваторлар ағылшындық ұлт иелерін жасауға ұмтылды. Осылайша, 70-80 жылдардың тоғысында Ұлыбританияда елді жаппай

дағдарыстан шығарған елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алғанын айтуға болады.

Бұл ретте дінді құраушы тіпті террористік ұйымдардың іс-әрекетінде қадағалады. Кейбір топтардың жалауларында діни атрибуттар болды, ал көшедегі қақтығыстарда діни сипаттағы үндеулер айтылды.

1970 жылдың маусымында тәртіпсіздіктерге қатысқаны үшін Азаматтық құқық күресі одағының көшбасшысы Бернадет Девлин түрмеге қамалғаннан кейін бүліктің жаңа толқыны жүрді. Жаңа толқын сыни межеге жеткенде, Солтүстік Ирландия үкіметі Ұлыбритания көмегіне жүгінді және британдық әскерлер бейбітшілікті қалпына келтірді. Солтүстік Ирландия үкіметі Лондоннан қысым көргенде 1970 жылдың сәуірінде спецназды таратады және кейін қарусыздану жүрген корольдік Ольстерлік полициядағы Британдық бас инспектордың қызметіне рұқсат береді. Бұл шаралар протестанттар тарапынан жаңа зорлық-зомбылықтың тууына әкеледі [3, с. 115].

Солтүстік Ирландияда толқулар өршіп кетті. 1972 жылы жағдайды жеңуге әрекеттену кезінде британдық үкімет Лондоннан тікелей басқаруды енгізу арқылы аймақтық Парламентті және оның алдында жауапты кабинетті таратып жіберді. 1973 жылы жүргізілген плебисцит Құрама Корольдіктің құрамындағы провинцияны сақтау туралы жағдайды тыныштандыра алмады.

1979 жылы ИРА террористері II Елизавета патшайымының жақын туысы, жұбайы Ханзада Филипптің ағасы Лорд Луис Маунтбеттенді өлтіреді [1, с. 4].

1980 жылы ВИРА тактикасында елеулі өзгерістер болды. Республикашылардың дәстүрлерін қайта жандандырумен қатар Белфасттағы Лонгкеш түрмесінде наразылық аштығы орын алды. Аш тұтқындар - "уақытшалардың" әскери тұтқындармен қарым-қатынас жасау құқығын қорғады. Көп ұзамай соғыс науқаны күш алып, бірнеше жас ереуілшілердің өлімі қоғамға қатты әсер етті. Аштық кезінде жасырын күнделік жазған Бобби Сэндс ең танымал құрбандық иесі болды.

Егер ашығушылар Британ үкіметінің көңілін босатамыз деп санаса, олар қателеседі, өйткені премьер-министр Маргарет Тэтчер өлім үшін жауапкершілікті өзіне алудан немесе баруға көнуден біржолата бас тартты. Аштық еш жағдайда ИРА жауынгерлерінің зорлық-зомбылықтан бас тартқандығын білдірмеді. 1979 жыл қанды терактілермен белгілі: Уорренпойнтта он сегіз британдық сарбаз, ал Маунтбеттен граф серіктерімен бірге қайықпен сырғанау кезінде қаза тапты. 1981 жылы Британияда ИРА терроры қайта басталды, ал 1984 жылы жауынгерлер Маргарет Тэтчердің көзін құртуға аз-ақ қалды: олар бомбаны Тэтчер ханым Консервативті партияның съезді кезінде тоқтаған Брайтондағы қонақ үйге қойды.

Бұл қастандықтың әсерінен Маргарет Тэтчер Ирландия мәселесін қайта қарады. Ирландия мен Ұлыбритания үкіметтері жергілікті протестанттық және католиктік фракциялардың пікірін елемей, Солтүстік Ирландияда келісімге келуге қадам жасап, 1985 жылы ол Фицджеральдпен маңызды келісім жасасты. Ағылшын-ирланд келісімі қауіпсіздік, тұрақты мүшелері бар Британ-ирланд органын қалыптастыру және оны Белфастқа орналастырмау сияқты мәселелер бойынша бірлескен кеңестерді қарастырды. Соңғы шарт юнионистердің ызасын

келтірді: олар мұны Ольстердің ісіне шет мемлекеттің араласуы деп мәлімдеді. Юнионистермен шешілген және Корольдік Ольстер полициясымен қақтығысқа түскен келісімге қарсы соғыс науқаны айқай-шумен басталды. Олар 1985 жылдың қарашасында Ирландияның бірігуі тек Солтүстік Ирландияның тұрғындарының көпшілігі қалаған кезде ғана орын алуы тиіс деген уағдаластыққа келді және Ирландия үкіметі Солтүстік Ирландияның католиктерінің мүдделерін ұсынды [4, с. 51-53].

XX ғасырдың 80-90 жылдары Солтүстік Ирландия дағдарысын түрлі әдістермен Ұлыбританияның неоконсервативтік үкіметтері шешуге тырысты. Бұл қызметтің кезеңдерін, оның сипаты мен негізгі бағыттарын талдау тарихи ақиқатты анықтау тұрғысынан ғана емес, іс жүзінде прагматикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады. Лондонның Солтүстік Ирландиядағы тікелей басқару кезеңі 1974 жылдан 1999 жылға дейінгі уақыт аралығын қамтиды, оның ішінде 18 жыл Ұлыбританияның осы аймақтағы саясатын М.Тэтчер және Дж.Мейджор неоконсервативтік үкіметтері жүзеге асырды. 80-90 жылдары дағдарыстан шығу үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси негіздер қаланып, ағылшындық-ирландиялық өзара іс-қимыл процесі басталды және ол өзінің оң дамуына ие болды. Сондай-ақ Солтүстік Ирландияның ішінде партия аралық келісімге қол жеткізуге мүмкіндік берген негізгі уағдаластықтар жасалды. XX ғасырдың аяғында Солтүстік Ирландиялық саясаткерлердің консервативтік үкіметтерді зерттеуі осы аймақтағы Ұлыбританияның тікелей басқаруын талдау үшін ғана емес, сонымен қатар осы аймақтағы лейбористік үкіметтің саясатын талдау үшін де маңызды мәнге ие болды.

XX ғасырдың соңғы жылдарында Тони Блэрдің Британдық Үкіметінің белсенді қатысуымен екінші мыңжылдықтың қарсаңында бейбітшілікті Солтүстік Ирландия халқына қайтаруға және демократиялық өзін-өзі басқару құрылысына көшуге мүмкіндік беретін Солтүстік Ирландия партиялары, британдық және ирландтық үкіметтер арасында келісім жасалды.

1998 жылы сәуірде Солтүстік Ирландияның барлық жетекші партиялары мен Ұлыбритания және Ирландия Республикасының үкіметтері қол қойған көппартиялық "Еліктіргіш жұма" келісімі жасалды. Бұл құжат үш жақты өзара іс-қимылдың келісілген құрылымдарын құруға провинцияның барлық саяси күштерінің протестанттар мен католиктер арасындағы билікті жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, атап айтқанда Солтүстік Ирландия Ассамблеясы мен тиісті Үкіметте бөлу келісімін бекітті.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша британдық неоконсервативтік кабинеттердің саясатын зерттеу тағы бір көзқарас тұрғысынан маңызды болып табылады. Ол неоконсерватизмнің теория мен саясат ретіндегі маңызды аспектілерінің бірін түсінуге, оның екі құрамдас бөлігінің - экономикалық неолиберализм мен саяси консерватизмнің өзара іс-қимылының сипаты мен механизмін анықтауға көмектеседі. Соңғы уақытта неоконсервативтік теорияны неолиберализм идеологтары Хайек пен Фридманның экономикалық постулаттарымен теңестіру жиі кездесіп тұрады. Экономикалық тоқырау мен неолиберализмге қарсы күрес әдістерін пайдаланған батыс үкіметтерінің табыстарын кейде кез келген дағдарыстық жағдайға қатысты әмбебап, ұзаққа

созылған әлеуметтік-экономикалық мәселелері бар кез келген өңірде қабылданады. Тэтчер және Мейджор үкіметтерінің қызметін талдау екі аталған компоненттің шынайы диалектикасын анықтауға мүмкіндік береді.

Солтүстік Ирландияда саяси тұрақтылықты құру ниеті жергілікті өзін-өзі басқару элементтері мен қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қатаң шараларды қамтитын "ольстерлеу" саясатында көрініс тапты. Алайда, Тэтчер кабинетінің жалпы қарым-қатынасты қалыпқа келтіру және өңір өмірі үшін жауапкершіліктің белгілі бір үлесін Солтүстік Ирландиялық партияларға аудару әрекеттері сәтсіз аяқталды. Британдық үкіметтің ашық одақтық позициясы протестанттық қауымға және католиктікті тыныштандыруға елеулі саяси әсер ете алмады.

Үкіметтің қоғамдық қауіпсіздіктің қолайлы деңгейін құру жөніндегі қатаң әрекеттері ақылға қонымды шаралардан өтті және көбінесе адам құқықтарының тікелей бұзылуына әкелді. Негізінен протестанттардан тұратын Ольстердің полиция санының көбеюі аймақтағы төтенше заңнаманы бұзды, арнайы әскери бөлімшелерді пайдалану дұшпан қауымдардың арасындағы бөліністі тереңдетті. Сонымен қатар, Тэтчер кабинеті провинциядағы ұлттық-діни белгісі бойынша кемсітушілік көріністерін қабылдамай, олармен күресу үшін айтарлықтай күш-жігер жұмсады. Бірақ бұл ұстаным экономикалық қатынастар саласында ғана іске асырылды және жұмыспен қамтудың бірыңғай нарығын құруға бағытталды. Католиктік азшылықтың азаматтық құқықтары саласында кабинеттің оң ниеті протестанттық тұрақсыздық алдында шегінгендігін көруімізге болады [2, с. 4].

#### **Әдебиеттер:**

1. Трухачев В. Ольстер: конфликт длиной в тысячу лет // Правда.Ру. 2008.
2. Коростелёв М., Вакарь Д., Вьюшин А. Конфликт в Северной Ирландии // М. 2011.
3. Бирюков И.Д. Ольстер – кризис британской империалистической политики. 1968-1984 гг. - М.: Мысль, 1985.
4. Невилл П. Ирландия. История страны – М.: Эксмо, 2009.

**ДЖАКСЫМУРАТОВ К.М., БАЗАРБАЕВ Б.А.  
(НУКУС, УЗБЕКИСТАН)**

#### **МЕЛИОРАТИВНЫЕ УСЛОВИЯ ПРИАРАЛЬЯ**

Изменение условий грунтовых вод изучаемой территории зависит от степени мелиорации. Орошаемая площадь в низовье р.Амударьи в последние годы составляет 498,76 тыс.га, а водоподача на поля около 5556,30 млн. м<sup>3</sup>. Объектом мелиорации Приаралья являются аллювиальные почво-грунты и подстилающие их мелкозернистые пески четвертичного возраста мощностью 50 м, до регионального водоупора сложенного глинами верхнего мела и верхне-среднего эоцена. В результате мелиоративных работ минерализация воды в

р.Амударья (период промывных поливов) достигает до 3,7 г/л, которая в свою очередь влияет на состояние подземных вод. На массивах хлопкового комплекса, максимальный уровень грунтовых вод отмечается в июле-августе месяце на 0,95-2,3 м от поверхности земли в период вегетационных поливов хлопчатника. На промывочные поливы подается вода с минерализацией 1,2-2,7 г/л, эти поливы не дают ожидаемого промывочного эффекта. Интенсивность соленакопления на 2014 год составляет 240 тыс.тн/год, что на 9,9 тыс.тн меньше по сравнению с 2016годом. Почво-грунты зоны аэрации до глубины 3,2 м чрезвычайно сильно засолены, на глубине 2,3 м сильно засолены, ниже залегают грунты слабо засоленные.

На массивах рисосеяния изменение режима грунтовых вод имеет определенную периодичность и стабильность.. Минерализация грунтовых вод на массивах рисосеяния составляет 1,5-2,5 г/л. В многолетнем разрезе влияние орошения происходило до глубины 7-8 м, но за последние годы увеличение минерализации отмечается до 20 м.

Существующая сеть коллекторов не обеспечивает полного отвода соленых дренажных вод, сбрасываемых в понижения рельефа за пределы освоенной зоны, способствуя заболачиванию и засолению площадей.

Анализируя материалы комплексных гидрогеологических и инженерно-геологических съемок по влиянию орошения на состояние грунтовых вод можно говорить, что:

1.Необходимо усилить работы по улучшению технического состояния существующей коллекторно-дренажной сети. По почвенно-гидрогеологическим условиям отдельных земель требуется проводить агротехнические мероприятия по борьбе с засолением почв. Соблюдать плановый режим орошения, а также перенести большую часть промывных поливов с весны на осень.



2. Мелиорация засоленных и заболоченных земель должна заключаться в снижении уровня грунтовых вод, рассолении грунтов. Дальнейшие исследования необходимо провести для выбора оптимальной конструкции

вертикальных и горизонтальных дренажей. Рекомендуется глубина дренажных скважин 30-35 м и горизонтальный дренаж.

3. Для ликвидации причин засоления почв, кроме вышеизложенных, необходим дренаж грунтовых вод с обязательным отводом за пределы орошаемой территории (в Аральское море, Сарыкамышскую впадину). Для обоснования выбора дренажных систем необходима постановка соответствующих гидрогеологических исследований. Часть дренажных вод (с минерализацией до 5 г/л) можно использовать для орошения с предварительным смешиванием с пресными грунтовыми водами.

Для улучшения в настоящее время мелиоративного состояния Приаралья необходимо строительство и реконструкция коллекторно-дренажной сетей с расширением посевных площадей для регулирования водно-солевого баланса путем отведения избыточных высокоминерализованных грунтовых вод за пределы орошаемых массивов дренажными сооружениями (КС-1, КС-2, КС-3, ГЛК, ККС и др.) в сторону Аральского моря (оз.Каратерень, оз.Судочьи и др.).

### **Список использованных литератур**

1. Раткович Д.Я. О проблеме водообеспечения бассейна Аральского моря с учетом требований по сохранению окружающей среды.
2. Крылов М.М. Основы мелиоративной гидрогеологии Узбекистана. Ташкент, 1977. 248 с.
3. [www.aralconf.uz](http://www.aralconf.uz).

**БАЗАРБАЕВ Б.А.  
(НУКУС, УЗБЕКИСТАН)**

## **АНТРОПОГЕННЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ ПРИАРАЛЬЯ**

Современные физико-географические процессы и техногенно-антропогенные изменения довольно широко развиты на изучаемой территории, большинство из них характерно только для аридного климата. Антропогенные и техногенные изменения вызваны интенсивным использованием орошаемых земель, строительством новых коллекторно-дренажных сетей и использованием природных ресурсов. Еще в 70-е годы планирующим органам было ясно, что расширение орошаемых земель для возделывания хлопчатника и связанное с этим интенсивное потребление воды, отрицательно скажется на уровне моря. Однако экономические соображения получили приоритет над экологическими требованиями. Площадь орошаемых земель Приаралья в 1980 годы составляла 2,3 млн.га, а в настоящее время уже превышает 7,5 млн.га. Последствия этого фатального решения имели крайне отрицательное значение для населения и природы. Широкомасштабные мероприятия по орошению прилегающих к Аральскому морю территорий, привели к нарушению естественного водного баланса моря. В ходе постепенной интенсификации возделывания хлопчатника сокращается приток воды в Аральское море из рек Амударьи и Сырдарьи.

Следствием дефицита воды явилось необратимое нарушение всей экологической системы региона. В последние годы ежегодный приток рек в Аральское море в среднем снизился с  $55 \text{ км}^3$  до  $5 \text{ км}^3$ . Площадь водной поверхности в последние годы сократилась более чем на 50% (с  $69500 \text{ км}^2$  до  $33600 \text{ км}^2$ ), объем воды снизился с 1040 до  $231 \text{ км}^3$ , содержание солей в воде увеличилось до 230 г/л. На высохшем морском дне образовались солончаки, из которых ежегодно за счет дефляции в атмосферу поднимается около 185 млн. тонн соли и пыли, которые разносятся по экологически важным территориям дельт.

Рис.1. Соленая-песчанная буря в Приаральи (2018. 27-28 май)



Проследим прогнозируемый процесс высыхания Аральского моря при условии притока воды в объеме  $5 \text{ км}^3$  в год, где на долю грунтовых вод приходится в среднем в  $0,2 \text{ км}^3$  в год.

Качество поверхностных вод ухудшается из-за возврата в реку коллекторно-дренажных вод с повышенной минерализацией, загрязненными пестицидами, неорганическими удобрениями, а также сброса в нее неочищенных промышленных и хозяйственных стоков. Накопление осадков в надводной дельте идет непрерывно, временами чередуется с размывами. Поэтому одновременно с созидательной работой р.Амударья производит в своей дельте и большое разрушительное действие, уничтожая ею созданные берега. Размыв берегов - дейгиш, связан не только с изменением базиса эрозии (Аральского моря), но и в первую очередь, с горизонтальными смещениями русла р.Амударьи. В пределах региона дейгишразвит как вдоль правого, так и вдоль левого берегов.

Кроме эрозионно-аккумулятивной деятельности каналов и коллекторов, из современных физико-геологических процессов и явлений отмечаются оплывины бортов коллекторов, суффозионные воронки, засоление (вторичное засоление), такырообразование и эоловые процессы. Они проходят по извилистым руслам древних протоков и заключаются в подмыве берегов и накоплении наносов. С этой деятельностью ведется борьба путем чистки и спрямления русел водотоков. В местах пересечения коллекторами отложений

руслевой фации наблюдаются оплывины пород длиной 8-15 м, высотой равной глубине коллектора и мощностью до 0,5-1,5 м. Оплывины образуются за счет выноса грунтовыми водами нижнего слоя песка и обрушения верхнего слоистого комплекса глинистых осадков. В результате чего ширина коллектора увеличивается, глубина уменьшается. В дельте развиты такыровидные поверхности с нехарактерной для такыров трещиноватостью. На такырных участках вскрыты маломощным слоем глины, которые залегают на супесчаном и песчаном основаниях. Глинистый слой образовался в результате вымывания и сноса поверхностными водами мелких фракций в пониженные участки. Засоление грунтов развито в понижениях рельефа и местами вблизи оросительной сети за счет испарения близко залегающих грунтовых вод. В наиболее глубоких понижениях развиты процессы заболачивания дна и засоления бортов.

### Список использованных литератур

1. Валуконис Г.Ю., Мурадов Ш.О. Основы экологии. Том I. Общая экология, Ташкент, «Мехнат», 2001.
2. Горелов А.А. Экология. –М. «Центр», 1998.
3. Гладкий Ю.Н., Лавров С.Б. Глобальная география.- М. Дрофа, 2002.

3. [www. aralconf.uz](http://www.aralconf.uz).

*Научный руководитель к.г.м.н. К.М. Джаксымуратов*

**БАЛТАБЕКОВА ЗАРИНА  
(АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)**

### АҚША ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Тамағы тоқтық,  
жұмысы жоқтық  
аздырар адам баласын...  
Абай Құнанбайұлы

Бүгінде енді ғана дамып келе жатқан еліміз үшін әлемнің қаржы тарихын білу маңызды болып табылмақ. Қазақстан мемлекетінің болашағы жастардың қолында, биылғы жылдың жастар жылы болып жариялануына, біз-жастардың ел мүддесіне, ұлт бірлігіне қарай талпына еңбек етуімізге үлкен мотивация берді. Бізге сенім білдіріп отырған еліміз қандай жас ұрпақты көргісі келеді? Әрине, бәсекеге қабілетті және кәсіби шеберлігі жоғары мамандар ретінде көргісі келеді. Бүгінгі таңда жаңа білім менгеру және жақсы мамандық алу бірінші орынға шықты. Жастарды жұмыспен қамту мәселесі елімізде басты назардағы мәселе екені белгілі. Осы мәселені шегіндіру үшін елімізде «Дипломмен ауылға», «Бизнестің жол картасы», «Жұмыспен қамту-2020», «Әрбір отбасына «7-20-25» бағдарламасы аясында баспана арудың жаңа



мүмкіндіктерін беру», «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» т.б бағдарламалар қолға алынып, еліміздің түкпір-түкпірінде жүзеге асырылып жатыр. Иә, қазіргі әлемде құндылықтар айтарлықтай өзгерді. Кеңес үкіметі кезінде адамдарды ақшадан алшақтатуға, ақшаға қызығып құмар болмауға, еліпеуге ундесе, қазір ақшаны көбірек табуға талпындыратын идеология қалыптасқан. Ауа мен суды қаншалықты қажет ететін болсақ, ақша да адамға соншалықты қажет болып кетті. Біздің бірінші қажеттіліктеріміз – Құдайдың берген несібесі болса, ақшаны адам өзі қолдан жасайды, бірақ осы заманда маңызы олардан бір де кем емес болып отыр.

Ақша – осы заманғы адамның саяси және жалпы мәдениетінің бір бөлігіне айналды. Әлемнің қаржы тарихына көз жүгіртсек көне заманнан қазіргі күнге дейін күрделі жолдан өткенін байқауға болады.

Әлемде ақшаны әлеуметтік санат, адамдар арасындағы экономикалық қарым-қатынастың байланысын қамтамасыз етуші негізгі эквивалент ретінде қарастырамыз. Ежелден қаржы-қаражат, ақшаның философиясы бір-біріне қарама-қарсы екі пікірден тұрады. Ақша, адамды теріс жолға түсіріп, рухани аздыруға дейін апарады десе, енді бірі ақша бүкіл адамзат өркениетін қозғалысқа келтіретін ең негізгі тетік деп қарастырады. Елдің әл-әуқаты, экономикасы, қаланың көреюі де ақшаға келіп тіреледі. Екі пікірге жүгінсек те айтылар ойы ақиқат. Француз ойшылы ағартушы Жан Жак Руссоның: Сен ұстаған ақша-сенің бостандығыңның құралы, сен өзің қуған ақша-сенің құл болуыңның құралы, -деп айтқан сөзі күні бүгінге дейін өзекті болып тұр.

Өмір сүріп тіршілік ету үшін ақша өте маңызды рөл атқарады. Дін әлемінің пікірінше, оны жақсы көру – зұлымдықтың түп-тамыры. Әскери адамдар үшін ақша – соғыстың байланыс жібі.

Адам, күнкөрісін, тіршілігін дұрыстаймын деп жүріп, қажы-қайратын сарп етеді. Дәл осы себеппен жастар да отбасын құрмай жүр емеспе? Еліміздегі статистикалық мәліметке сүйенсек, 3 миллионнан астам жастар отбасын құрмағанекен. Әлеуметтік сауалнама жүргізілген кезінде үйленбеудің себебін материалдық жағдайға әкеп тірейді. Өзім қатарлас жастардың, достарымның арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу барысында олардың ойынша отбасын құру үшін ең маңызды фактор не болып табылады деген сұраққа жауаптар алынды. Сауалнама нәтижесі мені айтарлықтай қуантты. Себебі, жастардың басым бөлігі, ақшаның маңызды рөл атқаратынын біле тұра, ақшаға өлшенбейтін құндылықтардың барын да айта өтті.

Ал ақша өмірдің мәні делік, неліктен жастар ақшаға мұқтаж? Ақшаның жетіспеушілігінің себебі неде? Мүмкін, жастардың ақшаға деген көзқарастарын өзгерту керек шығар немесе түрлі бағдарлама, жоба арқылы кәсіби біліктілікті, табысты қалай дұрыс жұмсау керектігін үйрету керек шығар. Биылғы Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктер» атты Жолдауында әлемнің төртінші өнеркәсіптік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келе жатқандығы, оның негізгі бағыттарының бірі адами капитал екендігі айтылды. Сонымен қатар, жастардың бәсекеге қабілетті маман болуы үшін өнеркәсіптік, әлеуметтік

салалардың сұранысына жауап беретін екі жаңа негіздегі білім беру керектігі алға тартылды. «Серпін-2050» жобасы бойынша техникалық, ауыл шаруашылық, педагогикалық, медициналық сияқты дәстүрлі мамандықтарға даярлауда.

Біз, ақшаны, қазына мен байлықты неге өмірдің, тіршіліктің өзегі дейміз? Себебі, ақша-адамның күнделікті қорегінің эквиваленті. Ақшасыз әлемді көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Себебі, адамзат мәдениеті мен өркениетінің даму логикасы осылай болды және осылай бола бермек. Ақша-зат емес, оқоғамдық қатынас. Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің пікірінше, ақша-капиталистік қанаудың құралы, ол қатыгез «ақша қарым-қатынастарымен» барлық адами, оның ішінде отбасы ішіндегі де, қарым-қатынастарды алмастырады. Кейін, «Капитал» беттерінде Маркс – ақша қосылған құн өндіретін жұмыскерлердің иесіз қалған адал еңбегінен басқа ештеңе емес, бұл құнды кейін капиталистер иемденеді және өзінің байлық жинауға деген тойымсыз пиғылын қанағаттандыру мақсатымен «заттандырады» деп көрсетуге тырысты [1,29б.]. Ақшалар ертеден адамзаттың пайда болуымен қатар өмір сүріп келеді десе болады. Ақшаға дейін әр уақыттарда және дүниенің түрлі бөліктерінде адамдар айырбас құралы ретінде әр түрлі тауарларды – астық, мал, қымбат тастар және металдарды пайдаланды. Ұзақ уақыттар бойы ақшаның есебінде күміс пен алтын айналымда болды. Алғашқы монеталар біздің дәуірімізге дейінгі VII ғасырда Лидия мемлекетінде құйыла бастады, ал біздің дәуірімізге дейінгі 279-жылы Римде металдың стандартты бөліктері монета деп аталды [2,14б.].

Тауарлық өндіріс пен айналым көлемдерін кеңейту айырбас операцияларының өсуіне әкелді. Толыққұнды ақшалар шектеулі саны және жоғары шығындарына байланысты шаруашылықтың өскелең сұранысын қанағаттандыра алмайды. Алтын өндіру тауар өндірісін қуып жете алмады, ақшаға деген сұранысты қамтамасыз ете алмады, сонымен бірге жоғары құндылығы бар алтын ақшалар құны бойынша аз айналымды қамтамасыз ете алмады. Сондықтан оны өзінің орынбасарларымен (құн белгілері) алмастыру қажеттілігі туындады, олардың номиналды құны оларды өндіруге кеткен еңбектің шынайы құнынан жоғары болады [2,15-16б.]. Демек, тауармен салыстырғанда ақша айналыста тұрақты, мәңгілік болады, айналыс аясынан жүреді. Ақшаны өзен үстінен өткен көпірімен салыстыруға болады, оның әр түрлі жағалауларында сатушылар мен сатып алушылар, сұраныс пен ұсыныс, баға мен еңбекақы орналасқан [2,8б.].

Немістің философы және социологы Георг Зиммель ақшаны құнның нақты формасы ретінде қарастырды. Басқа деңгейде Зиммель мұны ақшаның өзінен емес, әрекет етушілердің «ішкі дүниесіне», жалпы объективті мәдениет сияқты құбылыстардың кең спектріне тигізген ақшаның әсерімен сипаттаған. Тағы бір деңгейде ол ақшаны «айырбас, жеке меншік, ашкөздік, экстраваганттық, арсыздық, жеке тәуелсіздік, өмір стилі, мәдениет, тұлғаның құндылықтары» сияқты өмірдің басқа компоненттерімен байланысқан ерекше құбылыс ретінде талдады. Жалпылай келе, Зиммель ақшаны «өмірдің бар жиынтығын түсінуге септігі бар ерекше компоненті» деп тұжырымдады.

Ақша философиясының Карл Маркс еңбектерімен ортақ тұстары көп. Маркс сияқты Зиммель де капитализмге, ақша экономикасы туындататын мәселелерге зейін қойды. Алайда осындай ортақ тұстарға қарамастан, бір-бірінен айырмашылықтары таңғаларлық. Мысалы, Зиммель өз заманының экономикалық мәселелерін жалпы мәдени мәселесінің ерекше көрінісі, объективті және субъективті мәдениеттің алшақтауы деп қарастырған. Маркс үшін бұл мәселелер капитализмге тән, бірақ Зиммель үшін олар тұлғаның объективті мәдениет алдындағы қауқарсыздығы-жалпыға ортақ трагедияның бір бөлшегі болған.

Маркс талдауы тарихи ерекшелікке ие болса, Зиммельдің талдауы адамзат тарихы ағымындағы мәңгілік шындықтарды айқындауға бағытталған. Фрисбидің айтуынша: «Оның «Ақша философиясында»...жетіспейтіні...бұл ақша қарым-қатынасының тарихи әлеуметтануы». Шын мәнінде, Зиммель социализм «Ақша философиясында» талқыланған мәселелерді шешудің орнына оларды өршітеді деп есептеген. Ақша философиясы ақшаның жалпы формаларын және құндылықтарды талқылаудан басталады. Кейін келе ақшаның әрекет етушілердің «ішкі әлемі» мен жалпы мәдениетке әсер етуіне ұласады [3,189б.].

Жер біздің әр нәрсеге байыппен қарап, саламатты өмір сүруімізді қалайды. Бірақ соған қарамастан материализмнің деңгейі артуда. Дегенмен дәулетті елдерде экономикалық өсудің адамдарды қанағаттандыра алмауы таңғаларлық. Тұтыну мүмкіндігінің көп болуы, шынымен, «жақсы өмір сүруге» ықпал ете ме? Материалдық әл-ауқатты жақсарту психологиялық әл-ауқатпен өзара байланысты ма?

Бір жүз отыз екі елде 136 000 адамға жүргізілген бір сауалнамада өмірге қанағаттанудың қаржылық табыспен бірге өзгеретіні анықталды. Көбірек табыс табатындар аз табыстыларға қарағанда өмірлеріне айтарлықтай қанағаттанатынын айтқан.

Алайда, қуаныш, бақыт және субъективті әл-ауқат секілді позитивті сезімдердің ақшаға тәуелділігі азырақ және өзін қадірлі сезіну, өз өміріне өзі ие болу, жақын достар мен отбасының болуы секілді факторларға тәуелділігі көбірек. Сауалнаманы жүргізген негізгі зерттеуші өз сұхбатында ақша туралы: «Ақша қанағаттандырады, бірақ өзінді жақсы сезінуге көмектесе алмайды. Позитивті сезімдерге ақшаның ықпалы аз, оған көбіне адамдардың күнделікті істейтін істері әсер етеді», -деген.

Бір зерттеуші адам материалдық мақсаттарды көбірек көздеген сайын, тіршілікте қанағаты мен бақыты азая түседі деген қорытындыға келген. Тағы бір зерттеу кірісі жоғары адамдардың өмірі қарбалас болып, демалуға аз уақыт бөлетінін анықтаған. Жоғары кірісті адамдар салыстырмалы түрде уақытының көп бөлігін бақытқа байланысты әрекеттерге емес, күйзелісі көп әрекеттерге бөледі [4,387-388б.].

Шын мәнінде, кәсіпорынның аман қалуы үшін капитал қажет; жеткілікті қаржыландыру болмауына байланысты бизнесте түрлі сәтсіздіктер болып жатады. Алайда ақша-сәтсіздіктен сақтайтын жалғыз қорған емес. Жеткілікті қаржыландырудың болмауы – көбінесе басқа мәселелердің: басқарушылық

қабілеттің, қаржылық сауаттың жетіспеуі, мардымсыз (жеткіліксіз) инвестиция, жоспарлаудың кемшіліктері және т.б көрсеткіші. Көптеген табысты кәсіпкерлер ақша жетіспеушілігін жеңіп шығып, венчур бастады. Ондай кәсіпкерлер үшін ақша-мақсат емес, ресурс қана.

XVI ғасырдың басында (1516 ж.) утопиялық социализмнің негізін қалаушы Томас Моор өзінің «Жаңа Утопия аралы және мемлекеттің үздік құрылымы туралы алтын кітап» деген еңбегінде: «Алдау, ұрлау, тонау...кісі өлтіру заң тәртібімен қатаң жазаланатынын кім білмейді, әйтсе де бұл жөнінде алдын ала ескертілмеу мүмкіндігі бар жерде алдымен ақша құрымай, олар да жоғалмайды, сонымен бірге, ақшаның жоғалуына байланысты адамдардың алаңдаушылығы, қайғысы, қиыншылықтары және ұйқысыз түндері де ұмтылар еді. Егер ақша адам өмірінен алыстатылатын болса, онда тіпті ақша қажеттілінен туған кедейліктің өзі де жойылар еді» деген болатын.

Ол аздай Т.Моор тағы былай деді: «Қай жерде болсын барлық нәрсені ақша өлшемімен өлшейтін болса, онда ол жерде мемлекеттік істердің табысты және дұрыс ағысының болуы мүмкін емес»

XIX ғ. Социал утопистері – Прудон, Оуэн, Грей және басқалар ақшаға теріс көзқараста болды. Прудон тауар өндірісін сақтай отырып, ақшаны жоюдың жобасын ұсынды және оны дәлелдемек болды.

Мұндай ойлар Ресейде де айтылды. Қазан революциясынан (1917) кейін, азамат соғысы жылдарында ақшаның құнсыздануы байқала бастаған кезде ақшаны жою сәті келеді, яғни тарихтың өзі осыған алып келді деген тұжырымдар пайда бола бастады. Керек десеңіз ауыл шаруашылық өнімдерін өнеркәсіп өнімдеріне тікелей айырбастауды ұйымдастыруға тырысты. Шындығында, оның бәрі сәтсіз аяқталды. С.Г. Струмилин ақшаның орнына еңбек бірліктері-тредаларды, ал ағылшын экономисі Смит Фальтнер энергетикалық бірліктерді –энедаларды пайдалануды ұсынды.

Осыған байланысты К.Маркс былай дейді: ақшаларды жоя отырып, біз қоғамдық дамудың ең жоғарғы сатысында (коммунизмде) болуымыз мүмкін немесе ең төменгі сатыға (алғашқы қауымдық құрылысқа) қайта оралар едік. Қанша дегенмен де коммунизм-ол қиял, сондықтан да ақша болған, олар бар және бола береді [5,12-13б.].

Расында ақша ең басты мақсатқа айналған қоғамда бірқатар теріс құбылыстар туындайды, солардың ішіндегі ең басты екеуі –арсыздық етек алып, әбден ығыр қылатын сүренсіз қарым-қатынастың пайда болуы. Әлеуметтік өмірдің ең жоғарғы және ең төменгі аспектілері сатылып, бәрі бір ортақ мән-ақшаға келіп тірелгенде, арсыздық өрши түседі. Барлығын осылай бір қорытындыға әкеп теңестіру «қарым-қабынастағы барлық нәрсенің құны бар, нарықта барлығын сатуға және сатып алуға болады» деген арсыздыққа әкеп соғады. Қысқаша айтқанда, ақша-эстетиканың абсолютті жауы, ол барлығын формасыздыққа және тек сандық құбылыстарға әкеп тірейді.

Осы тұста, Зиммель бөліп көрсеткен ақшаның жағымсыз әсерлерін ұсынсам:

1. Адамдар жеке тұлғамен қарым-қатынас құрғанның орнына, біз тек позициялармен қарым-қатынасқа түсеміз-тасымалдаушы, наубайханашы және

т.б –осы лауазымды кім атқаратыны ескерілмейді. Яғни, осыған байланысты мәселе-ақша экономикасының жеке еркіндікке әсер етуі. Ақша экономикасы жеке тұлғаны билеп-төстеуге барынша жол ашады.

2. Ақша экономикасының тағы бір ықпалы- ақшаның адам өмірінің стиліне әсері. Мысалы, ақша экономикасы басым қоғамда барлығын себеп-салдар байланысына әкеп тіреу үрдісі байқалады, олар эмоциялы емес, интеллектуалды қабылдануы мүмкін. Осыған байланысты Зиммель замануи әлемді «есептеуші кейіпкер» деп атаған. Ақша экономикасына сай келетін зияткерліктің ерекше формасы- математикалық ойлау әдісі. Бұл,өз кезегінде, әлеуметтік әлемдегі сапалық емес, сандық факторларға баса назар аудару үрдісімен байланысты.

Мұндай сәйкессіздік қарқынды өсуде. Күн сайын объективті мәдениет байлығы артып келеді, алайда жеке ақыл өзінің даму формасы мен мазмұнын тек сол мәдениеттен алшақтап, оны баяулату арқылы байыта алады. Барлығымыз байыған жақсы, бірақ Абай атамыз айтпақшы «Қалта байығаннан бұрын рухани байып жетілуді кемітіп алмайық жастар».

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ақша, несие, банктер: Оқулық / Жалпы редакциясын басқарған Ғ.С. Сейітқасымов. – Алматы: Экономика, 2001. -466 б.
2. Ритцер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. 10-басылым.- Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018.-856б.
3. Шульц Д.П., Шульц С.Э. Қазіргі психология тарихы. 11-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы.-2018 жыл. 448 б.
4. Сейітқасымов Ғ.С. Ақша, несие, банктер: Оқулық. –Алматы: Экономика, 2005. -416б.

*Ғылыми жетекшіі: ф.ғ.к.,доцент Нұрмұхаметова К.Ш*

**БЕКТУРГАНОВА А.А.  
(ШЫМКЕНТ, ҚАЗАҚСТАН)**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ**

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігіне ие болғанына көп уақыт болған жоқ. Дегенмен, осы қысқа мерзімді тарихи тұрғыдан алып қарағанда, елімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістердің нәтижелері бәрімізге толық көрінеді деп айтуға болады.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихи және көп азап көрген тағдырында бірінші рет біздің атабабаларымыздың ғасырлар бойы армандаған ұлы мақсаты жүзеге асқан сияқты. Әлем картасында Қазақстан атты тәуелсіз мемлекет пайда болды. Мемлекеттіліктің барлық саяси институттары құрылып, экономика нарықтық жолға түсті. Осы жолда біз еркін демократиялық қоғамды

дамытудың жедел бағытын жария ете отырып, тәуелсіз Отанымызда батыстық өркениеттің жемісі болып табылатын құқықтық мемлекетті қалыптастыру қажеттілігін қолға алдық.

Қазіргі күнде баршамыз еліміздегі демократияландыруды жеделдету үшін тұрақтылықты, құқықтық мемлекетті және қоғамдық келісімді сақтаудың қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеміз. Қоғамдық тұрақтылық, заңның үстемдігі, ұлтаралық және конфессияаралық келісім, сондай-ақ Қазақстанның жаңа геосаяси рөлі мен жауапкершілігі демократиялық өзгерістердің тиімділігінің кепіліне, оның басты өлшемдеріне айналмақ. Осы тұрғыдан келгенде біздің мемлекетіміз өскелең уақыт талабын тереңнен ұғынып, демократиялық кезеңдердің жаңа көкжиектеріне зерделі таныммен бет бұрды деуге негіз бар. Оның белгілі көрсеткіштерінің бірі құқықтық мемлекет болып табылады.

Құқықтық мемлекеттің нақты-тарихи қалыптасу тәжірибесі мен дамуы әлеуметтік-экономикалық және саяси деңгейімен, қоғамдық құқық сезіне алушылығымен, ұлттық және тарихи салт-дәстүрлермен анықталады. Мұндай жағдайлардың бірі — аталған мемлекеттің бар болуы.

Құқықтық мемлекет саяси билікті ұйымдастырудың формасы ретінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында құқықтың үстемдігі принципімен аса күрделі ұштасуына, биліктің бөлінуіне, бүкіл мемлекеттік механизмнің құқықпен байланыстылығына, заңдардың үстемдігіне, заңдылықтың жүзеге асуына, халық егемендігінің қамтамасыз етілуіне, азаматтардың құқықтыры мен бостандықтарының, ар-абыройларының сақталу кепілдігіне, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне, жалпы азаматтық құндылықтарды және әлемдік тәжірибені есепке алуға негізделеді.

Құқықтық мемлекет құру жолында Қазақстан Республикасының Президентінің 2007 жылғы Қазақстан халқына арнаған жолдауында жаңа кезеңнің ығына қарай саяси және әкімшілік жүйелерді дамыту қажеттілігі туралы айтылған. Мұнда саяси жүйені дамыту, жаңа кезеңдегі негізгі міндет жалпыға танылған демократиялық құндылықтар мен өзіміздің көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың дәстүрлі үйлесімді ұштасатын ашық, демократиялық және құқықтық мемлекет негіздерін одан әрі нығайта беруі талап етіледі деп көрсетілген.

Осы мәселені ескере отырып, әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру мақсатында, ұлттың ұлы идеясын ұстанып отырған мемлекетіміздің өмірінде, құқықтық мемлекетті құру жолында саяси реформалар ерекше орын алады деген пікір баршылық. Сонымен қатар құқықтық мемлекет проблемаларымен айналысып жүрген ғалымдар, мысалы, белгілі заңгерлер мен саясаттанушылар, ең алдымен құқықтық мемлекеттің түсінігіне, оның принциптеріне, заңдылықтарына басты назарларын аударады. Бұл жолда, әрине, құқықтық мемлекет жайындағы теориялық концепцияларды және саяси-құқықтық ойларды ескермей болмайды.

Жалпы зерттеушілердің көбісі құқықтық мемлекет — ол жаңа уақыттың жемісі деп тұжырымдайды. Тарих белгілегендей, не көне, не орта ғасырларда

құқықтық мемлекеттің көріністері болған жоқ. Бірақ кейбір қоғамтанушылар құқықтық мемлекет туралы ойлардың түптамасы ежелгі дәуірге кетеді дейді.

Мысалы, мемлекет пен құқықтың келіскен әрекеттестігін іздеу моделі ертедегі Қытай легистердің назарында болғаны белгілі. Ал сонау антикалық кезеңнің әйгілі философы Платон өзінің «Заңдар» деген еңбегінде келесі ойға келгені анық: «Мен заңында күші жоқ және біреудің билігінде болатын мемлекетті таяуда күйрейді деп ойлаймын».

Осы орайда тәуелсіздігін алып, Қазақстандық құқықтық мемлекетті қалыптастырып, нығайтудағы Елбасының рөлі ерекше. Тәуелсіздік алғаннан кейін өз құқықтық жүйесін қалыптастыруы қажет болған Қазақстан үшін заң үстемдігін қамтамасыз ету оңай болмады. Қаншама заңдар, кодекстер мен құқықтық актілер қабылданып елдегі заңдылықты қамтамасыз ету үшін қызмет етті. Заң шығару жүйесін қалыптастыру, оны орындау мәселесін қамтамасыз ету де өз алдына үлкен зерттеуді қажет ететін тақырып.

Тәуелсіздікті алған соң 1993ж ҚР Конституциясын қабылдады, 1995ж қайта өзгертті. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру мен нығайтудың заңды айғағы осы Конституциялардан басталады. Себебі осы мемлекет үшін маңызды актіде біз заң үстемдігін қазық ретінде қағып, адам және адам өмірі мен оның бостандығы негізгі құндылық деп бекіттік.

Зерттеушілер құқықтық мемлекет негізгі принциптеріне, біріншіден, қоғам ішінде адамның өзінің құқықтары мен міндеттерін жатқызады. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы және қоғамдық өмірінің барлық салаларын табанды түрде демократияландыруымен тығыз байланысты. Бұл жолда мынадай нақты талаптар қажет: өркениетті заңдылық принципін сақтау, оларды нығайту және бұзбау, құқықты құрметтеу. Ол үшін қоғамның жалпы мәдениеттілігін, әсіресе құқықтық мәдениеттілігін көтеру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда біздің мемлекетімізде атқарылатын жұмыстар жетерлік. Олардың ішінде ең негізгісі — ол 1995 жылы қабылданған Конституция. Ол қабылданғаннан кейін Қазақстан өзінің одан әрі даму жолын түпкілікті таңдап алды. Бүкіл халықтық референдумда қабылданған осы Негізгі Заң, шын мәнінде, қоғамдық келісімге айналды. Сол бойынша өкімет Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетке айналдыруды өзіне басты міндет етіп алды, ал азаматтар Конституцияны және еліміздің заңдарын бұлжытпай орындауға жауапкершілікті өз мойындарына қабыл етті. Осындай өзара міндеткерлік қоғам мемлекеттің одан әрі нәтижелі дамуына тиянақты негіз қалыптастырады және біздің болашаққа сеніммен қарауымызға мүмкіндік береді.

Бұл мәселеге байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2008 жылғы Қазақстан халқына арналған жолдауында еліміздегі қазіргі қоғамдық-саяси жағдайларды сипаттай отырып, былай деген: «Демократиялық дамудың жалпыға бірдей танылған заңдылықтары мен біздің қоғамымыздың дәстүрлерін үйлестіре отырып, біз одан әрі де саяси жүйеде мемлекеттік құрылыстың қазақстандық моделін жетілдіру жолымен жүре беретін боламыз. Әлемдік тәжірибе дәлелдегендей, құқықтық мемлекет қалыптастырудың алғы шарттарының бірі — азаматтық

қоғам институттарының болуы. Ал ол демократияның даму деңгейімен тура пропорционалды. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамыту республикадағы демократияландыру процесін одан әрі тереңдетуге жол ашады.

Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуы қоғам өмірін демократияландыру мен құқықтық мемлекет қалыптасуының алғы шарты екенін ескерсек, оны мемлекеттік саясат деңгейінде көтеретін уақыт келген сияқты. Бұл кезекте Президент жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның орны ерекше деген пікір баршылық. Зерттеушілердің айтуы бойынша: «Оның өкілеттілігін кеңейтіп, азаматтық қоғамды қалыптастыру мен оның институттарын шынайы дамыту мемлекеттік саясаттың бір бұтағына айналуы тиіс. Мұндай кешенді іс-шаралар тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ата Заңда көрсетілген мұратқа сай құқықтық мемлекет жолында дамуына игі ықпалын тигізері хақ».

Құқықтық мемлекет адамның әділ, құқықтық, тең демократияшыл өлшем бірліктері болып табылады. Құқықтық мемлекеттің теориялық және практикалық маңызды мақсаты көпшіліктің және жеке адамның теңдігі мен бостандықтарын мойындаумен және оған кепілдік беруімен анықталады. Елімізде құқықтық-демократиялық принциптері бұрмалануына жол бермеу үшін саяси және құқықтық механизмдер қажет. Құқықтық мемлекет механизмдердің ерекшелігі, оның барлық құрылымдық бөлімдері мен элементтері өздерінің мақсаттық тағайындалуымен биліктің бөліну принципіне байланысты қызмет етуде. Бұл деңгейде мына мәселелер орындалу қажет деп есептейміз:

- меншіктің барлық түріне жол ашу;
- екі жақты келісімге негізделген әкімшілік бұйрықтарды келісім-шарттармен ауыстыру;
- «тыйым салынбағанның бәріне де рұқсат» принципті басшылыққа алу;
- айырбас мінез-құлық эквивалентін қамтамасыз ету;
- тең құқықтық бекіту және партнер таңдау кезіндегі адалдық;
- ынта мен тапқырлыққа шек қоймау.

Сонымен қатар құқықтық мемлекет еркіндік пен әл-ауқатты қамтамасыз ететін, азаматтық қоғам мен экономика қажеттіліктерін іске асыратын мемлекет болғандықтан, оның негізгі принциптерін сақтау қажет деп ойлаймыз.

Қазіргі Қазақстанда құқықтық мемлекеттің құрылуымен байланысты аса маңызды мәселелердің бірі ретінде заң шығарушылықтың дамуы мен жетілуін қарастыру керек. Соңғы уақытта біздің мемлекеттің демократиялық-құқықтық мемлекет ретінде дамуына негіз тудыратын көптеген заң шығарушылық актілері қабылданғаны белгілі.

Бірінші Парламент 1990 жыл сәуірінен 1993 жыл желтоқсанына дейін қызмет жасаған он екінші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес, яғни Қазақстан Республикасының алғашқы заң шығару органы, өзінің дербес қызметін экстремалдық жағдайда бастағаны белгілі. Уақыт тығыздығы мен оның заң шығарушылық тәжірибесінің аздығы қабылданған заңдар сапасына әсер етпей қоймайды. Олардың арасында мемлекеттік құрылысқа қатысты заңдардың



орны ерекше. Бұл, әрине, түсінікті, қандай болмасын тәуелсіздік алған жас Республика өзінің мемлекетінің құқықтық негіздерін қалыптастырғысы келеді.

Біздің еліміз егемендікке қол жеткізу жолында бірінші кезекте Президент лауазымын енгізу, Республика Президенті сайлау туралы, Мемлекет тәуелсіздігі туралы Декларация, Республиканың жаңа атауы, жаңа мемлекеттің рәміздері туралы заңдарды дайындап, қабылдады. Дәл осы уақыттан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық мемлекет бостандығына шынайы кепілдік беру, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруды шындыққа айналдыру жолындағы жаңа кезең басталды деп есептейді еліміздің белгілі заңгері Қ.Мами [1].

Қазақстан заңнамасы үшін көптеген құқықтық салалары тіптен жаңа болғанына көзіміз жетуде. Біздің мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан бері көптеген заң актілерін талдау арқылы негізге көшіп, оны кеңістік заңдармен салыстырғанда өзгеше әлеуметтік-саяси жүйеге негізделуі көрінеді. Құқықтық жолды таңдаған қандайда да бір мемлекет болмасын, оның басты көрсеткіші заңдылықты мойындау, заңды қатаң ұстауды талап етеді. Біздің қоғамымызда құқықтық бағдар халықтың сайланған Парламенттің қабылдаған заңдары арқылы қалыптасады және сол арқылы бар мемлекеттік істер жүзеге асады. Сондықтан Парламент заң шығарушы қызметін жетілдіру керек. Заң шығарушы қызмет парламенттік депутаттың қызметтілігі мен кәсібилігі, біліктілігінен тікелей тәуелді. Парламенттік қызметіне ашықтық пен сабақтастық қажет деген пікірмен келісуге болады. Жалпы, әділ бәсекелестік сайлау принциптері негізінде қалыптастырылған парламенттік қызмет құқықтық мемлекеттің белгісі болып табылады.

Қазақстандағы құқықтық мемлекет құру жолында кейінгі уақытта тәуелсіз мемлекетіміздің барлық салаларын қамтитын көп заңдар, заңнамалық актілер, заңдық күші бар Президентік жарлықтар қабылданғаны туралы айтылған болатын. Еліміздің Конституциясында құқықтық мемлекет құру стратегиясы күн тәртібіне қойылғаны да белгілі. Бірақ құқықтық мемлекеттің қалыптасуы ісінде біздің қоғам үшін елеулі қайшылықтар да баршылық. Ол басқару элитаның өкілдері мен қатардағы өзінің заңды бұзуға немесе орындамауға жол беретіндігі. Көбінесе батыстық стандарттарға ұмтылу, ұлттық дәстүрден қол үзу, құқықтық мәдениеттің төмендігі деп есептеуге болады.

Конституцияда көрсетілгендей, лауазымды тұлғалардың заңды шешімдерін орындау, барлық құрылымдарды құрметтеу мен іске асыруы демократиялық мемлекеттің ажырамас бөлігі екендігі белгілі. Осыған байланысты тұлғаның мемлекет алдындағы жауапкершілігі де дәл осы құқықтық бастамаларға негізделуі тиісті. Сонымен бірге мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану құқықтық сипатта болудың шарты — ол тұлғаның бостандығын бұзбау және оның жасалған құқық бұзушылықтың ауырлығына сай болуы. Мемлекет пен тұлғаның арасындағы қарым-қатынастар өзара жауапкершіліктің негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Осы мәселелерді шешу үшін, жоғарыда көрсетілгендей, біздің елімізде біраз заңдар қабылданғаны мәлім. Оның ішінде Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда, Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Заңда, 1993 жылғы Конституцияда Қазақстан халқының

құқықтық мемлекет құруға бекем бел байлап отырғаны баяндалса, 1995 жылғы Конституцияда Қазақстан мемлекеті құқықтық мемлекет ретінде айқындалды және сол кезден бастап елімізде құқықтық мемлекет құруына жол толық ашылды деп есептеуге болады. Сонымен қатар 2007 жылы мамыр айында еліміздің Ата Заңына енгізілген өзгерістер осы жолдан тайынбауымызды көрсетеді.

Жалпы алғанда, Конституция қоғамдық қатынастардың базалық, түпкі негіздерін реттей отырып, толыққанды тепе-теңдік механизмін қалыптастырады. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша мемлекеттік билік біртұтас, оның заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігі тармақтарына бөліну және тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара байланыс жасау принципіне сәйкес Конституциямен, заңдардың негізінде жүзеге асырылатындығы атап көрсетілген. Бұл биліктің әр тармақтарының өз құзыреті бар екендігін және оның шегінен шығуға болмайтындығын білдіреді. Тәуелсіз, егемен Қазақстанның қоғамдық-саяси ерекшеліктерін ескере отырып, республикада құқықтық мемлекеттің көрінісі болу үшін биліктің бөліну принципін барынша нығайту қажеттілігі туындайды деген ойдамыз.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру сатысында ғана емес дамыту үшін де Елбасымыздың қосқан үлесі зор. Жыл сайын елге жолдайтын Жолдауларында Елбасы құқықтық саясаттың дамытуымыз тиіс басым бағыттарын атап, оның дамуына жағдай жасауда. Соның дәлелі Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы N 858 Жарлығы[2]

2002 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы елдің 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық жүйесі дамуының негізгі бағыттарын айқындады. Өткен жылдары мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал ететін, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін бір қатар аса маңызды заңнамалық актілер қабылданды.

Тұжырымдаманы іске асырудың басты қорытындылары ұлттық заңнаманың негізгі салаларының (конституциялық, әкімшілік, азаматтық, банктік, салық, қаржы, кеден, экологиялық, қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, қылмыстық-атқарушылық заңнама) айтарлықтай жаңаруы болды.

Жаңа кодификациялық актілер: 2003 жылы - Орман, Жер, Кеден, Су кодекстері; 2007 жылы - Еңбек, Экологиялық кодекстер; 2008 жылы - Бюджет, Салық кодекстері әзірленіп, қабылданды.

Мемлекет норма түзушілік процесін жаңа сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін, олардың қатарында: заң жобалары қызметін перспективті жоспарлау; нормативтік құқықтық актілер жобаларына ғылыми (құқықтық, сыбайлас, жемқорлыққа қарсы, криминологиялық және басқалар) сараптамалар енгізу, қабылданатын заңдарды толық қаржылық қамтамасыз ету процестері бар, шаралар қабылдады.

«Ұлт жоспары – бес институционалдық реформа: 100 нақты қадам» атты Жолдауында да «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету» атты үлкен тарауын құқықтық мемлекетті дамыту бағытына арнады [3].

10 қаңтар 2018 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, Сот және құқық қорғау жүйелерін институционалды тұрғыдан өзгерту жүзеге асырылуда.

Заңнамаға қылмыстық процестегі азаматтардың құқықтарын қорғау ісін күшейтуді, оның әсіре қатандығын бәсеңдетуді көздейтін нормалар енгізілді.

Адвокаттардың құқықтары мен сотқа дейінгі сатыдағы сот бақылауының аясы кеңейді. Құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегі айқындалды [4].

Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында көшелерде және адам көп жиналатын қоғамдық орындарда бейнебақылау жүргізетін, азаматтарды анықтайтын және жол қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу керек екені көрсетілді.

Әрине, қазіргі Қазақстан қоғамына идеалды құқықтық мемлекеттің түріне жету әлі алысырақ, бірақ осы бағытқа қарай жылжу қажеттілігі айқын. Осыған байланысты сот реформаның жүзеге асырудың және құқықты, Конституцияның заңдылықты және елде құқықтану тәртіптің күшті қорғаушысы болатын сот жүйесін қалыптастырудың маңыздылығын арттыра отырып, заң шығарушы және атқарушы биліктің өзара қарым-қатынас шиеліністі бәсеңдетіп, өзара әрекетін үйлестіру мүмкіндігін күшейту қажет дейміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мами Қ. Құқықтық реформалардың кезеңдері мен кемшілігі // Тураби. — 2003. — № 6. — 12-б.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 24.08.2009ж Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы N 858 Жарлығы.

3. «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформа: 100 нақты қадам» 2016ж.

4. 10.01.2018 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

*Ғылыми жетекші: Орынтаев Жамбыл Қылуәтұлы з.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

## **СПОСОБЫ ОККАЗИОНАЛЬНОГО СЛОВООБРАЗОВАНИЯ В ШКОЛЬНОМ ИЗУЧЕНИИ**

В обществе за последние двадцать-тридцать лет произошли значительные перемены, которые затронули и язык. На смену «осторожно-чистой, сверхправильной речи времен тоталитаризма» [1, с. 23] пришел раскрепостившийся язык нового времени. Окказиональное словотворчество стало отражением тех социокультурных, информационных перемен, которые произошли в обществе. Конец XX в. - начало XXI в. называют «веком окказионализмов» [2, с. 34].

Этот «окказиональный бум» как лингвистическое явление может представлять интерес не только для ученых-языковедов, но и для учащихся.

Термин «окказионализм» (от лат. *occasio* - «случай») впервые ввел в русистику Н.И. Фельдман [3, с.65]. Сегодня в лингвистической литературе можно встретить огромное количество определений данного явления. Но как бы ни называли исследователи этот языковой пласт, все отмечают наличие целого ряда специфических признаков, отграничивающих окказионализмы от канонических слов. Наиболее существенными из этих критериев, на наш взгляд, являются признаки, выделенные А.Г. Лыковым: 1) принадлежность к речи, 2) творимость (невоспроизводимость), 3) словообразовательная производность, 4) ненормативность, 5) функциональная одноразовость, 6) экспрессивность, 7) номинативная факультативность, 8) синхронно-диахронная диффузность и индивидуальная принадлежность [4, с.11].

В художественной литературе окказионализмы служат выражению идей произведения, придавая оригинальность, своеобразие, выразительность и яркую индивидуальность авторскому стилю. Они функционируют в определенном контексте и обычно не становятся достоянием языка. Примеров окказионального словообразования достаточно и в классических, и в современных текстах. Так, у А.С. Пушкина встречаем такие авторские слова: огончарован, кюхельбекерство, широкошумные дубровы, у М.Ю. Лермонтова - звучно-мерные шаги, у Ф. И. Тютчева - громокипящий кубок. С.А. Есенин «изобретает» слова пенность, звонный, В.В. Маяковский – многоэтажиться, фигуриять, стихачество, пианинить, легендарь, громадьё и др. Интересны примеры окказионального словообразования у современных казахстанских русскоязычных поэтов. В стихотворных текстах Е. Жумагулова органично существуют такие слова, как челодой, моловек, ерболь и др.

Примеры окказионального словообразования встречаются и в публицистических текстах. Например: 1) Символ антиглобалистов - антиглобус (глобус в маске с прорезями) (НТВ, «Намедни», 17.12.2001). 2) Экс-«телекиллер» приехал в Киев и рассказал, что собирается сеять идеи коммунизма («КП», №139, 2004). 3) В Японии началась «татумания» («КП», № 239, 2004). 4) Много развелось сейчас фальшивобилетчиков («АиФ», № 21,

2001).

Наиболее частотны стандартные новообразования, созданные по имеющимся в языке моделям. Выделяют 3 основных стандартных способа создания окказиональных единиц: I. лексико-семантический; II. лексико-синтаксический; III. морфологический.

В пределах школьного изучения целесообразно остановиться на морфологическом способе.

Как известно, основными видами морфологического словообразования являются сложение и аффиксация.

При изучении раздела «Словообразование» я предлагаю задание выполнить словообразовательный анализ окказионализмов. Такая работа способствует развитию интереса к лингвистическому явлению и формированию аналитических навыков учащихся.

Так, акцентируя внимание на сложении как одном из видов морфологического словообразования, можно предложить следующие примеры: смелоликих, зыбку-улыбку, желтострунный, стройно-плечистых, солнцеед, афроремонт. Учащиеся, анализируя окказионализмы, могут оценить и их стилистическую функцию.

Изучая аффиксацию как самый продуктивный способ образования окказионализмов, указываю на 3 основных разновидности аффиксации: 1) приставочный способ, 2) суффиксальный способ, 3) приставочно-суффиксальный способ (редко используемый). Предлагаю школьникам для словообразовательного анализа следующие слова: угадаец, маршрутчик, богатеть, памперсизация, пиццернуть, СНГовский, SMSумься, беззаконец. Выполняя словообразовательный анализ, учащиеся акцентируют внимание на следующих этапах:

- 1) установление производности анализируемого слова;
- 2) выявление производящей основы и аффикса, с помощью которого образована производная основа;
- 3) определение способа словообразования;
- 4) установление модели, на основе которой образовано слово.

Лучше усвоить способы словообразования позволяют лингвистические игры и конкурсы. Приведем примеры возможных заданий для игры.

1. По аналогии с какими словами образованы окказиональные существительные?

- Крупнолесье
- Чипсонос
- Слоноstop

2. Соедините приставку и корень слова:

Приставка

Корень

анти-

заяц

супер-

волк

квази-  
лис

•

Определите значение приставки.

• Придумайте сказку, в которой главным героем будет персонаж, который именуется окказиональным словом.

3. Образуйте от данных слов окказионализмы суффиксальным способом:

Слово

Суффикс

доктор

- есс (а)

директор

магистр

4. Придумайте названия стран от существительных мыло, золото, стекло.

• Как вы думаете, какие люди могут жить в таких странах?

• Расскажите историю о жителях этих стран.

Как показывает практика, подобные языковые конкурсы развивают филологическую креативность учащихся.

Не менее интересным видом работы является наблюдение за авторскими неологизмами в художественных текстах. Это позволяет учащимся обратить внимание на особенности идиостиля писателя, проникнуть в его творческую лабораторию, освоить способы словообразования и понять семантику морфем.

С учащимися среднего звена рассматриваем шуточное стихотворение С.Я. Маршака «Чем болен мальчик?» [5, с.13].

Он лежит в постели,

Дышит еле-еле.

Перед ним на стуле

Капли и пилюли

И с водой,

И без воды,

За едой

И без еды,

Порошки

И банки,

Пузырьки

И склянки.

Доктор выслушал младенца,

А потом и говорит

— Инфлюэнца-симуленца,

Притворенца, лодырит!

Учащиеся находят в тексте стихотворения окказионализмы и определяют, что сложное существительное инфлюэнца-симуленца образовано путем сложения

слова латинского происхождения инфлюэнца (лат. Influentia – влияние, воздействие, проникновение, распространение) и отглагольного существительного, созданного по аналогии с первым словом. Также по аналогии со словом инфлюэнца создано и существительное притворенца, а существительное лодырит сконструировано по подобию медицинских терминов, обозначающих названия болезней: лорингит, тонзилит и др. - от существительного лодырь с помощью суффикса -ит.

Богатый материал для лингвистического анализа представляет собой творчество В. Хлебникова. Можно обратиться к стихотворению «О, рассмейтесь, смехачи!» [6, с.79] и предложить ребятам определить, в соответствии с какими словообразовательными моделями образованы авторские неологизмы:

О, рассмейтесь, смехачи!

О, засмейтесь, смехачи!

Что смеются смехами, что смеяньствуют смеяльно,

О, засмейтесь усмеяльно!

О, рассмешищ надсмеяльных - смех усмейных смехачей!

О, иссмейся рассмеяльно, смех надсмейных смеячей!

Смейево, смейево!

Усмей, осмей, смешики, смешики!

Смеюнчики, смеюнчики.

О, рассмейтесь, смехачи!

О, засмейтесь, смехачи!

В старших классах целесообразно предлагать учащимся научные проекты, посвященные изучению окказионализмов в творчестве того или иного автора.

Приведем примеры окказионализмов в поэтических текстах

Е. Жумагулова.

•

В стихотворении «Чтоб смеялось, трубило в рожок» изобретенное автором слово «цирковный» соединяет две семы: цирк и церковь.

На балконах шампанское пьют,  
а в партере жуют калачи;  
мой ничейный цирковный приют,  
и твои прихожане – ничьи.

В этом контексте и слово «прихожане», называющее людей, посещающих церковь, приобретает второй смысл: прихожане – это люди, приходящие в цирк. Метафорические образы расширяют горизонты смысла поэтического текста: цирк уже воспринимается как мирозданье (здесь и люди, и животные), а прихожане - как существа, пришедшие на время в этот мир. В этом контексте однокоренные лексемы «ничейный» и «ничьи» указывают на безразличие высших сил к миру и людям, его населяющим.

Нередко Е. Жумагулов вводит в текст казахские слова. Автор создает рифмопару караши – хороши; добивается того, что текст становится более ярким, наполняется национальным колоритом:

Мне бытие понятно без ста грамма:

от желтоксана и до караши  
летят года, лишённые стоп-крана.

Все хорошо и все мы хороши. [7]

Названия месяцев на казахском языке, подчиняясь законам русской грамматики, воспринимаются в поэтическом тексте как окказионализмы. В стихотворении «Облетали дворовые вязы...» автор использует новое слово чё. Данный окказионализм произведен с помощью редеривации (обратного словообразования). Этот способ заключается в отсечении префикса, суффикса или флексии.

вопреки и Коранам, и Торам,  
мы сгнием неглубоким по норам,  
а не в небо уйдем, за которым,  
нет в помине ни бога, ни чё... [7]

Отсечение части основы и окончания от слова «черта» усиливает экспрессивный эффект стихотворения.

Тот же способ словообразования использован поэтом и в следующем примере:

то ли юности вправду осталось в обрез  
жумагуль хоть теперь и ерболь  
или вновь снизошла с невысоких небес  
мировая туманная боль [7]

Глагол жумагуль образован от фамилии поэта Жумагулов путем отсечения окончания, а глагол ерболь – бессуффиксным способом от имени Ербол.

В целом окказиональное словообразование таит в себе огромный потенциал, способный увлечь учащихся и стимулировать процесс усвоения лингвистических знаний.

Литература:

1. Костомаров В. Г. Языковой вкус эпохи. Педагогика-пресс, 1994.
Front chizig'i Seulga yetib kelgach, shaharning barcha aholisi janubga qochoqlikka ketadi, biroq Pak Van Soning oila a'zolari jarohatlangan akasi bois Seuldagi uylarning birida qolib, yashiringan holda kun kechirishga majbur bo'ladi. Uyda yeyishga hech narsa qolmagach, jarohatlangan akasi, keksa onasi va jiyanlarini ochlikdan asrab qolish uchun kelinoyisi bilan birga yarim kechasi bo'sh uylardan yegulik qidirib ketadi. O'zgalarning uylarini o'marayotganidan vijdoni qiynaladi, ammo jon saqlash uchun bundan boshqa chora qolmagan edi.

«*Kelinoyim menga tirikchilik harakatida bo'laylik dedi...Avvaliga tirikchilik harakatida bo'lish nimaligini tushunmadim.*

- *O'g'rilik qilish degandan ko'ra yaxshiroq eshitiladi-ku, - dedi kelinoyim*». [3, 24].

Shimol va Janub o'rtasida bo'lib o'tgan urush xalqni bir necha bor qochoqlikka ketishga majbur qildi. Uzoq masofaga noma'lum vaqtga ketish barcha aholi uchun qiyinchilik tug'dirdi. Urush maqsadini anglamay, Shimoliy Koreya qo'shiniga ko'ngilli bo'lib ketgan, natijada jarohatlangan erkaklar, keksalar hamda ularning oila a'zolari qochoqlikka keta olmay, Seuldagi uylarda yashirinib yashashga majbur edi. Mehnatga yaroqsiz insonlardan har ikki tomon ham manfaatdor emas edi.

«*1951 yil 4 yanvardagi chekinishdan taxminan bir oylarcha o'tib, har joyda o'likka o'xshab yashayotgan odamlar istar-istamas o'z qiyofalarini ko'rsata boshlashdi...*

*Avvaliga atrofda boshqa odamlar borligidan xursand bo'ldim, ammo faqat bizlar bo'sh uylarni ochib kirgan emasmiz, degan vijdon ajobidan qutulgandek bo'ldim, biroq bo'sh uylarni o'marish haddan tashqari ko'payishidan qo'rqa boshladim*» [3, 32].

Urush paytida janubga qochoqlikka ketmaganligi bois keyinchalik kommunist deb sanalishidan doim xavotirda yurgan kezlari Seul Shimoliy Koreya boshqaruvi ostiga o'tdi va Shimol harbiylari tomonidan o'z onasi va akasidan ajratilgan holda kelinoyisi bilan birgalikda majburan qochoqlikka yuborildi. Keyinchalik oilasi bilan eson-omon qayta ko'rishdi, akasining jarohati butunlay tuzalmadi, u vafot etdi. Asar urush tugashi va Pak Van Soning turmushga chiqishi bilan yakunlangan.

Yozuvchi o'z asarida bir millat o'rtasidagi o'zaro urush qanday noxush oqibatlarga olib kelganligini quyidagicha ifodalaydi: «*Bunday urush dunyoning yana qayerida bor? Bu urush millatni o'zaro ashaddiy dushmanga aylantirib, aka-ukani bir-biriga o'q otadigan qildi. Er-xotinni bir-biridan ajratdi, ona va bolani o'zaro qarshi qo'ydi, qo'shnilar bir-birini aybladi, qon-qarindoshlar qarindoshlik rishtalarini chilparchin etib, o'z yaqinlarini dushman deb sanaydigan qildi...*» [4, 256].

Pak Van So qalamiga mansub asarlarda fuqarolar urushi mavzui yetakchilik qilsa-da, aslida adiba front ortidagi xalq qismati, uning boshiga tushgan taqdir sinovlarini badiiy yaratishni maqsad qilib qo'ygan. Bevosita front ortida bo'lgan adiba o'zining hayoti misolida qochoqlikka keta olmagan yoshlarning ikki davlat o'rtasidagi ayanchli taqdirini ortiqcha bo'yoqlarsiz tasvirlagan.

#### **Foydalanilgan adabiyotlar:**

1. История Кореи. – Сеул. 2000.
2. Journal of Asian Studies, November, 2000, JaHyun Kim Haboush, review of My Very Last Possession and Other Stories.
3. 그산이 정말 거기 있었을까: 박완서장편소설. 박완서.- 웅진출판, 1995.
4. Writing Women in Korea: Translation and Feminism in the Colonial Period, by Theresa Hyun, 2003. Honolulu: University of Hawai'i Press.

**YERGALIYEVA A.A., SHAYAKHMETOVA D.B.  
(KAZAKHSTAN, ALMATY)**

#### **LINGUO-CULTURAL APPROACH IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE COMMUNICATION**

In the last decade, together with the awareness of the need to learn the language as a living speech, which is creating both the language itself and the linguistic identity of the language collective and the individual, in linguistics there has been a transition to the anthropological paradigm of research. The focus of the researchers placed a set of problems relating to the interaction of man and his language. We can talk about the emergence of a new humanitarian discipline within this paradigm, the subject of which is a set of problems like "language and culture in their relationship and interaction."

This relationship is represented by three main areas: linguoculturology, ethnolinguistics and linguistics.

Linguoculturology - a natural step in the field of Philology and other Humanities - is a scientific discipline of synthesizing type, the boundary between the Sciences, studying Culture and Philology (linguistics), and not the aspect of language teaching, as linguistics. The issues of language teaching are derived here.

The purpose of linguoculturology is to study the ways in which language embodies, stores and translates culture in its units. Within the framework of the described concept, it is believed that in the process of interaction and interaction of language and culture the former performs not only a cumulative, but also a translational function. The language not only enshrines and stores in its units the concepts and attitudes of culture: through it these concepts and attitudes are reproduced in the mentality of the people or its individual social groups from generation to generation. Through the function of translation of culture, language is able to influence the way of worldview, characteristic of a particular linguistic and cultural community.

The main object of linguoculturology is the relationship and interaction of culture and language in the process of its functioning and the study of the interpretation of this interaction as a single system integrity. The main problems here are methodological (philosophical) and philological (linguistic, etc.). The content of linguoculturology, justifying its allocation in an independent direction of knowledge, should be the subject of national forms of society, reproduced in the system of language communication, based on the cultural values of a particular historical society.

The subject of the study of linguoculturology is the material and spiritual culture created by mankind ("from tools to household items, from habits, customs, the way of life of people to science and art, religion and atheism, morality and philosophy" [1, p. 5], the system of artifacts, the term includes the following content: materialized object of culture, product of production, creative work, works of culture (things of "second nature" and ideas)), which is expressed in language. In short, everything that makes up the "language picture of the world".

Linguoculturology focuses on a new system of cultural values, put forward by new thinking, modern life of society, full, objective interpretation of facts and phenomena and information about various areas of cultural life of the country. The changes that have occurred in the lives of peoples and the focus on new priorities require effective, complete and truthful information. We need new forms of familiarization of foreigners with our reality, way and style of life of the people, culture, as "frontal" forms of propaganda have done more harm than good. And this requires not a "selective" approach, and not "pulling out" individual (though it seemed beneficial) facts that actually destroyed the system of culture, but a universal, holistic coverage of phenomena and events.

An objective, complete and holistic interpretation of the culture of the people requires an appropriate systematic approach in its description. Therefore, the most important task of cultural linguistics and its characteristic feature is a systematic representation of the culture of the people in their language, in their dialectical interaction and development, as well as the development of a number of concepts that contribute to the formation of modern cultural thinking. The most fruitful description



of the relationship and interaction of language and culture is the method of semantic field, well-established in the description of vocabulary and other levels of language.

Cultural linguistics includes linguistic and cultural concepts and basic linguistic and cultural units. The basic concepts of cultural studies usually include the following:

- cultural concept (the most common and almost universally accepted definition of the cultural concept, proposed by Stepanov: "the Concept is like a clot of culture in the human consciousness, in the form of which culture is included in the mental world of man. And, on the other hand, the concept is that through which a person - an ordinary, ordinary person, not a "Creator of cultural values" - enters the culture himself, and in some cases influences it " [3, p. 115];

- cultural semes are a way of displaying culture in lexemes and phraseological units denoting idioethnic realities [3]. Units that contain cultural semes in their value, are the names of substantive realities.

- cultural background is a characteristic of lexemes and phraseological units denoting the phenomena of social life and historical events. This type of cultural information is localized in the denotative component of meaning, however it has a pronounced ideological orientation.

- cultural space is qualified as a "form of existence of culture in the human consciousness";

- the linguistic picture of the world ( I.A. Sternin understood it as "the set of fixed in the units of language representations of the people about the reality at a certain stage of development of the people " [4, p. 95];

- linguistic personality ("personality manifesting himself/herself in speech activity, the person in the totality of the texts produced and consumed by him/her." U. N. Karaulov, who introduced the term into linguistic use, emphasizes the national component in the structure of the linguistic personality) [2, p. 56].

Since the last two decades of the twentieth century, the term cultural linguistics increasingly used in conjunction with the term linguodidactics. This requires a modification of the system of didactic coordinates: instead of the system of "language learning – familiarization with culture" the focus is on the relationship between intercultural and communicative competence, linguoculturology and intercultural communication in the system "language - culture – personality". According to S. S. Kunanbayeva with this didactic approach the culture of the country is considered as an integral part of the communicative needs of students, extralinguistic basis of speech situations and intentions implemented in them. In other words, culture here is already understood not just as a subject of study, but as an integral part of the discipline "Foreign language", "the purpose of teaching which is the formation of intercultural and communicative competence of students" [5].

Recently, the problem of linguocultural and intercultural competence of the individual has appeared in the field of view of scientists. Such competence is manifested in the forms of written and oral communication: (a) in the possession of several genres of discourse with a high degree of linguistic and cultural marking, (b) in the possession of ritualized forms of discourse, violations of which are perceived by representatives of this linguistic culture as inadequate communicative behavior.

Linguocultural competence is understood as the ability to recognize and adequately perceive the cultural connotation, i.e. correlation of the semantic content of the linguistic sign with the associative-figurative motivation, which underlies the choice of a word through the prism of values of its ethno-culture.

According to E. Y. Prokhorov, linguoculturology is set higher and abstract level of description of the problem of the relation of language and culture. Although the author puts in the first place the teaching of culture, he still points to the need for a comprehensive account of three criteria: 1) language, including the frequency of use of language units, taking into account the given boundaries; 2) informational, implemented in the concept of educational and methodical expediency; 3) cultural, involving consideration of the degree of importance and priority of information from the position of this branch of knowledge [6].

In this regard, it becomes important to use the linguoculturological approach in teaching a foreign language, as linguoculturological information is a necessary component of intercultural and communicative competence of the student, especially embodied in the semantics of language units. Linguoculturological knowledge necessitates the formation of linguoculturological competence as part of intercultural and communicative.

The analysis of methodical literature allowed to determine the linguocultural approach as one of the most effective aimed at the formation and improvement of skills and abilities of intercultural communication through the study of language as a phenomenon of culture. The result of the formation of students' secondary cognitive consciousness through the mastery of a foreign language is the acquisition of their ability to intercultural communication. Along with the language in this approach, culture is the main content of learning that meets the psychological characteristics of learning a foreign language. Linguoculturological approach makes it possible to get away from the simplified factual and fragmentary acquaintance of students with certain aspects of culture and allows students to form a fairly complete picture of the "foreign language reality" through the study of both linguistic and non-linguistic content of selected areas of study.

Since in didactic interpretation linguoculturology is a theoretical basis for the formation of "secondary linguistic personality", those communication skills that are necessary for the training of carriers of different national pictures of the world and the prevention of intercultural interference, the linguoculturological approach in teaching a foreign language is one of the conditions of mastering vocabulary, providing intercultural communication. The study of foreign language vocabulary and mastering it in the linguistic and cultural aspect contributes to the transition to another sign system necessary for the formation of a secondary linguistic personality. Language proficiency in modern methods is understood as the ability to communicate – freely, correctly and adequately.

It is obvious that communication is a complex phenomenon. From the point of view of the theory of communication and speech activity, psycho - and sociolinguistics, linguistics and communication theory, language skills require the formation of the following competencies: language, speech and communication (it is

understood as the ability to assess the situation taking into account the theme and objectives of communication, etc.).

Speaking about the aims of teaching a foreign language within the framework of the linguoculturological approach, we consider it necessary to introduce the concept of linguoculturological competence as knowledge of the ideal speaker – listener of the whole system of cultural values expressed in the language. V. V. Vorobyov defines linguoculturological competence as a system of knowledge about culture, embodied in a particular national language [7]. Describing the relationship between language and culture and speaking about linguoculturological competence, he emphasizes that this concept is aimed at teaching language in methodological terms.

Therefore, when culture is seen as an object of learning, the presentation of the material is based on the principle of "from the cultural unit" rather than on the linguistic one. Linguistic and cultural competence takes the form of language, but it turns out to be more profound. We believe that the formation of linguistic and cultural competence can be defined as the purpose of learning a foreign language at the initial stage, because it involves the penetration of the nature of the cultural meaning assigned to a particular language sign.

With the linguoculturological approach, the linguistic picture of the world deepens to the linguoculturological picture of the world as a system of knowledge.

#### **References:**

1. Bromley Y. V. Ethnos and Ethnography. - M., 1973.
2. Karaulov Y. N. Russian language and linguistic personality. - M.: Science, 1987. - 236 p.
3. Stepanov Y. S. In three-dimensional space of language: Semiotic problems of linguistics, philosophy, and art. - M., 1985.
4. Sternin, I. A. Structural semasiology and linguodidactics / Russian word in the linguistic-cultural aspect / I. A. Sternin. - Voronezh, 1987.
5. Kunanbayeva S. S. Theory and practice of modern foreign language education. - Almaty, 2010, - 344 p.
6. Prokhorov Y. E. Linguistics. Inter-cultural studies. Geography: Theory and practice of teaching Russian as a foreign language. Mmm.. 1998. 108 p.
7. Vorobyov V. V. Linguoculturology: Theory and methods / V. V. Vorobyov. - M.: UDN, 1997. - 250 p.

**ЖАКУПОВ Ш. А., ОТЫНБАЕВА Г. Б.  
(СЕМЕЙ, ҚАЗАҚСТАН)**

#### **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ ҮРДІСІ**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жастарға арнап айтқан жолдауында: «Денсаулықты бірінші кезекте адамның өзі қалыптастыруы керек. Мен сіздерді және барлық студенттерді біздің

олимпиадашыларымыздың жеңісі құрметіне зиянды әдеттерден бас тартуға шақырамын, спортпен айналысыңыздар, саламатты өмір салтын ұстаныңыздар» [1] деген болатын. Осының дәлелі ретінде елімізде дене шынықтыру және спортты дамыту, республиканың ұлттық ерекшеліктері мен айрықша белгілеріне байланысты дамыту маңызды мәселелердің біріне айналып отыр.

Дене шынықтырудың нәтижелілігіне жүйедегі барлық құрал және мүмкіншіліктерді пайдаланғанда ғана жетуге болады. Оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешу де дене жаттығуларының үлесіне көп салмақ түседі. Дене жаттығулары дене тәрбиесі саласындағы ғылыми және практикалық табыстарды, қоғамдық тарихи тәжірибені берудің бірден-бір әдісі.

Бұлардың дамуы халықтардың мәдениет түрі, ұлттық сипаты бойынша барлық дамудың қалыптасқан үрдісінен шығып, қазіргі ғылым жетістіктері негізінде болуын қажет еді. Осыған байланысты қозғалыс практикасы үшін дене шынықтыру мен спортты ұлттық және интернационалдық дамыту мәселелері маңызды мәнге ие болды. Қазіргі күні дене шынықтырудың әр түрлі ұлттық түрлері пайда болуда және дамуда.

Ұлттық ойын - салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың құралы. Жас ұрпақтың қалыптасып өсіп өнуіне әсер ететін факторлардың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты - халықтық ұлттық ойындары болып табылады.

Ұлттық ойындарды қолданудың негізгі мақсаты бала бойындағы дене күшінің сапалық қасиеттерін дамытып жетілдірумен қатар оның мінез - құлқы мен адамгершілік қабілеттерін сәби кезінен тәрбиелеуге ұлттық ойындардың пайдалы ықпалы бар екендігін көрсету тақырыптың өзектілігін айқындай түседі [2, 17 б.].

Дене шынықтыру және спортты дамытуда дәстүр бірінші орын алды. Спорттық дәстүрлер Қазақстан халықтарының дене шынықтыру және спорттың ұлттық және интернационалдық түрлерінің айрықша белгілерінде дене тәрбиесінің барлық жүйесінің болмысы көрінеді. Әрбір жаңа қоғам, әрбір жаңа ұрпақ өзінің уақыты мен кезеңінің қоғамдық – тарихи жағдайының белгілері мен сипатына байланысты өткен дәстүрлерді қабылдайды, пайдаланады. Қазіргі уақытта олардың көбі халық өмірінен толық жойылды, тек ұлттық дәстүрлер, діндік дәстүрлер қалды.

Дене шынықтыру және спорт - тәрбиенің өзекті мәселелерінің маңызды тәсілдерінің бірі болып табылады, сондықтан да республикада олардың ары қарай дамуына мемлекеттік қамқорлық керек.

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған.

Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі - ұлттық ойындар. Бүгінде ойынды халық педагогикасының бір бөлігі деп тегін айтпаса керек, адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп осы ойынның аталып жүруі жайдан жай емес. Қазақ халқы – материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары жатады.

Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен де мәнді, мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз, өйткені ең алдымен не болса да жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Ойынды біз бар өнердің бастауы деп білеміз. Ал қай өнер болса да кең арналы, сулы шалқар дариядай болып, кемеліне келгенше жолда кездескен сандаған үлкенді-кішілі арналардан бас құрайтын өзен сияқты ғой. Сол алып өзеннің орта тұсынан шыққан адам оның басы әуелде жылжып аққан бұлақтан басталып еді дегенге онша илана қоймас та еді. Ұлт ойындары біздің көз алдымызға тап осы суреттерді елестеді. Өткені бір кезде ол бар өнердің басы, олардың нәр алатын бастауы болғаны анық. Шынында да, көне жиналған думанды сауықта, ойын-той үстінде дүниеге келіп, көптің игілігіне айналған. Сөйтіп бүгінгі және болашақ ұрпаққа ұлттық мәдениет пен әдеби туындылар, ең алдымен, сол халықтардың бірі. Ұлттық ойындар туралы алғашқы пікір айтушылар мен оның жекелеген нұсқаларын жинаушылардың қай-қайсысы болмасын оны жоғары бағалап, көшпелі халықтан мұндай өрелі өнерді күтпегендіктерін сөз етеді. Ойындардың өзі адам еңбегінің жемісі, халықтың фантастикалық ой-құбылысының көрінісі, танып-білуге талпынысының нышаны ретінде өмірге келген өнердің бастамасы, халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің айнасы екенін білуге тиіс.

Ойынға халық ерекше мән берген. Сондықтан халық оған тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қарамаған.

Ең бастысы – ел қорғауға қабілетті болашақ қайраткер өзінің осы қабілетін шаршы топтың алдында баршаға тең, еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс болған. Сондай-ақ талапты жас ойын өнеріне өзінен жасы үлкен, танымал ұстаздан үйреніп, жаттығатынын, аянбай тер төгетінін байқаймыз.

Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылық-мәдени өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі, көрінісі де болған. Әрине, ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, астасып келіп, бірін-бірі толықтыра, байыта түседі.

Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар сайыс, күрес, теңге алу, қыз куу, алтын табақ ату, т.б спорттық сипатпен бірге үлкен тәжірибелік маңызға да ие. Көшпелі қазақтардың өмір-салты денсаулыққа аса зор мән берген. Атқа міну өнері жас баланы сезімі мен денесін жаттықтырудың басты және ортақ дәстүріне айналды. Бозбала да, қыз бала да жастайынан аттың құлағында ойнауға бейімделді.

М.Жұмабаев ойындарды "Халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементтері," - деп тұжырымдайды. Қазақтың ұлттық ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болып келеді. Ұлт ойындары тақырыбына, мазмұнына, ондағы көзделген мақсатына байланысты негізінен үш үлкен салаға бөлінеді. Атап айтқанда: ойын-сауық, тұрмыс-салт ойындары, дене шынықтыру, спорт ойындары және оймен келетін ойындар. Шындап келгенде, ұлттық ойындар – ауыз әдебиетінің бір саласы Ұлттық ойын түрлері ұлан-байтақ қазақ даласына ауызекі тарай келіп, ол түрленіп, өзгеріп отырған. Жан-жақты дамыған,

денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу ежелден-ақ халық арманы.

Ұлт ойындарының бойына ел мен елді, халық пен халықты бір-біріне ұштастыратын жасампаз күш жинақталған. Олай болатыны, өмірде бір-бірімен байланыссыз, оқшау тұрған еш құбылыс жоқ. Басқаны танып-білу үшін, ең алдымен, өзіңді танып-білу қажеттілігі туындайды. Ұлттық мұраларды тиімді пайдалану арқылы біз ұлтқа тән салт-сана, әдет-ғұрып дәстүрлерін құрметтеп, үлгі тұтып, өз халқының тілін, дінін қадірлей білетін және өз бойына ұлттық қасиеттерді сіңіріп, жинақтап өскен ұл-қыз тәрбиелейміз. Сол арқылы жастар өз халқының менталитетін өз бойына сіңіріп, ең алдымен, өзінің кім екенін, шыққан тегін танып-біле алады да, басқаның да қадір-қасиетін сезініп, өзі де олардан үйренетін болады.

Олай болатыны, жас ұрпақ өзінің белгілі бір ұлтқа қатысты екенін сезінбей тұрып, сол ұлтқа тән моральдік қасиеттерді бойына сіңіруі, өз ұлтына деген перзенттік борышын, қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуі, сол ұлтқа тән адамгершілік сапаларды қабылдауы қиын. Кеңес дәуірінің оқыту жүйесі үлкен табыстарға жетіп, халықты жаппай сауатты дәрежеге жеткізгенімен, әсіресе, саясатқа негізделгендіктен ұлттық мүдде аяққа басылды. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие жұмысына пайдалану педагогикалық жүйенің жалпы заңдылықтарына бағынады. Педагогикалық жүйенің міндеттері, мазмұны, формалары, әдістері, тұтас логикалық тізбек құрса, онда қарастырылып отырған байланыс заңдылығы нәтижені қамтамасыз етеді. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді жинақтайды, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі. Сондықтан ол тәрбие жүйесінің міндеттері мен түрлерін толықтырып қана қоймай, оқу-тәрбие жүйесінің мазмұны мен әдіс-тәсілдерін байытуға, оны жетілдіре түсуге де өз үлесін қосады, барынша белсенді әрекет жасайды.

Ойынның тәрбиелік негіздерін адам баласының саналы ғұмыры басталғаннан кейін, әр кезеңде әр түрлі пікір айтып, оны ұрпақ тәрбиесі, білім беруге іске қосу мәселесі үзбей айтылып келеді. Ұлт ойындарында, оның ішінде Орта Азия халықтарының ішінде әдет-ғұрып бойынша қыз балалар мен ұл балалардың тұрмыстық ойындарына мән беріп, көңіл аудару әдеті қалыптаспаған болатын. Әсіресе, Қазақстан сияқты кең өлкені алып жатқан елде бәйге, ат жарысы, дөнен, құнан, түйе жарыс, жорға жарыс, күрес, садақ ату, көкпар, аударыспақ қыз қуу, теңге алу түрлері халық арасында кең тараған құбылыс болатын.

Көңіл аударарлық ойынның бір түрі – асық ойыны. Ол өте қарапайым көрінгенімен, мұнда адам денесін шыңдап, сомдайтын қасиеттер, бала тәрбиесінде, оны өзара әрекетке жетелейтін қимыл түрлері қаншама. Ең бастысы, ол – баланы жастайынан салауатты өмір салтына жетелейді. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшық еттерінің жетілуіне, тыныс мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруіне, соның нәтижесінде қырағылық мен мергендікке баулиды.

Ойын мағынасымен жеке оқушының мақсаттары бір-бірінен алшақ кетпейді, қайта бір-біріне қабысып, ұштасып жатады. Олай болатыны, ойын мақсаты - өзінің қарсыласын ұту, одан басым түсіп, жеңіске жету. Ұлттық ойындардың жасаушысы – халық. Олай болса, бұл – халықтық шеберлік. Осы күнде сол халық жасаған туындыларға күдікпен қарайтындар әлі де кездеседі. Қазақ халқының жеке-дара тұлғалары ғасыр бойы осы қарапайым халық ойындары арқылы неше алуан өнер саңлақтарын, адамдардың қорғаны болған батырларды тәрбиелеп шығарды. Олай болса, ұлттық ойындардың өзі, шындап келгенде, адам қасиетін бір жақты емес, жан-жақты дамытуға негізделген. Ол тек көңіл көтеру, ермек үшін жасалмаған. Ол – адам баласының жағымды қасиеттерін дамытып, ойлатып-толғантуға, сезімталдыққа, басқаның жағдайына ене білуге, жеңіске деген ұмтылысқа, өз күшіне деген кәміл сенімділікке денесін шындап, қабілетін арттыруға, қиялдай білуге, сол қиялды орындауға жетелейді. Бұл ұлттық ойындардың бойына дарыған ежелгі қасиеті болса, біздің ата-бабаларымыз содан тәлім алып өсті.

Бүгінде ұлттық ойындардың осы табиғи тәрбиелік қасиеттері мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың әдіснамалық негіздерін құрайды.

Ұлт ойындары – адамдардың шындықпен өрілген алыс күндерін меңзейтін, болмыстың өзінен туындайтын және соны жастардың танып-білуі мен түсінуіне арналған ақыл-ой, қиялының өрелі өрісі [3, 45 б.]. Яғни, ол - күнбе-күнгі адам тұрмысының көрінісі. Сондықтан адамның өзі, оның тұрмыс-тіршілігі қандай шындық болса, ол жасаған ойын да сондай болмыс шындығы. Ұлт ойындары сайып келгенде адам қиялы арқылы өмір шындығының адам санасында түрленіп, қайта тууы болып табылады. Өйткені, ойын дегеніміз – адамның еңбек тәжірибесінің ойын арқылы қайталануы. Олай дейтініміз, ол – белгілі бір жүйеге негізделген адамдық дене, ақыл-ой жаттықтырушысы. Дене шынықтыру мен спортты дамыту үлкен мүмкіншіліктерге ие. Осыған байланысты республикадағы дене шынықтыру ұйымдарының алдында үлкен және жауапты міндеттер тұр. Бұл үшін дене шынықтыру қозғалысы жалпы және халықтық қозғалысқа айналу үшін, дене тәрбиесінің ұлттық жүйесінің жалпы принциптерін тарату ерекшеліктерін талдау керек.

Қорыта келгенде, қазақ халқының ұлттық мұраларының бірі – ұлт ойындары. Өйткені ұлттық ойындар арқылы біз болашақ жастарды рухани сезімге тәрбиелей аламыз. Осындай атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық спорт ойындары – «Қазақша күрес», «Ат жарыс», «Көкпар», «Тоғыз құмалақ», яғни осы ойындар дүниежүзілік олимпиадалық ойындарда өткізілсе, қазақтың ұлттық спорт ойындары үлкен мәртебеге жетер еді. Қазіргі мұғалімдердің, ата-аналардың міндеті- әр балаға өз ұлтының салт-дәстүрін, ұлттық ойындарын үйретіп тәрбие берсе, сонда ғана біз оларды өз елінің патриоты ете аламыз.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан.

2. Тайжанов С. Дене тәрбиесі. - Алматы : Рауан, 2000.-159 б.
3. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары.-Алматы: Қайнар, 1994.-170 б.

**ЖАҚАН М.Н.**  
**(ҚАРАҒАНДЫ, ҚАЗАҚСТАН)**

## **ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТЕОРИЯ МЕН ПРАКТИКА ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ**

Қазіргі таңда журналистика факультеті керек пе, жалпы, журналист болу үшін арнайы оқу оқыған дұрыс па деген тақырып жиі қозғалуда. Бұл сұрақтардың туындауына не себеп? Басты себеп – журналистика мамандығын бітіргендердің әлсіздігі. Түлек дап-дайын, бүгін салсаң, бүгін жұмыс істеп кететіндей болмайды. Қазірде елімізде журналист дайындайтын жоғарғы оқу орындары көп. Дегенмен, олардың бәрінде білікті мамандар мен сапалы техника бар деген сөз емес.

Журналистиканы университет қабырғасында оқытудың маңызы неде? Журналистика тек хабарлама берумен шектелмейді. Жасанды интеллект дамыған заманда мұндай жұмысты роботтың өзі де атқара алады. Экран алдында суфлердегі мәтінді оқитын дикторлар да журналистиканың үздік көрінісі емес. Нағыз журналист елде және жаһанда болып жатқан оқиғаларды оқырман мен көрерменге мәселенің мәнін ашып, халыққа мәлім де беймәлім өзекті тақырыптарды көтереді. Ондай мамандар сөз бостандығы мен журналистік этиканың арасалмағын, журналистика жанрларын, ақпараттың рас-өтірігін тексеру жолдарын біліп, мазмұнды әрі ұғынықты мәтін жаза алуы қажет. Осының бәрін меңгеріп, журналистиканы концептуалды деңгейде оқыған адам ғана журналистиканы дамыта алады. Ал өзге саладан келген мамандардың көбі шаблоннан шыға алмай, журналистикаға төнген заманауи қауіп-қатерлерді жоя алмай, саланы дамытуға қауқарсыз келеді. Сондықтан, осы тұрғыда сапалы, кәсіби журналистерді дайындап шығу мәселесі туындайды. [3]

Кеңестер Одағы кезінде журналистика мен әдебиет саласында білім беру филология (тіл және әдебиет) факультеттерінде дайындалған. Журналистика факультеті оқытушыларының ғылыми атағы филология саласы бойынша қорғалған, алайда бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы академиялық және кәсіби тәжірибелері аз. Басқа да елдердегі секілді университеттер мен медиаиндустриялар арасындағы түсініспеушіліктер де кездеседі. Білім және ғылым министрлігінің талабы бойынша оқытушылардың ғылыми атағының болуы және ғылыми зерттеулер бағдарламасының белсенді жүргізілуі маңызды болса, өндіріс немесе БАҚ өкілдері болашақ журналистердің тәжірибелік дағдыларының болуы, материал жазуды меңгеруі және компьютерлік, мультимедиялық сауаттылығына ерекше назар аударылады.



Жаңа медиа технологиялар журналист пен журналистік білімге жаңа леп, жаңа түсінік, жаңа көзқарас әкелгені сөзсіз. Журналистерге қойылатын талаптар да өзгеріп, болашақ журналистерді де оқыту үрдісінің де жаңашаланып жатқаны сөзсіз. Қазіргі таңда басқа мамандық салалары сияқты журналистердің де білуге тиіс білімдері мен дағдыларының да еңейіп жатқаны сөзсіз. Журналистер жұмысына қажетті ақпараттады, жинау дағдысы, мақала жазу қабілеті, аналитикалық дағдылары, жаңашылдығына қоса, күнделікті өзгеріп отырған жаңа ақпараттық технологияларды білу, орынды қолдану, біліктілігін көтерудің мүмкіндіктерін жіберіп алмаулары керек.

Журналистің шеберлігі туралы айтқанда, шеберліктің негізінде жатқан журналистің дүниетанымы, көзқарастары, азаматтық ұстанымы, әлеуметтік белсенділігі екенін ескеруіміз керек. Әр сөзі арқылы журналист халықтың ойын айтып қана қоймайды, сонымен бірге оны қалыптастырады. Ал журналистік шеберлікті қалыптастыру университеттік білімнен бастау алатыны айтпасақ та болады.

Дүниежүзінде қалыптасқан журналистік білім мен тренингтің бес үлгісіне (моделіне) тоқталып өтейік:

1. Еуропалық кәсіби модель. Әдетте бұл жартыжылдық немесе біржылдық практикалық курстары бар дипломдық бағдарлама. Негізінде бұл курстарда ақпаратты жинау, өңдеу және редакциялау дағдыларын қалыптастырады, сонымен бірге заңнамалық құжаттармен және кәсіби әдеп талаптарымен таныстырады.

2. Журналистика саласындағы университеттік бакалавр дәрежесі. Бұл үлгі (модель) Америка Құрама Штаттары мен басқа елдерде, оның ішінде бұрынғы Кеңес Одағы елдерінде кеңінен қолданылады.

3. Басқа пәндер бойынша университеттік дәреже алатын түлектердің журналистік дағдыларын қалыптастыратын қысқа мерзімді курстар.

4. Магистр дәрежесіне арналған бағдарламаның екі түрі. Біріншісі, журналистік білімі немесе тәжірибесі жоқ мамандардың дағдыларын қалыптастыруға арналған курстар. Екіншісі, тәжірибелі журналистерге арналған: журналистиканың әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдениет тақырыптарын қамтитын, медиа мен онымен тығыз байланысты әсерлердің теория тұрғысындағы түсінігін беріп, академиялық зерттеулер жүргізу дағдыларына үйретеді.

5. Жұмыс істеп жүрген журналистерге арналған медиа немесе басқа да ұйымдардың өткізетін қысқа мерзімді курстар, семинарлар, тренингтер.

Қазақстанда журналистика саласына мамандар даярлауда жоғарыда көрсетілген үлгілердің екіншісі мен бесіншісі көбінесе қолданылады.

Мамандар даярлаудың қай үлгісі қолданылса да, оқытудың қалыптасқан негізгі бағыттарының өзгеріссіз қалатынында сөз жоқ. Осы уақытқа дейін қалыптасып келген оқытудың үш негізгі бағыты бар:

1. Вербалды коммуникация:

-әңгімелесу

-дәріс

-талқылау

2. Ақпаратты көрнекілік арқылы көрсету:

- презентация
- көрсетілім жасау (демонстрация)
- моделдеу

3. қажет дағдыларды жаттықтыру:

- құжаттарды дайындау, құрастыру.
- компьютермен жұмыс істеу
- кеңседе жұмыс істеу [1, 30 б.]

Оқытудың қандай түрі болса да, осы бағыттардың біріне жатады. Яғни, жұмыс барысында тілдесу, көрсету, практикалық жаттығу элементтері қамтылады. Әрине, бәрін бірлікте қолдануға да мүмкіндіктер бар. Оқытудың ең жиі қолданылатын түрі дәріс оқу. Бірақ қазіргі сандық қоғамда «бірден көпке» ұстанымын басшылыққа алатын күнделікті дәріс оқудан гөрі, дәрісті студенттермен диалог түрінде өткізу дүниежүзінде кең қолдануда. Бір қарағанда жүйесіз, тәртіп сақталмай өтетін дәріс сияқты болып көрінуі мүмкін, бірақ басынан аяғына дейін ойластырылған, жоспарланған дәріс қызықты да есте қаларлықтай өтетіні сөзсіз.

Оқытушы дәріс барысында журналистика саласындағы белсенді, танымал ерекше адамдармен кездесу өткізіп, осы салада болып жатқан жаңалықтарды, күнделікті өзгерістерді қамтып отыруы тиіс.

Журналистік білім беруде жұмысты ұйымдастыру барысында мыналарды ескерген артық болмайды:

- Студенттерге курстың онлайн нұсқаулықтарын ұсыну тиімді, бірақ студенттер оны оқитындай жағдай жасау керек немесе талап қою керек. Сондықтан бастапқы кезеңде ондай нұсқаулықтарды сабақ барысында немесе өз бетінше тапсырмаларды пайдалану керек.

- Студенттер орындаған тапсырмаларын онлайн жариялау керек, бұл оны тек қана ұстаздың тексеруі үшін емес, сонымен бірге курстастары және басқа да оқырмандардың пікір қалдырып, ой бөлісуіне алып келеді, сондай-ақ, жұмысты жақсарту тұрғысынан көп кеңестер алады.

- Студенттерге өздеріне ұнайтын тақырыпқа жазуға тапсырма берумен қатар, өздеріне ұнамайтын тақырыптарға да жазба жазу керек деген тапсырмалар беру керек.

- Студенттер аудиомен, фотомен, видеомен де жұмыс істеп үйренуі керек. Репортаж жасауды үйретудің бірден-бір мүмкіндігі ол өңделмеген аудиорепортаждар жасаумен айналысу дағдыларын қалыптастыру.

- Болашақ журналистер HTML мен CSS туралы білуі керек, сондықтан жылдан жылға осы туралы мәліметтерді көбірек беріліп, вебсайттарды қолдану, жасау, т.с.с. дағдылары қалыптасып отыратынында дау жоқ.

Қазіргі таңда онлайн газет, интернеттегі радио, вебтелекөрсетілімдер, онлайн теледидар сияқты ақпаратты таратудың жаңа формалары шығып жатыр. Осылармен қоса жаңа терминдер мен түсініктер қалыптасып жатыр, оларды студенттерге дер кезінде ұсыну өте маңызды. Мысалы, «Конвергентті журналистика». Конвергенция – бұл бірыңғай мазмұнды әр түрлі құралдармен

(мәтін, дыбыс, видео) және коммуникацияның әр түрлі арналары (баспасөз, радио, интернет, телекөрсетілім) арқылы тарату. Баспасөздегі монополияға қарсы күрес үнемі үлкен конгломераторлардың құрылуымен параллельді жүріп жатады. Бір қолда газет, кітап, теле және радио бағдарламаларын біріктіретін конгломераторларға қарсы күреспен қатар жүреді. [2, 47 б.]

Бұқаралық ақпарат құралдарына арналған материалдарды дайындауға қажет технологиялар кез келген шығармашылық ойды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондықтан қазіргі таңда «конвергентті редакциялар» қарқынды даму үстінде.

Журналистік білімнің алдында тұрған жаңа мақсат, ол білікті конвергентті журналисті дайындап шығу. Сондықтан болашақ мамандарды дайындауда ескеретін нәрселер өте көп, солардың ішіне мына талаптар да кіреді:

- Компьютерде жұмыс істей алу
- Жаңалық материалдарын онлайн ресурстар үшін өңдей алу
- Аудио материал дайындай алу
- Видео-репортажды түсіре білу
- Аудио және видеоматериалдарды интернетке жүктей алу
- Фотосуреттерді түсіру, сонымен қатар оларды интернетке жүктеу
- Интернеттегі іздеу жүйелерімен жұмыс істей алу, оны тиімді пайдалану
- SMS-хабарлама түрінде жаңалықтарды жасай білу
- Жұмысқа қажет компьютерлік бағдарламаларды қолдана алу
- Wi-Fi арқылы бірден басылымға, нөмірге және сайтқа ақпарат бере алу
- Блог жүргізе білу
- Сапалы мәліметтер мен дәлелдерді жинақтау
- Кез-келген уақытта байланыста болу

Бұл талаптар жылдан жылға кеңейіп, нақтыланып, өзгеріп отыратыны уақыт және әлемде орын алып жатқан өзгерістермен тығыз байланысты болып отыр.

Өзім білім алып жатқан Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика кафедрасы 1993 жылы ашылған болатын. Мұнда теория мен тәжірибе тепе-теңдігі сақталған деп нық сеніммен айта аламын. Біріншіден, бұл жерде БАҚ саласындағы тәжірибесі мол білікті мамандар қызмет етеді. Студенттер қандай да болмасын мамандыққа байланысты шараларға, белгілі журналистермен кездесулерге қатысуға міндеттелген. Сонымен қатар, қара шаңырағымызда ай сайын «Жастар әлемі» газетінде студенттердің мақалалары жарыққа шығады. Бұдан бөлек, оқу телевизиясы қызмет атқарады. Жылдан жылға мұндағы теникалар, студия, монтаж, дыбыс жазу құрылғылары даму үстінде. Студенттер тәжірибе жүзінде оқу орнында болып жатқан түрлі шараларды, жаңалықтарды эфирге шығарып, белгілі тұлғалардан сұхбат алып жатады. Олар дайындаған телевизиялық өнім кейін университетіміздің барлық факультеттерінде теледидар арқылы көрермен назарына ұсынылады. Сондай-ақ, бір жыл бұрын ғана тұсауы кесілген «Studentmedia» сайты біздің оқытушылар мен студенттердің бастамасымен іске асқан болатын. Бұл сайтта 10-нан астам түрлі тақырыптағы рубрикалар бойынша мақалалар жарияланып

тұрады. Осындай тәжірибенің нәтижесінде біздің түлектер үнемі сұранысқа ие. Қазіргі таңда олардың 80%-ы еліміздің ең мықты деген түрлі БАҚ –да қызмет етеді. Егер студенттер тек теориямен шектелсе, қанағаттанарлық нәтижеге қол жеткізеді деп оламаймын.

Қорытындылай келе, кәсіби журналист дайындап шығу үшін теория мен тәжірибе тепе-теңдігін қатаң ұстану қажет екендігін түсіндік. Себебі, дәл осы салада жалғыз теория емес, практика да маңызды рөлді атқарады. Бірақ бұл кейбірі айтып жүргендей, журналистикаға теория қажет емес дегенді білдірмейді. Мысалы, әлемдік деңгейде журналистика мектептері әлі дүркіреп тұр және оларға оқуға түсудің талаптары өзге мамандықтарға қарағанда өте жоғары. АҚШ-тағы журналистика мектептерінің оқытушылық құрамын қарайтын болсаңыз, профессорларының көпшілігі New York Times, Washington Post секілді газеттерге тұрақты мақала жазып, редактор жұмысын қатар алып жүреді. Олардың қатарында әлемге әйгілі Пулицер премиясын жеңіп алғандар да аз емес екендігін байқаймыз. [3]

### Әдебиет:

1. Есенгүл Кәпқызы, Қарлыға Мысаева. Қазіргі кездегі журналистік білім беру: инновациялар, жаңа технологиялар. Оқу-әдістемелік құралы. - Алматы, «Асыл кітап» баспасы, 2013, 168 бет.
2. Барманқұлов М. Телевизия: бизнес әлде билік? – Алматы: Қазақ университеті, 2007, 216 бет.
3. <https://www.egemen.kz/article/160986-zhurnalistika-fakultetterin-zhabu-kerek-pe>

*Ғылыми жетекші – Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультеті, журналистика кафедрасының оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі Сиязбаев Нұртілеу Кәкенұлы*

**ЖАЛОЛОВА П.М., ЖУМАЕВ Н.А., БОҚИЕВ Х.Х.**

## **АТОМ ФИЗИКАСИГА ОИД ЛАБОРАТОРИЯ МАШҒУЛОТЛАРИНИ АКТ ВОСИТАСИДА ТАКОМИЛЛАШТИРИШ**

Атомнинг квант механик қонуниятларини тушунтиришда Шредингер тенгламаси ва тўлқин функция тушунчасини ёритиш асосида иш кўрилади.

Водород атоми протон майдонида ҳаракатланаётган электрон учун Шредингер тенгламаси

$$\Delta\Psi + \frac{2m}{\hbar^2} [E - U(r)]\Psi = 0 \quad (1)$$

кўринишида бўлиб, (1) тенгламани қаноатлантирувчи тўлқин функция ( $\Psi$ ) ни учта координата ( $r, \theta, \varphi$ ) ни характерловчи функцияларни кўпайтмаси кўринишида ёзиш мумкин [1].

$$\Psi(r, \theta, \varphi) = R(r)\Theta(\theta)\Phi(\varphi) = R(r)Y(\theta, \varphi) \quad (2)$$

У ҳолда 2-тенглама (2)' кўринишга эга бўлади.

$$\frac{1}{r^2} \frac{d}{dr} \left( r^2 \frac{dR_0}{dr} \right) + \frac{2m_0}{\hbar^2} \left( E + \frac{Ze^2}{4\pi\epsilon_0 r} \right) R_0 = 0 \quad (2.)'$$

$R(r)$  – радиал тўлқин функция фақат радиусга боғлиқ;

$Y(\theta, \varphi)$ -тўлқин функциянинг  $\theta$  – ва  $\varphi$  – бурчакка боғлиқ қисми бўлиб, уни сферик функция деб аташади.

Атом фазосининг бирор нуқтасида электронни кузатиш эҳтимолий қиймат хисобланиб, у  $\psi$  функциянинг модули квадратига тенг:  $P = |\psi^2| = P^*$

Электронни ядродан энг эҳтимолли масофасини топиш учун эҳтимолликдан радиус бўйича ҳосила оламиз ва натижани нолга тенглаймиз:

$$\frac{dR(r)}{dr} = R_{2,1}(r)R_{2,1}(r)r^2 * 4\pi dr = 4\pi \frac{C^2}{r_1^2} \left( r^4 * e^{\frac{r}{r_1}} \right) \quad (3)$$

$$R(r) = 4\pi \frac{C^2}{r_1} \left( 4r^3 e^{\frac{-r}{r_1}} - r^4 \frac{1}{r_1} e^{\frac{-r}{r_1}} \right) = 0 \quad 4r^3 - \frac{r^4}{r_1} = 0 \quad (4)$$

Демак 2p- ҳолат учун  $r_{эхт} = 4 r_1 = 4 * 0,53A^0 = 2,12A^0$ ,

3d- ҳолат учун  $R_{эхт} = 9r_1 = 9 * 0,53A^0 = 4,77A^0$  эканлиги назарий ифодалар асосида ўринли [3]. Бу сатҳларга мос келувчи атом орбиталари тасвирини Maple дастури асосида ҳосил қиламиз.

Дастурга Лежандр поленомни:

$$P = (x, l, m) \rightarrow \left[ l = 0, 1, \frac{(1-x^2)^{\frac{1}{2}m} \left[ \frac{d^{l+m}(x^2-1)^l}{dx^{l+m}} \right]}{2^l l!} \right], \quad (5)$$

Бу ерда x-бош квант сон, l-орбитал квант сон, m-магнит квант сон ва сферик тўлқин функция:

$$Y = (\theta, \phi, l, m) \rightarrow \sqrt{\frac{1}{4} \frac{(2l+1)(l-m)!}{\pi(l+m)!}} P(\cos(\theta), l, m) e^{im\phi} \quad (6)$$

хар бир ҳолатга мос квант сонлар киритиб ўтилди,

$$Y(\theta, \phi, 0, 0) = \frac{1}{2} \frac{\sqrt{3} \left[ 1 = 0, 1, \left[ \frac{1}{2} \frac{d(\cos(\theta)^2 - 1)}{dx} \right] \right]}{\sqrt{\pi}}$$


Бу ерда  $\theta$  – ва  $\varphi$  – бурчакка боғлиқ қисм бўлиб, 1s- ҳолат учун

$$Y(\theta, \varphi) = \frac{1}{\sqrt{4\pi}} \quad (7)$$

радиусга боғлиқ, радиал тўлқин функция  $R(r) = \sqrt{\frac{2}{7}}$ ; (8)

`plot(YY11(theta, phi), coords = polar, axiscoordinates = polar)`

номли буйруғ асосида функцияларга мос келувчи куйидаги графиклар ҳосил қилинди [2].



**2-расм. Атомнинг оптик спектрини ўрганишга оид яратилган ишланмада 4d-ҳолатнинг ёритилиши.**

Адабиётлар

1. Jalolova P.M. The plotting of the atom orbit using the Maple program.// Science and world. –Volgograd, Russia, 2018. № 1. –P. 19-23. (Impact Factor 0,325)
2. Jalolova P.M. Quantum mechanical models of spectrum and orbital of Hydrogen atom // Eastern European Scientific Journal. –Germany.-2018.-№3.–P.430-434. (13.00.00, № 1).
3. Jalolova P.M. Quantum mechanical structure of hydrogen atom. International Conference “Science, research, development”// Berlin. 30-31.06.2018. P.242-247.

**ЖАНҒАЛИЕВ У.К., ШАНГИРБАЕВ Е.Е., АЙДАРХАНОВ Т.М.  
(СЕМЕЙ, ҚАЗАҚСТАН)**

### **ЕРТІС ӨЗЕНІНДЕГІ ФЛЮВИАЛДЫ ЖӘНЕ РЕЛЬЕФ ТҮЗУШІ ПРОЦЕСТЕР**

Ертіс маңы жазығаның үстінгі қабаты жазықтық рельефтің Ертіске қарай әлсіз шегініс жасауымен сипатталады және азды - көпті мөлшерде Ертістің ағысына параллельдік бағытта сипат алады. Ойпаттың солтүстік жағалауындағы бөлігі ойпат маңында әжептәуір еңсіз, тар болып келеді. Және оның тағы бір ерекшелігі Ертіс өзенінің биік террасасымен шектеледі, ал мұның оңтүстік бөлігі шоқы аралық аңғарларымен немесе ұсақ шоқылықпен шектесуге үйлесімді. Ал мұндай терраса оң жағалауда білінбей, көне аллювиальды жазықтықтың негізгі беткі қабаты ретінде жүреді.

Ертіс маңы жазығының Семей өңіріне кіретін шеткі бөлігін әлсіз белесті күмды - күмайт жазықтық топырағы деп ажыратуға болады. Оң жағалаудың батыс бөлігінде созылып жатқан жазықтың және дөңді аудандарда жағажайлы ормандық құмы, Алейскі, Барнаулдың және Касмалинскінің тізбекті қарағайлы

ормандарының құмына сәйкес болып табылып, Ертістің аңғарын және қазіргі жайылмасы мен оның жайылмасының беткі террасасын қадағалайды. Көне аллювиалды жазықтық өзінің жалпақтау әлсіз толқынды беткі қабатын құмды - құмайт етіп көрсетіп, абсолютті белгілері 150 –200 метр шамасында байқалады. Сонымен қатар мұнда ұзын жазық және әлсіз иілген ұсақ өзендік депрециялары кездеседі және олар кебінесе тізбектеліп келеді. Аса биік сыртқы қабаты ұзын аз томпақты жалға ұқсастау болып, олар біртүсті бойлай созылады да, қайта ұшырылған құмды материалмен және аралдық қарағайлы орман массивтері алып жатыр.

Ертіс маңы жазығында мұз басудың әсері бірнеше рет (төрт дүркін) жүрген. Және бұл мұз басулардың әрқайсысы өзінің құрғақ және жылы мұз дәуірі аралық ерекшеліктері болғандықтан да, бұл жазықтықтың рельефінің құрылуы бір - бірінен өзгеше дәрежеде жүрді. Н.Г.Кассиннің (1947ж) көрсетуі бойынша мұз басудың бірінші кезеңінде үштік шөгінділерден Ертістің алғашқы аңғарлығы қалыптасты ал мұз басудың екінші кезеңінде Обь маңы үстіртінде ылғалдылық жинақталады ал мұз басудың үшінші кезеңінде бұл үстіртті яғни, Обь маңы үстіртінен Ертіс маңы ойпатына ағатын өзен аңғарларымен бөліп - бөліп жіберді, және Ертістің биік жайылмасының үстіне шайындылар мен құмдар жиналған ал келесі мұздану аралық дәуірінде Ертістің биік террасасы кейін шегініп, аласарды және оның бұрынғы өзен аңғарлары, сонымен қатар Обь бассейнінің өзен аңғарлықтары да құрылып бітті. Мұз басу дәуірінің соңында Ертіс өзенінің жағалаулық террасасының аласаруы әрі қарай жүрді және аласа жайылма террасасының үстіне ылғал жиналды, мұз басу дәуірінен кейінгі құрғақшылық кезеңде жайылма террасасының үстінде шөгінділер жиналып, осы шайындылардың жиналуы салдарынан Ертістің кемерленуі жүрді. Сондықтан да Ертіс маңы жазығы өзінің құрылуы жөнінен – кәдімгі көне аллювиальды жазықтық болып табылады [1, 14 б].

Ертіс аралас қоректенетін өзендер қатарына жатады. Салаларының біразы Алтайдың биік тауларынан басталады да, мәңгілік қар мен мұздықтардың еріген суымен толығады. Басқа салалары жер асты суы, жауын- шашынмен қоректенеді. Ертіс өзенінің деңгейі бүкіл жыл бойы едәуір жоғары болып тұрады. Оның суы сәуір- мамыр айларында және маусымда молаяды.

Өскемен мен Семей арасындағы Шүлбі кенті аймағында өзеннің орташа айлық шығыны мамыр айында 25-41 м<sup>3</sup>/с-қа, ал көп жылдық орташа шығыны кезінде Семей тұсында 960 м<sup>3</sup>/ с-қа жеткен.

Осы ауданда жылдық орта ағын 28 млрд м<sup>3</sup>- ден жоғары. Қарашадан сәуірдің ортасына дейін Ертіс қатып жатады. Мұздың қалыңдығы 125 см- ге жетеді. Сең жүру күшті болады да, өзенді кейде сең бөгеп тастайды, соның салдарынан деңгейі көтеріліп, суы тасиды.

Ертістің барлық бөлігі кеме жүзуге қолайлы. Жолаушылар және жүк таситын өзен кемелері Қытай шекарасына дейін барады. Ертістің суын электр энергияны өндіруге пайдаланады. Ірі екі СЭС-і (Өскемен және Бұхтырма ) Кенді Алтайдың өндіріс орындарында электр қуатын береді. Қазір тағы бір үшінші – Шүлбі СЭС-нің құрылысы салынды. Қазір осы су қоймалары шет ел

компанияларына берілген, ал олар көктемдегі табиғи су ағызу науқанын бұзып отыр [2, 116].

Сондықтан Ертіс жағалауының тамаша экожүйесіне құрып кету қаупі төніп тұр. Ертіс балыққа бай және онда кәсіптік маңызы бар шоқыр, сыла, бекіре, шортан, сазан, табан балық, алабұға, қара балық ауланады. Жақында көксерке және байқал түркесі өсіріле бастады. Қазіргі кезде бұл эндемиктің фауна мен флора бүкіл өзен бойына жайылып бара жатыр.

Жазықтық және дөңді жерлердің қарағайлы орманға тән құмдары негізінен жолақты қарағайлы орманда таралады. Олар Ново — Шульба қарағайлы орманын, Алейскінің қарағайлы таспасын, сонымен қатар Барнаул мен Касмалинскінің жолақты қарағайлы орманын түгелдей қамти отырып, Касмалинскінің жолақты қарағайлы орманымен аяқталады.

Семей өңіріндегі қарағайлы орман жолағының формасын тек Алейскінің солтүстік бөлігіндегі қарағайлы орман құмдарының массивтері құрайды. Ал оңтүстігінде Ново - Шульба қарағайлы орманының құмы мен Барнаул таспасымен жалғаса отырып, Ертіс бірыңғай массивін құрады деуге болады. Ертіс маңы массиві өзінің батыс бөлігінде жекелеген, бөлек – бөлек атыраулық массивтерге белінеді [2, 26 б].

Қарағайлы орман құмдары максимальды мұз басу кезеңінде құрылды, ол кезде Обь бассейнінің езендері өз суларын Ертіс бағытына жіберіп, өзінің көне арналарынан және Ертіс маңы атырабына аллювиалды материалдардың көптеген массаларын әкелді. Ал мұз басу дәуірінен кейінгі құрғақшылық кезеңде аллювиалды құмдар қайта електеуге ұшырады және сонымен қатар дөңді - шұңқырлы рельефтік сипат алды. Олардың биіктігі тұрақсыз 1 - 5 метрден - 20 метрге, дейін және одан да биік болады. Кей жерлерінің грунт суларының жер бетіне жақын болуы салдарынан табиғи өсімдік жамылғысы өзгермеген жерлерде құм массивтері көне аллювиалды жазықтыққа жазықтықтың рельефін алғашқы көрінісіндей сақтап қалды.

Су жер бетіндегі тіршіліктің ең құнды элементі болып табылады. Су адамның күнделікті қажеттіліктерін, денсаулық сақтауды, тамақ өнімдерін шығаруды, электр энергиясын өндіру мен аймақтық және жаһандық экожүйелерді дұрыс ұстап тұруды қанағаттандыру үшін аса қажет. Жер қабатының 70% су жайлағанына қарамастан тұщы су небәрі 2,5% ғана құрайды, әрі судың 70% мұз айдындары мен жоғарғы су қабаттарында (0,3%). Судың қалған бөлігі топырақ ылғалы ретінде көрініс табады. Адамзат жер бетіндегі су көп тарлған субстанциялардың бірі тұщы су қорларының 1% пайдалана алады. Шаруашылық қызметтің ықпал етуімен су қорларының сандық өзгерістерін есепке алу проблемасы ХХ ғасырдың 50-ші жылдары, дүниежүзінде су тұтыну күрт ұлғайған кезде туындады [2, 44].

ХХ ғасырдың орта шеніне дейін су таусылмайтын және экономикалық құндылыққа ие емес табиғи ресурс болып есептеліп келді. Аймақтың әркелкі бөлінуі мен су қорларының шектеулілігі, тұтыну көбейген сайын судың қажеттілігі мен әмбебаптығы дүниежүзілік қоғамдастықтың суға деген қатынасын өзгертуге мәжбүр етті.



Жалпы Ертіс өзені тек қана Қазақстан үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл Еуразия аймағына қатысты өмірлік маңызы бар трансшекаралық артерия. Қытайдағы Монғол Алтайының оңтүстік - батыс беткейінің мұздығынан 2500 м биіктіктен бастау алып, Қазақстан территориясы арқылы РФ территориясындағы Обь өзеніне барып құйылады. Қазақстан территориясында Ертіс өзені Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар облысымен Қ. Сатпаев каналы арқылы Қарағанды облысын және Астана қаласын байланыстырып жатыр.

Ертіс өзенінің су ресурстары өндіріс қажеттілігіне, тұрмыстық-коммуналдық шаруашылығында, ауыл шаруашылығында, балық шаруашылығында, энергетика мен су транспортында қолданылады [3, 13 б].

Су қоймаларының маңызы ауыз суымен қамтамасыз етуде маңызы зор. Сонымен бірге су қоймалары ирригациялық және энергетикалық мәселелерді шешуде айтарлықтай рөл атқарады.

Қарағайлы орман құмдары Ертіс маңы ойпатының маңайында кейде ойпат маңайынан тыс жерлерде абсолютті биіктігі 150 метрден - 350 метрге дейін, ал ойпат территориясынан тыс жерлерде абсолютті биіктігі 250 - 300 метрге дейін барады. Қарағайлы орман құмдары оңтүстігінде Ертістің қазіргі аңғарымен, солтүстік шығысында Алтай тау алды жазығана дейін, солтүстігінде Обь маңы үстіртімен және Обь маңы үстіртінің көне аңғарымен таспа түрінде солтүстік - шығысқа өтеді, ал батысында Ертіс маңы ойпатының далалық бөлігімен, көбінесе рельефінің ешқандай өзгеруінсіз өтеді [4, 17 б].

Ертістің қазіргі аңғары азды - көпті эрозиялық ойық жазықты, биік террасаның, аса ірі кемеріне дейін шектеледі де, аймақтың шығысынан батысына қарай 300 шақырымдай шамасында созылады, және олардың ені жайылмамен қоса есептегенде 1-2 шақырымнан 8-10 шақырымға батыс бағытқа созыла отырып теңеледі, Батысында жайылманың абсолютті биіктігі 140 метр, ал шығысында жайылманың абсолютті биіктігі 240 метр болады.

Ертістің қазіргі аңғары өзеннің ең төменгі сағасынан орташа есеппен 2 метр биіктікте тұр.

Жайылмалық терраса негізінен үшке бөлінеді:

1. *Арна манының жайылмасы.* Бұл негізінен негізгі және басты арнаға жалғасып жатады. Қабаттары өрескел қосылған, аллювиалды қабатты және аллювиалдық иректелген - толқынды мезо және микро рельефімен айрықша сипат алады (арна маңы толқыны мен жылғасы құм қайраңы, косалар тағы басқалары).

2. *Орталық жайылма.* Орталық жайылманың шөгінділері мен қабаттары басқа, яғни қалған екі жайылмаға қарағанда күрделірек сипатқа ие. Орташа сипатты рельефі көбінесе тегістеу қатпарлылығы аз болып келеді.

3. *Террасалар маңы жайылмасы.* Бұл жайылмаға негізінен аласалық сипат тән.

Ал арна жайылмасы биіктеу болып, орталық жайылма орташа гипсометриялы мөлшерде болып келеді. Ертістің көне аңғары жайылма үсті террасасымен Ертістің сол жағалауын құрайды, ал оң жағалауда бұл террасаның үсті ғана жақсы байқалады, аңғардың Алтайлық бөлігінде білінбей төмен жүріп негізгі Ертіс маңы ойпатының сыртқы қабатымен қосылып кетеді.

Жайылма үсті террасасы өзара екіге бөлінеді: аласа жайылма үсті террасасы - бұл облыс көлеміне көп кең таралмаған; биік жайылма үсті террасасы - бұл жақсы дамыған әрі облыс көлеміндегі ауданы едәуір жерді алып жатыр. Бұл екі терраса да жақсы кемерленген өзен сағасымен шектеледі де биіктігі өзеннің ең төменгі сағасынан 16-22 метрге дейін барады. Ал аласа жерлері бұдан екі - үш есеге дейін төмен келеді. Негізінен террасаның биіктігі өзен ағысының жоғарғы жағынан бастап өседі. Бұл екі террасаның да өздеріне тән артықшылығы - құмдақ және жеңіл - саздақ материалдарынан құралған. Олардың сыртқы қабаттары жалпақ, кей жерлерінде аз толқынды жазықтар кездесіп, олар өзенге қарай аз иілген және өзен ағысына параллельді болып келеді.

Өзен ағысының көлденең циркуляциясының пайда болуы нәтижесінде арна ағысының негізгі заңдылықтарының бірі - меандрлану құбылысы пайда болуының туғызады [5, 22 б].

Жыра жылдам өсіп-өршітің эрозиялық пішін. Оның бас бөлігі регрессивті эрозия нәтижесінде өзенаралық аймақтарға созылып өсуі мүмкін. Осы себептен жыралар жүздеген метрге, тіпті километрлерге жететін ұзындығымен сипатталады.

Жыраның өсіп отыратын бас бөлігі әр түрлі. Көбінесе жыра бірден, биіктігі 1,0-3,0 м, тік жармен - бас құламамен басталады. Кейде жыралардың бас бөлігі сопақша, эллипс пішіндес немесе дөңгеленген күрек пішіндес болады да, жер бетінде аса айқын көрінбейтін ойпандар түрінде байқалады. Рельефтің мұндай пішіндерін су жиналатын ойпандар (водосборные понижения) деп атайды. Кейде жыралардың бас бөлігінен жоғарырақ, өзен аралығының өлкелеріне баяу ауысатын, терең емес (1,0-3,0 м) жарқабақтары айқын білінбейтін, жағалары шымтопырақты жайпақ жағалары ұзынынан-ұзақ созылған ойпандар орналасады.

Семей аймағының Ертіс өңірінің экзогенді рельеф түзуші процестеріне баға беріліп және жалпы экзогенді рельеф түзуші әрекетерге, оларға қарсы іс-шараларға толықтай сипаттамалар ұсынылды. Ертіс өңірінің маңындағы эолдық рельеф түзуші процестер зерттеліп ондағы құмдар жасаған формалардың динамикасымен көріністері Қазақстанның және басқа шетел мемлекеттерінің территорияларындағы құмды зоналарындағы эолдық рельефтік формаларымен салыстырмалы зертеулер жасалынды.

Далалық – бақылау экспедициялық зерттеулерге сүйене отырып жасалынған жұмыстар дәлелденген еңбектермен сараптамаланып жазылды. Осының нәтижесінде жалпы экзогенді рельеф түзуші процестердің Ертіс өңіріне әсері көп болатын факторларына жіктемелі тұрғыда зерттеулер келтірілді. Семейдің маңайындағы қарағай құмдарының эолдық (жел) процес әрекетінен өз орындарын ауыстырып, жылжу әрекетіне ұшырағанын байқадық. Олардың өзіндік формаларын анықтадық. Көбінесе зерттеліп отырған территорияда экзогенді рельеф түзуші процестерінің ішінде эолдық процестің басым екені анықталды.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кассин Н.Г. Материалы по палеогеографии Казахстана. – Алма – Ата: Издательство АН Каз ССР, 1947.- 312с.
2. Егорина А.В., Зинченко Ю.К., Зинченко Е.С. Физическая география Восточного Казахстана. Усть – Каменогорск, 2002. 182 с.
3. Игісін Ж. Ертісім қайда барасың, қайда тынып ағасың? // Дидар.2003, 14 наурыз.5 б.
4. Омаров Т.Р. Қазақстанның өзендері мен көлдері. Алматы, 1975. 72 б.
5. А.К. Төлепбаева. Ертіс өзені алабы ландшафтарының экологиялық жағдайы //Вестник КазНУ. Серия географическая. 2006, №1 (22).

**ЖОЛДАСОВА Ж.М.  
(АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)**

### «КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ» - ЖОҒАРЫ ОЙЛАУ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ

"Креативті ойлау" ұғымы психологиялық терминдердің арасында ерекше орын алады: бір жағынан, ол шығармашылық ұғымымен тығыз байланысты, қабілет пен дарындылық туралы сөз болған жерде көрінеді, оқытуды жекелендіру мәселесі талқыланатын барлық жерде, ал екінші жағынан, креативті ойлау басқа психологиялық ұғымдардан аз зерттелген, нақты анықталмаған және жеткілікті сараланбаған. Тіпті креативті ойлаудың жалпы психологиялық сипаттамалары бірнеше себептерге байланысты проблема болып табылады. Біріншіден, креативті ойлау шығармашылықтың жаһандық ұғымына енгізілген, тіпті жоғары кәсіби зерттеулерде де авторлар креативті ойлаумен пен шығармашылықты теңдестіруге бейім (Г.С. Альтшуллер, Н.Н. Вересова).

Қазіргі батыс және отандық психологияда креативті ойлау туралы зерттеулер мен тұжырымдамалар теориялар кешені түрінде, теориялық және эксперименттік жұмыстар түрінде бар: креативті ойлау өнердегі ғылыми іс-әрекет пен қызметтің алғышарты ретінде Р. Арнхейма, М. М. Бахтин еңбектерінде [1, б. 410], [2, б. 230]; Ч. Д. Чистякова, В. Штерн жұмыстарында дарындылықтың ерекше түрі ретінде қарастырған [3, б. 204].

Нәтижесінде креативті ойлау туралы білімнің бірыңғай концепциясының болмауы және терминдердегі елеулі түсініксіздіктер осы ұғымды пайдалану кезінде елеулі қиындықтар туғызады.

Креативті ойлаумен байланысты барлық теориялық және терминологиялық қиындықтар креативті ойлау мен жалпы ойлаудың ара-қатынасында жатыр.

Осы мақалада біз креативті ойлауды ойлаудың жоғары түрі ретінде түсіну орынды деп ойлаймыз. Осы ұғымды әртүрлі психологиялық ойлау теориялары тұрғысынан көрсетуге дайынбыз.

Егер ойлаудың белгілі бір түрі нысаны болып табылатын, ойлаудың ең танымал теорияларына жүгінсеңіз де біз ұсынып отырған тезистің дәлелденгеніне көз жеткізуге болады.

Дивергентті, версиялық, гипотетикалық, өнімді - бұның барлығы шын мәнінде дамуға тиімді әсер ететін ойлаудың жоғары формалары.

Осы когнитивті теориялардың авторлары-М. Вертгеймер,

К. Дункер, О. Зельц, Р. Солсо - тікелей немесе жанама да осыған сілтейді. [4, б. 28], [5, б.305], [6, б. 231]. Сондықтан, бұл қасиеттер креативті ойлауға да қатысты болуы керек, себебі ол аталған "түрлерге" қатысты синтетикалық нұсқа: ол әрқашан поливариантты, әрқашан шындыққа негізделген, өнімділік сипатта. Осылайша, шығармашылық ойлау - бұл бір мезгілде дивергентті, версиялық және гипотетикалық, өнімді ойлаудың жоғары түрі.

Мазмұны бойынша ойлаудың түрлерінің креативті ойлаумен арақатынасы ерекше назар аудартады. Атап айтқанда, ең танымал класификация - бұл ойлаудың көрнекі-әрекеттік, көрнекі-бейнелік және сөздік-логикалық түрлері . Алайда, ойлаудың бұл түрлері бір мезгілде дамуға да әсерін тигізетіндіктен, креативті ойлауға қатынасын бөліп қарастыра алмаймыз. Себебі, көрнекі-әрекеттік креативті ойлауда (модель құрыстыру), көрнекі-бейнелік креативті ойлау (өлең шығару, сурет салу) және сөздік-логикалық креативті ойлауда (ғылыми жұмыстар) бірдей өнімді болуы мүмкін. С.Л.Рубинштейн көрнекі-бейнелік және сөздік-логикалық ойлау көбінесе бірге қызмет етеді (мыс: метафора) дейді. Осының негізінде ойлау түрлерінің қатар дамуы креативті ойлаудың жан-жақты болуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманғы интеллект теориясында креативті ойлауға қатысты осындай түсінікте. Қазіргі заман талабына сәйкес интеллект тек қана ойлау белсенділігінің көрінісі ғана емес, сонымен қатар барлық танымдық процестер интеграциясы. М.А.Холоднаяның айтуы бойынша интеллекттің интеграциялық үрдістері ойлаудың басымдылығымен жүзеге асады.

Мәселен, егер ойлау интеллект интеграторы болса, креативті ойлау персеверативті және ассоциативті процестердің бірлігіне негізделген жоғары ойлау нысаны бола отырып, интеграция құралы және психикалық қызметтерді жүйелеуші, байланыстырушы болып табылады. Осылайша, классикалық және қазіргі теориялық жалпы ойлау туралы түсініктерді қарастыра отырып, креативті ойлауды оның ең кеңейтілген нысаны деп түсінуге болады.

Креативті ойлауды оның жоғарғы формасы ретінде түсіну теориялық және методологиялық қасиеттерге ие және қазіргі заманғы кейбір қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

Креативті ойлау психологиясы:

1) Креативтіліктің көріністерін іздеу қажеттілігі болмайды. Себебі, ол ойлаудың бір түрі ретінде емес, барлық оның формалары мен түрлерінде кездеседі;

2) Креативті ойлаудың мәні, оның кеңдігі мен мазмұндылығы анық көрінеді;

3) Креативті ойлауды қабілет, дарындылық және т.б. феномендерде іздемей, тікелей ойлаумен байланыстыру мүмкіндігі пайда болады.

4) Креативті ойлау барлық адамдарға (ерекше феномен немесе талантына қарамастан) тән әмбебап психикалық қасиетке айналады.

«Креативті ойлау» ойлаудың жоғары формасы деп алғандықтан, оның нақты практикалық жұмысының методологиясы да өзгереді.

Сонымен, креативті ойлауды жоғары форма ретінде эксперименттік зерттеу бұрынғыдан маңыздырақ және жоғары талаптарға сәйкес жүргізілуді қажет етеді. Басқаша айтқанда, креативті ойлауды зерттеудегі практикалық жұмыс психологиялық-педагогикалық оптимизм негізіне жатады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Арнхейм Р. Новые очерки по психологии искусства. М., 1994.
2. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. М., 1979.
3. Штерн В. Умственная одаренность: психологические методы испытания умственной одаренности в их применении к детям школьного возраста. СПб., 1997.
4. Зельц О. Законы продуктивной и репродуктивной духовной деятельности // Хрестоматия по общей психологии. Психология мышления. М., 1981.
5. Ньюэлл Л., Шоу Дж.С., Саймон Г.А. Моделирование мышления человека с помощью электронно-вычислительной машины // Хрестоматия по общей психологии. Психология мышления. М., 1981.
6. Тихомиров О.К. Структура мыслительной деятельности человека. М., 1969.

*Ғылыми жетекші: П.ғ.д. профессор, Айгерім Нуралиевна Көшербаева*

**ЖУМАБАЕВ А.Д.  
(НУКУС, УЗБЕКИСТАН)**

#### **РОЛЬ ИСТОРИЧЕСКИХ ПЕРСОНАЖЕЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ БЕРДАХА**

Бердах является корифеем каракалпакской литературы XIX века, достойный называться соловьем каракалпакской этнопоэзии, каракалпакскими Фирдоуси, Геродотом и Навои. Поэтические сказания (дастаны) Бердаха должны изучаться с точки зрения историчности.

История каракалпаков – это история борьбы за свободу. Культура каракалпаков – это набор эха возгласов воинов, звуков грустного шынкобыза, мелодий в исполнении жрау и баксы. Его можно называть Бердах-поэт, Бердах-баксы, Бердах-историк, Бердах-мыслитель. Он – демократ, рожденный служить своему народу.

В результате репрессивной политики Советского правительства, в условиях большевистской тоталитарной системы 20-30-х годов XX века, было безвозвратно утеряно значительное количество бесценного наследия Бердаха.

Источники наследия – ценнейшие издания подвергались риску уничтожения вплоть до достижения независимости.

В научной оценке наследия Бердаха огромную роль сыграли мысли и высказывания академиков С.Камалова, Ж.Базарбаева, Х.Хамидова.

В дастане поэта «Айдос баба» говорится об исторической личности – выходец из рода Кунград Султан улы Айдос баба. Его имени сопутствуют и сплетни, и восхваления.

Ряд представителей национальной интеллигенции из числа так называемых айдосоведов обвиняет его, жившего в середине XIX века в хивинском ханстве и занимавшего высокие должности, в предательстве своего народа ради своих интересов, убийстве двух своих братьев. Вместе с тем, существует другое мнение, согласно которому, этот человек в 1827-1828 годах выступил против несправедливой политики хивинского хана, стремился создать самостоятельное ханство для своего народа и героически погиб в этой борьбе.

Академик Ж.Базарбаев, профессор А.Пахратдинов, писатель Т.Кайыпбергенов и другие возвеличивают Айдос баба как верного сына народа, героя. А историк С.Камалов, наоборот, очерняет его как изменника, злодея. Эти два мнения постоянно конкурируют между собой.

Академик Ж.Базарбаев пишет о необходимости глубокого исследования роли и места в истории таких личностей, как Маман би, Айдос би, Ерназар Алакоз, Амангельды батыр, Кулен болыс и других.

Историк М.Тлеумуратов говорит, что имеются устные исторические источники о личностях, фигурирующих в литературном наследии Бердаха, и отмечает необходимость всестороннего исследования этнодастанов Бердаха с исторической точки зрения.

Первый Президент Республики Узбекистан Ислам Каримов, отдавая должное богатому прошлому каракалпакского народа, его культуре, подчеркивал, что вековые мечты таких народных героев, как Ерназар Алакоз, о справедливости, равенстве и свободе, обязательно сбудутся.

Глубокий исследователь каракалпакской истории, академик С.Камалов при написании своего труда «Герой, восстановивший государственность каракалпаков в XIX веке» использовал наследие Бердаха как первоисточник. Если обратиться к вопросу изучения Ерназара Алакоза, то к его личности с огромным уважением относились сам Бердах, историки из Хивы Агахи, Баяни, многочисленные каракалпакские баксы, жрау, просветители.

XIX век стал для каракалпаков веком социальных баталий, стремления к самоуправлению. В 1855-1856 годах, в результате невыносимого гнета, нашествий, увеличения налогового бремени со стороны Хивинского ханства и вызванных этим голода, нищеты, народ поднял восстание. Возглавил восстание Ерназар Алакоз. Естественно, Бердах в своих произведениях воспевал подвиги лидера, писал песню – «жоклау» после его смерти.

Академик Ж.Базарбаев в своей статье о Ерназар би обращает внимание на описание поэтом Бердахом физических данных Ерназара, оценившем их как равным силе семи львов. Ж.Базарбаев пишет, что, несмотря на убийство Ерназара Алакоза июльской ночью 1856 года своими соплеменниками, он приходит к твердому выводу, что Ерназар положил свою жизнь на алтарь свободы своего народа. Из истории известно, что внешний враг открыто угрожает, а внутренний – действует исподтишка.

Профессор К.Мамбетов в своей книжке «Ерназар Алакоз – герой каракалпакского народа» также указывает, что главной целью предводителей народа были самоуправление, создание собственного ханства.[1.с 12]

Письменные источники свидетельствуют, что против политического, социального гнета Хивинского ханства выступили и явмуты, казахи, аральские узбеки, каракалпаки. Одной из многочисленных причин поражения восстания стало неустойчивое единство микроэтносов Приаралья, вызванное многолетними конфликтами, голодом, экологическим неблагополучием, раскольнической деятельностью лидеров родов.

Этнодастан Бердаха написан в форме «жоклау», то есть утраты, в нем четко чувствуется душевное состояние поэта, его горечь утраты. Обобщив и взвесив все реальные факты и домыслы об Ерназаре, Бердах осветил их в этнопоэзии. В трудах одного из придворных историков Хивинского ханства Мухаммеда Юсуфа Баяни проскальзывают отдельные измышления об Ерназаре Алакоз.

#### **Бердах о Кулен болыс:**

В дастане поэта о Кулен болыс показаны исторические сюжеты о социальном пробуждении народа, состоящих из рыбаков и скотоводов, населявших побережье Аральского моря, его борьбе против социального неравенства.

Этнодастан о Кулен болыс увидел свет в сборнике поэта, выпущенном в 1950 году. Об этом наследии в свое время историк А.Савицкий проводил громкие собрания, писал материалы в газетах и журналах. Историк Р.Косбергенов тогда выступил против своего коллеги, упрекнув его в отсутствии понятия о наследии. Личность Кулен болыс находит свое место в произведении «19 посвящений» Гульмурата шайыр и 19 песнях – посвящениях Нурлыбая Ерманова. В понимании Бердаха Кулен болыс создавал для людей сады, строил им дома, достойно платил поденщикам, поддерживал честных предпринимателей. Вместе с тем, Кулен болыс был высокомерным человеком, девятнадцать своих земляков, осмелившихся выступить против него, он через сановников белого царя отправляет на каторжные работы. То есть он был человеком двуличным – внешне человеколюбивый, добрый, а на самом деле – бесчеловечным.

#### **Бердах о Кутлы ходжа ишане:**

Бесценное наследие великого поэта и мудреца, передового человека своего времени Бердаха как эхо вчерашней истории каракалпакского народа будет служить делу просвещения.

В середине XIX века в северные Каракумы для ведения духовно-просветительской работы прибыл Аллаберды Азиз баба ходжа улы Кутлы ходжа ишан. Он открывал мечети, затем построил медресе. В архивных данных хивинских ханов указано, что в эхўғ году в хозяйстве Кутлы ходжи ишана имелось тысяча голов крупного рогатого скота.[2.с 211]

В 1853 году указом Хивинского хана Кутлы ходже ишану был передан геральдический знак.[3.с 34]

Уже в почтенном возрасте Бердах приезжает из Ак калы к Каракум ишану и выражает желание стать суфи Кутлы ходжа ишану, даже воспроизведя его в стихотворной форме.

### **Бердах о Бешимбай би Ельгелды бай би улы:**

В художественных произведениях Бердаха образ Бесим би показан в положительном ключе. И сейчас место упокоения Бесим би служит местом паломничества людей.

Осенью 1869 года в перечне дорожной карты Хивинского хана по взиманию налогов с каракалпаков в виде скота было указано наличие 104 крупных рогатых скотов у Бешимбай би, который уплатил налог «закат» в числе жителей местности муйтен. В дорожной тетради было зафиксировано, что муйтен Бешимбай би Елкельди би улы уплатил «закат» в количестве 128 крупных рогатых и 64 мелких скотов.

В 1872-1873 годы хивинский хан в последний раз собрал подобный налог с берегов Арала. Аул муйтенов для ханской службы снарядил 54 нукера. Бешимбай уплатил 152 крупного, 39 мелкого скота.

История, культура, язык, литература, психология, социальная память каракалпакского народа XIX века описаны в произведениях Бердаха. Исторические личности Айдос баба, Ерназар би, Амангельды и другие, занявшие свои места в произведениях Бердаха, вызывают все больший интерес нынешнего поколения.

В целом, поэт Бердах является культовой фигурой в духовно-просветительской жизни каракалпакского народа, его наследие и в дальнейшем будет воспеваться.

### **Литература:**

- 1) К.Мамбетов Ерназар алакоз – Каракалпакстан халкынын кахраманы. Н., 1993, с 12 .
- 2) П.А.Иванов Архив хивинских ханов, Л.1940, с 211 .
- 3) М.Карлыбаев, А.Идирисов Каракум хаккында – Вестник, Н. 1999, № 1  
*Научный руководитель: Сатришый преподаватель Қалбай Примбетов*



## ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ХИМИИ ДЛЯ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

Модернизация системы образования связывается, в первую очередь, с введением в образовательную среду инновационных технологий, в основу которых положены целостные модели учебно-воспитательного процесса, основанные на диалектическом единстве методологии и средств их осуществления [1, с.56].

Все современные технологии называют инновационными. Слово «*инновация*» происходит от латинского – *in* и *novus* – новое, что в переводе означает: обновление, новинка, изменение.

Нововведение можно считать успешным, если освоение его дало возможность решить задачи развития школы. В целом под инновационным процессом понимается комплексная деятельность по созданию, освоению, использованию и распространению новшеств.

Модификационные нововведения введены по курсу «Химия элементов периодической системы» для студентов педагогических специальностей. Они связаны с усовершенствованием, рационализацией, модернизацией программы, и методики проведения лекций и лабораторных занятий. Разработаны и комбинаторные нововведения, которые предполагают новое конструктивное соединение элементов ранее известных методик. Предполагается также и радикальное нововведение, а именно освоение курса не путём традиционного изучения, а через так называемые, мегапредметы (надпредметы), в данном случае в образовательной области «Естествознание» [2, с.11].

Для развития естественнонаучной грамотности учащихся большое значение имеет использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ). «Умение проводить, наблюдать и объяснять химический эксперимент является одним из самых важных компонентов химической грамотности. Работа в химической лаборатории с веществами и оборудованием, несомненно, имеет первостепенное значение для развития навыков постановки эксперимента. Но информационные технологии при обучении химии незаменимы в том случае, если идет изучение токсичных или взрывоопасных веществ. В этом случае возможность проведения эксперимента в виртуальном мире является единственной» [3, с.54].

Примененные при изучении курса «Химия элементов периодической системы» методические инновации связаны с применением интерактивных методов обучения. Это возможность взаимодействовать или находиться в режиме беседы, диалога с компьютером. Интерактивное обучение – прежде всего диалоговое обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие преподавателя и обучающегося [4, с.72].

В ГОСО основного среднего образования 2016 г. [5, с.25] умение использовать информационнокоммуникационные средства и технологии определяются в качестве базовых ценностей. Поэтому применение компьютерной техники на уроке организует полноценную познавательную деятельность и учителя, и учащихся, что положительно влияет на формирование предметной грамотности и способствует развитию умений учащихся применять ИКТ в образовательной деятельности. В свою очередь необходимо научить будущего учителя применять ИКТ в учебном процессе. Выйдя из стен университета педагог должен не только понимать роль ИКТ в обучении химии, но и овладеть методикой ее применения.

Информационные технологии, включающие в себя современные мультимедиа-системы, можно использовать для поддержки активного обучения. Все главные направления современного процесса информатизации химического образования – открытое дистанционное образование, виртуальные лаборатории и медиабibliotheki, способствуют повышению качества знаний и реализации творческого потенциала учащихся и учителя. В современном Вузе предусмотрено обязательное использование компьютеров. В настоящее время это стало неотъемлемой частью образовательного процесса.

Учитель должен формировать у ребят способность и готовность к освоению знаний, к их самостоятельному пополнению, способность к сотрудничеству и коммуникации, к решению лично и социально значимых проблем. Сегодня одним из актуальных направлений в образовании является формирование общих учебных умений, которые в будущем помогут выпускнику решать задачи жизненного и практико-ориентированного характера [6, с.81].

Учебный процесс в вузе организован таким образом, что практически все студенты оказываются вовлечёнными в процесс познания, они имеют возможность понимать и рефлексировать по поводу того, что они знают и думают. На лабораторных занятиях организуется индивидуальная, групповая и парная работа, применяются исследовательские проекты, идёт работа с документами и различными источниками информации, предлагаются творческие задания.

Для преподавателя сложным представляется работать в режиме творческого развивающего обучения. Поэтому большое внимание было уделено разработке методики проведения лекций и лабораторных занятий в этих условиях, освоению проблемно-поисковых методов – эвристических, тризовских, игровых (значимые вехи на пути организации творческо-исследовательской деятельности учащихся, а, следовательно, и интерактивного обучения).

Значимо также формировать устойчивые творческие группы обучающихся, нацеленные на совместное участие в учебном процессе, где деятельность организуется и мотивируется совместно согласованными и принятыми целями.

Сделан вывод, что коммуникативная культура педагога – важное условие и показатель готовности к диалогическому взаимодействию как ведущему средству интерактивного обучения.

Исходя из того, что дисциплина изучается на первом курсе и пришедший из школы первокурсник практически не обладает навыками самостоятельной и творческой работы, сложным является научить студента находить идеи и пути решения различных проблем а тем более научить его работать во всем цикле (поиск и вычленение ведущих проблем – протаивание проблем по степени значимости – анализ проблем – определение целей, задач и направлений деятельности – наработка возможных вариантов решений – выбор наилучших – присчитывание необходимых условий, внешних и внутренних ресурсов – определение механизма решения проблем – составление программы и вероятностивагативного плана работы). Здесь важно, чтобы преподаватель выстроил оптимальную стратегию и тактику своей деятельности.

Преподаватель, умеющий перенести достоинства свободного, неограниченного обязательствами и обязанностями общения в плоскость увлеченной заинтересованной деятельности, способный искать стимулы развития в самом процессе деятельности, умеющий формировать в детях переход от ценностей низшего порядка к переориентации, ценностному пересмотру, ведущий обучающихся к признанию истинных ценностей и истинного лидерства, стремится выстроить весь комплекс идей и действий, которые необходимо заложить в процесс интерактивного обучения. [7, с.56]

Использование средств новых информационных технологий позволяет усилить мотивацию учения благодаря не только новизне работы с компьютером, которая сама по себе нередко способствует повышению интереса к учебе, но и возможности регулировать предъявление задач по трудности, поощряя правильные решения, не прибегая при этом к нравоучениям и порицаниям. Компьютер может влиять на мотивацию учащихся, раскрывая практическую значимость изучаемого материала. Как известно, применение средств новых информационных технологий в учебном процессе позволяет индивидуализировать и дифференцировать процесс обучения, реализуя интерактивный диалог, предоставляя возможность самостоятельного выбора режима учебной деятельности и компьютерной визуализации изучаемых объектов. Индивидуальная работа обучающегося за компьютером создает условия комфортности при выполнении заданий, предусмотренных программой. [8, с. 43]. Разработанные по курсу «Химия элементов периодической системы» задания для работы на компьютере на наш взгляд полностью удовлетворяют выше указанным условиям.

#### **ЛИТЕРАТУРА:**

1. Гин А. А. Приёмы педагогической техники. Свобода выбора..., Луганск: СПД Резников В. С., 2006, 100 с.
2. Никишина И. В. Инновационная деятельность современного педагога в системе общешкольной методической работы, Волгоград, Издательство «Учитель», 2008. – 93 с.

3. Попов С.Ю. Создание и применение компьютерной анимации на уроках химии / Профильное обучение: проблемы и перспективы развития: сборник тезисов Всероссийской научно-практической конференции (28 октября 2011г.) / Алтайская гос.академия об-я им. В.М.Шукшина. - Бийск: ФГБОУ ВПО «АГАО», 2011.-258 с.

4. Довгопол И. И., Ивкова Т. А. Современные образовательные и педагогические технологии, Симферополь, НАТА, 2007. – 334 с.

5. Государственный общеобязательный стандарт основного среднего образования. Приложение 6 к постановлению Правительства РК от 13.05.2016 г. № 292.

6. Пономарева Е.С. Формирование метапредметных умений учащихся в профильном обучении при развитии коммуникативной компетентности / Педагогический профессионализм в образовании: материалы IX Международной научно-практической конференции, посвященной 120-летию со дня основания города Новосибирска (21-22 февраля 2013 г., г.Новосибирск): в 2 ч./под науч.ред.Е.В.Андрienко. - Новосибирск: Изд. НГПУ, 2013. -Ч.1. -372 с.

7. Инновационные педагогические технологии в организации учебно-воспитательного и методического процесса в школе. Волгоград. Учитель, 2007. – 91 с.

8. Пидкасистый П. И. Искусство преподавания / Пидкасистый П. И., Портнов М. Л. - М.: Изд-во «Рос. пед. агентство», 2003. - 184 с.

*Научный руководитель: к.х.н., доцент Государственного университета имени Шакарима г. Семей, Ибраева Л.С.*

**ЖҮСІПОВА А.О.  
(ҚЫЗЫЛОРДА, ҚАЗАҚСТАН)**

### **ҒАЛЫМ Қ.М.ЕСЕНОВ ЕҢБЕГІ НЕГІЗІНДЕ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ**

Қазақ тіл біліміндегі таласты пікірлер тудыратын саласы – синтаксис. Оның ішіндегі құрмалас сөйлемдер, сабақтас құрмалас сөйлемдер болып табылады. Құрмалас сөйлемнің зерттелуіне келер болсақ, ғалым А.Байтұрсынұлынан бастаймыз. Әрине, бұл тақырыпты зертеген де, көптеген еңбектер жазып, өз тұжырымдарын ұсынған тілтанушы ғалымдар өте көп. Қайта айналып келгенде бәрінің басында А.Байтұрсынұлы тұратыны хақ. Себебі, «құрмалас сөйлем» деген терминнің өзін тілімізге алғаш енгізген осы ғалым еді. Сонда, автор орыс тіліндегі «сложное предложение» дегенді «күрделі сөйлем» деп тура аудармай, неге «құрмалас сөйлем» деген терминді алды? Біздің ойымызша, ғалым ең алдымен термин қалыптастыруда қазақтың байырғы төл сөздерін пайдалануды мақсат етті. Оған негіз, біріншіден, «Құрмаласу» сөзінің түсіндірме сөздікте *септесу, жалғасу* тәрізді байырғы

қазақи қолданыста бар синонимдері аталған [1, 546-б.], екіншіден, сөздің түбірінің өзі етістік (**кұр** – құру, құрылыс, құрам, құрама т.б.) негізден -ма жұрнағы арқылы жасалған есім сөз – «кұр(а)ма» болса, оған ғалым -лас жұрнағын жалғау арқылы жаңа термин жасаған. Яғни, ғалым қазақ тілінің сөзжасам заңдылығын негізге алған.

А.Байтұрсынұлы тіл біліміне байланысты еңбектерінде сөйлемнің «құрылуынша айырылатын түрлерін» 1) іргелес сөйлемдер және 2) құрмалас сөйлемдер деп бөледі. Ғалымда «жай сөйлем» деген сөйлем түрі де аталады, бірақ ол сөйлем түрі келтірілген мысалдарына қарағанда, қазіргі түсінікпен хабарлы сөйлемге сай келеді де, ал «іргелес» деп отырғаны көбіне қазіргі жай сөйлемге ұқсас болып келеді.

Автор құрмалас сөйлемді *сыйыса құрмаласу* және *қиыса құрмаласу* деп бөледі, сыйыса құрмаласқан сөйлемдердің басты белгісі, автордың ойынша, «бірнеше мүшенің бірөнкей болуы», яғни, біздіңше, бұл – бірінғай мүшелі жай сөйлемдерге сай келеді.

Ал қиысулы құрмаласты: *салалас құрмалас* және *сабақтас құрмалас* деп бөліп қарастырады да, оны іштей *жиылыңқы*, *қайырыңқы*, *айырыңқы*, *сұйылыңқы* және *қойылыңқы* деп ажыратады. Бұлайша ажыратудың мәнісін де түсіндіруге тырысады. Қалайда ғалымның осы сөйлем түріне келтірген мысалдары қазіргі салаластан алшақ жатқан жоқ.

Ал, біздің мақаламыздың тақырыбы сабақтас құрмаласқа байланысты тікелей еңбек жазған Қ.М.Есенов жайында болмақ.

1995 жылы жарық көрген «Құрмалас сөйлем синтаксисі» атты еңбегінде Қ.Есенов сабақтастың бағыныңқысын топтастыруда тіліміздегі бағыныңқы сөйлемдердің жіктеуіне байланысты сабақтастарды: 1) *шартты бағыныңқылы сабақтас*; 2) *қарсылықты бағыныңқылы сабақтас*; 3) *мезгіл бағыныңқылы сабақтас*; 4) *себеп бағыныңқылы сабақтас*; 5) *амал бағыныңқылы сабақтас*; 6) *мақсат бағыныңқылы сабақтас*; 7) *түсіндірмелі сабақтас сөйлем*; 8) *салыстырмалы сабақтас сөйлем*; 9) *үлестес сабақтас сөйлем* деп бөледі. Бұндағы ерекшелік – соңғы *үлестес сабақтас* деген түрдің қосылуы. Енді осылардың әрқайсысына тоқталып, мәнін ашып, әдеби шығармалардан мысалдар келтірсек.

Сабақтастардың ішіндегі ең бір орныққаны шартты бағыныңқылы сабақтас. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем шартты райдың (-са, -се) тұлғасы арқылы жасалады. Мысалы: Күндіз жұрт аузынан естіген сөзден мазам кетсе, түнде сол сөздер миыма оралып алып, ұйқы бермейді (*Сәбит Мұқанов*). Қазір жұқалап аңдатып *отырса*, губернаторға турасынан басады (*Ғабит Мүсірепов*). Бірақ бұл ойын *айтса*, Құнанбай тағы бойлап тартып кетеді (*Мұхтар Әуезов*). Мұнда болымды етістік пен шартты рай жұрнағы арқылы шартты сабақтас болып жасалып тұр. Екінші жасалу жолы көсемше арқылы, бірақ көсемшенің барлық тұлғасы байланыспай тек -й тұлғасының болымсыз -ма жұрнағымен жасалуы. Мысалы: Абай бұл кеште өзінің халіне үйрене *алмай*, қатты қысылумен болды (*Мұхтар Әуезов*). – Шешей, сен сөздің байыбына *бармай*, жеңешемнің сөзімен мені жазғырып кеттің (*Сәбит Мұқанов*). Үшінші жолы есімше арқылы, есімшенің -ған формасы мен жатыс септігінің болымсыз

түрінде кездеседі. Мысалы: Осындай жайларына *қарағанда*, әкем мен шешем тату болуға тиісті ғой (*Сәбит Мұқанов*). Шартты бағыныңқылы сабақтаста синтаксистік компоненттерде баяндалған оқиға-әрекеттердің орындалу барысы бір-біріне шарт мәнінде байланыса құрмаласады. Бұлайша шарт мәнінің туындауы бағыныңқы компонент баяндаушының берілу жолдарымен де тығыз байланысып жатады. Демек, компоненттер аралығындағы мағыналық байланыс пен грамматикалық тұлғалардың осылайша өзара үйлесе жұмсалулары белгілі бір бағыныңқы сөйлемдерді туындатып отырады. [2, 75-б.]. Сонымен шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем - бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың шартты болуын білдіреді.

Сабақтастың екінші түрі қарсылықты бағыныңқылы сабақтас. Ол бағыныңқы сөйлемнің баяндаушы шартты рай тұлғасының (-*са*, -*се*) арқылы және -*да* дәнекерімен жасалады. Мысалы: Кешеден бері суық далада ашығып келе *жаса да*, Еснейге ешкім қарсылық ете алмады (*Ғабит Мүсірепов*), Аз жылдың ішінде бірнеше баланың әкесі *болса да*, Абай әлі өзінің осы халіне үйреніп болған жоқ (*Мұхтар Әуезов*). Есімше арқылы яғни баяндаушы -*ған* есімшесінде, оған -*мен* көмектес септігі қосылады. Тағы бір жолы -*ған* формасына қарамастан демеуінің меңгеруінде болады. Мысалы: Қолы бос *болғанмен*, жеңгей асқа араласпайды (*Сәбит Мұқанов*), Өз қара басы ондайға *ұшырамағанымен*, жас кезінде сұлу атанға жеңгелерінің бетіне кетпес күйе жағылып қалғандарын, қалай қор болғандарын білетін (*Ғабит Мүсірепов*), Күн ашық *болғанмен*, шытқыл аяз екен (*Мұхтар Әуезов*). Көсемше арқылы, онда бағыныңқының баяндаушы күрделі әрі болымды тұлғамен келсе, басыңқысы болымсыз тұлғада -*а*, -*е* тұлғалары арқылы қатынасады. Мысалы:

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтаста синтаксистік компоненттерде хабарланған оқиға нәтижесі бір-біріне қарама-қайшы қойылады. Осыдан барып олардағы іс-әрекеттердің орындалуы бірінде теріске шығарылады. Осындай заңдылығымен де ол басқа бағыныңқылардан ерекшелене алады. [2, 83-б.]. Сонымен, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем жай сөйлемдері мағыналық жағынан бір-біріне қайшы келетін сөйлемдер.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас мұнда бағыныңқы компонент басыңқыда хабарланған белгілі бір ойдың қай мезгілде орндалғаны немесе орындалатыны жайында уақыт мөлшерін білдіріп тұрады. [2, 88-б.]. Сабақтастың бұл түрі алдымен есімшенің -*ған* түрі жатыс септігінде тұрып және -*ақ*, -*ғана* демеулік шылаулары арқылы жасалады. Мысал: Енді немді айтып Ұлпанның көңілін көтеріп отырам деп Есней қыла *бастағанда*, сәлем беріп Мүсіреп келді (*Ғабит Мүсірепов*), Біз аттың қасына *келгенде*, алдыңғы жағымызда үрген иттің дауысы естілгендей болды (*Сәбит Мұқанов*). Белге шығып алып шауып келе жатып *қарағанда*, бала көрінбеді (*Мұхтар Әуезов*). *Кезде*, *шақта*, *соң*, сайын демеуліктеріне -*ған* есімшесі қосылу арқылы жасалады. Мысалы: Мүсәпір былтыр үй таба алмай *жүрген соң*, сол апайдікіне орналастырып ем. (*Сәбит Мұқанов*). Қасқыр сенен құтылмасын *білген соң*, манағы орманның шығыс жақ шетіне қарай бұрылды ғой (*Ғабит Мүсірепов*). Жайлауға қоныстары *жақындаған соң*, жылдағы дағдысы бойынша осы ауылдарға амандаса келген екен (*Мұхтар Әуезов*). Көсемшенің -*а*, -*е*, -*й*, -*н*, -*ғалы* жұрнақтары арқылы.

Мысалы: Шай жиыла *бере*, Абай жастыққа құлай түсті (*Мұхтар Әуезов*). Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, мезгіл сабақтас сөйлемдер болған оқиғанын немесе іс-әрекеттің мезгілін, уақытын білдіріп тұр.

Ғалым Қ.М.Есеновтың біз басшылыққа алып отырған кітабында сабақтастың төртінші түрі себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемге мынадай түсінік беріп кетеді; «сабақтастың бұл түрінде компонент басыңқыда хабарланған ой желісінің себебін білдіріп тұрса, осы себептің нәтижесінде басыңқыда оның салдары келіп шығады» - деген. Жасалу жолдарында шартты райдың форматтары кездеспейді. Тек есімшенің *-ған* жұрнағы шығыс септік тұлғасында жұмсалып, *-ған* жұрнағына *соң* шылауы қосылады. Мысалы: Қодар қиналып *қатуланған соң*, Жәмпейіс өз естігенін тегіс айтқан жоқ. Үй іші тегіс қош *алған соң*, екі ақын да оңай шешілді (*Мұхтар Әуезов*). Көсемше арқылы, яғни *-н*, *-й* жұрнақтарын кейде *-ғандықтан* тәсілімен алмастырып та жазылып жүр. Мысалы: Бар өмірі ат үстінде таза ауда өтіп келе *жатқандықтан*, үсті-басы қол батпайтын білеудей-білеудей бұлшық ет, қарны шыққан емес (*Ғабит Мүсірепов*), Бұл күні күн желтеңдеу *болғандықтан*, оған аттың қатты жүрісі *қосылғандықтан*, көзіме шаң тығылып, далаға жөнді қарай алғам да жоқ (*Сәбит Мұқанов*), Асылбек бұл ауылдың күйеуі *болғандықтан*, оншалық шешіліп кете алмайды (*Мұхтар Әуезов*). Амал бағыныңқы сабақтас сөйлем кейде «қимыл-сын бағыныңқы» деп те аталатын сабақтастың бұл түрі туралы ғалым «мұнда бағыныңқы компонент басыңқыда орындалған оқиға-әрекеттің қалай, қайтіп болғандығы жайындағы амалдық тәсілін білдіріп тұрады» - деген. Амал бағыныңқы синтетикалық тәсілдер арқылы жасалғандықтан, көсемшенің *-н*, *-а*, *-е*, *-ғандай* тұлғадағы жұрнақтары кездеседі. Мысалы: Абай Құлабестінің басын Көлқайнар жаққа бұра *бере*, қамшы басты (*Мұхтар Әуезов*), Құнанбай шешесіне *қарап*, үндемей бас изеді (*Мұхтар Әуезов*), Шауып келе жатып кілт *тоқтап*, бәрі бір жағына қарай сұлап түседі (*Ғабит Мүсірепов*), Балқаш атты ағытып *байлап*, жел жағына түтін салған екен (*Сәбит Мұқанов*), Нелер атпал айғырлар мен сақа билердің өзі де алты айлық аурудан *тұрғандай*, көлеңкесі ғана қалған (*Мұхтар Әуезов*), Енді ақ боз ат та бірдемеге тіреліп *тоқтағандай*, Жұмабай зорға дегенде бойын түзеп ап, жаңа ғана тымағын кейін қайырып қап еді (*Мұхтар Әуезов*). Сонымен қимыл сын бағыныңқы сабақтас сөйлем іс-әрекеттің қалай жүзеге асқандығын айқындайды.

Мақсат мәнді сабақтас сөйлемде бағыныңқы компонент басыңқыда айтылған ойдың не үшін болудағы мақсат жағдайын білдіріп тұрады. Осыған орай мұның да өзіне тән арнаулы жолдары болады. Алайда мұндай жолдар, басқаларына қарағанда, мақсат бағыныңқыларда санаулы ғана. Осы себепті де бағыныңқы сөйлемнің бұл түрі әдеби тілімізде көп қолданыла бермейді. [2, 88-б]. Шын мәнінде сабақтастардың ішіндегі көп кездесе бермейтін түрі осы мақсат сабақтас. Жасалу жолдарында *үшін*, *деп* шылаулары тұйық райлы етістіктермен және *де* көмекші етістігі, *деп* көмекшісі ІІІ жақты бұйрық рай, *деп* көмекшісі *-ар* формантты есімшемен тіркескен сөйлемдер жатады. Мысалы: Аяғының сырқырағаны басылар ма екен *деп*, ол тізесін отқа қыздырады. (*Мұхтар Әуезов*). Сонымен, мақсат бағыныңқы сабақтаста бағыныңқы сөйлем басыңқыдағы ойдың мақсатын айқындап тұрады. Сабақтастың түсіндірмелі

сабақтас түрінде алдыңғыларына қарағанда ерекшелігі негізгі қызмет басыңқыда болады. Олай дейтін себебімізді мына зерттеу еңбегінен байқауымызға болады: «бағыңқы компонентте қызмет белгілі бір жайт сөз болады да, соның мән-мағынасы, түсінігі басыңқыда айқындалатын болады. Осыдан келіп сабақтастың бұл түрі өзгелерінен осылайша ерекшелене алады. Осы жағын ескеріп, мұны «түсіндірмелі бағыныңқылы сабақтас» демей «түсіндірмелі сабақтас» деп атап отырмыз» [2, 99-б]. Жасалу құрылысынан мынадай өзгешеліктерді байқаймыз. Олар: *бұл, ол* сілтеу есімдігімен, сөйлем құрылысы *не десе* (бағыныңқы), *дер ем* (басыңқы) түрінде жасалады. Мысалы: Сенің малың кетсе, ол – азаматтың құны (*Мұхтар Әуезов*). Салыстырмалы сабақтас сөйлемда бағыныңқысы мен басыңқысы мағыналық жақтарынан қарым-қатынастарын бір-бірімен салыстыра айтылады. Бірақ салыстырулары қатар жүрумен бірге, оқиғалары да үйлесіп тұру қажет. Салыстырмалы сабақтастардың жасалуына келер болсақ: бағыныңқы компоненті *қандай* сұрау есімдігімен, басыңқысы соған лайық *сондай* сын үстеуімен; бағыныңқыда *қалай* есімдігі, басыңқыда *солай* есімдігі; бағыныңқыда *қанша* сұрау есімдігі, басыңқыда *сонша* мөлшер үстеуі; басыңқыда *одан да* тәріздес күшейткіш үстеуінің қолданылуы көрініс табады.

Сабақтастардың Есенов бойынша бөлген соңғы түрі, тіл біліміне енгізген жаңалығы десек те болады, ол - үлестес сабақтас сөйлем. Мұнда бағыныңқы басыңқыға тәуелді болмай, ондағы қимыл-әрекеттер өз бетімен орындалады. Жасалу жолдарында белгісіздік есімдіктері кездеседі. Мысалы: *Бірі* күйгенін көрсе, *өзгелері* соны арашаламақ боп, ысылдап отқа атылады (*Сәбит Мұқанов*), немесе бастауыштары кейде изафеттік құрылыста болады. Мысалы: *Біреудің аузы* ашылса, *біреудің көзі* бақырайып қалыпты (*Ғабиден Мұстафин*). Қорыта келе, біз саақтас құрмалас сөйлемдерді тілтанушы ғалым Қ.Есеновтың тоғызға бөлгенін және олардың өздеріне тән категориялары мен мағыналары бар екендігін байқадық. Әр қайсысына көркем әдеби шығармалардан мысалдар келтіріп, мәнін ашуға тырыстық.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008.
2. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Білім», 1995.
3. Әуезов М.Абай жолы. – Алматы: «Жазушы», 2002.
4. Мүсірепов Ғ.Ұлпан романы. – Алматы: «Атамұра», 2003.
5. Мұқанов С.Адасқандар. – Алматы: «Жазушы», 2009.

*Ғылыми жетекшісі ф.ғ.д., профессор Жеңіс Садуақасұлы*



## **ИЗУЧЕНИЕ ВЛИЯНИЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ПШЕНИЦЫ РАЗНЫХ КЛАССОВ**

### ***Введение.***

Одним из факторов, влияющих на здоровье населения, является качество потребляемой продукции. В свою очередь качество продукции во многом зависит от условий её производства (загрязнения почвы тяжелыми металлами, пестицидами и другими ксенобиотиками, системы защиты растений от вредных организмов, от количества и качества используемых минеральных и органических удобрений, погодных условий и др.) и хранения [1].

Под безопасностью продуктов питания следует понимать отсутствие опасности для здоровья человека при их употреблении, как с точки зрения острого негативного воздействия (пищевые отравления и пищевые инфекции), так и с точки зрения опасности отдаленных последствий (канцерогенное, мутагенное и тератогенное действие).

С продуктами питания в организм человека могут поступать значительные количества веществ, опасных для его здоровья. Поэтому остро стоят проблемы, связанные с повышением ответственности за эффективность контроля качества пищевых продуктов, гарантирующих их безопасность для здоровья потребителя.

Токсичные элементы (в частности тяжелые металлы) составляют обширную и весьма опасную в токсикологическом отношении группу веществ. Обычно рассматривают 14 элементов: Hg, Pb, Cd, As, Sb, Sn, Zn, Al, Be, Fe, Cu, Ba, Cr, Tl[1].

Кадмий отнесен ко второму классу опасности. Он обладает способностью накапливаться в организме теплокровных животных и человека главным образом в почках (30...60 %) и печени (20...25 %), остальное количество обнаруживается в селезенке, поджелудочной железе, трубчатых костях и других органах. При поступлении кадмия в организм в основном происходит образование почечных камней и нарушение работы почек. Период его полувыведения из организма составляет 10...35 лет. Острое отравление кадмием наблюдается при разовом поступлении его в дозах 15...30 мг с пищей или 13...15 мг с водой. По данным ФАО и ВОЗ, показатель временного переносимого недельного потребления (ВПП) для кадмия составляет 7 мкг/кг массы тела человека (1 мкг/сут./кг). Международным Агентством по изучению рака (МАИР) кадмий отнесен к группе 2А, то есть к агентам, вероятно являющимся канцерогенными для человека.

Продукция, содержащая свинец, может привести к нарушению состояния здоровья как человека, так и сельскохозяйственных животных. Риск для здоровья оценивается по концентрации свинца в крови. Наиболее чувствительны к отравлению свинцом дети. Безопасной для ребенка считается его концентрация в крови ниже 10 мкг/дл. Уровень выше 10 мкг/дл, но ниже 20

мкг/дл) расценивается как повышенный и свидетельствующий об отравлении свинцом (сатурнизме). Поскольку существуют большие различия в индивидуальной реакции детей на поступление свинца в организм, то ухудшение состояния здоровья может наблюдаться и при более низких дозах (2,4 мкг/дл). Характерными признаками отравления свинцом (сатурнизма) являются: металлический вкус во рту, потеря внимания, плохой сон, раздражительность, затем потеря аппетита, острые боли в животе, расстройство пищеварения, изменения состава крови. Свинец оказывает негативное действие на воспроизводительную функцию и жизнеспособность новорожденных. На более поздних стадиях возможен паралич, повреждение головного мозга[2].

Бүгінгі күнде мемлекеттің бюджет саясатын салық түсімдері арқылы жетілдіру мәселесі өте өзекті болып отыр. Әрбір елде сияқты, Қазақстандағы экономикалық дағдарыс өзінің тәртібі мен сәйкес түзетулерін енгізді. Ол экономикаға кері әсерін тигізді, банкаралық несиеде пайыздар жоғарылады, елден капитал сыртқа шығып кетті, бұның барлығы ұлттық валютаның әлсіреуіне септігін тигізді, артынша бюджетке салықтық түсімдердің түсу көлеміне әсер етті.

Қазақстан - экономикасын қолдау үшін мұнай қорын ашқан, мұнайға нақты бағаны есептеу арқылы бюджетті ұтымды ету шараларын жүргізіп, шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий енгізген ТМД елдерінің ішіндегі алғашқы мемлекет. Аталған шаралардың барлығы еліміздің жедел жаңарған экономика және мемлекеттік басқару жүйесіне өтуіне мүмкіндік берді. Салықтарды төмендету туралы мәселе талқылау кезеңінде. Бұл мәселе бірыңғай емес, олай дейтініміз мұнайға баға төмендесе, бюджет дефицитіне алып келуі мүмкін.

Мұнымен қатар, Қазақстан үшін мемлекеттік қаржы ресурстарын мақсатсыз пайдалану мәселесі өте өзекті болып отыр, өйткені, республикалық бюджетті орындау тиімділігі деңгейіне, мемлекеттік саясаттың әртүрлі бағыттарын дамыту үшін бюджет қаражаттарын пайдалануға мемлекеттің қаржы-бюджет жүйесінің тұрақтылық деңгейі, елдің әлеуметтік және экономикалық дамуы тікелей қатысты.

Осы аядағы қазіргі заңдарымыз, дәлірек айтсақ, "ҚР Бюджет кодексі", "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексі" (Салық кодексі), "Мемлекеттік тапсырыстар туралы" ҚР Заңы жетілдірілуде.

Жоғарыда мазмұндалғандармен қатар, мемлекеттің салық саясаты, бюджет қаражатын тиімді пайдалану - мемлекет пен қоғамның негізін қалаушы факторлар. Бұл факторлар елдің әлеуметтік және экономикалық дамуына, елдің қаржылық тұрақтылығына, халықтың әл-ауқатының артуына, Қазақстан Республикасының елдігі мен өркениетінің нығаюына септігін тигізеді.

Жетілдіру мақсатында салық саясаты келесідей бағыттарға бағытталуы керек:

1. Ұдайы өндірісті қамтамасыз ету, бұл дегеніміз салық салудың шегін, салықтың ұлттық табыстағы үлесін бекітуді білдіреді.

2. Түсімнің асып түсуін қамтамасыз ету. Бұл салықтарды ынталандыру мүмкіндіктері, салық элементтерін пайдалану арқылы жүзеге асады. Салық салуға мұндай қажеттілік салық көзінің, негізінің кеңеюіне бағытталған, яғни салық төлеушінің табысы неғұрлым көбірек болса, соғұрлым салық мөлшері де арта түседі.

3. Кәсіпкерлік істі дамытуға қолайлы жағдайлар жасау.

4. Әлемдік нарықта шаруашылық үдерістердің жеткілікті конъюнктурасын және ұлттық шаруашылықтың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Салықтарды өндіруді ұйымдастыру кезінде келесідей шараларды жүргізу қажет:

- салық жеңілдіктерін, шегерімдерді белгілеу (мысалға, жер қойнауын игеруге жеңілдіктер, кен өндіру саласын салық салудан босату, ғылыми-зерттеу қызметін салықтан босату және т.б.);

- инвестицияларды реттеу (мысалға, инвестициялау мақсатында бағытталатын табыстың бір бөлігі салықтан босатылады);

- жедел амортизация саясатын жүргізу.

Сонымен, салық жүйесін жетілдіру салық саясатын жетілдіруден негіз алады деп қорытындыламақпыз .

#### **Әдебиеттер:**

1 Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (29.01.2013 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін) 49 бап [Электронды ресурс] // URL: <http://www.zakon.kz> .

2 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ

3 Шамшаева З. М. Планирование и расходование бюджетных средств с учетом индикативных показателей // Альпари, 2011. - №2-3. - С.82-86

*Ғылыми жетекші: экономика ғылымдарының кандидаты, Амалбекова Гүльмира Ержановна*

**МАНИКОВА А.А., ХИБИНА З.Н.  
(АҚТӨБЕ, ҚАЗАҚСТАН)**

#### **ӨРКЕНИЕТТІҢ СУ БАСТАМАСЫ - РИМ АКВЕДУКТАРЫ**

Ежелгі Рим акведуктары сол кездегі инженерлер ойлап тапқан ең керемет су құбыры жүйесі болып саналады. Олардың жалғыз технологиялық принципі - еңіс: су құбырының бастамасы оның соңына қарағанда жоғары орналасуы тиіс; судың орнын ауыстыру жөніндегі барлық жұмысты ауырлық күші орындайды. Әрине, су қатып қалмау үшін, бұл еңіс су құбырының бүкіл желісі бұзылмауы қажет болды. Олардың арқасында су-бұрқаққа, моншаға, бай адамдардың жеке үйлеріне су берілді. Римдіктер бұл суды - ішуге, тамақ дайындауға, тазалықты

сақтауға пайдаланды, осы судың арқасында қоғамдық дәретханалар үнемі жуылып тұрды. Іс жүзінде, акведуктар - әр түрлі ландшафттар арқылы салынған суару каналдарының жүйесі саналды. Су бұлақ көзінен акведуктерге түсіп, сол жерден "кастелла" (су қысымды мұнаралар) арнайы тұндырғышына кұйып, кұбырлар бойынша қалаға бөлінді. Егер су кұбыры жер астында салынбаса, онда оны арка аралығына салып, суды таза сақтау үшін жоғарыдан жауып тастады. Алдымен су кұбырының соңғы нүктесі анықталды, содан кейін соңынан басына қарай қозғала отырып, жер картасын сызып, рельефті бекітіп, оңтайлы жолды таңдап алды. Траншеяларды, таулардағы тоннельдерді қазып, ағаштарды кесіп көпірлер салды. Бұдан әрі қарай су кұбырын блок-блоктан бұлақ көзінен созды.

Антика заманында қаланы сумен он акведук қамтамасыз етті, оның ішінде Клавдия акведугі ең ауқымды болды. «Кімде-кім бұл акведуктың қалаға жеткізетін су көлемін мұқият есептесе, барлық моншалар, бассейндер, үйлер, арналар, бақтар және қала сыртындағы виллаларды, оның жүру жолында қанша арка тұрғызылғанын ескере отырса, – онда ол бүкіл әлемде бұған лайықты теңдесі жоқ екенін мойындайды», – деп Үлкен Плиний жазды [5, с. 90].

Аква Аппия акведугі - б.з. дейінгі 312 жылы Аппий Клавдий Цек пен Гай Плавтийдің кезінде салынған Римдегі ең көне су кұбыры болды. Римнен 15 шақырым жерден Плавтий акведук үшін таза су болатын бұлақ көзін тауып алып, су қорын зерттеп, тұрғындардан су сапасы туралы сұрады. Акведук қала орталығын кесіп өтті. Аппий Клавдий тікелей акведуктың кұрылысымен айналысты. Римде республика заманында төрт су кұбыры салынды, содан кейін олардың кұрылысы тоқтатылып, б.з. бұрынғы 27 жылы Октавианның басқаруымен акведуктар қайта салына бастады. Кұрылыспен император Марк Агриппаның күйеу баласы шұғылданды. Оның басшылығымен ескі су кұбырлары жөнделіп, екі жаңа су кұбырларымен алмастырылды. Аква Аппия барлық Рим акведуктары сияқты су жинағыштан, спекустан, тұндырғыштардан, қаладағы суды тарату және тұтынушылар үйлеріне суды жеткізетін қорғасын су кұбыры жүйесінен тұрды. Акведук Пренестин жолына жақын маңдағы Лукуллан алқаптарынан басталып, Тибрге дейін жетті. Оның ұзындығы 16,617 шақырымды кұрады. Соғыс кезінде қала үздіксіз сумен қамтамасыз етілуі үшін акведуктың көп бөлігі жер астынан өтті. Акведуктың спекусы ішінара кесілген жартасты жыныстар мен жұмсақ топырақты кұрды. Соңғы жағдайда су, ішкі жағынан су өткізбейтін сылақпен жабылған, үстінде тас күмбезі бар тас плиталар бойынша жүргізілді. Акведуктың жер үсті бөлігі 90 метрге жуық болды және Капен қақпасына жақын жерден басталды. Акведук Рим ландшафттының ерекшеліктерін ескере отырып салынған ұлы аркалардың көмегімен жер үстіне көтерілді. Аква Аппия акведугі Римнің келесі аудандарын: Тибрдің оң жағалауы, Целий, Авентин, Капитолий және Форум, Мурция алқабы, Марс алқабы, Велатрды сумен қамтамасыз етті. Юлий Фронтиннің "Рим қаласының су кұбырлары" жұмысында жазылған есептеріне сәйкес акведук күніне 73000 текше метр су бере алады. Су кұбырларына түрлі мамандықтарды иеленген 700 құлдан тұратын су командасы қызмет көрсетті. Басқаруды сәулетшілер гидравликалармен жүзеге асырды. Сәулетшілердің

қарамағында қараушылар, тас қалаушы, қорғасынның мамандары, сондай-ақ көпір салушылар болды, олар тұрғын үйлерге кіреберістерде көпірлерді толығымен тексеріп, қайта төсеп беріп отырды. Көпірдің астына қорғасын құбырлар желісі тартылды, ал су құбырын пайдаланған римдіктер өз мұрагерлеріне де, үйді сату кезінде де жаңа тұрғындарға бере алмады. Римде бес жүз жылдықта жалпы ұзындығы 350 км.-ге жуық 11 су құбыры салынды, оның ішінде тек 47 км. сыртқы бетте, ал қалғандары жер астынан өтті. Арнайы құбырлардың көмегімен акведуктар бүкіл қалада орналасқан тарату құрылғыларымен қосылды. Бірінші кезекте су император сарайына, содан кейін қоғамдық моншалар мен фонтандарға, бай жеке үйлерге берілді.

Пон-дю-Гар – бұл осы күнге дейін жеткен барлық римдік акведуктардың ең биік түрі. Көпірдің атауы ол кесіп өтетін Гар өзенінің құрметіне берілді. Енді, қазір ол Гардон өзені деп өзгертілді. Көпір, Ним қаласының маңайының Лангедок-Русийон аймағында, Гар департаментінде салынады. Көпірдің құрылысы I ғасырдың ортасында Клавдия немесе Нерон басқарған кезде басталды деп болжам жасайды. Пон-дю-Гар құрылысында 5 жыл бойы мыңға жуық адам жұмыс істеді. Бұл антикалық кезеңде салынған ең биік көпір болып саналады. Ол ұзындығы 275 метр және биіктігі 47 метр, әк пайдаланбай, тастан салынған орасан зор құрылыс болды. Көпір үш қабаттан: төменгі қабатта 6 аркадан, орта қабатта 11 аркадан және жоғарғы қабатта 35 аркадан тұрады. Аркалардың ені жағаға жақындау шамасына қарай азаяды. Бұл ежелгі Римнің үш қабатты көпірлерінің біздің күнге дейін сақталып қалған жалғыз акведугі еді. Конструкцияның жалпы салмағы - 50 мың тоннаны құрды.

Қазіргі заманғы есептеулерге сәйкес, осы акведук арқасында 50 мыңға жуық адамы бар Ним тұрғындары күн сайын әр адамға 400 литр су жұмсай алды.

Акведуктардың трассаларының ұзындығы кейде жүздеген километрден асып түсті. Республикалық дәуірде Римде төрт акведук: б.з. дейінгі 312 ж. — Аква Аппиа, б.з. дейінгі 272 ж. — Анио Ветус, б.з.дейінгі 144 ж. — Аква Марциа, б.з. дейінгі 125 ж. — Аква Тепула салынды. Соңғы акведук Август тұсында түбегейлі қайта тұрғызылды. Олардың арасында қазіргі уақытқа дейін аркаларымен бірге жалғыз Марция акведугі сақталды.

Әрбір акведук су жинау жүйесінен, каналдан (спекустан) тұрды, ол бойынша су бұлақ көзінен қалаға, тұндырғыштардан Рим ішінде суды бөлу жүйесіне, ақыр соңында, суды тікелей үйге, тұтынушыларға қорғасын құбырларынан жасалған су құбыры жүйесі арқылы жеткізілді.

Акведук Марция – (б.з. дейінгі 144 ж.) Римнің ең ірі және ең қуатты техникалық, архитектуралық шедеврі саналды. Онда су, жағымды дәмі мен тазалығымен ерекшеленді, сондықтан оның басқа акведуктердің суынан айырмашылығы, тек ішуге арналғандығында болды. Акведук Марция қираған қалалар — Коринф пен Карфагеннен әкетілген құлдар армиясының қолдарымен тұрғызылды. Акведуктың жобасына, құрылысына грек шеберлері – құрылысшылар мен сәулетшілер қатысты деп санауға деректер де бар. Бұл қорытындыға, ерекше жұқа әзірленген аркалалар мен көпірлердің үйлесімдік жүйесі және алтын қиманы қолдану тәсілі әкелді. Марция акведугының арнасы

Римнен 10 км. қашықтықтағы жерден шығып, кейбір жерлерде биіктігі 10 м.-ден асатын тас аркаларға қойылды. Арнаның мұндай маңызды бөлігі алғаш рет субконструкцияға көтерілді, сондықтан су қаланың жоғарғы бөлігіне де келіп тұрды. Сонымен қатар, жаңа сипатты субконструкциялардың өзі де алды — мұнда алғаш рет көпірлерді салу үшін ғана қолданылған арка жүйесі қолданылды. Марция акведугінде кейін бүкіл Рим империясына тараған құрылыстың осы түрінің конструктивтік схемасы жасалды. Осындай орасан зор құрылыстың құрылуы аркалар құрылысының конструкциялары мен әдістерін жетілдіріп, жекелеген аркалардың барынша жетілдірілген пропорцияларын табуға мүмкіндік берді.

Алдыңғы және кейінгі акведуктармен салыстырғанда мұнда жұмыс техникасы анағұрлым жоғары. Аркалар мен арнаның өзі тұрақты, мықты туфтан жасалды. Арнаның жер үсті бөліктерінің рельефіне байланысты әртүрлі құрылымы: 1) тұтас қабырғаға салынған арна (жерден шығудың көзі); 2) төменгі аркаларға салынған арна, онда аркалардың дақтары іргетаста тікелей жатты; 3) құрылыстың жалпы биіктігі 8 м. аркалардың биіктігі бойынша орташа арнаға салынған арна; 4) құрылыстың жалпы биіктігі 12 м.-ге дейінгі жоғары аркаларға салынған арна; 5) жолдардың қиылысуынан жоғары аркаға салынған арна болды. 4-ші құрылым ең үлгілі нұсқаны білдірді.

Километрлерге созылған бірдей элементтерден тұратын акведуктың аркалары, тек инженерлік қана емес, көркемдік құндылығы да болуы үшін пропорцияларды өңдеуге ерекше назар аударуды қажет етті. Марция су құбырының пропорциясы барлық құрылыстың өлшеміне модуль енгізу және "алтын қиманы" қолдану арқылы жүзеге асырылды. Модульде арнаның ені - 0,76 м., яғни 2,5 Рим футты көрсетті. Барлық қалған өлшемдер оған еселеніп отырды (жоспарлы және қасбеттік). Бұл өлшем бастапқы және "алтын қима" үшін алынды. "Алтын қима" ережесін құрылысшылар бөлшектерді, сондай-ақ, арка - секцияның негізгі элементін шешуде, арканың диаметрін баған еніне қатынасын анықтауда қолданды, ол 1:0,618 теңестіріліп барлық секцияларға үйлесім беріп отырды. Одан кейінгі акведуктерге қарағанда, Аква Марция акведугінен осьтік пропорциялауды, яғни, баған осьтері бойынша фигураны бөлу мүмкін болмады. Шеңбермен жартылай биіктікке біріктірілетін фигураның бірлігі екі бағананы және арканың бір аралығын қамтиды; сонымен бірге бұл барлық арканың биіктігін көрсетеді [1, с. 461].

Қазақстан жерінде бұдан бұрын жүргізілген қазба жұмыстары кезінде Ақыртасқа Шошқалы мен Ұзынбұлақ шатқалдарындағы бұлақтардан су жеткізіліп тұрғаны анықталды. Ақыртас пен шатқалдардың арасы 3-4 шақырымға жуық. Су әрқайсысының ұзындығы 50–60 см. болатын, бір жақ басы жуан, екінші басы тарлау келген құбырлармен жүрді. Жуан жағының диаметрі – 20 см., тарлау жағының диаметрі – 18 см. болды. Құбырдың тарылатын басы келесі құбырдың жуан басына кигізіліп отырды. Су құбырлары мен олардың сынықтары бұлақтардың басынан табылды. Ұзынбұлақ шатқалында су құбырлары жан-жағы жартас болып келген сайдың тарылған жеріне топырақ пен тастан жасалған бөгетке жиналған су қоймасынан бастау алды. Су жүйесі өте күрделі болғандықтан, Ақыртастың маңайында да су

қоймасы салынғанда, одан диаметрі кішірек құбырлар арқылы су үйлер мен үй қожалықтарына таралды. Аулаларда да бассейндер болды. Ақыртастың солтүстігінде екі су қоймасы бар. Олардың бірі, батыс тараптағысы, қазіргі күні ауданы 40x40 м., тереңдігі 2 м. болатын төртбұрышты қазан шұңқыр. Оған 3200 текше метр су сыяды. Ал шығыстағы су қоймасы көлемі жағынан бұдан кішірек, оның диаметрі – 30 м. Шамасы, бұл жердегі жиналған су Ақыртастан солтүстікке қарай орналасқан алқаптағы егістікті суаруға арналған болуы керек. Ақыртастың шығысында қабырғамен қоршалған ауданы 250x20 м. болатын учаске табылды. Бұл учаскенің шығыс жағы көктемде суға толып ағатын жылға аңғарымен шектеседі. Одан басқа, тау жақтан келетін канал аңғары да жақын орналасты. Соған қарағанда бұл жерде үлкен бақ салыну ісі жоспарланған болуы керек, не болмаса оған дейін бақ болуы мүмкін деп болжам жасауға болады. Ондай бақтар Шығыс сарайлары кешендерінде, әсіресе, Самарадағы халифтердің жаздық резиденцияларында көптеп кездесті [2, 154-155 бб.].

Отырар моншасындағы жылыту, су алу және сарқын су ағызу жүйесінде, моншаға су жер астымен өтетін қыш құбырмен келіп тұрды. Бірнеше тұста жер астында және су қоймасының түбінде су құбыры жүйесінің қалдығы сақталды. Су құбыры жүйесі X-XV ғасырларда қолданылды. Цистернаға су, шамасы, су құбыры тармақтары арқылы жетіп, цистерна түбіне бекітілген қазанда ысытылуы мүмкін. Су толы қазан «негізгі ысытқыш» қызметін атқарады. Бөлмелерге су құбырлар жүйесімен таратылмаған, жуынатын бөлмелер мен цистерна тұрған жердің арасындағы қабырғада су алып-беріп тұруға арналған арнайы ойықтар болады. Кір су науалар арқылы іргедегі құбырға немесе арыққа ағып, одан әрі сіңіп кететін құдықтарға құйылады [2, 220 б.].

Шахристан ішіндегі қызықты құрылыстың бірі су құбыры еді. Олар бұлақтардан бастау алды. Бұлақ суы арнайы таспен қаланып жасалған шұңқырда жиналып, одан кейін шахристанға жеткізілді [2, 260 б.].

Тараздың шығыс бөлігінен археологтар ұзындығы 15 м.-ге жететін су құбырының сынығын табады. Ұзындығы 70 см., диаметрі 25 см. болатын қыш құбырлар бір-бірімен балшықтан жасалған муфталармен (металл түтік) жалғастырылады. Олар қыштан жасалған «жастықтарға» орнатылады. Су құбырлары Талас өзенімен жалғасады. Өзен суының қатты ағынының арқасында ауыз су қаланың барлық түкпіріне жетіп тұрады. Су желісін жүргізу белгілі бір техникалық білімді қажет еткендіктен, бұған қарап қалада инженерлік ой мен білімнің жақсы жетілгенін аңғаруға болады [2, 113 б.].

Түркістан қаласы кең байтақ және бай егіншілік өңірінің орталығы болды. Васифи, Сауран төңірегінде XVI ғасырда суландырудың кәріздік жүйесі болғандығын, оның жұмыс істегендігін, кейін Сауранның қалдықтарын археологтар тапқанын жазып қалдырады. Отырар, Отырар жазирасы XV-XVII ғасырларда суды Темір арық жүйесінен алып, оның басы қазіргі Шәуілдірден 10 км. жоғарыдағы Арыстан басталады [4, 339 б.].

Васифи Қазақстан үшін ерекше қаланы сумен жабдықтауды, кәріз арқылы – жер асты сулары сыртқа шығарылатын жер асты галереяларын сипаттайды. Васифи: «Осындай құрылыстарды, жер бетін шарлап өткен адамдар құрғақтан да, теңіз бетінен де көрмеді» – деп атап өтеді. Олардың құрылысында 200 үнді

күлдары жұмыс істеді. Кәріздің бастамасы фарсах пен Сауранның арақашықтығында орналасты; оның үстінде бекініс салынды, бекіністің ішінде тереңдігі 200 гязь құдық қазылды, 50 гязь жер бетінен суға дейін болды, 150 гязь құдықтағы су бағанын құрады; суды чигирь арқылы көтерді. Чигирь бұқа қимылы арқылы жүргізілді. Кәріздің бастауында су қоймасы болды. Бір кәріз суымен суарылатын жер учаскесінде бақтармен, жүзімдіктермен және шаруашылық құрылыстарымен – чарбаг орнатылды. Сауран маңының солтүстік шетінде аяқталатын, үй-жайы құрылысы алып жатқан, және Мырғөбе қалашығының ауданындағы, кәріздер жоғарыдан дөңгелек тізбектерді құрды (желдеткіш құдықтарды). Құдықтардың диаметрі 5 метрге тең, олардың арасындағы қашықтық 12-15 м. Кәріз – күрделі және қиын құрылыс. Оның құрылысы мен тазартылуы тек қана қиын еңбекпен ғана емес, сонымен қатар өмір үшін қауіптілікпен де байланысты болды. Васифи: «Жерқазушыларды құлаудан, шахталық газдан, судың кенеттен жарылуынан сақтады», - деп Васифи хабарлайды. Ол Сауран кәріздерінің құрылысы туралы: «Құдықтағы ауа бүлініп, жұмыс істеу мүмкін емес болды. Сол кезде құдықтың бір жағынан кішкене арықтың өлшемі мен оның тереңдігіне дейінгі жүрісті қазып, былғарыдан тігілген жеңге ұқсас жүріспен жіберіп отырды. Жеңнің басына ұста үлбіріні қойып, ауа айдады, ал шебер – жер қазушылар жұмыс істеді. Егер кенеттен су, су бұрқақпен бітеліп қалса, жер қазушылар суға батып кетпеулері үшін белдеріне екі асқабақ байлап жұмыс істеулеріне тура келді», - деп жазады. Орта Азия мен Қазақстан аумағында кәріздік суландыру Түркменияда кең тараған, онда қазіргі уақытта да бірнеше кәріздер қолданылып келе жатыр. Иранда мұндай суландыру ең жоғары кемеліне жетті, мұнда ұзындығы 50 км.-ге дейінгі кәріздер болғаны анықталды. Ал Әзірбайжанда таяудағы уақытқа дейін 812 кәріз жұмыс істеді. Бұл олардың қала халқының өмірі үшін маңыздылығын көрсетеді [3, с. 251-253].

#### **Әдебиеттер:**

1. Всеобщая история архитектуры. Том 2. Архитектура Античного мира Греция и Рим / Под ред. В.Ф. Маркузона, Б.П. Михайлова. – М.: Стройиздат, 1973.
2. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Аруна Ltd.», 2007. – 384 б.
3. Байпаков К. Древние города Казахстана. – Алматы: «Аруна Ltd.», 2007. – 384 с.
4. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы / Қазақ тіліне аударған Д.С. Байгунаков. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 354 б.
5. Виктор Сонькин. Здесь был Рим. Современные прогулки по древнему городу. – М.: Астрель, 2012. – 608 с.

## МЕКТЕПТЕ ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСТЫ ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Қазіргі кезде қоғамның кәсіптік нақтыланған және жоғары мәдениетті, белсенді мүшесін дайындау міндеті тұр. Ол міндетті шешу үшін әрбір оқушыны әлеуметтік бағдарланған білім жүйесімен қамтамасыз ету керек.

Физиканы оқыту үдерісінде оқушыларға тек білім беру ғана емес, қоршаған ортаны танып білуге, дүниетаным негіздерін қалыптастырып, өз бетінше әрекет етіп, проблемалар шешуге үйрету қажет. Осы мақсатта 10-11 сыныптарда жүргізілетін қолданбалы курсының рөлі өте зор.

Қолданбалы курстар әр оқушының ынтасы мен бейімділігіне байланысты ұйымдастырылады. Бұл курстар жеке білім бағдарламасын құрудың негізгі құралы болып табылады. Қазақстан Республикасында жақын арада жоғарғы мектептік білімде бағдарлы оқыту енгізілді, құрамалық бөлік жалпы білімдік базаға байланысты тереңдетілген (мамандандырылған және бағдарлы) және қолданбалы курстар.

*Қолданбалы (элективті) курстардың бағдарламасын жобалау.*

1. Қандай жұмыс түрлері арқылы курстың мақсаты және мазмұны толық жүзеге асырылды.

2. Курс мазмұнының базалық курс мазмұнынан айырмашылығын көрсету

3. Курс қандай оқу және қосымша материалдармен қамтамасыз етілген.

4. Берілген мазмұнға сәйкес қандай жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

5. Өз жетістіктерін бағалау және келешекте оқуын жалғастыру үшін оқушы қандай жұмыс түрлерін жүргізе алады.

6. Оқушы белсенділік таныту үшін қаншалықты өздігінен жұмыс істей алады.

7. Аталған курстың мазмұнын бағалау қандай критерий арқылы жүзеге асады.

8. Оқушы үшін курс немен аяқталады.

*Оқу бағдарламасын анықтау*

*Оқу бағдарламасы* – белгілі бір оқу курсының мақсаты мен мазмұны айқындалған және оқу процесінде тиімді нәтижемен ерекшеленетін нормативті құжат.

Қолданбалы курсты оқытудың мақсаты жалпы және кәсіби бағыттағы білім берудің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету арқылы оқушылардың бейінділіктері мен қажеттіліктерінің толық жүзеге асуына жағдай жасау. Берілген қолданбалы курс оқушыларға ғылыми-жаратылыстану бағытында оқудағы механика заңдарының техникалық құрылғыларды қолданылуына, техникалық құрылғылардың жұмыс істеу принципінің физикалық негіздерімен танысуға байланысты сұрақтарды жүйелі түрде оқуға бейімдейді,



шығармашылықпен жұмыс істеуге пән аралық байланысты тереңдетуге жетелейді.

## **Жаратылыстану – математика бағытындағы 10 сыныпқа арналған**

### **«Физика және техника» қолданбалы курсының бағдарламасы**

Бағдарламаның түсінік хаты:

Оқушыларды іргелі физикалық теориялардың негіздерімен таныстыру, игерілген білімдерін бақылайтын құбылыстар мен процестерді түсіндіруге қолдана алу біліктілігін қалыптастыру.

- Оқушылардың ғылыми ойлауын және дүние танымын дамыту. «Физика және техника» қолданбалы курсының басты мақсаты физика пәнін оқытудағы алған білімдерін тереңдету, физиканың қазіргі техникадағы ықпалын көреді, ал мұның өзі оқушылардың политехникалық білімдерінің тереңдеуіне негіз болады.

Физиканың барлық бөлімдері техникамен тығыз байланысты, бұл арада механиканың алатын орны ерекше, механика заңдары барлық техникалық құрылғыларда іске асырылады. Транспорттық құрылыстық, ауыл шаруашылық машиналардың жұмыстық негізіне механикалық принциптері алынады. Авиациялық және космостық техника механиканың дамуы нәтижесінде пайда болды. Көптеген энергетикалық құрылғылар жылу электр станциялары, гидро электр станциялары, бу және газ турбиналары, жел энергетикалық қондырғылардың және іс әрекеттері қозғалыстың механикалық түрлерін өзгертуге негізделген. Бұл курста оқытылатын I және II-ші бөлімнің мазмұны механикаландырудың, авиацияның, космонавтиканың, энергетиканың бірқатар техникалық мәселелерін талдауға мүмкіндік береді.

Курс айналмалы қозғалыс берілісінен басталады. Мұнда оқушылар айналмалы қозғалыстардың кинематикасын сипаттайтын негізі шамаларымен танысады. Бұрылу бұрышы, бұрыштық жылдамдық, сызықтық жылдамдық, айналу периоды жиілігі т.с.с. Бұл оқылған материалдарды техникалық жалпылаумен, айналмалы қозғалыс берілісінің бірнеше түрлі, негізгі сипаттамаларын, қолданылуларын талдаумен аяқтайды. Бұл мәселелерді оқып үйренудің маңыздылығы айналмалы қозғалыс берілісінің принципі қолданылмайтын бірде – бір техникалық құрылғының жоқтығына байланысты. Техникалық құрылғылар физиканың заңдары, зерттеулері негізінде жасалынған. Өзінің есептеулерінде теориялық механика бойынша жұмыстарды пайдаланбайтын ракеталық кораблдерінің конструкторларын, ядролық отынның кризистік массасы туралы еш нәрсе білмейтін атом электр станцияларының конструкторларын болжау мүмкін емес. Қазіргі физика мен техниканың өзара байланысының 2-ші ерекшеліктері оларда байқалатын өзгерістер бір процеске бірігіп кетті. Мысалы: лазер тек физика үшін ғана емес, сондай-ақ техника үшін жаңа құрылғы. Өйткені оның пайда болуы материалды өңдеу технологиясында, байланыс техникасында, локацияда, медицинада, тіпті энергетиканың маңызды проблемасы – басқармалы термоядролық реакцияны

алуда бұрын беймәлім горизонттарды ашты. Келесі бөлімінде тербелмелі және толқынды процестерді пайдалануға негізделген және оның техника құрылғыралының құрылысы мен жұмыс істеу принципімен танылады. Ядролық техника бөлімінде ядролық және термоядролық қондырғылардың артықшылықтары зарядталған бөлшектерді тіркеудің әртүрлі техникалық әдістері мен зарядталған бөлшектердің үдеткіштері туралы білімдерін жетілдіреді. Болашақтың термоядролық энергетикасы адам баласын тек энергиямен ұзақ уақытқа қамтамасыз етіп қоймай, сонымен бірге биосфераны зиянды заттардан тазарту мүмкіндігін туғызады. Бүгінгі заманымыздың талаптарына сай экологиялық проблемалар жайлы мәліметтер энергетикалық сұранысты қанағаттандыратын қор көздері еш уақытта таусылмайтын жел, күн энергиясын, жұмыс істеу принципі, энергияны пайдалану технологиясын, тиімділігін және оның келешегі, қарқынды дамуы туралы өз жобаларын, шығармашылықтарын қорғайды, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Курстың мақсаты:

- Оқушыларды болашақ кәсіпті таңдап алуға дайындау, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, білім алуға ынталандыру, қазіргі заманғы өркениетті физиканың рөлін ашу.

- Оқушылардың ақпаратты сын көзімен ой елегімен өткізе алу, түсіндіре алу, түрлендіре алу, игеру, оның ғылыми сапасын бағалай алу сияқты қабілеттерін дамыту.

Курстың міндеттері:

- Физика заңдарының қолданылу шегі болатынын ол заңдар арқылы табиғатта болып жатқан құбылыстар мен үдерістерді түсіндіруге болатындығын ұғындыру.

- Оқушының үйренуге өзін-өзі басқаруына, зерттеп үйренуіне, сапалы оқуына жағдай жасау.

- Ізгілендіру үдерісін сақтай отырып, өзін-өзі дамыта алатын жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ету.

Күтілетін нәтиже:

- физика заңдарының практикалық қолданыстарын түсініп, игере білу.

- оқушылар өз бетінше ізденуге үйренеді.

- тақырыпқа деген жан-жақты түсінігін аңғара отырып, ынтасын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасайды.

- ақпаратты саралауға, жүйелі жүргізуге дағдыланады.

- физика пәнінен алған білімдерін басқа пәндермен ұштастыра білуге ұмтылады.

- топпен жұмыс істеу, оқушының белсенділігін оятуға түрткі болады.

Оқушы бойында техникалық әртүрлі салаларының химиялық және техникалық құбылыстар процестердің негізінде физика және оның заңдары жататындығы туралы білімдері қалыптасады.

Курс сабақ кестесіне енгізілген, уақыт қоры 34 сағат. Қолданбалы курсының мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында оқытудың мына формулаларын қолданылады: лекция, дәріс сабақ, семинар, практикалық жұмыстар, экскурсия, эксперимент, жоба қорғау, жеке жұмыс, топпен жұмыс.

Барлық өткізілетін курс сабақтарында проблемалық сипаттамалармен оқушының өз бетінше жұмыс істеуін қамтиды.

Курстың қорытынды сабағы: Сынақтық жұмыстар және жобаны қорғау.

### Курс бағдарламасы

/с	Өтілетін тақырыптар	Сағат саны
<b>I. Механика заңдары – техникалық құрылғыларда.</b>		<b>8</b>
	Үйкеліс күші. Үйкеліс коэффициенттері. Подшипниктер. Айналмалы қозғалыс берілістері.	1
	Эксперимент. Сырғанау үйкеліс коэффициентін әртүрлі тәсілдермен анықтау.	1
	Центрден тепкіш механизмдер (центрден тепкіш насос, сүт сеператоры).	1
	Құрылыстық механизмдердің түрлері (домкраттар, крандар).	1
	Реактивті тарту күші оның авиация мен ракеталық техникада қолданылуы.	1
	Ғарышты зерттеудегі жетістіктер. Қазақстан ғарышкерлерінің ғылыми бағдарламалары.	1
	Көтергіш күш. Газ қозғалысы мен энергиясы.	1
	Гидроэлектр станциясының жұмыс істеу принципі.	1
<b>II. Жылу техникасының элементтері</b>		<b>4</b>
	Бу машиналары. Бу және газ турбиналары. Іштен жанатын қозғалтқыш (төрт тактілі, екі тактілі, дизельді және карбюраторлы).	1
0	Жылу электр станциясы және жұмыс істеу принципі.	1
1	Жоба қорғау: Жел энергиясы. Қазіргі кездегі жел энергиясын пайдалану.	1
2	Шығармашылық жұмыс: Күн энергияның аса қуатты көзі.	1
<b>III. Электрондық техника мәселелері.</b>		<b>4</b>
3	Вакуумдық диодтың құрылысы, сипаттамалары, қолданылуы.	1
4	Вакуумдық триодтың құрылысы, сипаттамалары, қолданылуы.	1
5	Магнитогидродинамикалық генератор.	1
6	Термокедергілер. Жартылай өткізгішті диодтар. Фериттер, қолданылуы.	1
<b>IV. Тербелмелі және толқынды процестерді пайдалануға негізделген кейбір техникалық құрылғылар.</b>		<b>8</b>
7	Механикалық тербелістер және олардың техникалық қолданылуы.	1

8	Ультрадыбыстың техникалық қолданылуы.	1
9	Аса жоғары жиіліктердің техникалық қолданылуы.	1
0	Айнымалы ток генераторы, жұмыс істеу принципі.	1
1	Трансформатор. Электр энергиясын өндіру, пайдалану, оны жеткізу.	1
2	Радиобайланыс құралдары. Телефонның адам өмірінде алатын орны.	1
3	Эксперимент. Қарапайым радиоқабылдағыш құрастыру.	1
4	Сынақ сабағы.	1
<b>V. Оптикалық техника.</b>		<b>4</b>
5	Фотоаппарат. Қазіргі заманғы фотоаппараттың түрлері. Эксперимент. Фотоға түсіру.	1
6	Спектроскопияның техникалық қолданылуы. Поляризацияланған жарықтың қолданылуы.	1
7	Люминесценцияның техникалық қолданылуы.	1
8	Лазер. Лазердің техникалық қолданылуы.	1
<b>VI. Ядролық техника элементтері.</b>		<b>5</b>
9	Зарядталған бөлшектерді тіркеудің техникалық әдістері.	1
0	Зарядталған бөлшектердің үдеткіштері.	1
1	Атом электр станциялары.	1
2	Изотоптарды пайдалану.	1
3	Термоядролық реакторлар. Ядролық энергияны қолдану.	1
4	Қорытынды сабақ. Сынақ сабағы.	1

Осы қолданбалы курсының бағдарламасы негізінде құрылған «Айналмалы қозғалыс берілісі. Үйкеліс күші. Подшипниктер» тақырыбы бойынша жүргізілген сабақтың үлгісін ұсынып отырмын. Тақырып 2 сағатқа құрылған. Бірінші сабақта оқушылардан үйкеліс күші, түрлері, үйкеліс күшінің өзгерту тәсілдері, табиғаттағы және техникадағы үйкелістің пайдасы туралы негізгі берілген білімді тиянақтай отырып, айналмалы қозғалыс берілістері, фрикциондық берілістер, қайысты берілістер, тісті берілістер туралы жаңа

мағлұмат беріледі. Бұл тақырыпты бірінші оқытылу себебі қазіргі кезде айналмалы қозғалыс берілісінің принципі қолданылмайын бірде – бір техникалық құралдардың жоқтығы. Фрикциондық беріліс екі цилиндр каток арқылы іске асырылады. Бірі жетектеуші, екіншісі жетектелуші. Жетектеуші катоктан жетектелуші қозғалыс олардың арасындағы үйкеліс есебінен беріледі. Үйкеліс күшінің артуы катоктың бір-біріне түсірілетін қысымын арттырғанда немесе үйкеліс коэффициенті үлкен арнайы фрикциондық материалдарды пайдаланғанда мүмкін болады. Қазіргі техникада фрикциондық берілістер шағын қуатты тігін машиналарында (жіп төгу механизмінің жетегі) қолданылады. Қайысты берілісте қозғалыс жетектеуші біліктен жетектелуші білікке үйкеліс күші есебінен қайыс арқылы беріледі. Беріліс саны  $n = \frac{R_2}{R_1}$ ;

Тісті берілістің беріліс саны:  $n = \frac{d_2}{d_1} = \frac{z_2}{z_1}$ ;

Оқушының білім-білік дағдыларын дамыту мақсатында сандық және сапалық тапсырмалар берілді тапсырмалары бойынша жауап алынады.

1. Неліктен судан шыққан балықты қолда ұстау қиын?
2. Қозғалып келе жатқан жүгі бар арбашада үйкелістің қандай түрлері пайла болады?
  - A) Үстеу мен дөңгелектер арасынла (домалау үйкелісі)
  - B) Дөңгелектің осімен арбашаның корпусы арасында (сырғанау).
  - B) Жүк пен арбаша арасында (тыныштық).
3. Сырғанау үйкеліс коэффициенті тыныштық үйкеліс коэффициентінен қандай болады?
4. Горизонтқа  $\alpha$  бұрыш жасай көлбеу орналасқан партаның үстінде массасы  $m$  кітап жатыр. Егер үйкеліс коэффициенті  $\mu$  болса, онда үйкеліс күші қандай болады?
5. Массасы 7 кг жазық білеушені вертикаль қабырғада сырғанамау үшін, оны қандай ең аз күшпен қабырғаға қысу керек? Қабырға мен дене арасындағы үйкеліс коэффициенті  $k=0.35$
6. Массасы 50 кг бала төбешіктен шанамен сырғанап, горизонталь жолмен 10 сшінде 20 м жүріп барып, тоқтады. Үйкеліс күшін және үйкеліс коэффициентін табыңдар.
7. Не үшін кейбір снарядтарда жаттығу жасау кезінде алақанды магнезиямен, ал шаңғының табанын конифольмен сүртеді.
8. Оқу шеберханасында саймандарды қайрау кезінде қандай физикалық құбылыс, заңдылық қолданылады.
9. Горизонталь жолда бос автомобильге қарағанда жүк тиелген автомобилдің тұрып қалуы неліктен аз болады?
10. Қозғалыс мотоцикл двигателінің білігінен шынжырлы беріліспен беріледі. Жетектеуші тістерінің саны 24, жетектелуші тістерінің саны 72. Егер жетектеуші 3000 айн/мин жылдамдықпен айналса, жетектелуші минутына қанша айналым жасайды.

Үйкеліс күшінің екінші сабағында оқушылар әртүрлі тәсілдермен үйкеліс коэффициентін эксперимент жүзінде анықтады.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: тәжірибе жасау, талдау, салыстыру, топпен жұмыс.

Сыныпты екі топқа бөлдім. Екі топқа берілген тапсырмалар:

1-тәсіл: Математикалық

2-тәсіл: Энергетикалық

2 топ мүшелері осы тәсілдермен сырғанау үйкеліс коэффициентін анықтап, өлшеу нәтижелерінің қорытындысын талқылап, анализ жасады.

1-топқа берілген құрал-жабдықтар: сызғыш, транспортир, 2 трибометр, штатив, сіріңкесі бар қорап, Брадистің төрттаңбалы таблицасы.

Топ мүшелерінің жауабы: Трибометрді штативке көлбей бекітеміз. Үстіне сіріңке қорабын қоямыз. Қандай да бір  $h$  биіктікте сіріңке көлбеу жазықтық бойымен бірқалыпты сырғанайтындай етіп қоямыз. Сырғанау кезіндегі трибометрдің қисаю  $\alpha$  бұрышын белгілеп қисаю жазықтығын беретін  $h$  биіктігін және қисаю жазықтығының табанын өлшейміз. Біздің есептеуімізде тікбұрышты үшбұрыш шығады. Ауырлық күші әсерінен көлбеу жазықтықпен бірқалыпты дененің сырғанау кезіндегі бұрышты үйкеліс бұрышы деп атайды. Үйкеліс коэффициенті осы бұрыштың тангенсіне тең.

Экспериментті математикалық жолмен тексеріп қорытындылай білді.

2-ші топқа берілген тапсырма: Энергияның айналу және сақталу заңын пайдаланып сырғанау және үйкеліс коэффициентін анықта.

Берілген құрал-жабдықтар: таразы, массалары әртүрлі жүктер, трибометр, өлшеуіш сызғыш, динамометр.

2-ші топ мүшелерінің жауабы: Жүктің массасын таразымен өлшейміз. Алғашқы серіппенің ұзаруын сызғышпен өлшеп. Трибометрдің үстіне жүкті қойып, ілмегіне динамометрді қойып тартамыз. Осы кездегі серіппенің серпімділік күші динамометрмен өлшенеді. Ұзаруды және жүктің орын ауыстыруын сызғышпен өлшейміз. Серіппенің потенциалдық энергиясы  $S$  жолдағы үйкеліс күшін жеңуге кеткен жұмысқа тең деп жасаған эксперименттерін қорытындылайды. Бу және бу машиналары. Бу және газ турбиналары. Іштен жанатын қозғалтқыштар тақырыбындағы сабақ семинар түрінде өткізілді. Сабаққа байланысты тақырыптар оқушыларға күні бұрын берілді. Бұл сабақта оқушылар алғашқы бу ойыншығы, Ньюкоменнің бу насосы, Уаттың бу машинасы жалпы бу және газ турбиналарының, іштен жанатын қозғалтқыштардың, роторлы поршенді қозғалтқыш, дизельді қозғалтқыш, газ карбюраторлы қозғалтқыштардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін түсіндіреді. Қолданбалы курстарды жүргізу барысында оқушылардың психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке жұмыс жүргізуіме де тура келді. Өзін-өзі бағалайтын оқушы өз жетістіктерін, сәтсіздіктерін, қабілетін, мүмкіндіктерін, кәсіби жарамдылығын бағалайды. Оқушының қасиеті осындай болады. Қолданбалы курстарды оқу барысында шәкірттеріміз заман талап етіп жатқан пайдалы, беделді мамандықты таңдайды, белгілі бір оқу саласына түсіп, оны бітіріп, белгілі маман болуды қалайды. Сол үшін мектеп қабырғасында мамандыққа дұрыс бағыт сілтенуі керек деп санаймын.

Қорыта айтқанда, баланың еркінде терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Жауапкершілікті сезіне отырып, оқушының іздемпаздығы, шығармашылығы дамиды. Сыныптастарымен еркін сөйлесуге, бір-бірін құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздеуге ұмтылады. Қолданбалы курсы – оқушылардың білімге деген оқу-танымдық қызығушылығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім алуға көп әсерін тигізеді. Қолданбалы курсы оқушының жоғары сыныптарда бейімдерін дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Тұлға құзырлығын қалыптастыруға тиісті күзиреттіліктерді жүзеге асыруда оқушының жеке даралық ерекшеліктеріне мән бере отырып, білімді баланың еркін игеруін жүзеге асыру мұғалімдерден тиімді әдіс-тәсілдерді жетілдіре отырып, тың әдістемелік негіздерді қалыптастыруды қажет етеді. Бәсекеге қабілетті өзгеріске бейім жеке тұлға тәрбиелеу – ізденіске толы шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде болмақ. Олай болса, физика пәнін оқытудағы жүргізілетін қолданбалы курсы табиғат пен қоғамдық құбылыстарын тереңірек түсіне алатын, ақпаратпен саналы түрде жұмыс жасай алатын жан-жақты дамыған, ой-өрісі кең азаматты тәрбиелеуге өз үлесін қоса алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.Г. Глазунов «Орта мектеп курсындағы техника»
2. В.Радионов «Жаратылыстану және техника» Знание баспасы, 1989ж.
3. В. Фабрикант «Ғылыми – техникалық революция және мектептегі физика білімін жетілдіру».
4. Юная техническая энциклопедия, «Педагогика» баспасы, 1989ж.
5. «Энергетика сегодня и завтра», «Знание» баспасы, 1986ж.

**МОЛДАБЕКОВ Б.Қ.  
(ШЫМКЕНТ Қ. ҚАЗАҚСТАН)**

#### **НАРЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ МЕХАНИЗМІН ЖАСАУ**

Әрбір мемлекеттің азық-түлік стратегиясы тұтынудың медициналық нормасына байланысты тұрғындарды азық-түлік өнімдерімен толықтай жабдықтауға бағытталған саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да факторларды ұлттық жағдайлары үшін оңтайлы комбинациялауға жетуге негізделеді. Сонымен қатар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үрдісіндегі үкіметтің рөлі елді азық-түлікпен қамтамасыз етудің ұзақ мерзімді мақсаттарын және әлеуметтік-экономикалық реттеу шараларын әзірлеуге негізделген.

Санатаралық байланыстарды талдау қаланың, аймақтың, мемлекеттің азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі азық-түлік қауіпсіздігіне жетудің ең басты критерийі болып табылатынын көрсетті. Оның

мәні мемлекеттің сыртқы және ішкі қауіп-қатерден тәуелсіз тұрғындардың азық-түлік өнімдерінің, ауыз суы мен басқа да өнімдерінің қажеттілігін қанағаттандыру қабілетіне әкеледі. Олардың көлемі, сапасы және тұтынатын азық-түліктің ассортименті тұлғаның физикалық және әлеуметтік қалыпты дамуы үшін қажетті және жеткілікті болуы тиіс. Осыған байланысты өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз етудің өзара тәуелділігі және қауіпсіздігі теориялық міндетті шешу қажеттігіне –ішкі және сыртқы механизмдер арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиясын анықтауға негізделген.

Өзін-өзі қамтамасыз ету саясатын іске асыру импорттық көмекақшаларды (азық-түлік импортын ынталандыру) және экспорттық тарифтермен жәрдемақылардың (экспортты шектеу) негізінде жүзеге асырылады.

Барлық дамыған елдерде мемлекет әр түрлі экономикалық және қаржылық құралдардың көмегімен (соның ішінде датация және компенсация жүйесі, салықтан босату және азайту, тұтынылатын ауыл шаруашылық қорларына тарифтерді төмендету, бюджеттен компенсациялау арқылы несиелеу және сақтандыру жүйесі және т.б.) өнеркәсіптік үрдістерді қайта бөлу арқылы монополизациясы азауыл шаруашылығын тұрақты қолдауды іске асырады. Бұл халық тығыздығы бойынша Қазақстанмен тең емес елдерде (Қытай, Жапония, Батыс Еуропа елдері және т.б.) тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ халықаралық сауда арқылы ауыл шаруашылық өнімдерін және азық-түлік өнімдерінкөп көлемде экспорттауға мүмкіндік береді [1].

Әлемдік тәжірибиеде азық-түлік саудасының бірыңғай тәсілі және оларда басқа мемлекеттердің қатысу түрі жоқ. Барлығы мемлекеттік қызығушылыққа байланысты, тіпті теориялық үлгілер осы немесе одан басқа саяси және стратегиялық нақты міндеттерді қарастырады. Ауыл шаруашылық тауарларының еркін саудасын ауыл шаруашылық өндірісінде табиғи және экономикалық басымдылықтары мен өнім қорлары көп дамыған елдер ғана жүргізеді.

Нарықтық экономика жағдайларында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сауданың рөлі әлемдік азық-түлік қауіпсіздігі жетістігінің ең басты элементі болып табылады. Сауда қорларды тиімді пайдалануға және макроэкономикалық азық-түлік қауіпсіздік деңгейіне тәуелді экономикалық дамуға мүмкіндік береді. Сауда ел тұрғындарының азық-түлік өнімдерін тұтынуға, олардың өндірісін арттыруға мүмкіндік береді, өндірістің ауытқуын қысқартуға, тұтынуға және оны сақтау тәсіліне көмектеседі [2]. Сондай-ақ сауда азық-түліктің қолжетімділігіне әсер етеді, өйткені ол экономикалық өсуге, халықтың табысы мен жұмысбастылығына оң әсерін тигізеді, тиісті сауда саясаты тұрақты даму және азық-түлік қауіпсіздігіне жетуге көмектеседі.

Көпжылғы пікірталасқа қарамастан меншікті салмақта азық-түліктің ішкі өндірісіне (өзін-өзі қамтамасыз ету) ие болуы тиіс критерийінің болуы нақты анықталмаған. Халықаралық сауданың неоклассикалық теориясына сәйкес ауыл шаруашылықта салыстырмалы басымдылыққа ие емес және ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісі кезіндешығындар деңгейі өте жоғары елдерде салыстырмалы басымдылықтары бар өндірісті дамыту, ал осы



қызметтен алынған табыстан импорт есебінен азық-түлік қажеттігін қанағаттандыру тиімдірек.

Сонымен бірге өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз етуге ұмтылу басқа елдердегі тиімді өндірушілерге теріс әсерін тигізеді, бұл азық-түліктің баламалы көздерін таңдауды төмендетуге және азық-түлік қауіпсіздігіне теріс әсер етеді [3]. Өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету мен қауіпсіздіктің өзара байланысы мәселесі бойынша даулы экономикалық пікірталасының қатысушыларын екі бағытқа бөлді: оның бірі өзін-өзі қамтамасыз ету ұзақ мерзімді жоспарда азық-түлік қауіпсіздігінің жалғыз кепілі болып табылады деп санайтындар және екіншісі барлығы үшін азық-түлікті ұзақ мерзімді қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті, нарықтың бұрмалануынан тәуелсіз сауда жүйесі деп санайтындар. Алайда нағыз тәжірбиеде барлығы қиынырақ және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ішкі өндіріс пен импорттың өзара қатынасы бойынша егеменді мемлекеттің үкіметі шығаратын субъективтік бағалауға жинақталады. Қағидалық қатынастан азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне байланысты аграрлық саясаттың келесі түрлері қарастырылады (12 кесте).


12 кесте – Аграрлық саясаттың түрлері

Саясат түрі	Аграрлық саясаттың аталған түрін іске асырушы ел
Импортқа бағдарланған аграрлық саясат	1972 жылға дейін Ұлыбританияда еркін сауда жүйесін қолдау негізінде жүргізілді. Алайда саясаттың бұл түрі тарихи тұрғыдан анықталған, бірақ та қазіргі жағдайларда тіпті агроклиматтық жағдайлары қолайсыз мемлекеттерде саяси бағдар болып табылмайды
Экспортқа бағдарланған аграрлық саясат	АҚШ-та ауыл шаруашылық өнімдерін классикалық экспорттаушымен жүргізіледі.
Өзін-өзі қамтамасыз ететін протекционистік саясат	Еуропаның құрлықтық елдеріне тән, ЕО (САР) бірыңғай аграрлық саясаттың аясында жүргізіледі және ауыл шаруашылық тауарларының бірыңғай нарығы, кедендік қорғау жүйесі қағидаларына негізделеді.

Ішкі нарықты қорғау және өндіріс жағдайларын теңестіру - әрбір мемлекеттің экономикалық саясатының шарасыз компоненті. Аграрлық сала қорғаудың ең жоғарғы деңгейлі аймағы болып табылады. Индустриальды дамыған елдердің үкіметі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдылық береді. Импорттық тәуелділіктің азық-түлікке қатынасында әрбір мемлекет қол жетімді өлшемді валюталық қорлар көлеміне және қанағаттанарлықсыз төлемге қабілетті азық-түлік өніміне сұранысының ауқымына байланысты анықтайды. Қосымша салықты (кеден салығы) енгізу нәтижесінде жалпы тепе-теңдіктің бұзушылықтарын макроэкономикалық

талдау протекционистік саясаттың теориялық негізінің ұлттық өндіріске әсері болып табылады.

Неоклассикалық теория оңтайлы кеден тарифін орнату арқылы сауда еркіндігін бұзудың ең жалғыз жағдайын жасайды: сұранысы жоғары ашық экономика сауда жақсарту үшін шетелдіктерді бағасын төмендетуге мәжбүрлеу мақсатында кеден тарифін енгізуі мүмкін. Бұл Мецлер парадоксі деп аталады.



Сурет 6. Қосымша кеден салығының Парето-тиімділігіне әсері

мұндағы  $a$  – отандық өндірушілердің қосымша табысы,  $b$  – қорларды тиімсіз пайдаланудан Парето-тиімділігінің төмендеуі,  $c$  – қосымша кеден салығын алушылардың табысы.

6-суретте  $WW_s$  сызығы кеден тарифін енгізгенге дейін әлемдік нарықта тауар ұсынысының қарқынын білдіреді,  $WW_s^n$  сызығы – жеткізушілер нарықты жоғалтудан қорқып,  $T$  тарифінен алынатын  $PP_3$  өлшемін бағасын төмендеткен кезде  $T$  тарифін орнатқанға дейін нарықтағы ұсыныс тенденциясы,  $WW_s^n + T$  сызығы – тарифті орнатқаннан кейінгі нарықтағы тауардың ұсынысы,  $q_1q_2q_3$  параметрлері алынған тауардың сәйкес мөлшерін көрсетеді, ал  $Dd_i$  сызығы – құнына байланысты өзгертін импорттық тауардың қажеттілігі.

6-суретте көрсетілгендей тұтынушылардың шығын көлемдері құнын төмендеуі кезінде жеткізудің  $q_1$ -ден  $q_2$ -ге дейін ұлғаюына байланысты ауданы  $P_3D_1q_1O$  тең шаманың орнына  $P_2D_2q_2O$  тікбұрышының ауданы анықталады, ал тұтынушылар үшін табыс « $a$ » тікбұрышы және « $b$ » мен « $c$ » үшбұрыштарының қосылыстарын құрайды.

Ұлыбританияға 1960 жылы Генадан жеткізілген какао және 1970 жылдардың басында Жаңа Зеландиядан жеткізілген май Мецлер оғаштығы әрекетінің мысалы ретінде қызмет етеді.

Ұлыбританияның – жаңа зеландтық майды негізгі тұтынушының «Жалпы нарыққа» кіруі және одан кейінгі кіру салықтарының ұлғаюы жаңа зеландтық жеткізушілердің табыс көлемін төмендету арқылы ағылшын нарығының үлкен бөлігін қалдыру мақсатында бағаны төмендетуге мәжбүрледі.

Экономиканың жаһандауынан импорттық кеден салығының рөлі төмендейді: АҚШ-та XIX ғасырдың соңында ол бюджеттің 50% құраған, қазір


1,5% құрайды. Дамушы елдерде олардың мөлшері біршама үлкен, РФ ол мемлекеттік бюджет табысының 21% қамтамасыз етеді.

Тиімді протекционизм деңгейі немесе қолданыстағы кедендік қорғау деңгейі мына формула бойынша анықталады:

$$g = (t - a_1 t_1) / (1 - a_1), \quad (2)$$

мұндағы  $t$  – ақырғы өнімді импорттаудың номинальды кеден салығы,

$a_1$  – кедендік тариф болмаған жағдайда ақырғы өнімнің бағасындағы импортталған шикізат құнының үлесі,  $t_1$  – шикізаттың номинальды тарифі.



Сурет 7. Мецлер оғаштығы

1950 жылдары дамыған елдерде импорт үлесі 5% ЖІӨ кем еместі құрады, ал қазіргі таңда оның үлесі 15%-ға жақындады.

Протекционисттік сауда саясатының мысалы ретінде, егер үкімет азық-түлік импортына тыйым салса, не болатынын қарастырамыз.

Шынайы айырбас бағамының берілген кез-келген мәнінде импорт көлемі азаюы тиіс, яғни таза экспорттың мөлшері (экспорт минус импорт) артуы тиіс. Қорытындылай келе, 7-суретте көрсетілгендей таза импорттың қисығы жоғары қарай ығысады. Тепе-теңдіктің жаңа нүктесінде шынайы айырбас бағамы жоғарырақ, ал таза экспорттың көлемі өзгеріссіз қалды. Жүргізілген талдау протекционисттік сауда саясаты төлем теңгерімінің ағымдағы шотының сальдосына ( $S - I$ ) әсер етпейтінін көрсетеді. Үлгі протекционисттік саясат шынайы айырбас бағамының жоғарылауына әкелетінін көрсетеді. Шетелдік тауарлармен салыстырғанда, отандық өндіріс тауарларының қымбаттауы протекционисттік шаралармен анықталған таза экспорттың артуын жоққа шығарып, таза экспорттың төмендеуіне алып келеді.

Біраз уақыт өткеннен кейін тарифтерді салыстыру арқылы нақты және тікелей реттеу тәсілдерінің көмегімен импортты қадағалау қажеттілігі пайда болды. Ұн тарту кезінде диірменнің иесі отандық өндірісті бидайдың немесе тоттың қандай минимальды үлесін қосуға болатынын анықтайтын ұн тарту нормасын енгізу алғашқы және тиімді шараның бірі болды (1927 жылы

Норвегияда, 1929 жылы Германия мен Норвегияда енгізілді). Алғаш рет Францияда 1931 жыллы енгізілген, 1933 жылы Бельгияда заңды түрде бекітілген импорттық квоталар протекционизмнің маңызды құралы болып табылады. Импортты бақылаудан аграрлық азық-түлік нарығын терең реттеуге өту әсіресе, Францияда айқын болған, 1933 жылы Ұлттық бидайды салааралық басқармасы құрылды. Тұрмыс нарығы реттелген басқа тауардың бірі вино болып табылады.

Осы мәселе бойынша заңнама акттерін қабылдау арқылы дамыған елдерді институционализациялау көптеген индустриальды дамыған елдердің макродеңгейінде азық-түлікті қамтамасыз ету бойынша негізгі мемлекеттік саясат болып табылады [4].

Германияда «Германияның ауыл шаруашылығы туралы» (1955 ж.), «Азық-түлікпен жабдықтау туралы» (1979 ж.) заңдарына сәйкес халықты азық-түлікпен жабдықтау мәселесін стратегиялық ретінде қарастырады. Германияның басқа жерлерінде азық-түлікпен жабдықтау туралы аймақтық тиімті заңдар қабылданған. 1986 жылғы (Чернобыль апаты) және 1990 жылдардағы (Ирак даңдарысы) оқиғалардан кейін «ГФР азық-түлік қауіпсіздігі» (1992 ж.) заңы қабылданғаннан кейін Германияда азық-түлікке және дағдарыс алдындағы заттарға деген дүрлікпе сұраным пайда болды. Атқарушы орган азық-түлік дағдарысы жағдайында азық-түлік тауарларының қорына бақылау орнатуды бастайды, алдын-ала басып шығарылған азық-түлік карточкасы арқылы бөлшектік нарықта мөлшерлеу және шек қоюды енгізуді жүзеге асырады.

Қыран тау аймағында ел-жұртқа- «жеті рулар» және «он төрт руларға» рухани діни-ағартушылық қызметтерде қыпшақ Аллаберді әулие азиз хожа, ахун-ишан, Айтеке Бектемір ахун-ишан, Қаңлы Имаматдин ишан, Марқабай қазы-ишан, Ибайдулла ишандар аймақтарда, қоғамдық орындар мен мешіт, махбара ханоқох құрып әлеуметтік және рухи қажеттілікті іске асырған.

Қырантау зиярат мекені. Имам ишан дария бойында діни-ағартушылық пен «ақ дақлы» адамдарға ем-дәрі бұйырып, мейірім-салдарлы, тәуіптік өнері де болған.

Қыран тауда қазыреті шайық Имам Мухаммед ишан жаңа мешіт құрып жатырғанда Ақмаңғыт елінің үлкен ақсақалы - Маман би құтты болсынға барған екен. Сонда Имам ишан қара мал сойып, ақсақал-дана биге үлкен мейірбандық үлгісін көрсеткен.

**Архивтік құжаттар.** XIX ғасырдың орталарында Хиуа хандарының қарақалпақтардан салық өндірілгені жайлы дәптерінде бес рет Имам ишан аты көрсетілген. Хан бұйрығына лайық мархұм Имам ишан адамдар зекет салық төлеуден азат етілген. Деректерде Имам ишанның және оның баласы Атағұлла ишанның мың бас қара малы, мың бас қойы бар екендігі көрсетілген. 1873 жылдан кейін Әмудария бөлімі тарапынан Атағұлланың иелеген жерлері тәркіленген.

Арқа өлкеде Қазақдария бойында, тарихи топонимика Қаракұм елді мекенінде ел-жұртқа рухани, діни-ағарту орталығын тұрғызуға, осы этномекенге сауатты молдалар, ахун-ишанлар жіберіуде қазыреті Шайх Имаматдин Мұхаммед ишанның ұсынысымен Құтлық хожа ишан жіберілген. Демек, қазыреті Имам Мұхаммед ахун- ишан өз заманында әлеуметтік, қоғамдық тұрмыста мәртебелі, салмақты, үлкен ғұлама және пір болған. Арқа өлкеде Қазақдария бойында, Қаракұм елді мекенде қоғамдық-әлеуметтік өмірде ислам шарифатын және мұсылман білімін таратуға үлес қосқан, молда зиялылар, ахун-ишанлар, соның ішінде - Құтлық хожа ишан ибн Азизберди шайх ибн Мухамад Салах азиз шайхтар кестесіне назар салсақ, оларда Арал өлкесінде жасаған –қарақалпақ халқының шайықтары және хожалар ұрпақтары екенін сеземіз.

**Имаматдин Мұхаммед ахун-ишан тарихнамасы және қазіргі жағдайы.**

Өткен ғасырлардағы тарихи және рухани тұлғаларды олардың өмірін тағдырын, шежірелерін ел-жұрт үшін істеген қызметтерін үйрену, жастарға үлгі етіп көрсету, жақсы дәстүрге айналды. Қазыреті шайх Имаматдин Мұхаммед ишанның ата-тегі шежіре-кестесі «Арал» журналында (1993жыл) жарияланды. Баспа сөзде, Т.Айтанов «Имам ишан», Ол халқына қандай қызметтерімен қадырлі, оның есімі не себеп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жасап келмекте» атамасындағы мақаласында өлкеміздегі үлкен ұстаз-ғұлама және пір болған, діни ағартушы, рухани мәрттік үлгісін көрсеткен, ұрпақтарға инабатты, жоқары адамгершілік рухында тәрбиелеу жолында мұрағат қалдырған адам екенін жазған еді. (5.5 бет.) А.Дәулетмуратов «Имам ишан жайында» Кегейлі аймағындағы ауыз екі тарих» және аңыз-апсаналарды жинаған, ол кісі уақытында әулие, көзі ашық, айтқан сөзі (қарғысы) өткір болған- деп баға берді. Арал өлкесінің рухани тұлғасы-Қазыреті шайық Имаматдин Мұхаммед ахун-ишанның туылғанына 250 жылдығы Қарақалпақ халқының ұлы тұлғасы, ғұлама әрифиді атамасында Республикамызда бірінші рет діни-ағартушылық конференция-мәжліс өткерілді. Қазыреті Шайық Имаматдин Мұхаммед ахун-ишан-рухани, діни-ағартушы тұлға, оның мұрағаты, хикметті сөздері, ұрпақтар үшін сабақ, үлгі және ғибрат болады. Қазыреті Имам



ишанның ұрпақтары, Қуанышжарма бойында, Құмөзек елді мекенінде, Ишанқала құрып сол аймақта ірі мәдени, халыққа білім беру, діни-ағарту орталығына басшылық етті. Бұнан 100 жыл бұрын сол қасиетті орынға Кеңес үкіметі және большевиктер экспанциясы болды, оларға қарсы арқадағы «он екі болыстан» жиналған нөкерлер ұрыс қылды, соның салдарынан Ишан қала Кеңес дәуірінде большевиктер партиясы көрсетпесімен агроқожалық орын, шошқа бағу қорасы, арқадағы атеисттер-«құдайсыздар ұйымы», «қызыл үй», «культпоход» ағартушылар орны болған еді. Әмударияның арқа бағдардағы тармағы Қуаныш жарма бойындағы киелі жер- Құм өзекті Ишанлар қаласы тарихы толық зерттелуі маңызды. Бүгінгі күнде, сол зиярат орын, ішкі туризмге ерісіу, «кіші хажылық» қасиетті жай, зиярат етіу орны болмақта.

Сондықтан да, ЮНЕСКОның жақын болашақтағы тарихи тұлғалар және тарихи оқиғалардың юбилейлерін өткізіу тізіміне Арал өлкесі руханият арбабы - Имаматдин Мұхаммед ахун-ишанды және оның мекені Ишан қаланы ұсынумыз мақұл болады.

#### **Пайдаланған деректер және әдебиеттер**

- 1) ЦГА КР Фонд 229, опись 1.. дело: 240 . 1.03.1933.)
  - 2) К.Э.Босворт « Мусульманские династии М.1971.169 бет).
  - 3) А. Дәулетназаров «Әр заманға бір заман» Нөкіс.2005
  - 4) «АРАЛ» .1992.№3 саны
  - 5) Т.Айтанов «Имам ишан» - Еркін Қаракалпақстан 6.111.1993 жыл. № 36-37 сандары
  - 6) Материалы по истории Туркмен и Туркмении том.2. М.1939.
  - 7) Мунис ва Огохий « Фирдавс ул- икбол» Тошкент .2010.
  - 8) О.Юсупов « Ишан қала» -Вестник КК филиала АН РУзб. Нукус,1984 № 3.
  - 9) Документы по истории и этнографии Каракалпаков М. 1986.
  - 10) Г.Хожаниязов « Этно-археологические исследования памятников Южного Приаралья XVII-XIX вв» -. Материалы международной конференции «Актуальные вопросы археологии, этнографии, истории и историографии Южного Приаралья». Нукус 2017.
  - 11) Г.Хожаниязов « Калмак кала- центр Каракалпаков (XVII-XIX вв.)» //Археология Приаралья. Вып. VII. . Ташкент.2009.
  - 12) Г.Хожаниязов. О.Юсупов Қаракалпақстандағы қасиетті жайлар Нөкіс,1994 жыл.
- Узбекистан зияратгохлари ва кадамжолари том.1,2,3,4. Тошкент. 2013,2016.

## **БАРСАКЕЛМЕС ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУЛЕР**

Бір кездері ақ шулан толқынды Арал теңізінің теріскей беткейіне жақын орналасқан атақты Барсакелмес аралының шығыс жағадағы құрлықпен шектесіп кеткеніне де бірер жылдың жүзі толды. Ертеректе ата-бабаларымыз қара жерден тым қашық болғандықтан, барған адам қайтіп келе алмайды деген түсінікпен ат берген оқшау арал ғасырлардың тоғысқан шамасында өзінің сол географиялық ұғымынан айырылып тынды. Сөйтіп, шын мәнінде "арал" болу қалпынан қалды. Бұрынғы арал барса келе беретін жарты аралға, яғни түбекке айналды.

Барсакелместің арал болғаны - қазір таяу арадағы тарих. Енді сол шежіреге тоқталып өтейік. "Қазақ совет энциклопедиясында" бұл туралы кезінде мынадай анықтама берілген екен: "...Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі ұзынша келген арал. Ұзындығы 30 шақырым, ені 8 шақырым, ауданы 133 шаршы шақырым шамасында. Барсакелмес аралы неогеннің горизонталь бағытта жатқан шөгінділерінен, сазды тақтатас, мергель жыныстарынан түзілген. Жағалауы аз тілімделгендіктен, қолтық-қойнау, шығанағы көп емес. Арал - сазды, сортаңды шөл. Үстіртті келген (100м) оңтүстігі теңізге тікқабақ болып тіреледі, ал солтүстік батысы ойпаң. Жері көбіне белесті, әрегідік төбелер де кездеседі. Аралдағы құм төбелерде өсімдіктің бірнеше түрлері кездеседі.

Төбелердің биіктігі 6-7 м-ге жетеді. Климаты қоңыржай шөлдікі, қаңтардың орташа температурасы  $-12^{\circ}\text{C}$ , шілдеде  $20-26^{\circ}\text{C}$ . Жауын-шашын 100-200мм мөлшерінде түседі. Топырағы сортаң. Өсімдіктен шөлде өсетін бұталар кездеседі. Жер асты суы ащы..." [1, 96-б].

Бір қызығы осы аралды зерттеушілердің бірі М.Исмаилов "Құландар аралы" деген кітабында бұл туралы сөз басқаша мағлұмат ұсынады. Оның жазуынша, Барсакелмес ұзындығы 28 шақырым, батыс бөлігінің ені 11,5 шақырым, ал шығыс жағы 2,5 шақырымға дейін қусырылатын, жалпы көлемі 180 шаршы шақырымды алып жатқан арал (1973ж). Біздіңше, бір жылда қатарласа жарық көрген осы екі еңбектің екіншісіндегі мәліметтер шындыққа жанасатындай. Олай дейтініміз, Барсакелместегі «жер асты суы ащы» деген тұжырым үзілді-кесілді дәл пікір емес. Дәлірегі, аралда жер асты суы тұщы көздер бар. Құландар баяғыдан сол тұщы көздерден су ішеді.

Келесі бір жергілікті зерттеуші Л.Сапожникова арал ортасында "Алтын жазық" деп аталатын алаңқай тұрғанын баяндайды [2, 23-б]. Осындағы бірден-бір тұщы су көзі болып саналатын алқапта ашық сары түсті гүлдерге толы биік қарағандар қаулап өсіп тұрған көрінеді. Осы әсем өсімдіктен шашыраған от сәуле маңайды алтын шарға ұқсатып, ерекше нұрландырып тұратындықтан мүйіс осылай аталған (2001ж). Бұған қоса, құмды-шөлді аралда ауыз су деген алтынға пара-пар. Бір жағы бұл жазық сол себепті "алтын анықтамасына ие

болса керек. Сондай-ақ, екінші анықтамада аралдың батыс және шығыс ендіктерінің екі түрлі екендігі дәл көрсетілген."

Барсакелмеске ғылыми тұрғыда түбегейлі зерттеулер жүргізу ХІХ ғасырдың орта тұсына шендес келеді. Патша үкіметі жүзжылдықтың 40-шы жылдарында Арал теңізінің аумағын зерттеу үшін алғашқы экспедиция жасақтап, оған әскери теңізші А.Бутаковты басшы етіп белгілейді [3, 515-б]. 1848 жылғы мамырдың ортасында Ор бекінісінен 1000 түйесі, 500 өгізі, 1500 жасағы бар керуен 800 шақырымнан астам жердегі Арал теңізіне қарай сапарға шықты. Мамырдың 25-інде жолай бұл топқа 3000 түйемен 565 жол бастаушы қазақтар қосылады. Сөйтіп, әрбірі 250-300 килограмм жүкті артқан 400 қаралы түйесі бар керуен айдан аса уақытта діттеген нүктесіне жетеді. Түйелерге текшелене тиелген жүктердің басым бөлігі Орынбор және Ор бекіністерінде осы мақсат үшін арнайы жасалған "Константин" және "Николай" шхуналарының бөлшектері еді. Керуен Сырдарияның теңізге құярлығындағы Райым бекінісіне тұрақтағасын сол бөлшектерден желкенді кемелерді құрастырып шығарып, көп кідірмей күткен экспедицияның жұмысын бастап кетеді [4, 59-128бб].

Бір айта кетер жәйт, Орал тауларының етегіндегі Ор бекінісінен бері қарай шыққан керуенді бастаушылар Әлменбет, Рахматулла, Сиранбек дейтін аралдық қазақтар болған екен [5, 175-б]. "Сол бір алыстағы 1848 жылы, - деп жазады бұлар туралы Л.Сапожникова, - Әлменбет пен Рахматулла керуенді Ордан Райымға дейін ешқандай сағатсыз, ешқандай құбылнамасыз алып келеді". Ал, Алексей Бутаковтың экспедициясымен бірге тап осы жолы Орынбордан Арал бойына келген украинның айдаудағы атақты ақын-суретшісі Тарас Шевченко сол қазақтар жайлы: "Қандай келбетті халық! Қандай тамаша бас! және титтей өр көкіректігі жоқ ұдайы маңыздылық..."-деп тамсана жазды [6, 60-б].

Помектың айдаудағы саяси тұтқыны Бронисов Залесский 1865 жылы Парижде шығарған суретті альбомында: "Адамдар салған бірде-бір жол жоқ, төбесін күн жеген шағылдары біріне-бірі қатты ұқсайтын, ал құдық сирек кездесетін осынау далада жолдың бағытын таңдауда қателесу жолаушының көп күндік сандалысын сусыз шөлге апарып ұрындырар еді. Мұнда бастаушысыз жол жүру мүлде мүмкін емес. Осы қазақтар, соның ішінде жоғарыдағы Әлменбет бас болып, орыс зерттеушілерін енді Арал теңізінің қойын-қолтығына қарай бастайды. Сол тарихи оқиға жайында бізге дейін: 15-інші шілде күні кешкі 7-де "Константин" және "Николай" шхуналарында жолашар дұғаларды оқып, өз жалаушамды көкке көтеріп, Райым пристатынан шықтым. Бекіністе жеті дүркін отшашар жасап, оған келесі шхуанадан соншама жауап алып, Сырдарияның ағысымен төменге түстім деген жазбалар да жетті (1848-1849ж.ж). Бұдан ары жиһангер өзімен бірге 26 әскери қызметкердің бейтаныс теңіздің айдынына беттегенін баяндайды. Сол 26-нің ішінде жоғарыда айтылған унтер-офицер Рахматулла Әбизаров пен Тарас Шевченко да болды [7, 16-б].

Осы сапарға шықпас бұрын Алексей Бутаков жолбасшылық қызметіндегі қазақтардың әңгімелерінен Арал теңізінің жағалауына

қанығып, қай жерде тұщы су қоры барын, қай маңнан тас көмір, алтын және тағы басқа металдарды іздеу керектігін біліп алады. Осылайша теңіздің оң және сол жағалаулары, айдынның түбі, ағыстары туралы мәліметтер жинап алған Алексей Иванович сонымен қатар қазақ тілін де үйренеді. Бұл оның өзі үшін жұмбақ теңіздің тылсым сырларын ұғына түсуіне мүмкіндік береді. Жаз ортасында теңізге бет қойған саяхатшылар әуелі Көкаралға аялдап, содан соң оның арғы жағындағы Барсакелмеске жүзіп барады [8, 43-109бб].

Ауқымды арал барушыларды өзінің керемет табиғатымен таңғалдырады. Ол табанын түгел жасыл желек жапқан мекен екен. Тұщы суы бар көлдер де көптеп кезігеді. Мұндағы өсімдіктердің көпшілігі Райым бекінісі тұрған жерде мүлдем жоқ болып шықты. Экспедиция жетекшісі А.Бутаков аралда тек құстардың өзінің 200 түрі бар екенін жазды [9, 141-б]. Жыландар мен кесірткелер, шаяндар мен бүйілер өріп жүрген. Сексеуілді паналаған жайрандар мен ақбөкендер тіпті адамнан үрікпейтін болған. Тарас Григорьевич өзінің “Барсакелместегі шағала” атты бірінші полотносын салады. Әсіресе, келушілер Бутаковтың атын алған мүйістен қарағандағы айдынның үсті айрықша әсем көрінеді. Мұндағы масасыз қоңыржай түн де саяхатшыларға қатты ұнайды [10, 142-б]. Зерттеушілердің айтуынша, бұл аралда ұзақ уақыт адамдар тұрып, балық және мал шаруашылығымен айналысқан. Астықты құрлықтан әкеп тұрған, соған қарағанда жермен қатынас болған.

Сол кездері Барсакелмес шынында таңғажайып қойнау болғанға ұқсайды. Бұған Т.Шевченконың 1850 жылғы 10 қаңтарда Орынбордағы В.А.Жуковскийге жазған хатындағы: “Мен үш жыл бойы сізді мазалауға батпай, өзіме-өзім келдім. Қызмет жайымен қазақ даласы мен Арал теңізінде, экспедиция сапарында екі жыл болдым; мұнда бұрын еш жерде көрмеген көп нұсқалы заттар көрдім, бірақ маған сурет салуға тыйым салынғандықтан ештеңені де бейнелей алмағаным жаныма қатты батты!” (1955ж) деген жүрекжарды жолдары куә болса керек [11, 95-б]. Барсакелмес табиғатының тамаша болғанын А.Бутаковтың теңіздегі жүріп өткен жолын 1899 жылы үш теңізшісі бар балықшы қайығымен қайталап шыққан тағы бір зерттеуші Л.С.Берг те кейінірек қағазға түсірді [12, 244-б].

1908 жылы Арал теңізінің бақылаушысы болып белгіленген Лев Семенович бұл маңдағы айдынды зерттей келе: “Судың жақұтты-жасыл түсі таңғалдырды” деген жолдар қалдырды. Оның осы сапарынан соң Көкарал түбегі мен бергі жағалау аралығындағы мойнақ Бергтің атымен атала бастады. Қазір дәл сол аралда Көкарал бөгеті салынған.

Айтатыны жоқ, Алексей Бутаков басқарған бұл экспедицияның маңызы кезінде жоғары болды [13, 170-б]. Сапар қорытындысымен жасалған Арал теңізінің картасы теңізшілердің солтүстіктен оңтүстікке барып-қайтулары үшін таптырмас құралға айналды. Теңізшілер сондай елеулі еңбегі үшін Аралдағы алғашқы мұзжарғышты осы бірінші экспедицияның жетекшісі есімімен атады. Ал 1904 жылғы мамырда Орынбор-Ташкент темір жолы пайдалануға берілген шақтан Барсакелмеске теңіз пароходы

қатынасы жүргізіле бастады. Зерттеушілер теңіздегі пароходшылықтың да негізін А.Бутаковтың атымен байланыстыра қарастырады [14, 119-б].

Барсакелмес аралы туралы әңгімелегенде, ашылғанына биыл тура 80 жыл мерзім толғалы тұрған ондағы атақты қорық жайлы айтпай кету мүмкін емес. Бұл аумақты аң-құстың, өсімдіктер мен бұталардың мекені ретінде пайдалану алғаш 1929 жылы қолға алынды [15, 21-25бб]. Сол жылы “Құрып бара жатқан жануарларды сақтау” мақсатында... осы құмды аралға құлан, ақбөкен апарылды. Арада тура он жыл өткен соң, 1939 жылы Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің қаулысы бойынша арал қорыққа айналдырылды. Зерттеуші М.Исмаилов атап өткеніндей бұған себеп: “Барсакелместе табиғаттың өзі сирек, құрып бара жатқан жануарлар түрлерін қорғау мен көбейту үшін қолайлы жағдай жасалған”. Қорықтың флора және фауна әлемі турасында өзіміздің “Қазақ Совет энциклопедиясында”... “ өсімдіктердің 165 түрі бар. Онда бұйырғын, жусан, адыраспан, татар рауғашы, итсигек, сексеуіл және тағы басқа сортаң шөптер өседі. Барсакелмес қорығында жануарлар түрі көп емес, мұнда құлан, ақбөкен, қарақұйрық, сарышұнақ, ор қоян арал табиғатына бейімделе өсіп өнуде ” деген анықтама тағы айтылады [16, 30-203бб].

Кейінгі зерттеулер Арал теңізінің тартылуы мен Барсакелмес қорығының бүгінгі күйі, ондағы құландар мен қарақұйрықтардың жай – күйін анықтау мақсатында жүргізілуде. Сонымен қатар, құрғаған теңіз табанындағы табиғаттың қалпына келуіне қадағалау жүргізіп, теңіз табанына сексеуілдер егуде.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байпақов К. Ұлы Жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан. - Алматы: жалын, 1992. - 96 б.
2. Бейсенова Ә.С. Арал теңізінің зерттелу тарихынан // Арал тағдыры. - Алматы: Қазақстан, 1989. - 23 б.
3. Боровский А.М., Погребинский М.А. Древняя дельта Сыр-Дарьи и Северные Кызылкумы. - Алма-Ата, 1958. - Т.1. - С. 515.
4. Очерки по физической географий Казахстана / Под ред. И.П. Герасимова. - Алма-Ата, 1952. - С. 59-128
5. Белокопытова М.А., Васильева М.С., Тютюницков Н.А. Кызылодинская область и ее административные районы. - Алма-Ата: Изд.АН КазССР, 1961. -С.175.
6. Казахская Советская энциклопедия / Гл.ред. М.К. Козыбаев. - Алма-Ата, 1981. - С. 60.
7. Сауытбаева Г.З., Айдаров О.Т., Дүйсенбаева А.Қ. Қызылорда облысының физикалық және әлеуметтік-экономикалық географиясы. - Қызылорда: Тұмар, 2004. - 16 б.
8. Қазақ Совет энциклопедиясы // Энциклопедический справочник. - Алма-

Ата, 1984. - 43-109 бб.

9. Чигаркин А.В. Памятники природы Казахстана. - Алма-Ата: Кайнар, 1978. - С.141.
10. Надиоров Н.Н. Кызылорда - южный центр нефтегазового комплекса Казахстана. - Алматы: Комплекс, 2000. - С. 142
11. Қазақстандық Шығыс Арал өңірінде табиғи ортаның антропогендік бұзылуы және оның әлеуметтік-экономикалық зардаптары // Ғылыми-зерттеу экспедициясының есебі / ҚМУ. - Қызылорда, 2002. - 95 б.
12. Тәуіпбаев С.Т. Арал-Сырдария аймағын гидроэкологиялық тұрақтандыру. - Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2000. - 244 б.
13. Өтемағанбетов М.М. Қазақстанның физикалық географиясы. - Алматы: Мектеп, 1967. - 170 б.
14. Проблемы Аральского моря. Развитие ландшафтов Приаралья в условиях опустынивания / Под ред. Г.А. Токмаганбетова. - Алма-Ата: Наука КазССР, 1985. - С. 119.
15. Бурлибаев М.Ж., Достай Ж.Ж., Турсунов А.А. Арало-Сырдаринский бассейн. - Алматы: Дәуір, 2004. – С. 21-25.
16. Редкие птицы и звери Казахстана / Под ред. А.Ф. Ковшарь. - Алма-Ата: Ғылым, 1991. - С. 30-203.

**О.Т.АЙДАРОВ., Е.Ж. АРЫСТАН  
(ҚЫЗЫЛОРДА Қ, ҚАЗАҚСТАН)**

### **ОРТА АЗИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ ІРІ СУ КӨЗДЕРІ: АМУДАРИЯ МЕН СЫРДАРІЯ ӨЗЕНДЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Жер жүзінің табиғи су айналымы төртке бөлінеді. Мұхиттар үстіндегі су айналымы, құрылықтар үстіндегі су айналымы, мұхиттар мен құрылықтар аралық су айналымы және жер асты су айналымы болып бөлінеді.

Ұзақ жылдар бойы жасалған тәжірибелерге қарағанда, жыл көлемінде табиғи су айналымында жүрген 520 мың текше шақырым шамасындағы судың 86,2 пайызы мұхиттардың бетінен буға айналса, 13,8 пайызы құрылықтағы ылғалдықтан буға айналып, оның 79,2 пайызы жауын-шашынмен қайтадан мұхиттарға түссе, 20,8 пайызы құрылықтарға түсіп, бар болғаны 7-ақ пайызы өзендердің еншісіне тиеді екен [1, 10-б].

Дүние жүзіндегі барлық судың көлемі 1,386 миллион текше шақырымға тең. Оның ішінде, жер астында бір шақырымға дейінгі тереңдікте 4,0 миллион текше шақырым су болса, атмосферада жердің әр шаршы шақырымында 20 мың тоннадай келетін бу түрінде су бар.

Адам өміріне ауадай қажетті тұщы судың көлемі құрылықтар мен өлкелерде бірдей орналаспаған. ТМД көлемінде бір жылда өзендер мен ағатын судың барлық көлемі шамамен 4740 текше шақырым болса, оның 84 пайызы немесе 3030 текше шақырымы тікелей Солтүстік мұзды мұхитқа, 950 текше

шақырымы Тынық мұхитқа құйса, Волга, Орал, Терек, Нұра, Амудария, Сырдария, Днестр, Днепр, Дон, Кубань сияқты ірі оңтүстік өзендерінің еншілеріне бар болғаны 750 текше шақырым ғана су тиеді екен.

Құбылмалы ауа райының әсерінен айналымда жүрген табиғ су көздерімен, өзенмен ағып келетін судың көлемі жылдар мен маусым мерзімдерінде өзгеріп тұрады. Кейбір жылдары, әсіресе, егістік суды мол қажет ететін маусымда барлық табиғи су көздері сарқылып, су қорлары таусылып, суармалы егіншілік пен табиғатты қуратып, бір өлкенің халқын орасан зор экономикалық дағдарысқа ұшыратса, осыған керісінше екінші бір өлкеде елді мекенді, қаланы, суармалы егіншілікті тасқын су қарап қылып, елді орасан зор орны толмас шығынға, үлкен күйзеліске душар ететіндігін табиғаттың заңдылығы деп ұққан жөн.

Бұл аймақта халықтар б.з.д. I-мыңжылдықта, қазіргі құрғап қалған Қарадария, Іңкәрдария, Жаңадария бойын, Қуандария мен Ескідариялықты жерлерде мекен еткен [2, 15-б].

От пен судың апатынан зәбір көрген халық «От пен су тілсіз жау» дегенімен, отсыз тіршілік, сусыз өмір болмайды. Басқасын айтпағанда, адам тек тамақтанудың өзіне жылына 60 тонна суды пайдаланады. Адам салмағының 65 пайызы су десек, сол денедегі судың 15-20 пайызынан айрылса, адамның тіршілігі тоқтайды екен.

Өндіріс пен ауыл шаруашылығының өнімін өндіруге де мол су қажет, атап айтқанда, бір тонна күрішті өндіруге 12000 – 14000 текше метр, бір тонна бидайға 3000 – 3500 текше метр су, сондай – ақ, бір тонна темірді қорытуға 250 – 300 текше метр, бір тонна қағазды шығаруға 550 – 730 текше метр су қажет.

Орта Азиядағы негізгі ірі су көздері Амудария мен Сырдария өзендерінің орташа жылдық су жиынтығы 116 текше шақырым, оның ішінде Амудария – 79,4 текше шақырым, ал Сырдария – 36,6 текше шақырым. Амудария өзенінің жылдық су жиынтығы 109 текше шақырымнан 58,6 текше шақырымға дейін азайса, Сырдария өзенінің жылдық су жиынтығы 54 текше шақырымнан 23,6 текше шақырымға дейін азайып тұрады.

Амудария өзенінің 79,4 текше шақырым жылдық су жиынтығының 1,654 текше шақырымы Қырғызстан жерінен, 58,732 текше шақырымы Тәжікстан жерінен, 1,405 текше шақырымы Түркіменстан жерінен, 6,791 текше шақырымы Өзбекстан жерінен, 10,814 текше шақырымы Ауғанстан мен Иран жерінен түседі.

Сырдария өзенінің 36,625 текше шақырым жылдық су жиынтығының 2,516 текше шақырымы Қазақстан жерінен, 27,542 текше шақырымы Қырғызстан жерінен, 1,005 текше шақырымы Тәжікстан жерінен, 5,562 текше шақырымы Өзбекстан жерінен түседі [3, 244-б].

Енді Орталық Азиядағы ірі су көздері – Амудария мен Сырдария өзендерінің бойындағы тағдырлас туысқан Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан бес республика жерлерінің бассейндік аудандар мен суармалы аймаққа бөлінуіне тоқталып көрелік.

Арал өңірінің бассейндік су шаруашылығы аудандарға бөлінуі:

**Сырдария бассейні:** 1. Жоғарғы Нарын; 2. Ферғана өлкесі; 3. Шыршық – Ангрен; 4. Сырдарияның орта ағысы; 5. Арыс – Түркістан; 6. Төменгі Сырдария.

**Амудария бассейні:** 1. Жоғарғы Амудария; 2. Қашқандария; 3. Қаршы; 4. Бұхар; 5. Түркімен жағалауы; 6. Заравшан; 7. Төменгі Амудария; 8. Қарақұм каналы.

**Арал өңірінің суармалы аймағы:** Амудария, Сырдария бассейні: 1. Қарақұм каналы; 2. Амудария дельтасы; 3. Аму – Бұхар каналы; 4. Қаршы даласы; 5. Мырза шөл; 6. Ферғана өлкесі; 7. Қызылорда егістік алқабы.

XX ғасырдың 60-шы жылдардың ортасына дейін Сырдария өзенінің 77 пайыз суы Нарын өзенімен келсе, 23 пайыз суы Қарадария өзені арқылы келген. Өзеннің жылдық, маусымаралық су қорларының көлемі жыл сайын өзгеріп отырған.

Тау басынан тосқауылсыз аққан тасқын су таудың басы мен баурайындағы неше түрлі құм – қиыршық, шірінді мен салындыларды өзеннің арнасымен төмен қарай тасымалдап, бұл қоспалар Сыр өзенінің ұлтаны мен арнасының екі бетіндегі кемерін биіктетіп отырған. Осының салдарынан Дария төмен қарай сай – саламен бос топырақты шайып, өзіне жаңа арна іздеп, арнасы жиі өзгеріп отырған. Табиғаттың заңдылығы мен судың керемет күшімен қазылған «Арнасайдан» бастап, төменгі Сыр бойында ескі арналар мен көлдер жүйесі көптеп кездеседі. Олар: Яшы көл, Тайпақ көл, Қандыарал, Күркіреуік, Нәнсай, Ақсай, Көксу көлдері, Іңкәрдария, Қарақұс келіс, Шаха, Мортұқ, Көктің көлі, Жетікөл, Тораңғылсай, Шіркейлі арнасы, Шаған көлі, Жаңадария, Қуандария, Қараөзек көлдер жүйесі, Ақсай, Бозкөл т.б. қалған дариялар мен толып жатқан көлдер ертеден бар.

Осы ескі арналар бір – бірімен ұштасып, бір кездері Сырдария өзенінің тармақтары болып, Арал теңізіне құйған.

1958 жылы Қызылорда су торабының жоғарғы жағына саға салып, Құр өзек, Тораңғылсай, Құтырған сай, Томар өткел сияқты бөлек – бөлек өзектер мен сайларды жалғап, сағасына секундына 50 текше метр су жіберетін шлюз соғылып, Жаңадария арнасына су жіберілді. Жаңадарияның ұзындығы 625 шақырым, оның 535 шақырымы Қызылорда облысының жерінде, 90 шақырымы Қарақалпақстан жерінен өтіп, Арал теңізіне құятын.

Қуандария арнасы Жаңадария каналының 210 шақырымынан Майлыөзек арнасы арқылы сағасын алып, Бозкөл ойпатымен Арал теңізіне құятын, барлық ұзындығы 436 шақырым.

Шіркейлі арнасының сағасы Қызылорда қаласынан 12 шақырым төмен, дарияның сол жағында болған. Ұзындығы 120 шақырымға созылып, Қуандария көлдеріне құйған. 70 шақты әртүрлі арықтары бар ескі арнамен Аламесек көлдеріне дейін кеме жүрген.

Қараөзек арнасы Сырдария өзенінен Қараөзек стансасының төменгі жағынан бөлініп, солтүстік – батысқа қарай 183 шақырым қашықтықтан кейін Жосалы стансасы тұсында Сырдарияға қайта қосылады.



Бір сөзбен айтқанда, Сыр бойының табиғаты бай жерлері мен құнарлы кең егістік алқаптары ғасырлар бойы судың астында жатқан көлтабандар екені анық.

Неше түрлі шалғындар, тоғай, талы, суларындағы балығы мен сыңсыған аң, құсы Сыр бойы әлімсақтан бері жерұйыққа айналған.

Қазіргі кезде Сырдария өзенінің жоғарғы салаларында толып жатқан майда су қоймалары мен су тораптарының су шығаратын қуатты насостарды, тағы басқа ірі су құрылысы нысандарын есептемегенде, 32 текше шақырым су сиятын бес ірі су қоймасы бар.

Міне осының барлығы өлкенің су айналымының табиғи заңдылығын өзгертті.

Мысалы: Нарын өзені бойында су сиымдылығы 19,5 текше шақырым Тоқтағұл су қоймасы, Үшқорған су торабы бар;

Қарадария бойында су сиымдылығы 1,9 текше шақырым Әндіжан су қоймасы, Тесіктас, Күйгенжар су торабы бар;

Шыршық өзенінде су сиымдылығы 2,0 текше шақырым Шарвах су қоймасы, Газалкент су торабы бар;

Сырдария бойында су сиымдылығы 4,0 текше шақырым Қайраққұм су қоймасы, Фархад су торабы бар.

Түркістан облысы жерінде су сиымдылығы 5,7 текше шақырым Шардара су қоймасы, Арнасай қашыртқысының сағасы Шардарада ГЭС бар.

Қызылорда облысының жерінде Қызылорда, Қараөзек, Әйтек, Қазалы, Ақлақ су тораптары мен Көкарал бөгеті бар.

Сырдария өзенінің жоғарғы салаларында жұмыс істеп тұрған ірі қуатты су электр станциялары: Нарын өзенінің бойында Тоқтағұл, Құрсай, Ташқұмыр, Шамалдысай, Үшқорған – бес ГЭС жұмыс істеп тұр.

Қарадария өзенінің бойында Әндіжан, Шыршық өзенінің бойында Шарвах, Сырдария өзенінің бойында Қайраққұм, Фархад, Шардара – бес ГЭС жұмыс істеп тұр, барлығы 10 ГЭС.

Нарын өзенін қосқанда Сырдария өзенінің Арал теңізіне дейінгі ұзындығы 3026 шақырым, оның ішінде Сырдарияның ұзындығы 2337 шақырым, су бассейнінің көлемі 4064 шаршы шақырым. Сырдария өзенінің 1274 шақырымы Қызылорда облысының жерінде.

Жоғарыда атап өткендей, адамның теріс әрекетінің нәтижесінде Сыр бойына келетін су көлемінің жасанды азаюынан мынадай мәселелер туындап отыр.

**Біріншіден,** Сыр өлкесінің бұрынғы табиғи су айналымында жүрген 15 – 20 текше шақырым су қоймаларының түбінде мәңгілік қалып қойып, өлкеміздің табиғи су айналымын азайтады.

**Екіншіден,** бұрын тау басынан тосқауылсыз құлай ағып, төменгі Сыр бойын телегей теңіз жасаған тасқын суды бұғаулап, бұрын су бармайтын Әндіжан, Ферғана, Наманган, Самарханд, Мырзашөл кең егістік алқаптарына бұрып жіберді.

**Үшіншіден,** Бұрынғы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орта Азия өзендерін бір жерден реттейтін Біріккен диспетчерлік бас басқарма тарағаннан

кейін трансшекаралық өзендерді әр мемлекет өз қажетінше пайдаланып, өзеннің басындағы су ішіп, аяғындағы у ішкеннің кейпін киіп отыр.

Сырдария өзенінің бар суын қысы – жазы бірдей реттеу – Сыр өзенінің жазғы суы, суармалы егіншілікке пайдаланылатыны баршаға аян. Ал күзден бастап мұз қатқанға дейін өзен суы кедергісіз ағады. Сондықтан табиғаттың осы реттілігін қалпына келтірсек, су мәселесі шешілер еді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. М. Нәлібайұлы. Шежірелі Сыр бойы. – Қызылорда, «Полиграфия баспа үйі» ЖШС, 2009.-10б.
2. «Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі Арал – Сырдария өңірінің орны» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, ТОО «Курсив», 2009 жыл, - 15б.
3. Тәуіпбаев С.Т. Арал-Сырдария аймағын гидроэкологиялық тұрақтандыру. - Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2000. - 244 б.

**ОТАРОВА А.Ж.**  
**(ШАЛҚАР, ҚАЗАҚСТАН)**

### **ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ЖАҢАША ӘДІС -ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

Біздің заманымыз «Жаңа ғасыр -Жаңа білім заманы »деп аталмақ. Себебі мектеп өміріне жаңа буын оқулықтары мен инновациялық жұмыстар түрлері енді.

Қазақстан Республикасының « Білім туралы Заңында Білім беру жүйесінің басты міндеті-Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу » деп атап көрсеткен.

Әр салада ақпарат 4 жылда ескіріп, 4 жылда екі есе ұлғайып отырады. Ал болашақта 76 күнде ақпарат екі еселенеді. Мұнан шығатын қорытынды :Әрбір ұстаз- ұлы білім атты көштен қалмай, өзінің білім деңгейін үнемі жетілдіріп, жаңаша әдіс тәсілдермен қарулануы қажет. Яғни ,инаватор мұғалім болуы тиіс.

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай «... қазіргі таңда білім беру жүйесінің бірінші міндеті- сын тұрғысынан ойлай алатын және ақпарат ағындарына бейімделуге қабілетті адамдарды дайындау»

«Жақсы дерлікте жаман дерлікте бір әдіс жоқ. Олақтылық белгіс бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі түрлі әдісті білу : керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолқабыс нәрсе есебінде қолдануы керек » деген болатын А.Байтұрсынов. Осы нақыл сөз арқылы жаңаша әдіс- тәсілдер туралы сөз етуге болады. Әдіс- тәсілдер сан алуан. Мұғалім шеберлігіне қарай әдіс - тәсілдерді сабағында ұтымды пайдалана алады.

Сөзім дәлелді болу үшін жаңаша әдіс -тәсілдерді өз тәжірибемде қалай пайдаланғаным жөнінде тоқталайын.

Сабақ тақырыбы Жыл мезгілдері 2 сынып

Оқу мақсаты:

2.3.1.1 - Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру.

2.1.4.1 - Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану.

2.2.6.1 - Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау.

Сабақ мақсаттары:

**Барлық оқушылар орындай алады :** Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттайды., мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалай алады.

**Көптеген оқушылар орындай алады:** Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құра алады.

**Кейбір оқушылар орындай алады:** Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолданады

**Ойлау дағдыларының дегейлері:** Білу, түсіну, қолдану.

**Бағалау критерийі:**

1.Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолданады.

2.Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалайды..

3.Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрайды.

**Тілдік мақсат:** Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау.

Көктем, жаз,күз,қыс мезгілінің сыртқы бейнесін қалай сипаттайсың?

**Құндылықтар :** Қоршаған ортаның құндылықтарын бағалауға баулу. (ынтымақтастық)

**Пәнаралық байланыс :** Жыл мезгілдерінің ерекшеліктері. (дүниетану)

Ұж Ширату жаттығулары **««Бір қадам алға...» әдісі**

( Сабақ тақырыбына байланысты оқушылардың қызығушылығын туғызу)

Мұғалім өткен материалдарға байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа шегінеді. Мұғалім столына жеткенше, бірнеше сұрақ қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландырып алады.)

Бүгінгі сабағымыз «Жыл мезгілі» деп аталатынын айта кетіп сабақтың мақсаттарымен таныстырамын.

**«Жыл мезгілдері» әдісі** арқылы топқа бөлу

(Оқушылар бірлесе жұмыс істеу үшін)

Оқушылар өздері дүниеге келген жыл мезгілдері бойынша топқа бөлінуін қадағалау

1топ –Көктем

2топ -Жаз


3топ -Күз

4топ -Қыс

Ұж **Ой қозғау «Ассоциация» әдісі**

(Тәжірибелік дағдыны қалыптастыру мақсатында )

«Қандай жыл мезгілін ұнатасың? Неліктен?»



Ынталандыру: Жарайсыңдар !!!!!

Ұж Оқылым дағдысын дамыту « Жыл мезгілдері» Оқулықпен жұмыс

**1. «Шапшаң оқу» әдісі** Моделденген оқылым ( үлгі көрсету)

**2.«Сканерлеп оқу» әдісі** Мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылым шағын топта жүргізіледі.

(Оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру мақсатында)

Оқушылар мәтінді оқиды, мәтін бөліктеріне жоспар құрады.

**3 «Мағынаны тану» әдісі** .Өз бетімен оқу. Оқушылар өз бетінше мәтінді оқиды.

ҚБ: Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрайды.

(Т) Жазылым Айтылым **«Кейіпкерлерге мінездеме»** әдісі

(Жаңа тақырыпты бекіту мақсатында)

Оқулықпен жұмыс Ертегінің мазмұны бойынша кестені толтыр.

1топ Көктем көрікті, сұлуқыз, жаны нәзік, сезімтал.

2- топ Жаз.....

3- топ Күз.....

4 топ Қыс.....

БК :Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттайды, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалайды.

Дескриптор:

1. Жаз мезгілінің сыртқы келбетін сипаттады, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалады.

2. Күз мезгілінің сыртқы келбетін сипаттады, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалады.

3. Қыс мезгілінің сыртқы келбетін сипаттады, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалады.

Топтық жұмыс **«Күпиясы жоқ қабырға» әдісі**

( Оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында)

Оқулықпен жұмыс Тапсырма :Жыл мезгілдеріне қатысты суреттер ойластыр . Әңгімеле.

Ынталандару әдісі: «Басбармақ»

**Т «Батискаф» әдісі**

(Сөйлеу барысында мақал -мәтелдерді вербалды емес тілдік құралдарды қолдану мақсатында )

1- Тапсырма «Түйінді ой» Жыл мезгіліне байланысты мақал-мәтелдер айтады.

2-тапсырма «Сезімдерді беру» Оқушылар бірінің артына бірі сапқа тұрады. Бірінші оқушы екіншісіне қарап ым-ишара арқылы қандайда бір сезім көрсетеді ( жыл мезгілдерінің сипатына қарай) екіншісі тура сол сезімді үшіншісіне береді. Ең соңғы оқушы оның қандай сезім қабылдап алғанын сұраймыз және басында қандай сезім берілгендігі туралы бірінші оқушыдан анықтаймыз

ҚБ: Сөйлеу барысында мақал –мәтелдерді , вербалды емес тілдік құралдарды қолданды.

Ұж **«Кейіпкерлер әлемі» Сергіту сәті**

( Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында)

Жыл мезгіліндегі көркем сөзбен өзінің мінез -құлқындағы ұқсастықты айту. Мысалы: Менің мінезім жаз секілді – жайдарлы, 2- оқушы күз мезгілі секілді өкпелегішпін т.с.с

Б: Үш шапалақ Т Айтылым. **«ПОПС формуласы» әдісі** Оқулықпен жұмыс

( Саралау мақсатында )

Тапсырма :”Шырша неге жыл бойы жап-жасыл?”

1.Қабілетті оқушыларға проблемалық ізденіс әдісін қолданамын \_ пайымдау, дәлелдеу,қорытындылау дағдыларын қалыптастыру мақсатында мәтінмен танысып дерек көздерді пайдаланып, өз бетінше жұмыс жасайды..

2. Төмен деңгейлі оқушылардың жауабын сұрақтар арқылы саралаймын .  
**«Дереккөздерді пайдаланып жауап бер: Шырша ағашының қыста да, жазда да тіпті жылдың төрт мезгілінде де жап –жасыл болып тұруы ойландырады. Рас, ағаштардың жыл бойы көгеріп тұруы ыстық елдерге тән. Ол жақта жапырақтардың жерге түсіп сарғаюы екіталай Шырша неге жыл бойы жап –жасыл ?**

Бірінші сөйлем: Менің ойымша .....

Екінші сөйлем : Себебі мен оны былай түсіндіремін:.....

Үшінші сөйлем: Оны мына фактілермен , мысалдармен дәлелдей аламын:.....

Соңғы сөйлем : Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім:.....

Жауап : Америка мен Азияның тропикалық орманында шыршаның 300 -ге т арата түрі бар. Ертеде бұлардың бәрі біздің шалғындар мен жапырақты ормандарымызда өскен. Бірте - бірте олар жылы жаққа жылжыған. Бізде қалғандар солардың ағайындары тропикалық аймақта мәңгі жаз болғандықтан шырша мәңгілік жасыл болып тұрады. Осы қасиет суық жердің шыршасында сақталған.

Қорытындыны саралаймын.

**Т Жазылым «Диктоглас» әдісі** (Бекіту мақсатында)

Мұғалім көрікті, жайдары, жомарт ,қаһарлы сөздерін оқиды . Естерінде қалған сөзді жазады. Және сол сөздерге тиісті жыл мезгілі атауын жазуы қажет. Мысалы: Көктем-көрікті, жаз-жайдары, күз- жомарт, қыс-қаһарлы.

ҚБ: Сипатына қарай жыл мезгілі атауын жазды.

**Рефлексия «Плюс, минус, қызықты»**

<b>Плюс</b>	<b>Минус</b>	<b>Қызықты</b>
Сабақта барлығы ұнады: сабақ мазмұны, жұмыс түрлері	Ұнамады, түсініксіз болып қалды	Барлық деректер мен әдістер қызықты

Жаңа

әдіс -

тәсілдерді пайдалану нәтижесінде оқушылар мынадай білім, білік, дағды, құзырлық, машықтарға үйренеді:

-Терең ойлануға үйренеді;

-Ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алуға;

-Өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыруға;

-Пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеуге;

-Басқа балама пікірлерді ескеруге;

-Шешім қабылдауға және қиын мәселелерді шешуге;

-Жауапкершілікке;

-Басқалармен тиімді қарым- қатынас құруға;

Ең бастысы сабаққа қызығушылығы артып, балалардың белсенділігі жоғары болады.

Жүсіп Баласұғн: «Біле бер қанша білсең, тағы тіле. Жетерсің мақсатыңа біле-біле» демекші әр ұстаз жаңа әдіс –тәсілдермен жүйелі жұмыс жасаса, ол ұстаздың алар асуы, ұстаз қоржыны үнемі жетістікке толары сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

[А.Х.Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана, 2012 ]

[ Бөрібаев Б, Балапанов Е «Жаңа ақпараттық технологиялар» 2003 ]

**П. М.ЖАЛОЛОВА, Н.Н.ДАВЛАТОВА,  
Х.Х БОҚИЕВ, В.ҚАЛАНДАРОВ  
(УЗБЕКИСТАН)**

**АТОМ ФИЗИКАСИДАН ЛАБОРАТОРИЯ МАШҒУЛОТЛАРИНИ  
АКТ ВОСИТАСИДА МОДЕЛЛАШИРИШ**

“Атом физикаси”га оид лаборатория ишларини компьютер технологиялари воситасида моделлаштириб бажариш методикаси. Олий таълим муассасаларида “Атом физикаси”га оид лаборатория машғулотлари сифатини хозирги кун талабларига жавоб бера оладиган даражага етказиш, бу фаннинг нафақат асосий-фундаментал қисмининг, балким республикамизнинг таълим, фан ва технологиялар сохасининг асосий ютуғидир. “Атом физикаси”га оид

лаборатория машғулотларини танлашда замонавий фан ютуқлари ва инновацион технологиялар соҳасида олиб борилаётган изланишлар ва эришилаётган натижаларни эътиборга олган ҳолда, коммуникацион технологиялар воситасида моделлаштирилган вертуал лаборатория ишланмаларини келтириш асосида танлаш зарур. Бу эса, физикавий билимларнинг амалий қисми унинг назарий, яъни фундаментал қисмига таянади ва фундаментал билимларнинг бирор аниқ соҳада, ёки ишлаб чиқаришнинг ҳар хил соҳаларида қўлланишини кўрсатади.

XXI аср нафақат илмий-техник ахборотлар кўламининг кескин ортиши билан, балки технологияларнинг сифат жиҳатидан мутлақо янги босқичга кўтарилганлиги билан ҳам фарқланади. Шу боис фаннинг энг сўнгги ютуқларини ўз ичига қамраб олувчи таълим мазмуни ҳам тубдан янгиланиб бориши талаб этилади.

Ўзбекистон Республикаси ҳукумати ахборот технологиялари ва компьютерларни жамият ҳаётига, кишиларнинг турмуш тарзига, мактаб ва олий таълим тизимига жадаллик билан олиб кириш ғоясини илгари суриб, махсус Қарор ва Фармонлар чиқармоқд. Ушбу Қарор ва Фармонларга мувофиқ равишда, узлуксиз таълим тизими, жумладан олий таълимда “Атом физикаси” фанини ўқитишда ахборот коммуникация технологияларини татбиқ этиш, таълим жараёнини компьютерлаштириш долзарб вазифалардан ҳисобланади.

Бугунги кунда ҳар бир фандан, хусусан, “Атом физикаси”да ҳам шу даражада кўп илмий маълумотлар тўпланганки, уларни анъанавий ўқитиш усуллари ёрдамида ўқитиш дастурларида ажратилган соатлар давомида тингловчига етказишнинг иложи йўқ. Бу муаммоларнинг ечимини топиш учун ҳозирда бир қанча ўқитиш усуллари мавжуд бўлиб, улар ичида замонавий ахборот технологиялари воситалари асосида ўқитиш алоҳида аҳамиятга эга. Замонавий ахборот технологияларининг имкониятлари нафақат ахборот технологияларидан таълим тизимида самарали фойдаланишга, балки ундан фан мавзулари бўйича ноанъанавий дарсларни ташкил этишга ҳам имкон яратмоқда. Республикаимизнинг етакчи таълим муассасаларида компьютер технологиялари асосида ўқитиш жараёни таҳлил қилинганда бир нечта йўналишларни кўриш мумкин [23]. Шулардан бири компьютер моделидан фойдаланиш ҳисобланади. Бу йўналиш ўқитилаётган фанларнинг объектларини табиий кўринишда кўрсатиш мумкин бўлмаган маълумотларни ифода этиш имкониятини яратади. “Атом физикаси”га оид маълумотлар, қонуниятлар ва экспериментларнинг аксарияти моделлаштириб тақдим этишни талаб этади. Бу эса ўз навбатида оригиналнинг табиатини аниқлаш, унинг ички, ташқи хоссаларини ва ривожланиш жараёнини кузатиш имкониятини яратади. Лаборатория машғулотларида талабанинг илмий дунёқараши, интеллектуал салоҳияти, яратувчилик қобилиятини илмий дунёқарашини кенгайтиришга йўналтирувчи дастурий воситалар ёрдамида атом тузулишини ёритишда моделлаштирилган усулни қўллаш юқори самарадор эканлигини кўрсатмоқда. Водород атомида  $2p$ - ва  $3d$ -ҳолатдаги электроннинг ядродан энг эҳтимолий масофасини аниқлашда  $2p$ - ҳолат учун қуйидагича ечим топилади:

$$R_{2,1} = \frac{1}{2\sqrt{6}} \left(\frac{1}{r_1}\right)^{\frac{3}{2}} \left(\frac{r}{r_1}\right) e^{\frac{r}{2r_1}} = C * \left(\frac{r}{r_1}\right) e^{\frac{r}{2r_1}} \quad (2.17)$$

бунда

$$C = \frac{1}{2\sqrt{6}} \left(\frac{1}{r_1}\right)^{\frac{3}{2}} \quad (2.18)$$

3d-ҳолат учун:


$$R_{3,2} = \frac{1}{9\sqrt{30}} \left(\frac{1}{r_1}\right)^{\frac{3}{2}} \left(\frac{2r}{3r_1}\right)^2 e^{\frac{r}{3r_1}} = C * \left(\frac{2r}{3r_1}\right)^2 e^{\frac{r}{3r_1}} \quad (2.19)$$

бунда

$$C_1 = \frac{1}{9\sqrt{30}} \left(\frac{1}{r_1}\right)^{\frac{3}{2}} \quad (2.20)$$


C ва C<sub>1</sub> ўзгармас коэффицентлар r<sub>1</sub> – Бор радиуси, Водород атоми учун n=1, электроннинг асосий ҳолати r<sub>1</sub> = 0,53A<sup>0</sup>га тенг булут ҳосил қилади. Электрон ҳам заррача ҳам тўлқин хусусиятига эга бўлгани учун бир энергетик поғонада ҳаракат қилаётган электрон ўз йўналишида иккиламчи (тебранма, айланма) ҳаракатда бўлади.

Шрёдингер тенгламаси *Maple* дастурида моделлаштирилди, ҳосил бўлган моделлар асосида тайёрланган виртуал лаборатория иши қуйидаги кўринишда яратилди (1-расм).



**1-расм. Атомнинг оптик спектрини ўрганишга оид яратилган ишланмада 4d-ҳолатнинг ёритилиши.**

Ушбу моделлаштирилган ишланмани машғулотларда қўллаш учун қуйидаги ёрдамчи маълумотлар тизими билан таъминланди.



**2 - расм. Виртуал ишланманинг маълумотлар тизими блок схемаси.**



Талабаларда квант-механиканинг математик аппарати тўғрисида тўлақонли тасаввур ҳосил қилиш;

Шрёдингер тенгламасини зарранинг марказий-симметрияли майдондаги ҳаракатига татбиқ қилиб квант сонлар ва уларнинг маъносини талабаларга тушунтириш;

Атом тузилишининг квант-механик моделларини ёритиш ва юқоридаги имкониятларни таълимга жорий этиш “Атом физикаси”га оид лаборатория машғулотларини ўқитишнинг самарали эканлигини олиб борилган изланишлар, илмий-методик тадқиқот ва педагогик тажриба натижалари тасдиқлайди.

Адабиётлар

1. Jalolova P.M. The plotting of the atom orbit using the Maple program.// Science and world. –Volograd, Russia, 2018. № 1. –P. 19-23. (Impact Factor 0,325)

2. Jalolova P.M. Quantum mechanical models of spectrum and orbital of Hydrogen atom // Eastern European Scientific Journal. –Germany.-2018.-№3.–P.430-434. (13.00.00, № 1).

3. Jalolova P.M. Quantum mechanical structure of hydrogen atom. International Conference “Science, research, development”// Berlin. 30-31.06.2018. P.242-247.

**ПЕСОЦКАЯ Л. А., НАУМЕНКО О.Ю., ЛОЯН Ю.А.,  
ХОЗЛУ О.Л., КОВАЛЬЧУК Л.В.  
( ДНЕПР, УКРАИНА)**

## **ГАЗОРАЗРЯДНАЯ ЭКСПРЕСС-ДИАГНОСТИКА ПАТОЛОГИИ СОСУДОВ ГОЛОВЫ**

**Актуальность темы.** Болезни сосудов головного мозга в последнее время распространены во всем мире и продолжают расти в структуре заболеваний среди населения, в том числе трудоспособного возраста. Нередко они являются причиной преждевременной инвалидизации больных и летального исхода. Первыми проявлениями сосудистых нарушений часто бывают острые состояния, требующие госпитализации.

Согласно эпидемиологической информации, содержащейся в Унифицированном клиническом протоколе медицинской помощи (УКПМП) при ишемическом инсульте, утвержденном приказом Министерства здравоохранения Украины №602 от 03.08.2012 г., ежегодно в Украине от 100 до 120 тыс. чел. впервые переносят мозговой инсульт, т.е. заболеваемость составляет 280–290 случаев на 100 тыс. населения и превышает средний показатель в развитых странах Европы (200 на 100 тыс. населения). Около трети заболевших инсультом в нашей стране (33–36%) — люди трудоспособного возраста [8].

Поэтому, актуальным является разработка экспресс-методов для раннего установления высокого риска этой патологии на этапе первичного звена оказания медицинской помощи для целевого обследования общепринятыми

методами и своевременного проведения профилактических или лечебных мероприятий.

Установлено, что физиологический гомеостаз организма зависит от его энерго-информационного гомеостаза [1, 5, 6]. Последнее возможно анализировать методами, основанными на газоразрядной визуализации объектов короной их свечения в поле высокого напряжения, открытой супругами Кирлиан и известно в мире, как эффект Кирлиан [3].

В 1983 г. доктор П. Мандел (ФРГ). Используя этот метод, опубликовал диагностические карты для энергетической диагностики состояния здоровья человека по конечным точкам рук и ног [7]. Им установлено, что существует взаимосвязь между электрическим и физиологическим состоянием клеток. Изменения в одном из них влияют на другой. Полученное соответствие секторов короны свечения вокруг пальцев органам и системам организма позволяет оценивать их состояние. Эта методика была использована в медицинской практике для определения адаптационных реакций организма при патологии сосудов головы по характерным кирлианографическим признакам [2], что требует дальнейшего изучения. Важное практическое значение имеет появление их на доклинической стадии заболевания.

**Целью работы** было провести сравнительный анализ кирлианографических признаков с результатами стандартных инструментальных методов исследования у пациентов с патологией сосудов головы для раннего выявления нарушений мозгового кровообращения при отсутствии их клинических проявлений.

**Материал и методы исследования.** Методом кирлианографии обследовали 42 пациента неврологического отделения с сосудистыми расстройствами при различных заболеваниях. Из них у 17 чел. была вегетососудистая дистония (ВСД), у 19 чел. – гипертоническая болезнь, у 4 чел. сахарный диабет, у 2-х истинная полицитемия. Диагноз был установлен по результатам стандартных клинико-лабораторных и инструментальных исследований, в том числе, реоэнцефалографии, ультразвуковой диагностике магистральных артерий головы (доплер МАГ).

Кирлиан-диагностику у пациентов проводили на рентгеновской пленке после воздействия на подушечки пальцев обследуемых импульсным током высокой частоты, которую проявляли стандартным способом. Использовали экспериментальный прибор «РЕК 1», разработанный УкрНИИ технологий машиностроения (г. Днепропетровск) и «Кирлиан-биоэлектрограф (г. Новосибирск, Россия).

Полученные изображения газоразрядного свечения (ГРС) анализировали по форме с формированием групп пациентов по типу свечения [5], что соответствовало стадии формирования патологии.

Нормальный тип свечения характеризуется короной вокруг пальцев рук в виде четкого цельного внутреннего кольца, среднего стримерного слоя и внешней люминесценции (рис. 1). На рис. 2 приведены примеры эндокринно-токсического типа свечения. Для эндокринного типа характерны выпадения стримеров в короне, для токсического – дефекты в короне в виде точек.







Рис. 1. Нормальный тип свечения. Рис. 2. Эндокринно-токсический тип

Неравномерность стримерного слоя свечений в короне свидетельствует о астенизации организма, снижении эмоционального равновесия. При развитии патологического процесса возникает активная метаболическая реакция организма на неблагоприятные для гомеостаза факторы, что проявляется токсическим типом свечения. При формировании структурных или дистрофических изменений в клетке и тканях в короне свечения появляются признаки дегенеративного типа свечения (рис. 3). В начале этого этапа с увеличением анаэробного пути клеточного дыхания в короне свечения появляются участки уплотнения стримеров в отдельных зонах, соответствующим органам и системам по патогенезу заболевания (рис. 3а). По мере тяжести процесса на кирлианограмме плотность стримеров увеличивается вплоть до исчезновения их рисунка, увеличивается площадь засветки пленки, что отражает уменьшение световых и увеличение тепловых явлений в клеточном метаболизме (рис. 3б).



а



б

Рис. 3. Дегенеративный тип свечения

По типу свечения больных разделили на 2 группы. В первую группу вошли 22 пациента с признаками эндокринно-токсического типа свечения с элементами частичной дегенерации. Во вторую группу вошли 20 больных с признаками выраженного дегенеративного типа свечения вокруг всех пальцев.

**Результаты.** Полученные результаты кирлианографического исследования в сравнении с показателями РЕГ представлены в таблице 1.

Таблица 1 - Показатели РЕГ и кирлианограмм у пациентов 1-ой и 2-й групп

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

р.														
						т								
	0,9	,1		,1	7,2	0,0	3,6	,1	3,6	6,3		00	4,5	3,6
	0,0	5,0	5	5,0	5,0	0,0	0,0			00	,0	5,0	0,0	0,0

Продолженне таблицы.

Осы орайда поэтика мәселесінде де стильдің әдебиет пен тілге қатыстығы ежелден даулы нәрсе болып келе жатқандығын қазіргі қазақ лирикасының поэтикасын зерттеушілердің бірі Бақыт Кәрібаева да баса көрсеткен. Демек, әдебиет теориясының бір саласы болып табылатын поэтика соңғы жылдары поэзиядағы бейнелілік, стиль, эстетика мәселелерін өз алдына объект етіп қарастыруда. Поэтика мен эстетиканы поэзияның көркемдік ерекшелігі, бейнелілігі тұрғысында қарасақ, енді оның идеялық бағытын айқындау құралы ретінде де тануымызға болады. Бұл аты аталғандардың қай-қайсысы поэзиядағы стильді анықтауда айрықша маңызды роль атқарады. Мәселен, бейнелілік стильмен тікелей байланысты. Тіпті оны стильдің көрсеткіш құралы десек те болады. Ал, кең мағынада поэтика деп алсақ, оның ауқымы стильден әлдеқайда үлкен деген Храпченко пікіріне сөзсіз қосылуға болады [2].

Өмірді көркем бейнелеу сипаты, ең алдымен, ақынның сол өмірді бейнелеу үшін тандаған әдісінің негізінде айқындалады. Қай ақын болмасын әдіске сөз сомдау үстінде төселеді.

Кез-келген ақынның я қаламгердің стиль жағынан, бейнелеуіш құралдарды қолдануы жағынан өзара ұқсастық, айырмашылықтарын ажыратуда шығармашылық істе пайдаланған көркемдік әдістері шешуші роль атқарады. Бұдан ақын, жазушылардың идеялық-эстетикалық ерекшеліктері де айрықша танылады. Шынайы таланттардың жазу машығы өзгелерден оқшау, дара көрінеді. Қолға алғаннан-ақ, кімнің жазғанын стилінен қапысыз аңғаруға болады. Мәселен, Абай, Мағжан, Қасым, Мұқағали стилі десек, оны айтқызатын - айрықша айшықты, өзгелерден ерек, дара бітімді қолтаңбалары.

Әлбетте, поэзиядағы поэтикалық категориялар мен көркемдік әдіс ақын стилін танытуға көмектескенімен бүкіл шығарманың өн бойынан көрініп тұрады деп айта алмаймыз. Бұл тұрғыдан алғанда поэзиядағы стиль нақты жүзеге асқан үлгіде көрініп, оның ерекшеліктері ақын өлеңінде сыртқы пішінінен бастап, бүкіл болмысында көзге ұрып тұрады.

Дегенмен, поэзияда әдіс өзгерсе, оның әсері стильге тимей қоймайды. «Бұл - стиль құрайтын шешуші фактор» [3]. Кейбір ғалымдар (А.Н.Соколов) аксиомаға жақын мынандай тұжырым жасайды: «дүниетанымсыз әдіс туралы айта алмасак, онда стиль жайлы сөз еткенде, әдіске тоқталмау мүмкін емес - мұнда өзара тұтас байланыс бар» [4].

Әдіс пен стиль ақын қаламының ұшында тоғысады. Осы орайда стильдің тарихи тұрғыдан өзгермелі болып келетінін Г.Н. Пospelов өзінің «Әдеби стиль мәселесі» атты еңбегінде көрсеткен еді [5]. Дәл осылайша әдіс жүйесінің де бір орында байыздап тұрмай, замана ағымына және дүние жүзі әдебиетінің тыныс - деміне орай өзгеріп, сан құбылып отыратындығын Ш. Елеуенов қазақ ақындарының ішінде әсіресе Мағжан творчествосында кездесетіндігі арқылы дәлелдейді. «Схемалық түрге келтіргенде Мағжан поэзиясы ағартушы реализм, сыншыл реализм, романтизм, реализм мен романтизмнің өзгеше бір тоғысуында жаңа заман әуендеріне үн қосу сатыларынан өткен» - деп жазады тұжырым жасаушы [3].

Бір дәірде шығармашылықпен айналысқан қаламгерлер тобына тән стиль мен жеке қаламгер стилі арасында ортақтастық жоғарыда біз айтқан көркемдік әдістен туындайтын әдеби ағымға тікелей байланысты. Мысалы, , қазақ ақындары Абай, Мағжан, Сәкен сынды ақындар мен Еуропа ' ақындары Байрон, Гете, Пушкин, Блок, Мережковский т.б. шығармашылығында көркемдік әдіс қайталана отырып, өнердегі өмірді бейнелі суреттеудің ортақ ерекшеліктерін айқындап, сол арқылы бір емес, бірнеше елде әдеби ағым (бағыт) туындатты. Мысалы, реализм, романтизм, символизм т.с.с. Демек, бірін-бірі танымайтын ақындардың стиль жағынан ұқсас келуінің өзі бір жағынан идеялық-эстетикалық принциптердің орайлас келуі болса, екінші жағынан олардың бір ағым өкілдері болып есептелуінде. Я болмаса «уақыт талап етсе, өзге көркемдік жүйеде жазылған шығармаларды еске ала отырып, соған орайлас туынды жасалуы ғажап емес» [3]. Мұның өзін әр дәуір ақындарында кездесетін стильдік үндестік деуімізге де болады.

Қай ақынның болмасын стилінің байлығы – көркемдік ізденіс нәтижесінің жемісі. Ақын суреткер ретінде марқайып, айрықша стиль танытуына, шеберлік шыңына жетуіне өзінен бұрынғы ақындар мектебі, өз ортасы, заманы айрықша әсер етеді. Сондай-ақ, жеке ақынның, тұтастай қазақ лирикасының биігін межелеуде көркемдік әдіс, әдеби ағым, сөз саптаудағы бейнелеуіш құралдар, көркемдік құрылымдар, бір сөзбен айтқанда стиль шешуші роль атқарады. Осыған орай жоғарыда айтқандарымызды А. Григорянның тұжырымымен қортындылайтын болсақ,: «Стиль әдіске де, дүниетанымға да, суреткердің жеке басы мен жазу машығына да, өз дәуірі жөніндегі ұғымы мен өз творчествосының ұлттық сипатына да бірдей қатысты... Стиль - әлгі категориялардың кемел тұтастығы» болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ахметов К. Әдебиеттану әліппесі. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. - Б. 184.
2. Храпченко М.Б. Познание литературы и искусства, теория пути

современного развития. - М.: Наука, 1987. - С. 79.

3. Елеуісенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. - Алматы: Жалын, 1997. - Б. 366.

4. Соколов А.Н. Теория стиля. - М.: Знание, 1968. - С. 240.

5. Пospelов Г.Н. Проблемы литературного стиля, - М.: Знание, 1970. - С. 256.

*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., С. Аманжолов атындағы ШҚМУ доценті  
Сейпутанова Айымгүл Қамзақұзы*

## **СЕЙПУТАНОВА А.Қ., ИНТЫКПАЕВА Б.Т. (ӨСКЕМЕН, ҚАЗАҚСТАН)**

### **ТЫНЫШТЫҚБЕК ӘБДІКӘКІМОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МИФТІК САРЫН**

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Т. Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты, бірнеше мәрте Президент стипендиясының иегері, «Шығыс шынары» атты Халықаралық ақындар мұшайрасының жұлдегері Тыныштықбек Әбдікәкімов қазіргі поэзияға Нұрлан Мәукенұлы, Светқали Нұржанов, Гүлнар Салықбаева, Жанат Әскербекқызы, Маралтай Райымбекұлы сынды ақындар тобындағы толқынмен бірге келген. Аталмыш ақындарға кезінде белгілі әдебиеттанушы, ҰҒА - ның академигі, ғалым Р.Нұрғали: «...бұл ұрпақ ұлттық дәстүрлерді ғана емес, әлемдік үздік үлгілерді жақсы игерген, әдеби дайындығы, эстетикалық талғамы аса мол толқын » - деп баға берген.

Тыныштықбек Әбдікәкімов - 1953 жылы 20 маусымда Шығыс Қазақстан өңірі, Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген. Көнедегі Көк түріктер әуенін жаңғыртып, бүгінгі поэзияға өзіндік өрнек салған ақиық ақынның қаламынан «Ақшам хаттары», «Рауан», «Қас Сақ Аңқымасы», т.б. жыр жинақтары жарық көргені мәлім. Ақынның жауһар жырларында адам ғұмырындағы қуаныш пен қайғы, махаббат сезімінің тылсым сырлары, жалғыздықтың жан азабы, адам рухының екіұдай болып жарылуы, өмір мен өлім арасындағы күрес, ғарыштық әуендер, қамшының сабындай пенде ғұмыр мен мәңгілік уақыт сарыны, адам мен табиғат арасындағы диалектикалық байланыс немесе қарама - қайшылық, бағзы заманнан жеткен мифтік сарын – желідей тартылып, сан алуан сөз кестесімен құбылып, бейнелі бедер тауып, қайталанбас даралық сипатын танытып, ақындық стилін айқындай түскен.

Қазақ жазба әдебиетіндегі кейіптеу тәсілі Абай поэзиясынан алғаш көрініс тапқаны белгілі. Мұндағы кейіптеудің өзі көне мифтегі анимизммен сабақтасып жатыр. Бұл туралы ағылшын ғалымы Э.Тэйлор өзінің «Алғашқы қауымдық мәдениет» атты еңбегінде анимизмнің мифологиялық мәніне, шығу тарихына, оның екі бөлігін: жан мен өзге рухтар туралы, жанның өлімнен кейінгі әрекетіне, тірілу туралы түсініктерге, болашақ өмір, екінші мәрте өлім, өлілер әлеміндегі рухтың саяхаты туралы түсініктерге, жер үсті және жер асты әлеміндегі жағдайларға, анимизмнің діни табиғатына жан - жақты талдау

жасайды [1, 259 - б.]. Мифологиялық сөздікке жүгінсек, «Анимизм – қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының рухы, жаны бар деп пайымдаған түсінік. Анимизм алғашқы қауымдық дін негізінде және алғашқы адамдардың табиғат күштері алдындағы дәрменсіздігінен туындаған. Мифология анимизмді орманның, таудың, ағаштардың, бұлақтың, өзеннің, жел мен толқынның жаны бар деген сенімінен туындағанына куәлік етеді. Жыл мезгілдерінің ауысуы, тасқынның болуы, дауыл, т.б. құбылыстарды ежелгі адамдар табиғаттың жанды күштері түрінде түсініп, адамға тән іс - әрекетке ие адам бейнесінде қабылдаған» [2, 12-б.]. Ғалым С.Қасқабасов осы анимистік наным - сенімнің көркем әдебиеттегі кейіптеумен сабақтастығын көне мифтің көркем мифологияға айналуы ауқымынан қарастырады [3, 91- б.]. Кейіптеу үлгілері қазақ фольклорынан бастап бүгінге дейінгі әдебиетте де, өзге халықтың көркем туындыларында да көптеп кездеседі. Мифтік сипаттағы кейіптеу үлгілерін жазба әдебиет поэзиясында жоғарыда айтқанымыздай Абайдан бастап, әр кезең поэзиясына сиқырлы сөз кестесімен ерекше өрнек салған Мағжан Жұмабаев, Мұқағали Мақатаев, Есенғали Раушанов, Жанат Әскербекқызы, Тыныштықбек Әбдікәкімов сынды ақындар шығармашылығынан молынан ұшыратуға болады. Мысалы, Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясындағы мифтік сипат ақындық дүниетанымының кеңдігін, көзқарасының тереңдігін әрі дүние - құбылысты қабылдауында ешкімге ұқсамайтын даралығын байқатады:

... Қайдасың сен, бауырым - қоңыр тауым?!

Қайдасың сен, самал жел - қарындасым?!

Қайнамайды мендегі қалайша қан:

(Қаңтарда да көрмедім балауса қар!)

Көз алдымда барасың сен үзіліп,

Көде мұртты Далам - ай, селеу сақал!

Түсіндіре алар ма мұны ғалым,

Түйсіктердің сайрағыш тілі қане?

Көрсетпеші бұралқы итке айналып,

Ағысы жоқ арнаның ұлығын! [4,23 - б.].

Бұл өлеңнің өн бойында лирикалық қаһарман өзін туған өлкесі табиғатының бір бөлшегі ретінде танытқанымен, айналаға көрік беріп, мен мұндалайтын тауынан, бетті өбетін самал желінен, «көде мұртты, селеу сақал» даласынан айырылып, сұлу табиғаттың сұрқы кетіп, әдеміліктің ауылы алыста қалғанын, соған кінәліні іздегендей ғалымнан жауап сұрауы мифтік таным, түсініктің адамзат санасының даму барысында трансформацияға ұшырап, басқа мақсатқа - көркемдік - эстетикалық қызметке ауыса отырып, экологиялық мәселені көтеруімен ерекшеленеді. Осы орайда белгілі ақын Жанат Әскербекқызы мен Т.Әбдікәкімовтің ақындық әлеміндегі адам мен табиғат арасындағы диалектикалық байланысты, табиғат трагедиясын суреттеуде өзара үндестікті байқауға болады. Алайда, әр ақынның өзіндік сөз саптау үлгісіндегі ерекшелікті, дара стильді де аңғару қиын емес. Жанат ақынның:

Бәрінен де жұрт оны биік депті...

Тұратын - ды сол терек сүйіп көкті,

Сайтан құйын бір күні ойнақтап кеп,



Тамырымен қопарып жұлып кетті.  
Жатты терек. Жай емес жылап жатты.  
Жансыз ағаш, зар - мұңын кім аңдапты.  
Жапырағы төгіліп көз жасындай  
Жүрер жолда көлденең сұлап жатты... [5].

деген өлең шумағында «сайтан құйынның ойнақтап кеп» теректі тамырымен қопарып, жұлып кетуі, яғни, өктем күштің әлсізге әлім жеттік жасауы және теректің де адамға тән әрекеті кейіптеле суреттеліп, сол арқылы лирикалық қаһарманның көңіл - күйі табиғат суретінің бойына сіңіп, өзгеше бір көркемдік тәсілмен өрнек тауып, ақынның өзіне тән стилін танытқан. Сайтан құйынның қиянатшыл әрекетінен қорғана алмаған теректің халі трагедиялық қалыппен көрінген. Көркемдік шындық тұрғысынан терек болып бейнеленген образдың ақиқат өмірдегі нәзік жанды, қорғансыз қыз табиғатынан еш айырмасы жоқ деуге болады. Өлеңдегі сайтан құйын өмірдегі жағымсыз сипаттағы типтерге ұқсас. Жоғарыдағы талдау мифологиялық ойлау жүйесіне тән анимистік наным - сенімнің көркемдік ойлау шеңберінде метафоралық - символдық мәнге ұласа отырып, сыршыл сезімге толы өлеңнің өзегі болғанын аңғартады. Аталмыш ақындар қазіргі қазақ поэзиясын тың арнаға бұрып, өлең техникасы мен мелодикасына, көркемдік әлеміне ерекше жаңалық әкеліп, құбылысқа айналғандар десек, еш артық айтпаған болар едік.

Т.Әбдікәкімов Адам-қоғам-уақыт жаңалықтарын, замана келбетін ақындық дүниетанымы, пайымдауы тұрғысынан парасаттылықпен, сезім сергектігімен, таным тереңдігімен жаңаша жырлайды.

... Мен бейшара Даламның айтқан сырын,  
пенделердің тіліне аударамын!  
Ей, Уақыт, сөз берме,  
Берсең маған

Ұлып шыққан ойлардың кезегін бер! [4, 20 - б.] -

дейді. Ақын ұлы Даланың сырын ұғып, тереңнен ой толғап, соны өлең үлгісіне көшіруге өлердей ынтық, құштар. Мұнда ақын өлеңін бейне бір өзі жазып отырмағандай, тек Даланың сырлы жырын жүрегімен тыңдап, жанарына көшіріп, қағаз бетіне түсіргендей. Осы орайда белгілі ақын Серік Ақсұңқарұлы: «Жалпы, Т.Әбдікәкімов нені айтып, нені жазса да тыңнан жол салуға шебер. Оған айсыз түнде даласы мен дарыны адастырмайтын, жалғызсыратпайтын жансерік. Ақын арманы - табиғаттың қаз қалпында сақталуын аңсау» - дейді [6, 417 - б.].

Тоналған табиғат, күйкі тірлік құрбаны болып кеткен адамдарды көрген ақын сан қилы ой жетегіне ілеседі:

Тағдырыңа тақсырет тап болды ма,  
Сыртыңда - шөл, жұртым-ай, ішіңде - шер?!  
...Неге, неге, мына жұрт салғырт, керең?  
Ойлай білер ұлдары мәңгүрттенген...

Ұлттық намыс, ел болашағы туралы толғаныстан туған мұндай әрі мұңды, әрі жігерінді қамшылайтын қайсар жырлар Тыныштықбектің ақындық талантына тәнті етері сөзсіз.

Дала - ақын өлеңдерінде көбінесе жанды бейнеде көрініс тауып, әрі кейіптеу, әрі символдық тәсіл ретінде сипатталғанын жоғарыда да айттық. Демек, Дала - Тыныштықбек үшін, ең бірінші, өзі туған өлкесі-Шыңғыстау. Ол аймақ Семей даласының ядролық алаң полигоны болғаны белгілі. Екіншіден, Дала-қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімі.

Күн кірпігін ашқанда, тақыр Дала көрінген,

Қалаға да сол тақыр қорқынышты өлімнен.

Қасқыр да жоқ ол жақта

Арқар да жоқ. Құрыған.

Тек иттері мияулап, мысықтары ұлыған.

Жер төсіне сол жақта Атом сынақ қаққан-ды

Мекендейтін халқы да қара халық ақ қанды [4, 76 - б.].

Мұндағы «тақыр дала», «ақ қанды қара халық» – тамыры тереңге кеткен ұлт трагедиясы. Ақын иттерді мияулатып, мысықтарды ұлыту арқылы табиғатта пайда болған қатерлі дисгормонияны, экологиялық апатты өзек етіп, қабырғасы қайыса, жүрегі қан жылай отырып, азаматтық ішкі ой арпалысын, жан айғайын, арманын аңғартады. Ақын арманы - «қайткен күнде далаға жан кіргізу», сол үшін өзін «құрбандық етуге де» дайын шешімі.

«Сор тағдырға көнген сор даланың» сұрғылт келбетін, аянышты халін баяндайтын «Сөз сүйегін өлшемес, мұңды өлшегін», «Қара дала», «Бір тал үкі» т.б. шығармаларында табиғат экологиясы ғана емес, адам баласының рухани әлеміндегі экология да барынша терең философиямен астасып, адамзаттық проблеманы қозғаған.

Академик С.Қирабаев: «Қазақ халқының ұлттық ой-санасының жүдеп бара жатқанын көрген зиялы азаматтар 1960-70 жылдардан бастап, халық тарихының оқиғалары негізінде ұлттық сананы оятып, тәрбиелеуге көркем әдебиетті пайдалану мақсатын қойған еді», - дейді [7, 224 - б.]. Сол зиялылардың қатарындағы Т.Әбдікәкімов те өз өлеңдерінде өткен тарихқа көз жіберіп, бүгіннен ой толғағанын аңғаруға әбден болады. Мысалы, «Қайран» өлеңінде Абайдың сыншылдық дәстүрін жалғастыра отырып, қазақ мінезін егжей-тегжейлі сөз ету арқылы өзіне тән сөз саптау үлгісін танытқан. Бұл өлең ұлт мінезінің жағымсыз жақтарын сынаумен ғана емес, олардың ұлт тағдырына тигізген әсерін қоса жырлайды.

Мен - қазақпын,

Зарығымда қан жылап,

Суқанымда сүт күлген!...

Мен - қазақпын,

Делебемнен селебем,

Кезенемнен кебенегім бар!

Мен - қазақпын

Дәтім кәлимадан да ауыр

Зәрем жаһаннамнан да терең.

Осы жолдардан ақынның жұртым деп соққан жүрегі, ұлтына деген ыстық махаббаты айқын көрінеді.

Ақын туралы Ә. Кекілбаев: «Бұл – менің бұрын-соңды көрмеген де, естімеген де қаламгерім. Ешкімді қайталамайтын, қазақ өлеңдерінде ара-тұра ұшырасып қалып жүрген талай-талай соны соқпақтарды соңына дейін жеткізіп, айдын жолға салған аршынды, сонысымен де көзіне ол туралы сойқан елестейтін айбынды ақын. Бұрын-соңды болмаған ақын... Басқасын қойғанда, ырғағымен, әуезі, көз тастасы мен сөз саптасының өзі талай-талай жайттарды жадыма салды... Тынышбек Әбдікәкімовті де біреу ұғар, біреуі ұқпас, біреу құптар, біреу құптамас, бірақ ол ешкім елемей кете алмас, ескермей қала алмас, айрықша нысаналы ақын.. », - деген екен.

Расында, Т. Әбдікәкімовтің ғажайып, сырға толы ақындық әлемі оңайлықпен, бірден айқара ашыла салмайды. Қайта-қайта оқи отырып, кестелі сөздерін сөйлету арқылы ой түйінін тарқатып, құпия кілтін табуға, тереңіне бойлауға қадам басатыныңыз сөзсіз. Сондықтан да ақынның жауһар жырларындағы сөз түйдегін, ой салмағын түйсіктің таразысына салып, сана сүзгісінен өткізу үшін оқырманның өзінен пайымды парасаттылықты, таным көкжиегінің кеңдігін, білімпаздықты талап етеді.

Болашақта ақын жырлары арнайы зертеу нысанына алынып, жан-жақ қырынан зерттелетіні сөзсіз.

### Әдебиеттер:

1. Тэйлор. Первобытная культура. М., 1939.
2. Мифологический словарь. М., 1990.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы. 1984.
4. Әбдікәкімов Т. Ашам хаттары. Алматы. 1993.
5. Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. Алматы. 2007.
6. Ақсұңқарұлының С. Анти-поэзия / С.Ақсұңқарұлы // Қазақ әдебиеті.- 2002.- 29 қараша.
7. Қирабаев С. Талантқа құрмет. Мақалалар. Зерттеулер. Портреттер. - Алматы: Жазушы, 1988.

*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., С. Аманжолов атындағы ШҚМУ доценті Сейпутанова Айымгүл Қамзақовы*

**СЕЙПУТАНОВА А.Қ., САБИЕВА Л.Т.  
(ӨСКЕМЕН, ҚАЗАҚСТАН)**

### ҚАЗІРГІ ЛИРИКА ЖӘНЕ КЕЙІПТЕУ ТӘСІЛІ

Жанат Әскербекқызы қазіргі поэзияға Нұрлан Мәукенұлы, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Светқали Нұржанов, Гүлнар Салықбаева, Маралтай Райымбеков сынды ақындар тобындағы толқынмен бірге келді. Аталмыш ақындарға белгілі әдебиеттанушы ғалым Р.Нұрғали: « бұл ұрпақ ұлттық дәстүрлерді ғана емес, әлемдік үздік үлгілерді жақсы игерген, әдеби дайындығы, эстетикалық талғамы аса мол толқын » - деп баға береді.

Шығыс Қазақстан өңірі, Тарбағатай ауданының тума таланты көнедегі «Көк түріктер әуенін» жаңғыртып бүгінгі поэзияға өзіндік өрнек салған Ж.Әскербекқызы қазақ поэзиясында 1980 – жылдардан бастап таныла бастады. Содан бері «Ғарыш билер ғұмырымды», «Қаракөз бұлақ», «Қаңтардағы қызыл гүл», «Көк түріктер әуені», «Қаз қанатындағы ғұмыр» т.б. жыр жинақтарының авторы ретінде қалың жұртшылыққа мәлім. Қай жыр жинағында болмасын, ақын қаламына тән нәзік сыршылдық, тылсым дүние саздары, табиғатпен үндестік, сағыныштың мұңлы әуені көрініс беріп отырады. Сондай – ақ, өлеңдерінде адам ғұмырындағы қуаныш пен қайғы, махаббат сезімінің тылсым сырлары, жалғыздықтың жан азабы, адам рухының екіұдай болып жарылуы, өмір мен өлім арасындағы күрес, ғарыштық әуендер, қамшының сабындай пенде ғұмыр мен мәңгілік уақыт сарыны, адам мен табиғат арасындағы диалектикалық байланыс немесе қарама - қайшылық, бағзы заманнан жеткен мифтік сарын – желідей тартылып, сан алуан сөз кестесімен құбылып, бейнелі бедер тауып, ақынның қайталанбас даралық сипатын танытып, стилін айқындай түскен.

Қазақ жазба әдебиетінде кейіптеу тәсілі Абай поэзиясынан алғаш көрініс тапқаны белгілі. Мұндағы кейіптеудің өзі көне мифтегі анимизммен сабақтасып жатыр. Бұл туралы ағылшын ғалымы Э.Тэйлор өзінің «Алғашқы қауымдық мәдениет» атты еңбегінде анимизмнің мифологиялық мәніне, шығу тарихына, оның екі бөлігін: жан мен өзге рухтар туралы, жанның өлімнен кейінгі әрекетіне, тірілу туралы түсініктерге, болашақ өмір, екінші мәрте өлім, өлілер әлеміндегі рухтың саяхаты туралы түсініктерге, жер үсті және жер асты әлеміндегі жағдайларға, анимизмнің діни табиғатына жан - жақты талдау жасайды [1.259 б]. Мифологиялық сөздікке жүгінсек, «Анимизм – қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының рухы, жаны бар деп пайымдаған түсінік. Анимизм алғашқы қауымдық дін негізінде және алғашқы адамдардың табиғат күштері алдындағы дәрменсіздігінен туындаған. Мифология анимизмді орманның, таудың, ағаштардың, бұлақтың, өзеннің, жел мен толқынның жаны бар деген сенімінен туындағанына куәлік етеді. Жыл мезгілдерінің ауысуы, тасқынның болуы, дауыл, т.б. құбылыстарды ежелгі адамдар табиғаттың жанды күштері түрінде түсініп, адамға тән іс - әрекетке ие адам бейнесінде қабылдаған» [2.121б]. Ғалым С.Қасқабасов осы анимистік наным - сенімнің көркем әдебиеттегі кейіптеумен сабақтастығын көне мифтің көркем мифологияға айналуы ауқымынан қарастырады [3.91б]. Кейіптеу үлгілері қазақ фольклорынан бастап бүгінге дейінгі әдебиетте де, өзге халықтың көркем туындыларында да көптеп кездеседі. Мифтік сипаттағы кейіптеу үлгілерін жазба әдебиет поэзиясында жоғарыда айтқанымыздай Абайдан бастап Мағжан Жұмабаев, Мұқағали Мақатаев, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Есенғали Раушанов, Жанат Әскербекқызы сынды ақындар шығармашылығынан молынан ұшыратуға болады. Мысалы, Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясындағы мифтік сипат ақындық дүниетанымының кендігін, көзқарасының тереңдігін әрі дүние - құбылысты қабылдауында ешкімге ұқсамайтын даралығын байқатады:

... Қайдасың сен, бауырым – қоңыр тауым?!

Қайдасың сен, самал жел – қарындасым?!

Қайнамайды мендегі қалайша қан:  
(Қаңтарда да көрмедім балауса қар!)  
Көз алдымда барасың сен үзіліп,  
Көде мұртты Далам – ай, селеу сақал!  
Түсіндіре алар ма мұны ғалым,  
Түйсіктердің сайрағыш тілі қане?  
Көрсетпеші бұралқы итке айналып,  
Ағысы жоқ арнаның ұлығанын! [4.23 б].

Бұл өлеңнің өн бойында лирикалық қаһарман өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде танытса да, айналаға көрік беріп, мен мұндалайтын тауынан, бетті өбетін самал желінен, «көде мұртты, селеу сақал» даласынан айырылып, сұлу табиғаттың сұрқы кетіп, әдеміліктің ауылы алыста қалғанын, соған кінәліні іздегендей ғалымнан жауап сұрауы мифтік таным, түсініктің адамзат санасының даму барысында трансформацияға ұшырап, басқа мақсатқа – көркемдік – эстетикалық қызметке ауыса отырып, экологиялық мәселені көтеруімен ерекшеленеді. Осы орайда Жанат Әскербекқызы мен Т.Әбдікәкімовтің ақындық әлеміндегі адам мен табиғат арасындағы диалектикалық байланыс, табиғат трагедиясын суреттеу өзара үндес болғанымен, әр ақынның өзіндік сөз саптау үлгісі, дара стилі айқын аңғарылады. Жанат ақынның:

Бәрінен де жұрт оны биік депті...  
Тұратын – ды сол терек сүйіп көкті,  
Сайтан құйын бір күні ойнақтап кеп,  
Тамырымен қопарып жұлып кетті.  
Жатты терек. Жай емес жылап жатты.  
Жансыз ағаш, зар – мұңын кім аңдапты.  
Жапырағы төгіліп көз жасындай  
Жүрер жолда көлденең сұлап жатты... [5].

деген өлең шумағында «сайтан құйынның онақтап кеп» теректі тамырымен қопарып, жұлып кетуі, яғни, өктем күштің әлсізге әлім жеттік жасауы және теректің де адамға тән әрекеті кейіптеле суреттеліп, сол арқылы лирикалық қаһарманның көңіл – күйі табиғат суретінің бойына сіңіп, өзгеше бір көркемдік тәсілмен өрнек тауып ақынның өзіне тән стилін танытқан. Сайтан құйынның қиянатшыл әрекетінен қорғана алмаған теректің халі трагедиялық қалыппен көрінген. Көркемдік шындық тұрғысынан терек болып бейнеленген образдың ақиқат өмірдегі нәзік жанды, қорғансыз қыз табиғатынан еш айырмасы жоқ деуге болады. Өлеңдегі сайтан құйын да өмірдегі жағымсыз сипаттағы типтерге ұқсас. Жоғарыдағы талдау мифологиялық ойлау жүйесіне тән анимистік наным – сенімнің көркемдік ойлау шеңберінде метафоралық – символдық мәнге ұласа отырып, сыршыл сезімге толы өлеңнің өзегі болғанын аңғартады. Жанат Әскербекқызының көптеген өлеңдерінен күндізгі күйбің тіршіліктен, пенде ғұмырдан ақын тыныш тауып, өзімен өзі қалып, табиғатпен емін еркін сырласып, ғарышқа құлаш сермеуі күннің түнге ұласқан шағы, әсіресе, қызыл іңір екенін байқау қиын емес. Демек, ақындық шабыт айтып келмесе де, күндіз көкейде тоғытылған ой түн баласында маза таптырмай, ақын қиялына қиял

қосып, оны табиғаттың бүтін бір бөлшегіне айналдырады. Мысалы, Ақынның «Ай екеуіміз...» атты диалогқа құрылған өлеңі мынадай экспозициямен басталған: «...Тамыз айында тым қашықтағы ауылыма сапар шектім. Пойыздан түскен соң да жеңіл машинамен талай жол жүру керек. Кештете шыққанбыз... «Халің қалай?» деп жұлдыз біткен жамыраса бастап еді, Айдың сабырлы да, салқын әрі өктем үні оларды сап тыйды. Оң қапталымда, биікте, бір қырынан жайғасып алған Ай қалмай ілесіп келеді, тоқталмай әңгіме айтып келеді... Бір сәтте мен өзімді ауылыма қарай Ай жетелеп әкеле жатқандай сезіндім... Қараңғылық қоюланған сайын Ай айқындала түсті. Менімен бірге жүріп келеді... Жүзіп келеді. Айтқан әңгімесі де тым қызықты, тым мұңды, тым әсерлі...» Енді өлеңнен үзінді келтірсек:

Ай:

... Білесің бе,

Мен туралы аңызды?!

Сол аңыздың түбі шындық тәрізді.

Маған мәңгі рух болып қонақтап,

Ақын біткен әңгіме айтар маңызды...

Мен Адамнан

Айға айналған екенмін,

Талай ғасыр тылсым сырды көтердім.

Пенде біткен пенділіктен қажыса,

Түнге ілесіп жанашыр боп жетермін... [5.50 б.]

деп ақынға Айдың сыр ашып, адамға тән іс - әрекет танытуы қазақи мифтік наным – сенімнен туындаған кейіптеу тәсілінің ұлттық сипатын аңғартады. Қараңғыда қашанда киелі Ай мен жұлдыз адамға жолсерік болып, талай аңыз - әңгіменің арқауы болып, халықпен бірге жасап келе жатқаны белгілі. Ай мен ақынның сырласу диалогы жанды суретті көз алдымызға әкеледі. Ай ақынға өкпе, назын былайша білдіреді:

Терезеңе телмірдім,

Тілдесер деп...

Көз қиығын салмадың,

Күнге шөлдеп.

Күнді күттің –

Сонда мен жылап тұрдым,

Бұл қылығың жабысып мың кесел боп.

Тәтті ұйқыңды күзеттім

Білмедің де,

Үнім жүрді булығып

Түн демінде.

Жарық қана тұрады көлегейлеп,

Өштігім жоқ әйтпесе

Күнге мүлде... [5.49 б].

Ақын Айға жауап қайтаруда оның жанына жақын әрі мұң шағар түнгі досы екенін жеткізе отырып, ішкі көңіл күйін танытқан:

Жарықты сүйемін –  
Сен де жарықсың.  
Налып жүр едім –  
Сен де налыпсың,  
Айым...  
Тілдескім келеді  
Тылсым үндермен.  
Құлағым тұнды  
Күрсінуден...

Күнді іздегенім,  
Үміт қуғаным,  
Өзімше мұңды ұмыт қылғаным...  
... Бәрібір саған  
Жуық тұр жаным. [5.49 б].

Ақын өлеңінің соңында: « Ауылға кіре берісте Ай тура алдымда тұрды. «Көрдің бе, сені мен аман – есен үйіңе жеткіздім. Өзірге!» деп күбірлегендей болды да... үнсіз қалды...» деп аяқтауынан әлемдегі құбылысты өзіндік түйсікпен қабылдап, өзі құлақ түрген дыбыстарға елендеп, ақындық әлемнің кеңістігін барынша шарлап, тылсым сырды көрікті оймен көмкеріп, көркем сөзбен оқырманына жеткізгенін аңғарамыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Тэйлор. Первобытная культура. М., 1939.
2. Мифологический словарь. М., 1990.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы. 19984.
4. Әбдікәкімов Т. Ашам хаттары. Алматы. 1993.
5. Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. Алматы. 2007.

*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., С. Аманжолов атындағы ШҚМУ доценті  
Сейпутанова Айымгүл Қамзақовы*

**СЕЙПУТАНОВА А.Қ., КЕСИКБАЕВА А.Б.  
( ӨСКЕМЕН Қ., ҚАЗАҚСТАН)**

### **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ ТЕНОЛОГИЯСЫ**

Көркем шығарманы талдау оны оқудан басталады. Талдаудың негізгі мақсаты – шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнын ашу, көркемдік ерекшеліктерін айқындау.

Көркем шығарманы талдаудың ғылыми жүйесін жасауда Ә. Қоңыратбаев, Ә.Көшімбаев, Ә. Дайырова, Т. Ақшолақов сынды әдіскер – ғалымдар еңбектерінің маңызы зор. Көрнекті педагог Төлеутай Ақшолақов өзінің «Көркем шығармаға талдау жасау» атты еңбегінде: «Біз шәкірттерді сөз сырына

бойлатуымыз керек. Бүкіл кілт - осында. Өйткені, көркем әдебиетте сөз - мазмұнда, формада. Шәкірттерді сөздің алуан сырына үніле білуге үйрету - әдебиет шығармасын танытудың басты жолы. Ақын шығарма құрылымында сөздерді қандай кәдесіне жарата білген, сөз кірпіштерін қаншалықты қиыстыра қалай білген, шығарманың бүкіл бітімін қалай сомдаған, қандай жаңа поэтикалық жаңалықтар әкелген, қандай бейнелі образдар жасаған, мұғалім осыған үнемі, сабақ үстінде, сабақтан тыс уақытта шығармашылық тапсырмалар беру арқылы үйретіп, баулып отырса, шәкірттер өнер туындысының қадыр қасиетін танумен, астарлы сырына үніле білумен қатар, жазушы стилін, шығарма стилін аңғарар еді» [1,47]. - дейді.

Расында, оқушылар шығармаға талдау жасау арқылы оның көркем табиғатын танып біледі әрі мазмұнын терең түсініп, шығарма идеясы мен автордың көтерген проблематикасын ой елегінен өткізіп, сыни өз көзқарастарын қалыптастырады. Әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту – бүгінгі заман талабы. Бұл дегеніміз - жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптасытыру болып табылады.

Белгілі әдіскер - ғалым А.Көшімбаев «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» атты еңбегінде орта және жоғары сыныптарда көркем шығарманы талдауды жас ерекшелікке байланысты екіге бөледі. IV-VII сыныптарда шығарманы талдауға жататын мәселелері ретінде тақырыпты, идеялық мазмұнды, кейіпкерлерді, сюжетті және композицияны, тіл ерекшелігін, табиғат, зат, тұрмыс-салт бейнелерін көрсетеді. Оқушыларға шығарманың композициясы мен тілі жөніндегі ерекшеліктерін байқату, оның идеялық мазмұнын түсінуімен байланысты жүргізілетінін айтады. IV-VII сыныптарда әдеби шығарманы талдауда қолданылатын негізгі әдістер қатарына мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап түріндегі әңгіме, мұғалімнің түсіндіруі, шығарманы талдау жасай отырып оқуды жатқызады [2, 96].

А.Көшімбаевтың жоғары сыныптарда әдеби-көркем шығармаларды талдауға жататын мәселелері негізінен IV-VII сыныптардағы сияқты болғанымен, тарихи-әдебиеттік курстың мақсат, міндеттеріне байланысты бұрынғыдан едәуір тереңдетіліп күрделене түседі. Жоғары сыныптарда көркем шығармаларды талдау объектісіне жататын құрамды элементтеріне: шығарманың жазылу, шығу тарихын, нұсқаларын, тақырыбын, идеялық мазмұнын, композициясын, сюжетін, образдары мен олардың өзара қарым-қатынасын, суреттеу құралдарын, жанрын жатқызады.

Жаңашыл ұстаз, әдіскер-ғалым Қ.О.Бітібаева өзінің «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» атты еңбегінде көркем шығарманы талдаудың бірнеше жолын көрсеткен еді:

1. «Жан-жақты, толық талдау көркем туындыны тұтастай қарастырып талдайды. Әсіресе, бұл талдау кейде мәтіндік талдау деп те аталады. Жан-жақты талдау уақытты көп алады, дегенмен, оның тиімділігі көркем туындыны жанды бір организмдей тұтас қарастырады. Шешуші бір эпизодтар, не суреттеу, баяндау, кейіпкер монологі, сөйлеу тілдері негізге алынады. Бұл талдаудың өзіндік ерекшелігі сол, ол үнемі мәтінге жүгініп отырады. Сондықтан мұғалім көркем туынды идеясын ашатын оқиға, эпизодтар,



кейіпкерлер сөзі, іс-әрекеті, оны айшықтайтын мәселелерді назарға алып отырады.

2. Шолу бағытындағы талдаулар. Бұл талдаудың өзіндік ерекшелігі сол, мұғалім көркем туындыны жалпылама, шолу бағытында қарастырады. Проблемалық сұрақтарға немесе белгілі бір эпизодтарға арнайы тоқталмайды. Көркем шығарма сюжеті, композициясы, тілі, көтерген тақырыбы тұтастай қамтылады. Оқушылар көркем мәтінмен емін-еркін жұмыс істей алады.

3. Белгілі бір мақсат, бағытты алдына қойып, соны айқындау үшін жүргізілетін талдаулар (сұрыптап талдау деуге болады). Бұл талдау көбіне проблемалық сұрақтар, проблеманы шешу айналасында ұйымдастырылады. Мұғалім шығарма негізіндегі ең басты проблемаларды сұрыптай отырып, талдауды соны шешуге бағыттайды.

Мұғалім проблемалық сұрақ қоя отырып, оқушыларды оны түсіне білуге жетектейді, оқушылар мәтінге жүгінеді, өз ойларын, болжамын айта білуге дағдыланады. Немесе инсценировка, сценарийлер арқылы шығармашылық қабілетін дамытуға әсер етеді. Проблемалық сұрақтар оқушыларды өз беттерімен ізденуге жұмылдырады, салыстыру, қорытынды жасай білу дағдыларын жетілдіреді.

4. Автор ізімен талдау. Бұл талдауда мұғалім көркем шығарма сюжеті, эпизодтары, автордың негізгі ойы, мазмұн мен форма жүйесін сақтай отырып, талдауға ерекше назар аударады. Бірақ еске алатын бір мәселе, талдаудың бұл түрін түсіндірмелі оқуға айналдырып жіберуге болмайды.

5. Образдар жүйесіне талдау - талдаудың мектеп тәжірибесінде дәстүрге айналған өте көп тараған түрі. 5-8-сыныптар оқушылары көркем туындыдағы бас кейіпкерлерге толық талдау жасай алмаса да, олардың іс-әрекеттерін назардан тыс қалдыра алмайды. Автордың идеялық проблематикасы, көркем шығарма негізіндегі терең ойы көбіне осы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы беріледі. Дегенмен, образдық талдауда тәжірибеде кемшіліктер де орын алып отыр. Кейіпкерді ұнамсыз, ұнамды (жағымды, жағымсыз деп те жүрміз) топтарға бөліп талдау оншалықты тиімді емес. Ең бастысы, авторлық көзқарас шығарма негізіндегі басты проблема - образдық талдауда ерекше назарға алатын мәселелер Образдық талдау жүйесінде де мұғалім көркем шығарманы тұтастай қарастырып, оның барлық компоненттерін (тақырып, идеясы, образдар жүйесі, идеялық-эстетикалық табысын) бірлікте ала отырып, талдауды басшылыққа алады. Бірақ соның барлығы образдар жүйесін талдау арқылы жүзеге асады.

6. Тәжірибеде кеңінен тараған, әрі тиімділігімен, нәтижелілігімен көпшілік ұстаздар еңбегіне мол кірген талдаудың түрі - проблемалық талдау. Проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады, әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап етеді. Ол үшін проблемалық жағдаят тууы керек. Проблемалық сұрақтар қызықты, әрі әдеби айтыс

туғызатындай дәрежеде қойылады. Сондай-ақ бұл сұрақтардың басты ерекшелігі - олар бір ғана шектеулі мәселеге құрылмай, көркем туындыны кеңірек, тереңірек қамтитын мазмұнда құрастырылады.

Мұғалім талдау барысында ең негізгі екі түрлі қызмет атқаратынын атап көрсетеді:

1. Көркем туынды көтерген проблемалар, автор ойы, оның көркем компоненттері туралы, яғни талдау нені талап етеді, соны орындату.

2. Оқушыны оқыған шығармаларын талдай білуге машықтандыру, дағды-іскерліктерін жетілдіру, әдеби талдауды үйрету қызметін атқарады. Әдеби талдауға баулу жүйелі де сабырлы еңбекті талап етеді. Мұғалімнің талдауға қандай әдіс-тәсілдер қолданып, оны қалай тиімді ұйымдастырғаны ғана шешуші рөл атқарып қоймайды, сонымен қатар баланың көркем туындыны оқу кезіндегі қабылдауы, алғашқы әсері де үлкен рөл атқарады. Көркем туындыны талдаудың күрделілігі, қиындығы да осында. Қорыта келгенде, талдау мұғалімге байланысты дүние ғана емес, оның алдындағы оқушыларның көркем туындыны қабылдауы, дүниетанымы мен ой өрісі, сезім дүниесіне де байланысты» - [3, 39] дейді.

Мұғалімнің мақсаты - талдау кезінде шығарма негізінде жатқан проблема, оның басты ойы, тілі сияқты сол көркем туындыны құрып тұрған көркем компоненттер туралы сөз қозғау болып табылады. Көркем туынды оқу сияқты, оны талдау да әдебиетті оқытудың маңызды, күрделі жұмыстарының бірі. Көркем туындыны талдау, әрине, мұғалім басшылығымен жүргізіледі, ең басты қызмет те мұғалімдікі. Дегенмен, талдау оқушылардан да көп нәрселерді: дағды-іскерлігі мен машығын, шығармашылықты талап етеді.

Көркем мәтінді талдау арқылы мұғалім баланың көркем сөзді түсіне білуіне, оған деген ынтасына да әсер етеді. Бірте-бірте оқушы өмірді түсіне бастайды, өзіндік көзқарасы қалыптасады, тұжырымдап айтқанда, көркем шығарма оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты құзіреттіліктерінің қалыптасуына да ерекше әсер етеді.

Талдау технологиясында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастар жаңа қағидаларға негізделеді, ол нәтижелі тәлім-тәрбие алуға, азаматтыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға, өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақтың алдындағы әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетіне жауапкершілігін сезінуге, гуманистік дүниетанымды қалыптастыруға бағытталады. Бұл – қоғамымыздың қазіргі кезеңдегі басты талабы.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ақшолоқов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: Мектеп, 1983. – 191 бет.
2. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1999. – 243 бет.

3. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. - Алматы: Дәуір – кітап, 2012. – 314 бет.

*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., С. Аманжолов атындағы ШҚМУ доценті Сейпутанова Айымгүл Қамзақұзы*

**СЕЙТОВА З., ТУРКПЕНБАЕВА Д.  
(НУКУС, УЗБЕКИСТАН)**

## **ВОПРОСЫ ДУХОВНОСТИ И ПРОСВЕЩЕНИЯ В ФИЛОСОФСКОЙ МЫСЛИ СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

Центральная Азия издревле является одним из очагов науки, культуры, духовности и просвещения, взрастившим тысячи всемирно прославленных великих деятелей. Наши великие предки непосредственно участвовали в создании общечеловеческой цивилизации, внесли огромный вклад в развитие духовности и просветительства региона. Культурное наследие Центральной Азии считается неделимой частью мировой культуры и просвещения. В настоящее время в Узбекистане уделяется большое внимание изучению наследия великих просветителей и ученых прошлого, ибо, как подчеркивал И. А. Каримов, «Бесценное наследие ученых прошлого сформировало духовное сознание и образ жизни ряда поколений и до сих пор оказывает влияние на его развитие» [1]. С легкой руки Адама Меца период IX-XV веков в истории Ближнего и Среднего Востока называют Мусульманским Ренессансом или Возрождением. Для этого периода характерен расцвет духовности и просветительства. В эту эпоху на Востоке жили и творили ученые-энциклопедисты, поэты и государственные деятели. Развитие светских наук повлияло на переводческую деятельность. Этот процесс особенно ускорился в годы правления Мамуна (813–833 гг.), когда в столице Арабского халифата городе Багдаде был учрежден «Дом мудрости» (Байтул-Хикма), своеобразная средневековая Академия наук. Были переведены произведения по греческой философии и медицине, индийскому счету, алхимии и астрономии.

Такие центральноазиатские ученые как аль Хорезми, аль Фараби, аль Фергани, Ибн Сина, Бируни и другие внесли большой вклад в развитие многих наук. Философские взгляды представителей эпохи Возрождения на Востоке отличаются верой в безграничные возможности человека, его волю и ум. Восточный Ренессанс имеет свои особенности: 1) развитие культуры, светских наук и исламского богословия; 2) опора на достижения греческой, римской, персидской, индийской и других культур; 3) развитие астрономии, математики, минералогии, географии, химии и других естественных наук; 4) приоритет рационализма и логики в методологии; 5) пропаганда дружбы между людьми и высокой нравственности; 6) развитие философской науки; 7) развитие литературы, поэзии, риторики; 8) энциклопедический характер знаний. В этот

период Центральная Азия, Иран, Ирак и Сирия превратились в очаги науки и культуры. В Хорезме, Бухаре, Герате были образованы крупные научные центры. Слава Хорезми, Фараби, Ибн Сины, Фергани, Бируни, Бухари, Термизи и других ученых и богословов Центральной Азии простерлась далеко за пределы региона.

Ахмед аль Фергани и Мухаммад Муса аль Хорезми являются родоначальниками развития естественнонаучной мысли в Центральной Азии. Аль Фергани является автором ряда научных работ по астрономии. Его книга «Основы астрономии» была переведена на латинский язык и служила пособием по астрономии в Европе в течение многих веков. В Европе он был знаменит под именем аль Фраганус. Мухаммад Муса аль Хорезми известен многими работами по астрономии, геодезии, географии, геометрии. Он знал арабский, индийский, латинский, греческий, персидский языки. Его знаменитое произведение «Китаб аль жабр ва ал мукобала» положило начало алгебре. Кроме того, широко известны его произведения по астрономии, тригонометрии, музыке, истории. Название алгебры произошло от названия его произведения «ал-жабр», а слово «алгоритм» от его имени «Аль Хорезми» (по латыни Алгоритмус). Развитие восточной философской, социально-нравственной мысли сложно представить без Абу Насра аль Фараби. Великий ученый был известен под именами «Аристотель Востока», «Второй учитель» (Первым учителем считали Аристотеля). Фараби — ученый-энциклопедист. Им написано 160 произведений, которые можно разделить на две группы: 1) произведения, посвященные переводу, обзору, пропаганде и изучению научного наследия древнегреческих ученых — Аристотеля, Платона, Евклида, Галена и других; 2) произведения по естественным, социально-философским наукам.

По мнению Фараби достижение победы человеком и обществом, воцарение доброты, достижение нравственного и умственного совершенства находятся в руках самого человека. Он делит города на образованные и невежественные. В образованных городах на первом месте должны стоять наука, философия, нравственность, просвещение. Только тогда общество достигнет совершенства. Градоначальник такого города должен любить знания, правду, ненавидеть обман и обманщиков, любить справедливость и бороться за нее. Достичь человеку совершенства мешают лень, безделье, плохие привычки, несознательность, невежественность. Фараби считает высшей целью жизни достижение счастья, а счастья можно достичь изучением мира, усвоением наук и профессий.

Великий хорезмский ученый-энциклопедист Абу Рейхан Бируни также занимает достойное место в истории, естествознании, географии, философии и других науках. Им написано более 150 произведений, самые известные из которых «Памятники минувших поколений», «Индия», «Минералогия» и другие. Хотя Бируни не написал отдельного произведения по философии, но многие его произведения проникнуты философскими мыслями. Бируни ценит дружбу между народами, научное сотрудничество. По его мнению, в мире существуют различные состояния: похвальное — хорошее и очерняющее —

плохое. Основу похвального состояния составляют опрятность и чистота (душой и телом). Бируни большое внимание придавал распространению знаний и был покровителем наук. Он боролся за мир, спокойствие и дружбу между народами.

Широко известный на Востоке и в Европе ученый-энциклопедист Абу Али Ибн Сина (Авиценна) оставил после себя воистину драгоценное наследие. Им написано более 450 произведений, самое главное из которых — «Канон врачебной науки», являющееся в течение многих веков основным пособием по медицине. Ибн Сина также написал произведения по математике, физике, астрономии, химии, биологии, психологии, фармакологии, филологии, философии. Среди дошедших до нашего времени произведений «КитобашШифо», «Китобулинсоф», «Донишнома», «Лисонуттайр», «Соломон и Ибсол» и другие. В своих философских произведениях он призывает бороться против беззакония и произвола правителей, за справедливость. По его мнению, хорошее — в мудрости, а мудрость достигается через знание. Знание и просвещение — неразделимые стороны человеческой жизни.

В произведении «Соломон и Ибсол» Ибн Сина воспеваает честность, преданность, чистую любовь, победу воли над коварством. Человек — самое великое существо среди всех существ в мире, пишет он. Еще один просветитель, внесший вклад в развитие духовности и просвещения эпохи мусульманского Ренессанса, видный поэт XV века Юсуф ХосХожиб. Он известен единственным произведением «Кутадгубилиг» («Знание, ведущее к счастью»). Это произведение написано в 1069 году. Герои поэмы — правитель Кунтугди — символ справедливости, визирь Ойтулди — символ счастья, сын визиря Огдулмиш — символ ума. Юсуф ХосХожиб выдвигает идею, что человек только в обществе, в общении с другими людьми, в полезном труде достигнет совершенства. Человек, не приносящий пользы другим людям, — мертвый. Трудящиеся — земледельцы, скотоводы, ремесленники — играют решающую роль в обществе. Поэтому правитель должен быть справедливым, не творить беззакония и произвола. По его мнению, только человечность останется в мире навечно, поэтому человек, желающий, чтобы его имя вспоминали хорошо, должен делать только хорошее. «Хорошая нравственность — основа всего хорошего», пишет он.

Юсуф ХосХожиб считает науку и просвещение — силой, ведущий общество к прогрессу и расцвету. Он пишет, что человек — как темный дом, а знание — это факел, освещающий этот темный дом. Поэт призывает людей сначала подумать, а потом говорить. «Будь внимателен к своим словам, чтоб не упала твоя голова, будь осторожен со своим языком, чтоб не сломались твои зубы. Содержательная речь — признак мудрости, бессмысленная речь — признак болтливости. Поэтому человек должен больше слушать, меньше говорить», — советует он. Он придавал большое значение тому, чтобы внешний вид человека соответствовал его внутреннему духовному облику, и считал, что обманщики, лицемеры наносят вред обществу и от них следует держаться подальше.

Таким образом, ученый XI века Юсуф Хосхожиб в своем произведении «Кутадгубилиг» выдвинул идеи просвещения и высокой нравственности. Другой просветитель Ахмад Югнаки в своих произведениях затронул вопросы нравственного воспитания. В поэме «Хибатул-хакойик» он рассуждает о бренности и непостоянстве мира: мир как караван-сарай, в котором караван останавливается на очень краткое время. Поэтому в этом мире бесполезно стремиться к наслаждениям и спокойствию, не следует испытывать муки и страдания из-за них, потому что богатство, которое ты видишь сегодня, завтра может исчезнуть, вещи, которые ты считаешь своими, завтра достанутся другим. Поэтому нужно жить только для того, чтобы сеять семена доброты, писал Югнаки. Он считал знающих и просвещенных людей достигшим совершенства и подчеркивал, что только знающий человек может достичь совершенства: «Ученый человек — драгоценный динар. Неуч и невежда — дешевые и фальшивые деньги». По мнению Югнаки, только став ученым, человек может подняться до степени величия и оставит после себя хорошее имя.

Знание для человека — это неиссякаемое достояние. Также Югнаки пишет, что основная вещь в нравственности и воспитанности — язык. Язык является причиной счастья и несчастья. Он советует людям искать себе друзей среди хороших людей. Только делая хорошие дела, можно достичь хороших результатов, так как «посадив колочку, нельзя получить урожай винограда». Таким образом, в течение IX-XII веков в Центральной Азии были развиты наука, просвещение и духовность. Духовно-просветительские взгляды ученых того времени являются неразделимой частью богатого духовного наследия, отражающего проблему воспитания всесторонне развитого человека.

#### Литература:

1. Каримов И.А. Узбекистоннинг узистиклолватараққийёти.- Т.:Узбекистон,1992.
2. Узбекистонда илмий-фалсафий фикрлар тарихидан. — Т.:Узбекистон, 1995.
3. Жумабоев.Й. Узбекистонда фалсафа ва ахлоқий фикрлар таракқийёти тарихидан. — Т.:Уқитувчи, 1995.
4. Байэшанов А. М. Вопросы духовности и просвещения в философской мысли средневековой Центральной Азии // Молодой ученый. — 2015. — №7. — С. 707-709.

## **СЕМЕЙНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО КАК ПЕРСПЕКТИВНАЯ ФОРМА МАЛОГО БИЗНЕСА**

На сегодняшний день в условиях развития рыночной экономики развития и поддержка отечественного предпринимательства является как один из основных долгосрочных приоритетов достижения цели в нашей стране.

Проблема предпринимательства изначально рассматривалась политической экономией как один из ключевых в объяснении источников экономического роста и природы прибыли.

Истоки исследования феномена предпринимательства проявляются уже в XVIII в., где наибольший интерес представляли функции, которые выполняет предприниматель в экономической сфере. Впервые категория «предприниматель» встречается в научном труде банкира Ричарда Кантильона «Очерк о природе торговли», изданной в 1755 г. Под данным термином Р. Кантильон понимал лицо, которое покупает по известной цене, чтобы затем продать по цене, которой он заранее не знает, а потому принимает на себя риск в надежде на неопределенную прибыль [1].

Первыми исследователями социологами, обратившими свой научный взгляд на категорию предпринимательство, были немецкие ученые М. Вебер и В. Зомбарт. В своем эпохальном труде «Протестантская этика и дух капитализма» М. Вебер критикует иной марксистский подход к пониманию общественных процессов. Так, вопреки мнению о главенствующей роли экономических отношений в определении форм общественного сознания, М. Вебер отстаивал точку зрения, что религиозная этика лежала в основе капиталистической экономики развитых стран того времени [2,с.282].

Семейное предпринимательство это одна из форм малого бизнеса. Касательно, нашей страны статистика семьи занимающиеся предпринимательством отсутствуют. Это связано с тем, отсутствуют нормативные документы регулирующие вопросы семейного бизнеса. Кроме того социологические исследования, проводимые по данному виду предпринимательству не проводятся. Но, явление по отношению развития семейного бизнеса в стране имеет место. В большинстве случаев эксперты ориентируются на малый бизнес. С развитием семейного бизнеса даст возможность изменения структуры связанные с появлением нового среднего класса.

Сегодня в стране сформированы прочные экономические основы для развития малого и среднего бизнеса, составляющие основу устойчивого процветания экономики. По рейтингу ведения бизнеса Всемирного банка Казахстан поднялся на 36-е место среди 190 стран [3].

В Послании народу Казахстана «Казахстанский путь - 2050»: единая цель, единые интересы, единое будущее» Глава государства Н. Назарбаев определил новые направления развития потенциала малого бизнеса: «Для его развития

нужны комплексные решения по законодательному укреплению института частной собственности. Надо отметить все инертные правовые нормы, мешающие развитию бизнеса. Малый бизнес должен стать семейной традицией, передаваемой из поколения в поколение» [4].

В данном стратегическом документе непосредственно делается главный акцент государственной политики на развития семейного бизнеса как формы малого бизнеса с учетом преемственности. Не исключается тот случай, когда малый бизнес перерастает в средний, а порой и в крупный бизнес, где задействованы конкретные семьи, занимающиеся предпринимательским делом по определенным экономическим отраслям.

Субъектами малого предпринимательства являются индивидуальные предприниматели без образования юридического лица и юридические лица, осуществляющие предпринимательство, со среднегодовой численностью работников не более ста человек и среднегодовым доходом не свыше трехсоттысячекратного месячного расчетного показателя субъекты крупного предпринимательства[5]. Анализ основных показателей финансово - хозяйственной деятельности юридических лиц малого предпринимательства по видам экономической деятельности с учетом объема произведенной продукции и оказанных услуг за 2013-2015гг. представлено в диаграмме:




Диаграмма: Показателей финансово - хозяйственной деятельности юридических лиц малого предпринимательства по видам экономической деятельности с учетом объема произведенной продукции и оказанных услуг за 2013-2015гг. (тыс.тенге) [6].

По данной диаграмме видно, что за три года наблюдается постепенное возрастание объема произведенной продукции и оказанных услуг перечисленных отраслей экономической деятельности малого



предпринимательства. Среди отраслей экономической деятельности в 2015 году лидирующую позицию занимает строительство. Далее, оптовая и розничная торговля; ремонт автомобилей и мотоциклов, горнодобывающая и другие виды отрасли. Тогда как, в 2014 году оптовая и розничная торговля стоит на позиции выше, после строительства, горнодобывающей промышленности; водоснабжения. За 2013 год оптовая и розничная торговля по объему произведенной продукции и оказание услуг среди отраслей в республике также лидирует среди других отраслей, далее строительство, сельское и рыболовное хозяйство. Основным фактором постепенного роста объема производимых продукции и оказание услуг как один из критериев развития малого предпринимательства связано наличием в рыночном обществе благоприятного условия для экономического развития в стране, в частности оказания государственной поддержки малому и среднему бизнесу, путем кредитования, наличия программ поддержки бизнеса, повлекшие изменения в социальной структуре возникновения нового среднего класса предпринимателей.

Касательно, кредитования малого предпринимательства роль микрокредитования в развитии малого бизнеса в стране динамично возрастает, что подтверждает положительная статистика отрасли, демонстрирующая стабильный рост выдачи микрокредитов. За последние 5 лет сумма кредитов, выданных микрокредитными организациями, выросла в более чем 3 раза. По сравнению с 2016 годом в 2017 году объем кредитования микрокредитными организациями увеличился на 60%. Динамика роста объемов микрокредитования, в свою очередь, подтверждает высокую востребованность использования данного финансового инструмента, как среди населения, так и среди представителей малого предпринимательства. С целью стимулирования повышения предпринимательской активности доступности микрокредитов в стране реализуется «Программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы»[7].

Малое предпринимательство, если оно поддерживается государством, создает благоприятные условия для разделения власти, препятствуя, с одной стороны, ее концентрации, а с другой содействуя строительству сильного среднего класса. Как показывает мировой опыт, именно малые предприятия в условиях помогает решить проблемы обеспечения рациональной занятости и среднего уровня доходов. Подлинным двигателем экономики в условиях рынка выступает предпринимательство[8].

Таким образом, анализируя выше сказанное в нашей независимой стране, постепенно вырабатываются перспективные механизмы для формирования и развития бизнеса, связанные с постепенной реализацией государственными программами кредитования и обучения. Ведь однозначно, с увеличением в нашем обществе семей занимающегося семейным предпринимательством приведет к высокому уровню социально - экономическому благосостоянию населения, а в бизнес арене к изменению социальной структуры – к формированию нового среднего класса в сфере семейного предпринимательства.

### Литература:

1. Cantillon R. Essai sur la Nature du Commerce en General / ed. with an English translation and other material by H. Higgs, C.B. Reissued for The Royal Economic Society by Frank Cass and Co. L., 1959.

2. Кеселев Е.А. Основные подходы к исследованию предпринимательства как формы социально-экономической активности населения // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки, 2013

3. Электронный ресурс:

[file:///C:/Users/admin/Downloads/\[SHumpeter\\_Iozef\]\\_Kapitalizm\\_socializm\\_i\\_demokrat\(BookSee.org\).html](file:///C:/Users/admin/Downloads/[SHumpeter_Iozef]_Kapitalizm_socializm_i_demokrat(BookSee.org).html)

3. Электронный ресурс:

[http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-presidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-5-oktyabrya-2018-g](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-presidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-5-oktyabrya-2018-g)

4. Электронный ресурс:

[http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-presidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-17-yanvaryu-2014-g](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-presidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-17-yanvaryu-2014-g)

5. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V ЗРК / <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>

6. Электронный ресурс:

[http://stat.gov.kz/faces/homePage?\\_afLoop=1962081023266699#%40%3F\\_afLoop%3D1962081023266699%26\\_adf.ctrl-state%3D7pvzbv8qh\\_4](http://stat.gov.kz/faces/homePage?_afLoop=1962081023266699#%40%3F_afLoop%3D1962081023266699%26_adf.ctrl-state%3D7pvzbv8qh_4)

7. Электронный ресурс: [https://bnews.kz/ru/news/vliyanie\\_mikrokreditovaniya\\_na\\_razvitie\\_msb\\_v\\_kazahstane](https://bnews.kz/ru/news/vliyanie_mikrokreditovaniya_na_razvitie_msb_v_kazahstane)

8. Ляшенко В.И. Средний класс и место предпринимателя в социально-экономической структуре современного демократического и переходного общества // Экономічний вісник Донбасу №4(18), 2009

*Научный руководитель: к.с.н, доцент, и.о. профессора Смагамбет Б.Ж.*

**МАКИМОВА Г.Т.  
(ТАРАЗ, КАЗАХСТАН)**

### **РАБОТА ПО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ ПРОИЗНОСИТЕЛЬНЫХ НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ КАЗАХСКИХ ГРУПП**

Одной из основных задач обучения русскому языку студентов нерусской национальности является овладение важнейшими закономерностями звуковой системы русского литературного языка.

Для выработки у студентов казахских групп навыков правильного русского произношения следует постоянно упражнять и в произношении слов с

соблюдением норм русской орфоэпии, обращая особое внимание на трудные для восприятия на слух и артикуляции звуки.

Недостатки в произношении не только мешают устному общению, но и отражаются в письменной речи учащихся. Вот почему этому аспекту языка необходимо уделять самое пристальное внимание.

Без навыков правильного произношения невозможно активное использование русского языка для целей коммуникации. При обучении русскому произношению кроме звуковой системы русского языка, очень важно располагать данными сопоставительного анализа звуковых систем русского и родного языка студента.

Учет сходства и различия русского и родного языков способствует разумному отбору материала, выбору наиболее трудных для усвоения тем, последовательности в изучении теоретического материала, способствует выбору упражнений для закрепления теоретических знаний.

Сопоставление звуковых систем русского и казахского языков позволяет преподавателю определить трудности, с которыми встречаются студенты, и дать конкретные рекомендации для их преодоления.

Знание особенностей звучания и образования звуков русского языка, отличных от звуков родного языка, поможет студентам более активно и сознательно овладеть русским произношением.

Для эффективного обучения русскому произношению необходимо на занятиях русского языка применять различные приемы обучения:

1. Имитация.
2. Показ и объяснение артикуляции изучаемого звука.
3. Сопоставление артикуляции звуков русского языка со звуками родного языка или сопоставление артикуляции разных русских звуков, близких по месту и способу образования.

При обучении неродному языку нельзя опираться на слух. Прием имитации опирается только на слух студентов и не учитывает того, что студенты не различают на слух многие звуки. Для того, чтобы студенты могли правильно произносить русские звуки и отличать их на слух от звуков родного языка им необходимо усвоить артикуляцию русских звуков и знать, чем она отличается от артикуляции сходных звуков родного языка. При работе по произношению приемов показа и объяснения артикуляции особенно важна последовательность действий.

Практика показывает, что студенты, обладая устойчивыми навыками слышания и произношения звуков родного языка, подгоняют под эти шаблоны свое восприятие и воспроизведение непривычных звуков чужой речи.

При выработке акустико-артикуляционных навыков различения звуков русского языка уместно открытое сопоставление подгрупп согласных русского языка и родного языка. Более сложной лингводидактической задачей являются акустико-артикуляционные проблемы подсистем согласных, не имеющие в национальном языке.

Так, усвоение русских твердых-мягких согласных студентами, в родном языке которых это различие не является функциональным, представляет

большие трудности. Здесь методически целесообразно сопоставление с подсистемой согласных родного языка студентов, члены которой различаются по иному дифференциальному признаку. Сопоставляются в результате не отдельные звуки двух языков, а дифференциальные признаки, имеющие в этих языках функциональное значение.

Особое значение для восприятия и активизации фонетико-орфоэпического материала имеет практическая работа, практические рекомендации по правильному произношению звуков и звукосочетаний в потоке русской речи, система тренировочных упражнений для коррекции слухо-произносительных навыков. Значительное место в ней занимают специальные упражнения, охватывающие основной учебный материал по фонетике.

Однако возможность потери орфоэпических умений наиболее велика и этим определяется необходимость постоянного обращения к уважениям.

Фонетические упражнения на определенном фонетико-орфоэпическом материале практически необходимы каждый раз, когда расширение языкового материала иных уровней снова продолжает ту же артикуляционную проблему.

На протяжении всего этапа обучения целесообразны система упражнений для развития и совершенствования навыков орфографии, материал для самостоятельного выразительного чтения и пересказывания. Основное внимание должно быть обращено на упражнения по преодолению специфических трудностей русского языка для студентов-казахов, упражнения на редукцию гласных, категорию, твердых и мягких согласных, неродных фонем в, ф, ц, г, щ, х, и др.

Особое значение в практике обучения русскому языку имеют упражнения на аудирование.

В обучении русскому литературному произношению огромную роль играет образцовая речь преподавателя.

Методическую эффективность многократного прослушивания образцовых записей упражнений и текстов, параллельного артикулирования трудно переоценивать. Применение ТСО особенно эффективно при обучении системе функционально значимых единиц языка, воплощаемых в звуках речи (согласные и гласные в сильной позиции), позиционным вариантам, логическому ударению, интонации и т.д.

Особенности русского литературного произношения должны рассматриваться с точки зрения отклонений от русских орфоэпических норм, обусловленных фонетической интерференцией.

Теоретический материал должен сопровождаться разнообразными видами тренировочных упражнений, которые могут выполняться в аудитории под руководством преподавателя, а также во внеаудиторное время. При изложении теоретических вопросов должен учитываться уровень подготовки выпускников казахских школ, в частности, их знания по фонетике русского языка, предусмотренные программой средней школы.

Весь материал должен быть представлен, сквозь призму родного языка студентов. Учебная полнота речи, приближенность к норме ни в коем случае не

должны допускать коммуникативных нарушений. Это требование должно составить основу обучения произношению.

### **Литература:**

1. Сейтенова С.С., Накешева С.Т. Трёхъязычие в профессиональной подготовке специалистов в казахстанских вузах // Актуальные вопросы современной науки: Материалы XIV Междунар. науч.-практ. конф. — М.: Изд-во «Перо». — 2012.

2. Корректировочные задания по фонетике для студентов-иностранцев. Алма-Ата, 1989.

3. Использование каналов связи в обучении русскому литературному произношению студентов казахского вуза // Рынок, и проблемы развития науки и техники Казахстана / Тез. докл. - М., 1992.

**СУЛЕЙМЕНОВА С.Н.  
(АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)**

## **ШЕТ ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Қазіргі кезде білім беру парадигмасы өзгерді. Ол бұрын пәнге бағытталған түрде жүргізілсе, енді жеке тұлғаға бағытталған түрде жүргізілетін болды. Бұл қоғамдағы өзгерістерге байланысты туындаған объективті процесс. Бұрынғы оқыту технологиялары оқушылардың жалпы оқуға деген ұмтылыстары мен біліктіктерін қалыптастыруға бағытталған еді. Онда оқытылатын пәннің өзі оқыту мақсаты тәрізді болатын да, ал оқушы -соған жету құралы болып саналатын. Осының нәтижесінде көптеген оқушыларда оқуға деген оң көзқарас қалыптаспайтын. Білім беру саласында мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияны тиімді пайдалану, оқытуды жетілдіре түсу, оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың білім деңгейін халықаралық стандартқа сәйкестендіру – ең басты бағыттардың бірі болып саналады [1, 16 б.].

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. «Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұрпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды». Интерактивті технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі [2, 1 б.].

XX ғасырдың 60-жылдары білім беруде интерактивті технология кеңінен қолданыла бастады. Кейбір ғалымдар оны оқытудың практикалық әдісіне жатқызады, ал басқалары оны ерекше топқа жатқызады. интерактивті технологияларды әдістерден бөліп, ерекше топқа жатқызу біріншіден, олардың көрнекілік, сөздік және практикалық әдістердің элементтерін ала отырса да, олардың тыс екендігінде, ал екіншіден, олардың өзіне тән ерекшеліктерінде болып табылады [3, 204 б.].

Интерактивті технология – мұндағы интерактивті сөзі - *inter* (өзара), *act* (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, оқушылар жұппен немесе топпен жұмыс істеп, бір-бірімен ой-пікір алмасып, сабақ барысына барлық оқушылардың қатысуын талап ететін оқыту барысы. Бұл технология - шет тілін оқыту барысында қолданатын таптырмас құрал болып табылады, себебі интерактивті оқыту оқушының жеке өздігінен ізденуіне, топтасып оқып үйренуіне, іс-әрекет барысында білім алуға, оқушылардың өздерін бағалай білуіне мүмкіндік береді.

Интерактивті технологияларды біз оқытушы мен оқушының арасындағы оқыту үрдісін ойын түрінде ұйымдастырылған жүйе ретінде қарастырсақ болады, яғни педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ондағы мақсат оқушылардың қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізіп қана қоймай, өзара тіл табысып пікір алмасуға үйрету. Ойындар оқытудың әдісі ретінде оқытудың белсенділігін арттырудың үлкен мүмкіндіктеріне ие. Интерактивті ойындар арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауын қалыптастыру – бүгінгі өмір талабына сай азаматты тәрбиелеудің негізгі жолдарының бірі. Сабақ барысында ойын элементтерін тиімді пайдалану оқушылардың сабаққа ынтасын арттырады, олардың білімді терең, өмірмен байланыстырып игеруіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге өткізілген тәжірибелердің нәтижелері дидактикалық ойындардың оқытуда маңызы роль атқаратынын көрсетеді [4, 65 б.].

Жаңа технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Интерактивті технологиялардың түрлері өте көп, солардың ішіндегі ең жиі қолданылатындарына тоқтай кетсек.

Кейс-стади технологиясы – арнайы модельденген немесе нақты өндірістегі жағдайларды талдау, мәселелерін анықтау, альтернативті шешімдер іздеу, мәселенің оптималды шешімін қабылдау барысында қолдануға негізделген технология. Кейс-әдісі алғаш рет АҚШ-тың Гарвард университетінің құқық мектебінің оқу үрдісінде 1870 жылы қолданылған болатын, ал сол жердегі бизнес мектебінде 1920 жылдан бастап қолданыла бастаған. Оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, кейс-стади амал тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен ғалым Коппенд ең алғашқылардың бірі болып өз еңбектерінде осы термин атауын пайдаланған екен [5, 112 б.]. Кейс-әдісін шет тілін оқытуда қолдану кеңінен таралған, себебі бұл кез келген проблеманы талдап талқылауға бағытталған технология. Оқушыларды топтарға бөліп, оларға сабақ барысындағы тақырыпқа байланысты проблемаларды немесе жағдаяттарды беріп бір шешім табуға үгіттейді. Жағдаяттарды талдау барысында оқушылар

бір бірімен пікір алмасып бір шешімге келеді әрі оқушылардың сөйлеу мен тыңдау мәнерінің дамуына септігін тигізеді.

Миға шабуыл (brainstorming) – топ мүшелерінің белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істей отырып, соған қатысты айтылған идеяларын өз ішінде талқылап, ортақ келісімге келгендерін негіздеп жазып ұсыну әрекеті. Бұл әрекет жүргізуші тарапынан нақты белгіленген уақыт көлемінде орындалуы шарт. Миға шабуыл әдісін 1941 жылы А.Ф.Осборн ұсынған болатын. Әуел баста жарнамалық бизнесте қолданылған бұл әдіс адамның шығармашылық ойлауына қозғау салу мақсатын көздеген еді. Бұл әдістің негізгі міндеттері: мүмкіндігінше көп идеяларды жинақтау; ғылыми немесе оқуға қатысты мәселелерді шешу; студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту; ынтымақтастықты дамыту [4, 60 б.].

Джигсо әдісі – мәтін оқуға арналған интерактивті технология. Оқытушы оқушыларды топтарға бөледі, оларға ұзақ біртұтас мәтінді бірнеше кішігірім бөліктерге бөліп таратады, білімгерлер тек өзінің бөлімдерін оқып топтағыларға түсіндіреді, осылайша бұл мәтін талқыланып, мазмұндалады. Тәлімгерлер сөйлеу мен оқу мәнерін дамытады.

Рөлдік ойын – бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалды жақтарын меңгеру ниетінде алдын ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы. Рөлдік ойындар шағын топтарда жүргізіледі (3-5 қатысушы). Қатысушы тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойнайды және барлық топқа көрсетеді. Оқытушы балалар мінез құлықтарын ескере отырып рөлдерді өздері бөледі [4, 63 б.]. Шет тілі оқытушысының алдына қойған мақсаты, білімгерлерді шет тілінде сөйлету болғандықтан, оқытушының алдында тұрған басты міндеттердің бірі шет тіліне үйретудің түрлі әдістерін сұрыптай келе, ең тиімдісін өз сабағында қолдану. Оқушылардың сөйлеу әрекетін жақсартуға негізделген тиімді технологиялардың бірі – рөлдік ойын.

Қорыта айтқанда интерактивті технологиялар оқушылардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыруды көздейді. Сондай-ақ тілді оқыту барысында студенттердің әртүрлі проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілетін дамытуға, ақпаратпен жұмыс жасауды үйретуге де үлкен мүмкіндік туғызады. Қазіргі уақытта шет тілдерін оқытудың бір ерекшелігі – оқушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. Интерактивті технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұлғаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Жұмабаев М. «Педагогика», 1991
2. Темирбаева Қ. Х. «Оқытудың жаңа технология түрлері және өзімнің іс-тәжірибемнен», Орал, 2015

3. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Байжұманова Н.С. «Оқытудың жана технологиялары» Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2010.

4. Самашова Г.Е., Құрымбаев С.Ғ., Егоров В.В. «Оқыту технологиясының түрлері», 11 қазан 2012.

5. Джамалдинова М.Т., Дүйсеева Л.А. «Шет тілін үйретудегі инновациялық технология түрлері: кейс стади технологиясы», Алматы: ҚазҰУ, 2016

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д. профессор Аянова Т.Т.*

**Р.И.ОТЕНИЯЗОВ, Т.А.ХУЖАКУЛОВ, У.А.АЗИМОВА,  
У.ОРИФЖОНОВА, Г.Н. БУРИБОЕВА  
(УЗБЕКИСТАН)**

## **МАТЕМАТИЧЕСКОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ ГИДРОГЕОЛОГИЧЕСКИХ СИСТЕМ ИНТЕЛЛЕКТУАЛИЗАЦИИ ПРОЦЕССА**

Гидрогеологическая система (ГГС) представляет совокупность гидрогеологических тел, характеризующихся определенными отношениями между собой и с внешней средой. ГГС подразделяют на природные (ПГС) и природно-техногенные (ПТГС), при этом последние представляют существенно измененные влиянием техногенных факторов природные объекты (И.К.Гавич, 1988 г.).

Для ПТГС основной проблемой является информационная неопределенность, связанная, с одной стороны, невозможностью создания необходимых условий для проведения многократных опытов по определению гидрогеологических параметров, что во многих практически важных случаях является источником появления грубых ошибок в применяемых данных.

Для ПТГС источники данных - режимные наблюдения, экспертные данные, представленные в вербальном виде, в лингвистической форме, растровые данные, получаемые с космических снимков гидрогеологических объектов, непрерывные данные, поступающие в сервер системы мониторинга с беспроводной сенсорной сети. Вопросы распараллеливания процесса цифровой обработки изображений гидрогеологических объектов нами рассмотрены [2].

Одним из перспективных способов получения новых данных ГГС, в т. ч. о ПТГС, является математическое моделирование гидрогеологических процессов при решении многих практически важных задач связанных с подсчетом запасов подземных вод, решением задач, мелиоративного, охранного и экологического характера. По этой проблеме в ГП «Институт ГИДРОИНГЕО» имеется большой опыт решения гидрогеологических задач методом математического моделирования, благодаря трудам считавшихся одними из ведущих в 60-80 гг. XX в. ученых: академика Ф.Б.Абуталиева, профессоров Н.Н.Ходжибаева, У.У.Умарова, И.И.Измайлова, Н.Т.Тахирова, И.Х.Хабибуллаева, Р.Н.Усманова, ведущих специалистов А.Б.Алимбаева, С.Х.Хушвактова, И.Н.Грачевой и др.



Разработанные научной школой Ф.Б.Абуталиева и У.У.Умарова математические модели для исследования режима уровня и минерализации подземных вод для одно- и многослойных пластов, эффективные алгоритмы и программные коды для их реализации актуальны и в настоящее время. Традиционно для математического моделирования геофильтрации широко применяются детерминированные математические модели фильтрации подземных вод (Ф.Б.Абуталиев, В.М.Шестаков, В.В.Веселов, А.Б.Ситников, И.Х.Хабибуллаев и др.), применяемые при наличии достаточного количества информации численного характера.

К этой категории относятся ныне широко применяемые программные продукты, разработанные в дальнем зарубежье, моделирующая система GMS (Groundwater Modeling System, объединяющая модели MODFLOW, MODPATH, MT3D, RT3D, FEM- WATER, PEST) лаборатории Brigham Young University, США, а также пакет Visual MODFLOW WHI Software (США) и т. д.

В результате изучения декларированных возможностей названных программных продуктов невольно создается впечатление о том, что вроде все разработано, как бы не осталось проблем. Эти программные продукты, с одной стороны, представляют важный вклад в развитие методологии моделирования гео фильтрации на базе широкого применения современных информационных технологий, а с другой - они ориентированы в основном на использование информации числового характера.

Существует достаточно много проблем, связанных, прежде всего, с математическим моделированием ПТГС в условиях неопределенности и недостаточности данных, их разнородностью и т.д. Причиной тому является слабая разработанность вопроса непосредственного учета в процессах моделирования и принятия решений информации нечеткого характера относительно параметров и характеристик гидрогеологических процессов, переходных участков между зонами неоднородностей, нечетких распределений гидроизогипс, начальных и граничных условий и т. д.

Один из перспективных путей уменьшения информационной неопределенности при исследовании ПТГС - применение современных методов интеллектуализации процессов моделирования и принятия решений. Это основывается на непосредственном использовании информации нечеткого характера, представляющей опыт, мнения, знания специалистов-гидрогеологов по параметрам, характеристикам гидрогеологических объектов (ГГО), представленных в нечеткой форме. Основой методологии математического моделирования слабо формализуемых процессов (СФП) являются принципы теории нечетких множеств (ТНМ), предложенные американским ученым Л.Заде.

Учитывая нечеткость, неясность, неопределенность параметров, правых частей, начальных и граничных условий, вводится понятие нечетко-детерминированное моделирование (НДМ) гидрогеологических процессов для ПТГС в условиях разнородной информации, результаты которой представлены в виде нечетких ситуаций для принятия решений (рисунок).



**Схема НДМ и принятия решений для ПТГС в условиях разнородной информации.**

Представленная схема НДМ ПТГС реализуется путем создания компьютеризованной системы обоснования и принятия решений в условиях доминирования информации нечеткого характера. При этом в режиме реального времени предусматривается решение ряда проблем, связанных со схематизацией области фильтрации, комплексированием моделей геофильтрации и переноса солей, их конечно-разностных представлений, формализацией нечетких параметров и характеристик на нечетко-детерминированной основе, синтезом тематических слоев в процессе решения прикладных задач, территориально зависимой интерпретацией данных, полученных с различных горизонтов, и тематических задач и т. д.

НДМ ПТГС представляется в квази трехмерной постановке, которая реализуется на базе вычислительного алгоритма, основанного на последовательном применении локально-одномерной схемы (ЛОС), векторно-разностного метода и метода совместной прогонки (Ф.Б.Абуталиев, РН.Усманов, 2006 г.).

### **ЛИТЕРАТУРА**

1. *Усманов Р.Н., Сеитназаров К.К.* Программный комплекс нечетко-детерминированного моделирования гидрогеологических объектов // Автоматика и программная инженерия. - Новосибирск, 2014. - № 1, - С. 29-34.
2. *Усманов Р.Н., Отениязов Р.И.* К вопросу распараллеливания процесса обработки гидрогеологических объектов на основе базисных функций Адамара // Химическая технология. Контроль и управление. - Т. , 2014.
3. *Усманов Р.Н., Сеитназаров К.К.* Нечетко-детерминированные математические модели процессов восстановления запасов и качества подземных вод // Наука и мир. - Волгоград, 2015. - С. 102-104.
4. *Usmanov R.N., Seitnazarov K.K.* The problem of information model development for the relationship between hydrogeological object and its fuzzy-deterministic model // The Advanced Science Journal. - USA, 2014. - № 7 - С. 67-73.
5. *Усманов Р.Н., Сеитназаров К.К., Корниенко Е.А.* К вопросу принятия гидрогеологических решений на основе агрегирования нечеткой

**ӘЛІПБЕКА.З., ҚОЙШИЕВ Қ.Е., ТАСТЫБАЙ Н.  
(ШЫМКЕНТ, ҚАЗАҚСТАН)**

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК МӘСЕЛЕСІ**

Бүгінгі күні мектептің басты талаптарының бірі – оқушылардың танымдық іс-әрекеті арқылы жан-жақты дамыған шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады.

Оқушылардың танымдық іс-әрекеті – танымдық қызығушылық пен қажеттілікті туғызуға бағытталған оқу әрекетінің түрі болып саналады. Танымдық іс-әрекеттің қалыптасуы негізінде оқушылардың ой өрісі толысып, белсенді ойлау әрекеті мен шығармашылық ойлау үдерісін дамытумен қатар, оқушылардың кәсіби мәдениеті мен ізденімпаздығы дамиды. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру қоғам сұранысына жауап бере алатын ғылыми-техникалық үдеріс міндеттерін оңтайлы шеше білетін, халықтың рухани құндылықтарын дамыта алатын қоғам мүшелерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру және оқыту теориясының әдіснамалық негізі – таным теориясы, оқушы тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілім болып табылады. Бұл теория білім беру және оқытуды арнайы ұйымдастырылатын іс-әрекет ретінде қарастырады. Білім беру және оқыту теориясының оқушыларды оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі – танымдық белсенділік пен саналылық.

Бұл талаптың орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенділік танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі – білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі – оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Осыдан келіп, оқыту барысында оқушының іс-әрекетінде танымдық белсенділікті қалыптастыру талабы туындайды.

Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Танымдық белсенділік – оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған жаңа материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейту үшін өздігінен кітап оқып, бақылау тәжірибе жасау сияқты жұмыстар жасауы қажет. Өйткені өтілген материалдарды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде

белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушының белсенділігі оқу үрдісінің барлық кезеңінде орын алуы қажет. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, оқушылардың ақыл-ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б. Оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту және қалыптастыру мәселесіне зерттеушілер, педагогтардың, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған.

Мектептің ғасырлар бойғы даму тарихында алдыңғы қатарлы педагогикалық ой өкілдерінің танымдық әрекетке қатысты, әсіресе, танымдық белсенділікті дамыту идеяларын зерттеу және талдау негізінде төрт бағытты бөліп көрсетуге болады.

*Әлеуметтік-педагогикалық бағыт* ежелгі дәуірден бастау алады. Оның көрнекті өкілдеріне ежелгі грек оқымыстылары: Сократ, Платон, Аристотель баланың белсенді және өз бетімен білім алуының маңыздылығын, өз бетімен білім алудағы жетістіктері өзін-өзі тәрбиелеуде маңызды екендігін, жан-жақты жетілудің әрі объекті, әрі субъекті екендігін жан-жақты негіздеген. Олардың пікірінше, белсенді ойлау адамның заттық, тәжірибелік іс-әрекетінің алғышарты болып табылады және ойлай отырып оқушы іздену арқылы өз бетімен білім алады.Өзіндік іс-әрекеті нәтижесінде балада қанағаттану, қуаныш сезімі оянып, білімді игеруде белсенділігі артады деген пікірде болды.

Бұл пікірлер көптеген ғасырлар бойы педагогтардың талдау нысанасы болып келді. Ол Мишель Монтень, Томас Мор, Томаззо Компанелла еңбектерінде жалғасын тапты. Енді баланы өз бетінше әрекет ететін, саналы, ойлы, сыншыл азамат тәрбиелеу талабы туындады. Ол үшін жаңа білімді игеруде өз бетінше жұмыс жасап, өзі таным жолына бет бұрып, таным өрісінің жаңа шеңберіне жету жолын дұрыс таңдап алуы қажет болды [1].

*Дидактикалық-әдістемелік бағыт* Я.А.Коменский еңбектерінен бастау алады. Оның «Ұлы дидактика» еңбегінде жазылған дидактикалық принциптерін ұсына келіп, оқушылар өз бетінше істейтін белсенді әрекетін ұйымдастыру және оқыту, мұғалім мен оқушының әрекетін талдау мәселелерін қарастырады. Бұл бағыт бірнеше ғасырлар бойы жалғасын тауып, одан әрі дамыды. Бұл Ж.Ж.Руссоның, И.Г.Песталоццидің, А.Дистервергтің еңбектерінде дами түсті.

*Психологиялық-дидактикалық бағыт* К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин еңбектерінен бастау алады. Оқушылардың өзіндік әрекеті тек қана оқытудың педагогикалық әдістері мен құралдары төңірегінде ғана емес, сондай-ақ зерттеу нысаны ретінде танылуымен сипатталады.

К.Д.Ушинский танымдық әрекет мәселесіне мән беріп, «Өзіндік жұмыс – оқытуды жетістікке жеткізудің бірден-бір жолы» деп есептеді. Осы жұмыстың нәтижесіне жету үшін мұғалім мен оқушының оқу үрдісіндегі еңбегін дұрыс бөлуі деп түсіндірді. К.Д.Ушинский педагогикалық ғылымда алғаш рет оқушылардың өзіндік жұмысына философиялық және психологиялық-педагогикалық тұрғыда талдау жасайды.

Ы.Алтынсарин оқыту арқылы өз бетінше білім көтеруге жол бастауда, ой-әрекетін жаттықтыруда мұғалімнің ролін жоғары бағалады.Ал К.Д.Ушинский

мұғалімнің ролін ескере отырып, ол оқушының белсенділігін дамыту мақсатында ұйымдастырылған дербес бақылау мен тәжірибе өткізу, көрнекіліктер дайындау сияқты жұмыстардың маңыздылығына тоқталды. К.Д.Ушинскийдің пікірін П.Ф.Каптерев одан әрі дамытты, оның пікірінше, сабақта мұғалім бағыттаушы ғана, ал оқушының білімді игеруі өзіндік ішкі мүмкіндіктеріне байланыстылығын атап көрсетті. Бұл бағытта П.Ф.Каптерев, Ы.Алтынсариннің және т.б. педагогикалық ойларын жатқызуға болады. П.Ф.Каптерев оқушының оқу танымдық белсенділігін арттыратын әдіс-тәсілдерді көрсетіп көптеген эксперименттер жүргізді.

*Жаңашыл педагогикалық бағыт.* Қоғам дамуының тарихи жаңа кезеңі қоғамның барлық саласындағы уақыт тудырған күрделі өзгерістермен айқындалады. Қоғамдағы оқу ағарту, білім беру саласындағы өзгерістер жеке тұлғаны қалыптастыруға, оқу үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді іздестіруге, баланың шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік ұстануға бағытталады. Оқытудың жаңа технологиясы (инновация, танымдық белсенділікті дамыту, модуль жүйесі, саралап, көп деңгейлік негізде, мультимедия жүйесін қолдану т.б) озат зерттеушілер, жаңашыл педагогтар идеясы орта мектеп жағдайындағы білім берудің қызметіне жаңаша сипат әкелді.

Танымдық іс-әрекет, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық мәселелері жөнінде оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге ғылыми зерттеулерге шолу жасау барысында танылған жаңашыл педагогикалық бағытты бөліп көрсетуге болады.

Ю.К.Бабанский білім беруді оңтайландыру жүйесін ұсынса, М.А.Данилов пен Б.П.Есипов оқушының танымдық міндеттерін шешуде танымдық белсенділікті қалыптастыратын оқыту әдістерінің дидактикалық тұрғыдағы классификациясын жасады [2].

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын танымдық әрекетін дамытуда проблемалық оқытудың маңызын В.И.Зазвязинский, М.И.Махмутов, Ж.Б.Қоянбаев, А.А.Бейсенбаева атап көрсеткен [19,20,21,22].

Оқушының оқу-танымдық әрекетін, танымдық белсенділігін арттырудың тиімді құралдарының бірі – оқушының өзіндік, өздігінен білім алу әрекеті жайлы Т.С.Сабыров, М.А.Құдайқұлов, Р.С.Омарованың еңбектері маңызды. Оқушылардың оқыту мәселесін жетілдіру жөнінде А.Н.Ильсова, Н.Д.Хмель, С.А.Ұзақбаева, О.С.Сыздықова, Р.Н.Төлеубекова және т.б. еңбектерін ерекше атап өтуге болады [3].

Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық белсенділікті бір ғана белгімен көрсетуге болмайтын ұғым, оның алуан қырлы сипатын айқын көреміз.

Белсенділік адамның әрекетке қатынасын өз бетінше әрекет етуге дайын болудан, ұмтылыстан, алға қойылған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдай білуден көрініс табатын жеке тұлғаның сипаты ретінде айқындалады.

*Танымдық белсенділіктің үш дәрежесі бар:*

*Бірінші дәреже* – жаңғыртушы белсенділік – шәкірттің материалды жадылап, қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолдануға, меңгеруге ұмтылысымен сипатталады. Белсенділіктің бірінші дәрежесіне тән көрсеткіш – оқушының бойында білімін тереңдетуге деген ұмтылыстың болмауы

*Екінші дәреже* – түсіндіруші белсенділік – оқушының оқығанын зерделеуге, оны өзіне белгілі ұғымдармен байланыстыруға, білімін жаңа жағдайларда пайдалану жолдарын меңгеруге ұмтылысынан көрінеді. Екінші дәрежеге тән көрсеткіш оқушының бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге ұмтылуынан, қиындыққа тап болғанда оны жеңудің жолдарын қарастыруынан байқалатын үлкен дербестігі.

*Үшінші дәреже* – белсенділіктің шығармашылық дәрежесі – оқушының тапсырманы шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысымен сипатталады. Бұл дәреженің ерекшелігі – мақсатқа жетудегі табандылық, танымдық ынтаның негіздері мен әр алуандылығы.

Сонымен, оқудағы белсенділік – оқушының іс-қимыл жағдайы ғана емес, осы іс-қимылдың сапасы, онда оқушының қызмет мазмұны мен сипатына қатынасымен, өзінің рухани-ерік, күш-жігерін оқу-танымдық мақсаттарға жетуге жұмылдыруға деген ұмтылысымен айқындалатын тұлғасы көрінеді [4].

Дербестік әрекетке өздігінен икемделудің сапалық көрінісімен; мотивті және белсенді қылықтың оқушыға тән арнаулы нысандары мен тәсілдерін синтездеумен; өмір шындығының белгілі бір жақтарына оқушының тұрлаулы, мінез-құлықта тиянақталған қатынасымен сипатталатын жүйелі білім алу ретінде қарастырылады.

*Танымдық белсенділік туралы анықтамаларға талдау жасай отырып, оқушылардың танымдық белсенділік белгілерінің жүйелері анықталды. Оған үш белгі тән*

- оқу-танымдық әрекеттің қоғамдағы маңыздылық бағыты;
- оқу-танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипаты;
- оқу танымдық әрекеттің реттеушілік сипаты.

*Танымдық белсенділік компоненттерінің құрамын былайша қарастыруға болады:*

- мотивтік-операциялық;
- еріктік;
- бағалау-нәтижелік [5].

Сонымен, танымдық белсенділік пен жалпы танымдық іс-әрекет проблемасына арналған көптеген еңбектерді талдай отырып, келесі қорытынды жасауға болады:

Белсенділік – жеке тұлғаның алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады, ол сезімталдық, танымдық және еріктік үрдіс нәтижесі, танымдық мотив пен өзбеттілік әрекет тәсілдерінің жиынтығы, танымға деген тұрақты құлшыныс болып табылатын танымдық әрекетке бейімделуімен сипатталады.

Балалардың танымдық әрекетін белсендіру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік, ұйымдастырушылық және психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік міндет болып саналады [6].

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласы мен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым-қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге адамның барлық жоғары таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсенділендіруге танымдық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді. Балалардың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы 5-6 жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланың логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы, танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Әбілқасымова А. Қазіргі заман сабақ. – Алматы, 2010
2. Лозовая В.И. Познавательная активность учеников. – Харьков: Основа, 1990. - 89с.
3. Жарықбаев Қ.Б. Жалпы психология. – Алматы, 2012
4. Қожахметова К.Ж., Беркімбаева Ш.К., Құнантаева К.Қ. Педагогика тарихы. – Алматы, 2009.
5. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 1998.
6. Әбілқасымова А., Омарова Р. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. – Алматы, 2010ж.

**ӘЛПБЕКА.З., СМАНОВ І.С., ТАСТЫБАЙ Н.  
(ШЫМКЕНТ, ҚАЗАҚСТАН)**

### **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЖҮЙЕСІ**

Танымдық белсенділік – адам ойлауы мен өз бетінше әрекет етуінің жоғары формасы. Танымдық белсенділік – материалдық және мәдени құндылықтарды жасау деп түсіндірсек, ал философиялық сөздікте: «Танымдық белсенділік – проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті» - деп анықтама берілген.

Жалпы, танымдық белсенділік – адамның мақсатқа жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл ойы, сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. Танымдық белсенділіктің нәтижелері адамды ерекше қуанышқа бөлеп, жаңа бастамаларға жетелейді.

*Танымдық іс-әрекеттегі дербестік ұғымының мазмұнын психологтар мен педагогтар төмендегідей сипаттайды:*

- жаңа өнім алуға ұмтылысы, оны болжау мен жоспарлау, алға қойған мақсатына жетудегі жұмысына деген тұлғаның қажетсінуінен туындайды (Т.Г.Браже, Ю.Н.Кулюткин, А.С.Мустояпова және т.б.);

- жаңалыққа құмарлық, ойлаудың жаңа деңгейіне жетуге әрекет етуі мен жаңа жағдайға қарай әрекет түрлерін тез арада өзгерте алу қабілетінің болуы (Б.А.Тұрғынбаева, А.Ә.Әбілқасымова және т.б.);

- тұлғаның шығармашылыққа бағытталған ұстанымының беріктілігінен туындайды (Қ.Ералин, Г.Е.Нұрмұханова, А.М.Матюшкин т.б.);

- нақты мүмкіндіктері арқылы жүзеге асады, білік, дағдылардың бірлігі қажеттігін көрсетеді (Ш.Таубаева, М.Г.Ярошевский, А.В.Морозов т.б.);

- шығармашылық сипаттағы әрекетті іске асыруда байқалатын тұлғаның сапалық деңгейін көрсету арқылы өзіндік бағалауын арттырады (Т.В.Виноградова, Т.Сабыров, Г.А.Федотова т.б.);

- шығармашылық іс-әрекетті тұрақты қажетсіну, жоспарлап, ұйымдастыру, нәтижесін көру тұлғаның танымдық қанағаттану сезімін тудырып, қызығушылығын аттырады (А.Е.Әбілқасымова, Р.С.Омарова т.б.);

- өмірлік бағытын анықтаушы фактор ретінде, белсенділік пен ізденіске, істі меңгере білуге, тәжірибе жинақтауға дағдыландырады (М.Ә.Кұдайқұлов, Б.А.Оспанова т.б.) [1].

Балалардың білім сапасын арттыруда мұғалім бала дамуының мынадай негізгі белгілерін: дербестігін, проблемалық ситуация, танымдық белсенділігі мен танымдық әрекетін, логикалық ойлауын т.б. қадағалап, балалармен жеке, дара жұмыстар жүргізеді.

Оқыту үрдісі – екі жақты процесс болғандықтан, оқушының өзіндік жұмысы, дербес іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар олардың ізденімпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтар мен психологтар оқушылардың өзіндік жұмыстарының ерекшеліктері – олардың ықыласын және өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп пікір айтады.

Оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады.

Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғы шарты болып табылады. Танымдық белсенділік, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде шығармашылық, практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау үрдісінде қалыптасады [2].

Оқудағы дербестілік оқып үйренетін тақырыпқа, пайда болған мәселеге, міндетке тұрақты ынталылық пайда болуымен, назар мен ой-сана әрекетінің бағыттылығымен оқып жатқан материалды түсінуімен бейімделінеді.

Белсендірудің қандай да тәсілі мен әдістерін пайдалануда оқушының қабілет дәрежесін ескеру керек. Күрделі танымдық міндеттерді танымдық қабілет дәрежесі жоғары оқушыларға ғана тапсыруға болады. Оқушыға таным



күшіне сәйкес келмейтін, мүмкіндігінен жоғары, білім деңгейінен анағұрлым асып түсетін міндеттер жүктеу білім беруде оңды нәтиже бермейді. Оқушылардың шығармашылық дербестігін, танымдық белсенділігін қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен ғылыми-шығармашылық апталық, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Сондай-ақ, мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

*Сонымен қатар, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда мұғалімнің педагогикалық шеберлігі қажет.*

*Мұғалім оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мақсатында түрлі танымдық тапсырмалар дайындауда мынадай талаптар қойылады:*

Бірінші танымдық тапсырмалар дайындауда оқылатын пәннің жеке сипатын, мазмұнын ескеру;

Екінші танымдық тапсырмалардың түрлі деңгейде болуы;

Үшінші танымдық тапсырма бұрын берілген тапсырмамен байланыста болып және бір жүйеде берілуі;

Төртінші танымдық тапсырма – білімі мен біліктерін жетілдіретіндей болуы;

Бесінші танымдық тапсырма – тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге өзгеруі;

Алтыншы танымдық тапсырма – оқушының жеке қабілеттерін ашатындай және шығармашылық дербестігін дамытатындай дәрежеде болуы керек [3].

Сонымен, оқушылардың дербес, шығармашылықпен жұмыс істей алу әрекеті мейлінше белсенділікті, ынталықты, ізденімпаздықты, өз еркімен жүйелі жұмыс істеуді талап етеді, оны оңтайландыру, оқушының күнделікті рухани қажетіне айналдыру мектептің қазіргі кезеңдегі маңызды міндеті.

*Танымдық белсенділік – оқушының танымдық қабілеттеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде туындайды.*

Оқушының танымдық белсенділігінің пайда болуы оның іс-әрекетінен айқын аңғарылады. Ең әуелі оқушының іс-әрекетке деген көзқарасы өзгеріп, танымдық белсенділігі арта түседі. Оқушының шығармашылық дербестігі қалыптасқанда баланың бүкіл болмысы жаңа сипатқа ие болады. Танымдық белсенділік әртүрлі сапада көрінуі мүмкін. Оның күрделі табиғатының өзі оның жеке адам дамуының түрткісі, қозғаушы күші екендігін көрсетеді.

*Мәселені шешуде талданған негізгі ұғымдардың көлемі мен мазмұнына үңіле отырып, оқушының танымдық белсенділігін қалыптастырудың мәні келесідей:*

*Біріншіден,* қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге, ғылым жаңалықтарына тұрақты қызығушылықтың пайда болуы;

*Екіншіден,* оқу-танымдық міндеттер мен мақсаттарды орындауға талпыну;

*Үшіншіден*, білім алуға, шығармашылық жұмыстарға тұрақты қызығушылық;

*Төртіншіден*, жеке тұлғаның сапалық көрсеткіші ретінде көрінетін қабілеті мен қасиеттерінің дамуы;

*Бесіншіден*, жеке тұлғаның дербес интеллектуалдық ой-өрісінің кеңеюі;

*Алтыншыдан*, тұрақты ізденімпаздықтың шығармашылық іс-әрекетінің нәтижелі дамуына әсер етуі [4].

Оқушының танымдық белсенділік әрекетінің деңгейі, бағыты мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіне тікелей байланысты. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, оқу материалының түсініктілігі, мазмұндылығы, оқытуды ұйымдастырудағы тиімді әдіс-тәсілдер, мұғалім мен оқушы арасындағы жылы қарым-қатынас, оқушылардың шығармашылық дербестігінің қалыптасуына үлкен септігін тигізеді.

*Сонымен, танымдық белсенділікті қалыптастырудың алғы шарттарына мына нәрселерді жатқызуға болады:*

1. Танымдық белсенділік пен шығармашылық қабілет деңгейін анықтау.
2. Қызығушылық, шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.
3. Оқушыны шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.

4. Танымдық белсенділікті қалыптастыру барысында кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды есепке алу.

5. Оқушының танымдық белсенділік әрекетін қалыптастыру кезең бойынша сатылап, дамыту.

6. Оқушының танымдық белсенділік әрекетін қалыптастыру үрдісін тәжірибе негізінде жинақтау, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау.

7. Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу [5].

Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. Танымдық белсенділік – өте күрделі психологиялық үдеріс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән. Шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Сонымен, танымдық белсенділік дәрежесі оқушының өзіне, тәрбиесіне, сана-сезіміне, еркіне, қызығушылығына байланысты. Егер балада бұл қасиеттер аз болса, оны қалыптастырып дамыту мұғалімнің міндеті. Оқушының белсенділік дәрежесі – оқытушының педагогтық шеберлігіне, қолданған әдіс-тәсілдеріне қайтарған жауабы тәрізді. Жақсы нәтижелерге жету үшін ең алдымен дайындық және түсіндірме жұмыстарын тиянақты, әрі жүйелі түрде жүргізу басты шарттардың бірі ретінде есептеледі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Әбілқасымова А. Қазіргі заман сабақ. –Алматы, 2010

2. Лозовая В.И. Познавательная активность учеников. – Харьков: Основа, 1990. - 89с.

3. Жарықбаев Қ.Б. Жалпы психология. – Алматы, 2012

4. Қожахметова К.Ж., Беркімбаева Ш.К., Құнантаева К.Қ. Педагогика тарихы. – Алматы, 2009.

5. Әбілқасымова А., Омарова Р. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. – Алматы, 2010ж.

**ТЕМИРКУЛОВА А.Б.  
(СЕМЕЙ, ҚАЗАҚСТАН)**

## **ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мұғалім! Бұл адамның ардақты аты,  
Білімділік бір билікке шығар саты.  
Ең алғаш басталады сол адамнан,  
Сүйеді сондықтан да жақын, жат.  
СӘБИТ МҰҚАНОВ

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген халық даналығында да осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орыны ерекше екенін аңғару қиын емес. Кешегі болған бөбектен Адам деген жаратылысты тәрбиелеп шығудан абыройлы іс жоқ шығар.

Педагог - ең көне мамандықтардың бірі болып саналады. Бұл мамандықта ұрпақтар сабақтастығының мыңжылдық тәжірибесі жинақталған. Шын мәнінде, педагог – бұл ұрпақтар арасындағы байланыстырушы буын, қоғамдық-тарихи тәжірибені тасушы. Халықтың қоғамдық-мәдени тұтастығы, жалпы өркениет, ұрпақтардың мираскерлігі көп жағынан мектеп-мұғалім рөлімен шартталған, педагогтар әрқашан, даралық-психологиялық, мінез-құлықтық және коммуникативтік сапалардың алуан түрлілігі тұсында да тұлға болып табылады. Білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менін» сезінуге, толықтыруға көмектесетін, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орынын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуде белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс деп есептелінеді. [7,288с] Сөз басын мұғалімнің жеке бас мәдениеті, адам тұлғасы, парасаттылығы мен азаматтық биіктігінен бастауды жөн деп есептеймін. Өйткені мұғалімнің адамгершілік бет - бейнесі оның мәртебесін анықтайтын өлшемдердің бірі. «Жақсы мұғалім алдымен жақсы адам»- деп айтатындығымызда осыда ары таза, байсалды да төзімді, кешірімді, әділетті мұғалім әрқашан басқадан айрықша тұрады. Ал әсемдікті, әдемілікті бағалай білетін ұстаз алдынан өткен ұрпақтың қиянатқа, жаман іске бармасы аян. Мұғалімдік мамандықты биікке көтеретін екінші күш - оның кәсіби құзырлығында. Білім сапасы - мұғалімдер қызметінің сапасы. Оқушыларға нені

үйрету керек екенін мемлекеттік стандарттар, бағдарламалар белгілейді. Ал «қалай оқыту керек?» деген сауалға жауапты тек мұғалімнің кәсіби даярлығынан, өз ісін жоспарлай, өзінің нақты мақсаттарын болжап, көре алуын, баланың әрекетін ұйымдастыра білетін шеберлігінен іздеу керек.[6,182с] Қазақтың XX ғасырдың белгілі ағартушысы Ж. Аймауытов «Қазіргі қазақ мектебіне қажеттісі – тек білім беруші мұғалім ғана емес, баланы өмір сүруге үйретуші ұстаз!» - деген еді. Бұл сөздердің бүгінгі күні де мәні өте жоғары. ХХІ ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры. Сондықтан бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүнежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп еңбек етуге дайындайды. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу мұғалімнің өзінің жан - жақты білімдарлығымен, тұтас дүниетанымыныңболуымен, ой - өрісінің кеңдігімен тікелей байланысты. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық.[4,83-91с]

Мұғалімдік мамандық – адамтану адамның күрделі де қызықты шытырманан мол рухани жан дүнесіне үңілу, баланы түсіну. Мұнсыз дамыта оқыту мүмкін емес. Бұдан бүгінгі мұғалімді айшықтайтын тағы бір сапа – оның психологиялық білімінің тереңдігі мәселесі туындайды. Баланы түсіну дегеніміз – олардың позициясында болу, сезімдерін бағалап, әрекетін ісін елеулі түрде қабылдау ілтипат көрсету. Баланың көңіл құбылысын, жүрек тебіренісін, сезімі мен тебіренісін, түсінген мұғалім баянды тәрбиеге ие болып білімді жетістікке қол жеткізеді.Педагогикалық білім дәстүрге бай. Алайда, педагогика сол дәстүрліліктердің бүгінгі күннің мәселесін шеше алмайтын немесе шешудегі тиімділігінің төмен болып тұрған кезеңінен өтті. Осыған орай жүріп жатқан модернизациялау үрдісі - республикадағы білімнің сапасын арттырып, оның халықаралық білім кеңістігіне кірігуіне деген қажеттіліктерін қанағаттандырады, еліміздің өркендеген елдердің қатарынан көрінеміз деген талабына тұғыр болары анық.Жалпы педагогтың психологиялық мәдениетін ашу үшін, ең алдымен «мәдениет» сөзіне жалпы анықтама берелік.

Мәдениет – адамзат баласының ұлт, халық болып қалыптасқаннан бергі жинақтаған ұлы байлығы. Бұл шығармашылық күштер мен адамның адами мүмкіншіліктерінің шарықтау шегінің көрінісі.[5,378с]

Мәдениет дегеніміз – адамның ойлау, өзіне де, айналасындағыларға да талдау жасай білу қабілеті. Адамдарды ізгілікті, ақылды, моральдық міндеттемелерді мойнына алатын, сыншыл жанға айналдыратын да – мәдениет. Сол арқылы адамдар құндылықтарды ажыратып, өзіне талдау жасайды. Мейлінше, кең мағынасында алғанда, мәдениет қоғамды немесе әлеуметтік топты, ұлт пен адамды сипаттайтын рухани және материалдық, интеллектуалдық және сезімдік айқын аңғарылатын белгілердің жиынтығы. Кез-келген мәдениет өзіндік ерекшелігі бар және теңдесі жоқ қазыналардың қоймасы.Адамдарды ізгілікті, ақылды, моральдық міндеттемелерді мойнына алатын, сыншыл жанға айналдыратын да – мәдениет. Сол арқылы адамдар құндылықтарды ажыратып, өзіне талдау жа-сайды. Мейлінше, кең мағынасында алғанда, мәдениет қоғамды немесе әлеуметтік топты, ұлт пен адамды сипаттайтын рухани және материалдық, интеллектуалдық және сезімдік

айқын аңғарылатын белгілердің жиынтығы ретінде қарастырылуы тиіс. Кез-келген мәдениет өзіндік ерекшелігі бар және теңдесі жоқ қазыналардың қоймасы болып табылады, өйткені әрбір халық өз дәстүрі мен рухани бейнесі арқылы танылады.[3,40-50 с]Философияның және басқа да ғылымдардың ең негізгі категориясы – мәдениет категориясын қарастырамыз. Өйткені осы ұғым контекстінде жалпы білім беру мәселелерінің адамға тәрбие беру және оның қалыптасуының неғұрлым адекватты құрылымын көреміз. Білім берудегі мәдениеттану тұрғысына сүйенсек, жалпы білім берудегі ең негізгі атқарушы мақсаттардың бірі – жастарымыздың жалпы мәдениетін дамыту. Ал, осы жалпы мәдениетті құрайтын құрылым бөлімдері: тарихи, математикалық, ақпараттық, лингвистикалық, экологиялық, психологиялық, валеологиялық, шығармашылық-эстетикалық т.б. Психологиялық мәдениетті тұлғаның жалпы мәдениетінің бөлімі деп қарастырып, оның қалыптасып дамуына және диагностикасына білім беру жүйесінде жеткілікті назар аударылғаны жөн болар еді дейміз.Тар мағынада мәдениет адамның түбір, мәнді күштерінің дамуының қандай да бір деңгейі деп тұжырымдалады. Бұл тұрғыда мәдениет – жеке адамның өмір салтының қоғамдық өмірдегі құндылықтар мен нормаларға – қоғам мәдениетінің идеалды бейнесіне сәйкестілігі туралы айтылады. Мәдениетті - өмір стилі немесе өмірлік іс-әрекет ретінде сипаттауға болады. Осындай ұғымдағы мәдениет (жалпы мәдениет) мінез-құлықты ғана емес, сонымен қатар адамның бүкіл өмірлік іс-әрекетінің әмбебап рухани реттеушісі болып саналады. [2,360с]

«Психологиялық мәдениет» психология ғылымындағы жаңа ұғым. Сондай-ақ, ғылыми әдебиеттерде сирек қолданылады. Әрине, бұл ұғым психологиялық болса дағы, әр түрлі ғылыми облыстар аймағында құрылады: философия, мәдениеттану, әлеуметтану, этика, психология. А. Зимняяның айтуынша: «жалпы мәдениет адамның әлемге, өзіне деген қатынас аймағындағы негізгі бағыттарының тұрақтылығымен, жинақтылығымен және олардың мінез-құлықта көріну сипатымен анықталады.. Бұл жерде «педагог-психологтың» орыны қандай деген сұрақ туады? Педагог-психолог - білім беру мекемелері ұжымына кәсіби психологиялық мәдениетті алып келетін маман. Маман ретінде педагог-психологтар процестің жанама түрде де жүруіне өз әрекеттерімен, мінез-құлқымен, адамдарға, өмірге деген өз қатынастарымен себепші болуы ықтимал.[1,365 б]

Педагогтың психологиялық мәдениетін қалай даму шегіне жеткізе аламыз?

Бұл сұрақ бойынша бірнеше бағытты көрсетуге болады: біріншіден, білім беру мекеме жағдайларындағы неғұрлым адекватты мінез-құлық пен әлеуметтік өзара әрекетті қамтамасыз ететін психологиялық білім және іскерліктердің біраз мөлшері ретінде психологиялық сауаттылықты қалыптастыру. Педагогтарды адамдардың ғылыми психологиялық мәдениет білімі жүйесімен, өзінің ішкі психологиялық әлемі және тұлғалық индивидуалды сапа-лары туралы түсініктер жүйесімен таныс-тыруды, әлеуметтік интеллектіні, креативтілікті дамытуды белсенді түрде жүзеге асыру қажет. Екіншіден, мінез-құлық, іс-әрекет немесе әлеуметтік өзара әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін психологиялық құзіреттілікті қалыптастыру. Бақылаушылық, адамдарға

зейін аударып білу, психологиялық қырағылық, өз-өзін адекватты түрде қабылдай алу, эмоционалды тұрақтылыққа талпыныс, мейірімділік, әр түрлі адамдармен қарым-қатынастарды орната алу, ақпаратты адекватты қабылдай алып, бере алу. Осы екі бағыт бойынша жоғарыда көрсетілген барлық қасиеттерді дамытуды студент тұлғасында, яғни, болашақ педагогтардан бастап, дамытып, бегілі бір деңгейде тұрақтылық қажеттілігі туындайды. Болашақ педагогтардың психологиялық мәдениетін дамытудың тиімді жолдарының әдіс-тәсілдерінің жүйесін құру шарт. Психологиялық мәдениетті жоғарлатудың қазіргі уақыттағы және өзекті формаларын өңдеп, қолдану қажет. Бұл жұмыстар жүйелі сипатқа ие болу үшін, іс-әрекет түрін сауатты түрде жүзеге асырылу тиіс. Педагогтардың психологиялық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары ағартушылық та, сонымен қатар, коррекциялық-дамытушы сипатта да болады.[8,47-57с]

Сонымен, қорытындылай келе, білім беру мекемелеріндегі педагогтардың психологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері қазіргі біздің қоғамымызда өзекті болып қала береді. Жалпы психологиялық мәдениетті жоғарлату бойынша жұмыстардың тамыры – осы мамандықты таңдаған болашақ педагогтардың педагогикалық-психологиялық жұмыстар жүйесін нақты бағдарлап, толығымен өңдеу. Біз біреудің ақылымен ақылды болмаймыз, орайын тауып ойландыруға үйрету, мұғалімнің жан - дүниесін, ішкі құрылымдарын жаңа деңгейге көтеріп, келбетін кескіндейтіндігіне дау жоқ. Талантын таңдауға, шығармашылығын шыңдауға үйренген ұстаздың қоғамға берері де мол болмақ. Білім, тәрбие жолы ұзақ жол. Мұғалімнің қателігі қоғам үшін өте қауіпті, ал, керісінше, оның нәтижелі еңбегі бүкіл ұлттың, Отанымыздың, өркениеттің тағдыры, оның ізгілікті істері ұзақ жылдар жемісін берері сөзсіз. ХХІғ.- бәсеке ғасыры, олай болса, кемелденген азаматтарды тәрбиелеудегі біліміміз, қажыр - қайратымызды, «Ұстаз» деген атқа лайықты қызмет ете берейік.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. - М.: «Логос М», 2005. – 365 б.
2. Колмогорова Л.С. Диагностика психологической культуры школьников: Практик. пособие для школьн. психологов. - Изд-во Владос-Пресс, 2002. - 360 с.
3. Крупник Е.П., Сизова Т.Б. Теоретические аспекты психологической культуры межличностных взаимодействий // Мир психологии, 2001, № 3, 40-50 с.
4. Колмогорова Л.С. Становление психологической культуры школьника // Вопросы психологии. 1999, №1. 83-91 с.
5. Белик. А. А. Культура и личность. - М.: РГГУ, 2001.-378С.
6. Формирование личности в переходный период от подросткового до юношеского возрасту / АГН СССР; под. ред. И.В. Дубровиной. - М.: «Педагогика», 1987.-182 с.

7. Цукерман Г.А Психология саморазвития / Цукерман Г.А., Мастеров Б.М. - М.: «Интерпракс», 1995. - 288 с.

8. Л.С. Колмогорова, О.Г. Холодкова Особенности становление психологической культуры школьников // Вопросы психологии. 2001, №1.- 47-57 с.

**ТӨЛЕУБЕКОВА Ж.  
(АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)**

### **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЕМІЗДІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ЕМДЕУДЕГІ ЕДТ-НІҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Бала – болашағымыз. Сондықтан балалардың денсаулығы, қауіпсіздігі, қатардан қалмай білім алуы – ата-аналар үшін ғана емес, мемлекет үшін де аса маңызды.

Елбасының 2018 жылдың 5 қазанындағы «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ұлт саулығы – мемлекеттің басты басымдығы», - деп атап көрсетіп, осы жолда атқарылуға тиісті басты шараларды атаған болатын. Жолдауға сәйкес, білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты». [1]

«Вақ.kz» дереккөзінің жазуынша, Қазақстан бірнеше жылдан бері Орталық Азияда семіздік бойынша бірінші орында. Елдегі әрбір төртінші ер адамда артық салмақ бар және олардың семіздігі әлемдегі орта шамадан екі есе жиі кездеседі екен. «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, қазақстандықтардың 25 пайызға жуығы семіздікпен ауырады. Мамандар артық салмақ жинаған азаматтар саны соңғы жылдары жылдам өсіп келе жатқанын айтады. Мәселен, ресми деректер бойынша, семіздікке шалдыққандар көлемі 10 пайыздан 15 пайызға көбеюіне 15 жыл кетсе, сырқаттанған қазақстандықтар үлесінің 15 пайыздан 20 пайызға артуына жеті жыл ғана жеткілікті болған», деп жазады басылым. [2]

Семіздіктің белең алып кетуінің себебіне келгенде, мамандар екі түрлі пікір айтуда. Бірі мұны әлеуметтік ахуалдың жақсаруымен байланыстырса, екінші топ керісінше, тұрмыстың төмендігі себеп болатынын алға тартады.

Бұл мәселе тек ересек адамдарға ғана қатысты емес, керісінше ол мектеп жасындағы балалар үшін ерекше өзекті болып барады.

Бүгінгі күні кез-келген мектепке барсаңыз, табалдырығынан аттаған сәтте-ақ мектеп оқушыларының арасында белең алып бара жатқан мәселе деп танылған артық салмақ пен семіздік мәселелерінің қаншалықты маңызды екенін түсінуге болады.

**Мектеп қабырғасындағылардың денінің саулығы олардың тамақтануына тікелей байланысты.**

Мектеп жасындағы балалардың тамағын тиімді ұйымдастыру – тек атаналар ғана емес, қоғам болып назар аударатын түйткіл. Оқушыларды дұрыс тамақтандырудың басты талаптары сақталса, ахуал айтарлықтай түзелер еді. Ал асханадағы тамақ мәзірінің жағдайы мәз болмағандықтан, балғындардың келешегіне алаңдамасқа болмайды.

Дұрыс тамақтанудың негізі – дәрумендер, ақуыз, май, көмірсулар. Ас құрамында негізгі қоректік заттар міндетті түрде болуы қажет. Йод тапшылығы туындамауы үшін ет, балық, сүт өнімдері, жеміс-жидектер, нан секілді тағамдар күн сайынғы ас мәзіріне қосылып отырса, қаймақ, жұмыртқа, сүзбені екі күнде бір беруге болады. Әсіресе, оқушы кітап оқығанда көзі көргіш, есте сақтау қабілеті мықты, зерек болу үшін бала ет, балық, жеміс пен көкөністі көп жеуі керек.

Мектеп қабырғасында болғандықтан тамақтанумен қатар дене тәрбиесіне де көңіл бөлген жөн.

Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық – адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Оқушыларды жүйелі түрде дене жаттығуларына үйретудің тиімді жолдарының бірі – олардың өз еркімен дайындалуы. Осыған байланысты оқу бағдарламасына дене тәрбиесінен үйге тапсырма беруді міндетті түрде енгізу керек.

Дәрігерлер семірудің келесі себептерін анықтаған:

1. Тұқым қуалаушылық;
2. Эндокринды аурулар;
3. Аз қимылдау және тамақ құрамындағы майдың шамадан тыс көп болуы;
4. Мидың нақты бөлшегінің жарақаттануы;
5. Кейбір психикалық ауытқулар.

Семірудің 4 дәрежесі және 2 кезеңі болады: дене салмағы үнемі өсіп тұратын үдемелі, және артық салмақ болса да, ары қарай үлкеймейтін тұрақты кезең.

I дәрежелі семіздік: дененің нақты салмағы идеал массадан 29%-ға дейін асады.

II дәреже: дененің нақты салмағы идеал массадан 30-40%-ға дейін асады.

III дәрежелі семіздік: 50-99% пайызға дейін асуы.

IV дәреже: айырмашылық 100%-дан жоғары.



Семіздік әрқашан ағзаның жұмысын тежейді: жүрек жұмысы ауырлайды, қан айналымы бұзылады, демікпе пайда болып, адам тез шаршайды, инфекциялардан қорғанысы әлсірейді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, әлем халқының 1/5 бөлігі немесе 1,7 млрд адам артық салмақтылар қатарына жатқызылады. Бұл топтардағы адамдардың 250 миллионы созылмалы семіздік ауруы мен оған қосарлана жүретін кең таралған ауруларға шалдыққан. Әлемдегі мезгілінен бұрын болатын әрбір үшінші өлім-жітімнің семіздік пен адамның аз қимылдауынан туындайтын аурулармен байланысты екендігі анықталған. Қазіргі кезде семіздіктің таралу қарқындылығы соншалық, осылай кете берсе бұл сандар 2025 жылға қарай екі еселенбек. Әр 10 жыл сайын артық дене салмағы мен семіздіктің таралуы 10 пайызға өсіп отыр. [3]

Бұл мәселе – біздің елімізде де соңғы уақыттары кең етек ала бастады. Мамандар семіздіктің 90 пайызы дұрыс тамақтанбаудан және аз қимылдаудан пайда болатындығын айтады. Артық салмақтылар жүрек-қан тамырлары ауруларына, жатыр мойны мен аналық, аталық бездердің, сүт безінің, тоқ ішектің, бүйректің, бауырдың және өт қабының қатерлі ісіктері, остеопороз, артрит, тыныс алу ағзаларының ауруларына жиі шалдығады. Сондай-ақ, бұл дертке шалдыққандарды өмір жасы да 7 жылға қысқаратын көрінеді. БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының баяндамасында Орталық Азия аймағындағы ең семіз адамдар – қазақстандықтар деп көрсетілген. Оған сенсек, Қазақстандағы ересек адамдардың 24,4 пайызы семіз. Ұйым сарапшылары «төрт миллионға жуық қазақстандықтың немесе елдің әрбір төртінші тұрғынының артық салмағы бар» деп есептейді. Бұл, әрине, алаңдатарлық, дабыл қағарлық жағдай.

Емдік дене шынықтыру анатомиялық және физиологиялық тіндер бұзылыстарын қалпына келтіреді. Тарихына тоқталсақ, 1921 жылы сан-курорттық орындар ашылғаннан бастап ЕДШ колданыла бастады. Емдік дене шынықтыруға Гиппократ, Гегель аталарымыздың еңбегі зор. [4]

*Спорттық-қолданбалы жаттығулар.* Бұған жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, жер бауырлап жорғалау, шаңғы тебу, туризм, коньки тебу, экскурсия, серуендеу, тұрмыстық еңбекке бейімделген қимылдар, қайықта ескек есу т. б. жатады.

Осы көрсетілген спортты-қолданбалы жаттығулардың әрқайсысы-ақ организмге тиімді әсерін тигізетіні белгілі. Әрбір жаттығу *жсай жүруден* басталады. Көбінде жаттығумен өз бетінше айналысатын адамдар (жүрек-қан тамырларымен ауырғандары семіздікке ұшырап, тыныс жолдары зақымданғанда, буындар мен ішек-қарын ауырғанда) ақырын аяндап жүруден бастайды. Қазақ халқында ежелден келе жатқан әдет, қатты ыстығы көтеріліп ауырған шақта бірер күн төсекте жатқызып қояды, ал ыстығын қайтару үшін көк шөпке жалаңаяқ жүргізеді. Көбірек қимылдаса, жер-ана ауруды тартып алады деген ұғым да бар.

Серуендеу, экскурсия, туризм, терренкур (мөлшерлі жоғары жүру) - курорттарда аурудың қалған әсерін біржолата жою үшін қолданылады. Мұның бәрі өкпе-жүрек, нерв жүйесінің ауруына шалдыққандар үшін өте пайдалы.

*Ойын* - адамдардың көңіл-күйін көтеріп, қимыл-қозғалыстың үйлесімділігін, назарын, ілтипат-ықыласын арттырып, жылдамдықты шыңдайды. Ойын бір орында қозғалмайтын, жылдам жүгіріп ойнайтын және спорттық ойын болып үшке бөлінеді. Спорттық ойындар волейбол, баскетбол, бадминтон, теннис т. б.

*Табиғат факторлары* — ауа, күн сәулесі, су — адам денесінің ауруға қарсылығын арттырып, төзімділігін үдетеді. Ол науқасқа да, сауға да, үлкенге де, кішіге де түгел пайдалы. Тек қандай тәсіл болса да ептеп, мөлшермен қолданған жөн.

Емдік гимнастиканың осындай тәсілдерін дұрыс пайдалану үшін оның түрлерін, кезеңдерін, негізгі нұсқауларын немесе методикасын, қозғалыс режимдерін білу қажет. Оны емдеу профилактикалық орындарда арнайы мамандар жетік біліп, қалыпты мөлшерде қолданады.

Мектепте, институтта олар арнайы медициналық топқа бөлініп, емдік гимнастика немесе дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысады.

Емдік гимнастиканың негізгі мақсаттары: денеде тотығу-қышқылдану процестерін үдету; жүрек-өкпе жұмыстарын жақсарту; ішек-қарынның ас қорыту қызметін арттыру; энергияның; көп бөлініп шығуына ықпал жасау. Жалпы қимыл-қозғалысты көбейтіп, дене салмағын кеміту.

Семіздікке емдік гимнастика екі кезеңде қолданылады. Біріншіде науқас адам дене тәрбиесіне өзін үйретеді. Онда ертемен зарядка жасап, таза ауада жүріп, өзіне-өзі массаж жасайды.

Осындай дене тәрбиесіне үйренген соң ақырындап екінші кезеңге көшеді. Мұнда бұрынғы жаттығуларға қоса 10 км жазықтықта жүреді, баяу жүгіреді, суда жүзіп, шаңғы теуіп, әр түрлі ойынға қатысады. Қалайда артық салмақтан құтылуға ынталану керек.

Жаттығулардың, спорттың қандай түрінен болса да адам ләззат алып, өзін сергек сезінуі керек. Тек сонда ғана бойдағы артың салмақтан құтылып, гипертония, қант ауруы, подагра сияқты зиянды науқастардың алдын алуға болады.

Толық адамдарға жазда күннің көзінде қыздырынып көп жатуға болмайды. Ол қан айналымын өзгертіп, миға, жүрекке зақым келтіреді.

Қандай ауру болса да дене тәрбиесінің зияны жоқ, тек ретімен дұрыс пайдаланса болғаны.

Өмірдің жалғасы, болашағы, келешегі — ұрпақтардың денсаулығын сақтау өте үлкен, ауқымды мәселе. Дені сау бала өзі де отырмайды, лақтай секіріп, жүгіріп, үнемі қозғалыста жүреді. Оған тіпті арнайы жаттығудың қажеті де жоқ. Өйткені оның көңілі көтеріңкі, өсіп-жетілуі, дамуы — бәрі ойдағыдай. Енді осы туа біткен қорды сақтап қалу үшін үлкен азамат болғанша адам үнемі қимыл-қозғалысымен, дене тәрбиесімен айналысу керек.

Өкінішке орай, бүлдіршіндер арасында да неше түрлі аурулар аңғарылуда. Оған себептер де көп. Өзімізді қоршаған ауаның ластануы, транспорттың көбеюі, теледидар алдында бірнеше сағаттан отыру, бірнеше қатар биік үйлердің салынып, баланың еркін жүгіретін жерінің кемуі, телефон-смартфон құрылғыларының тереңінен өмірімізге енуі. Осылардың бәрі жас организмнің

дамуын тежеп, әр түрлі ауруларға шалдығуына әсер етеді. Соның нәтижесінде әлжуаз, әлсіз, төзімсіз, нәзік балалар қазір көбейіп кетті. Күн салқындаса болды, олар түшкіріп-пысқырып, тұмау тие бастайды. Ата-ана оған салғырт қарап, уақытында емдетпесе баспа, тымау т. б. аурулар асқынып, өкпе, жүрек, бүйрек, асқазан сияқты ішкі ағзаларды зақымдайды. Сонда ғана дәрігерлерге жүгіріп, диспансерлік тізімге ілінеді.

Яғни, осындай өкінішті жағдайлардың орын алмуы үшін барлығымыз бірдей ат салысуымыз қажет.

Мектеп асханалары талапқа сай болуы шарт. Бірақ соңғы уақытта мектеп асханаларына қатысты даулы мәселелер көбейіп кетті.

Мектеп жасындағы оқушылардың семіздігіне жол бермеу шаралары ретінде емдік дене шынықтыруды кеңінен пайдалану қажет.

Сол кезде ғана, ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттері, жаңа дағдылары қалыптасқан, креативті, сыни ойлайтын, коммуникативті дамыған және командада жұмыс істей білетін жас ұрпақ тәрбиеленеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына деген Жолдауы, 5 қазан, 2018 жыл

2. <https://baq.kz>

3. <https://kk.wikipedia.org>

4. Артық дене салмағы мен семіздіктің алдын алу (2 Модуль)/Ш.С.Тәжібаев және т.б – Алматы, 2012. – 32 б.

*Ғылыми жетекші: Зауренбеков Бауыржан Зауренбекович*

**ТӨЛЕУЖАН А.Т., ХАМЗА А.А.,  
БАХЫТЖАН И., ДУЛАТҚЫЗЫ Д.  
(ҚАРАҒАНДЫ, ҚАЗАҚСТАН)**

## **БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ЕРТЕ ЖАСТАН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі жаһандану заманында көп тілді меңгерген адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру - бұл ең алдымен ұлтаралық қатынастар кезінде маңызды рөл атқаратыны баршамызға белгілі. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп, дамиды. Үш тілді меңгеру жарқын болашақтың кепілі десек, артық айтқанымыз емес. Бүгінде еліміздегі қоғам көпұлттық, көптілділік және көпмәдинеттілік жағдайда. Президент Нұрсұлтан Назарбаев халыққа Жолдауында **«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»** Үкіметтің алдына «үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу» туралы ұсыныстарды тапсырды. Сонымен қатар «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Алайда, бүгінде ағылшын тілі – жаңа

технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды. 2019 жылдан бастап 10-11 сыныптарда жаратылыстану бағытындағы ағылшын тілінде оқытатын боламыз. Бұл мәселені тиянақты ойланып, ақылмен шешу қажет. Мектептердің және мұғалімдердің деңгейі, әсіресе ауыл мен қалада әртүрлі. Білікті педагогтардың жетіспеу проблемасы да бар. Сондықтан, осының барлығын ескеріп, ағылшын тілін кезең-кезеңмен енгізуіміз керек», - деді Елбасы Н.Ә.Назарбаев [1].

Сонымен қатар Н.Ә.Назарбаев осы мақсатқа жету жолында тіл мәселесін алға тартып, қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кем дегенде үш тілді біліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін емін-еркін білу тиіс екендігін пайымдады. Сонымен қатар ағылшын тілін кеңінен білмейінше, ұлттың бәсекеге шынайы қабілеттілігі туралы айту қиын болатындығын ескерте отырып, барлық ата-аналарды балаларын үш тілде оқытуға шақырды. Қазіргі таңда шетел тілдерін оның ішінде ағылшын тілін ерте жастан оқытудың маңыздылығы зор. Бүлдіршін жаста меңгерілген білімнің іргетасы берік әрі мықты болады. Ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмай әрі еркін меңгереді. Сол себепті, қазіргі таңда Білім және ғылым министрлігінің алған бағыты қажетті және дұрыс бағыт болып есептеледі, дәлірек айтқанда, ҚР Білім беру жүйесіне шетел тілін ерте жастан бастап оқытуды енгізу. Заманауи мектептерде білім беру үдерісінің моделі оқушыларға білім қорын беріп қана қоймай, оқушылардың оқу үрдісіндегі басқа да оқушылармен қарым-қатынасқа түсудің жаңа стратегияларын меңгеруге жағдай жасауға бағытталған, яғни белсенді, автономды, мәдениаралық қарым-қатынасқа қарқынды түсуге қабілеті бар тұлға қалыптастыру болып табылады. Ғылыми әдебиеттерді саралау негізінде және қолданыс енгізілген әдістемелерге сәйкес шетел және ұлттық ғалымдардың ой-пікірлерімен келісе отырып, ерте жастан оқытуда ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы мен ерекшелігіне тоқталу қажет.

Өз елінің азаматтарының сапалы білім алуына қажетті шарттарды құрған мемлекет қана табысты дами алады және әлемнің озат елдерінің қатарына жатқызылады.

Еліміздің елбасы Н.А. Назарбаев отандық білім беруді жоғары деңгейге қойды. Ол бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуы тиіс және қазақстандық мектеп түлектері шетелдің кез келген жоғарғы оқу орындарында білім алуларын оңай жалғастыра алатындай болуы керек.

Білім берудің маңызды стратегиялық тапсырмасы, бірінші жағынан, ең мықты қазақстандық білім беруші дәстүрлерді сақтау болса, екінші жағынан, мектеп түлектерін халықаралық біліктілік сапамен қамтамасыз ету, мемлекеттік, ана және шет тілдерін меңгеру негізі болып табылатын лингвистикалық түсініктерін дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасының тілдік саясаты, қазіргі уақытта білім беруші ұйымдар оқу-тәрбиелеу процесінің сапасын және шет тілін меңгеру тиімділігінің жоғарылауына бағытталған. Бүгінгі күні 2016-2020 жылдарға арналған Қазақстан

Республикасындағы білім беру және ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуындағы институциялық қамтамасыз етілу жұмысының аяқталғандығы туралы айтуға болады, базалық құзіреттіліктің бірі - үш тілдік, евразиялық көпмәдениеттілік, қарым-қатынастық. Тұжырымдаманың негізгі ережелерінде, заманауи мектептің түлегі шет тілінде сапалы сөйлей алуы керектігі туралы айтылады, бұл - кәсіпқой жастардың тәрбиеленуі сұрақтарындағы ең маңызды сұрақ, себебі, қажетті теоретикалық, практикалық білімге, дағдылар іскерлігіне толығымен және сапалы түрде қол жеткізу үшін әлемдегі техника мен ғылымның интенсивті түрде даму деңгейі мен қарқыны шетел тілдерін еркін меңгеруді талап етеді.

Білім берудің барлық сатыларына тиесілі бірқатар нормативтік құжаттар қолданысқа енгізілгеннен кейін Қазақстанда білім беру жүйесін ілгерінді дамытуға және жаңартуға мүмкіндік туды. Базалық құндылықтар мен аялық білім қаланатын мектепке дейінгі және бастауыш мектептегі тәрбие мен оқыту маңыздылығына ерекше назар аударылуда. Шетел тілдерін меңгеру үшін ерте жастан оқытудың тиімді екені ғылыми түрде дәлелденген. Аталған ғылыми дерек Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы міндеттерінде ескерілген [2]. Жоғарыда аталған бағдарлама міндеттері фрагменттік сипатта жасалған шетел тілін ерте жастан оқыту тәжірибесі мен шетелдік машықтануды бірыңғай жүйеге келтіруге мүмкіндік беретін болады; үздіксіз басқа тілді білім беру мен білім беру бағдарламаларының бірізділігін қамтамасыз етеді; елдің зияткерлік әлеуетін дамытудың елеулі факторының бірі ретінде көптілді тұлға қалыптастырудың жоғары сапасы мен тиімділігін негіздейтін болады.

Күтілетін нәтижелер Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында қойылған «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мазмұнын жаңарту», «Ағылшын және басқа шетел тілдерін оқыту» бөлімдерінде қойылған міндеттерді шешуге бағытталған, сонымен қатар 12 жылдық оқыту моделіне көшуді жүзеге асыруға арналған.

Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлт пен ұлыстардың өкілдері тұрады. Бұл дегеніміз, әр ұлт өкілінің төл мәдениетін, ана тілін сақтап, ұлттық салт-дәстүріне қызығушылығын арттыру, оларды игеруге ұмтылысын күшейту қажеттілігін туындатады. Сонымен қатар, өз мәдениетімен қоса ортақ Отанға, мемлекеттік тілге құрметті арттыру, үштілді тұлға қалыптастыру - білім беру саласындағы аса маңызды міндеттердің бірі болатыны айғақ.

Қазіргі таңда ерте жастан шетел тілін оқытуда дидактикалық шарттарын орындауда түбегейлі дамыған, көптілді және көпмәдениетті ортаға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған жеке тұлға қалыптастыру басты міндеттердің бірі болып, күн тәртібінде жоспарлануда. Бұл өз кезегінде, қазіргі таңдағы орта мектептерде ерте жастан шетел тілін оқытудың дидактикалық шарттарын ескеру білім берудің өзекті тақырыбы екендігін айқындайды.

Шетел тілін ерте жастан бастап оқыту елімізде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен қабылданған

«Тілдердің үштұғырлылығы» ұлттық мәдени жобасымен де ұштасып жатыр [3]. Қазіргі уақытта шетел тілін ерте жастан оқыту әдістемесі, орта мектептерде шетел тілін ерте жастан бастап оқытуда дидактикалық шарттардың дамуы жан-жақты зерттеліп, оның негізгі нәтижелері ғылымның әлемдік деңгейінде жарық көруде. Сондықтан, ерте жастан шетел тілін оқытуда дидактикалық шарттарды ескеру сұрағы бойынша әлі де шешілмей жатқан мәселелерін қарастыруда Қазақстанда ерте жастан балаларға білім беруде зерттеу жұмыстарының ғылыми маңызы айтарлықтай маңызды.

Соның айқын айғағы болып қоғамдағы білім беру жүйесін реформалау болып табылады. Соған орай орта мектептерде оқу-тәрбие жұмысын нәтижелі іске асыру педагогикалық оқу орындарында білім алып жатқан болашақ жас мамандардың білім, білік және дағды сапаларының дайындық дәрежесіне толыққанды байланысты екендігі өздігімен түсінікті. Орта мектептерде аса маңызды міндетті шешуде дидактиканың атқаратын қызметі айрықша.

Орта мектептерде шетел тілін ерте жастан оқытудағы негізгі міндет – балалардың машықтануын, сонымен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін, ізденістерін дамыту. Осы мақсатқа жету барысында білімнің қандай да бір саласында бар қорытындыға және олардың негізінде жаңа жобаларды жасауға байланысты шығармашылық сипаттағы жұмыстардың сан алуан түрлері қолданылады.

Болашақ мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісіне жан-жақты дайындығы, ерте жастағы балалардың оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруда шетел тілін оқытудың дидактикалық шарттарын ұйымдастыра алу мәселесі ең алдымен мұғалімнің дайындығына тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогына үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында көрсетілгендей, қазіргі білім беру жүйесіндегі дағдарыстардың болуы білімнің тиімділігінің жетіспеуіне ғана байланысты емес. Ол жас ұрпақтың интеллектуалдық, жеке тұлғалық, адамгершілік-рухани дамуында жіберілген кемшілік, сонымен қатар білім жүйесінің жеке тұлғалық менталитетін қалыптастыруда, жалпы адамзаттық құндылық, толеранттық және ынтымақтастық социум тұрғысынан білім беру жүйесінің дайындығы жоқтығынан делінген. Қоғамның постиндустриалды дамуы және ақпарат алу мүмкіндігінің жоғарылауы жағдайында, жоғары кәсіби деңгейді иеленген, шығармашылыққа және өзіндік қабілеті бар жас ұрпақтарды оқыту мәселесі одан әрі ерекше маңызға ие бола бастады. Шетел тілін ерте жастан оқытуда ақпараттық технологиялардың аса жоғары қарқынмен дамуы мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін өзгертуді, демек, мұғалімдердің өз қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана білудегі дидактикалық шарттардың орындалуы мәселесін алға қойып отыр.

Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, оқушылардың жан дүниесіне терең үңіліп, оны түсіне білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаналықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы

жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады. Бастауыш сынып мұғалімі үшін оқушы жазылмаған тақта секілді таза, пәк. Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі мақсаты-баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2017 ж.

2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.

3 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2008 ж.

**ТУЛЕУБЕКОВА М.К. , УАЙДАНОВА Ж.М.  
(СЕМЕЙ, ҚАЗАҚСТАН)**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті –Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын дамыту болып табылады.

Қазіргі қоғамымызда әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды жаңа әдіс - тәсілдерді дер кезінде қабылдап дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар мектептегі оқу - тәрбие жүйесі, мұғалім - оқушы арасындағы қарым - қатынас жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты. Еліміздің білім саласында өзгеріс болып, білім беру жүйесі жаңартылады. Енді білім – әлемдік, тәрбие ұлттық деңгейде болуы керек. Сондықтан білім беру әдістемесіне инновациялық технологияларды енгізу үшін барынша қолдау қажет.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында

«спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің іргетасы, танымдық белсенділігі, жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына бастауыш сынып оқу бағдарламаларында көңіл бөлінген [1, 76.].

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, біз оқыту технологияларының тиімді жақтарын таңдап алуымыз қажет және оқу-тәрбие үрдісінде озық технологияларды белсенділікпен енгізуіміз керек.

Еліміздің болашағы керкейіп өркениетті елдің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы мәселе - әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану [2, 48 б.].

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне ету, оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияны игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде, өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагогикалық зерттеуші болу, ал зерттеуші педагог өз кезінде ізденуші шәкіртті тәрбиелеуді талап етеді.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны өндіруді міндеттейді. Қазіргі кезеңдегі педагогикалық инновация білім беру жүйесіндегі жаңалықтарды топтастырады.

Жаңа технологияның мақсаты - оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Біз өзіміздің тәжірибемізде жаңа технологиялардың ішінде модульдік технологияны қолданамыз. Бұл технологиямен жұмыс барысында мұғалім структуралық бөлімдерді мазмұнмен байытады, тәжірибе жинақтайды. Жаңа технологияны қолданудың нұсқауы мен ережесін біліп, алгоритмін қалыптастырады. Бұл технологиямен жұмыс жаңашылдықты ендіру деңгейін көтеріп, мұғалімнің шығармашылық потенциалын толықтырып, кәсіби шеберлігін шындайды. Жаңа технологиямен жұмыс, пәнді жоспарлау ісіне де



өзгеріс енгізеді. Біріншіден пәнді оқытуға бөлінген сағаттың жалпы санына ішінара өзгертулер мен топтастырулар болады. Екіншіден жалпы педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар жүргізеді. Үшіншіден білім беру формаларының оқушы шығармашылығына негізделген түрлері тандап алынады. Жеке тақырыпты модульдік оқыту жағдайында сабақтың ақпараттық-структуралық компоненттерінің мазмұны төмендегіше анықталады.

1. Сабақ мазмұнын оқу элементтеріне (блоктарына) бөліп оған мақсат қоя білу

Мақсат қоя білу бұл жаңа технология, бұл жаңаша басқару, оқу курсы жаңа структуралық құрылымға көшіру, мұғалім жаңаша оқыту әдістемесін игереді деген сөз. Білім стандарты талабын орындау оқу элементтеріндегі дидактикалық мақсаттардың анық айқын болуы, оны орындау механизмін қарапайымдылығына байланысты.

2. Оқу мазмұнын оқу элементтері бойынша деңгейлеп беру.

Оқу элементтеріне сәйкес жасалған үш деңгейдегі тапсырмалар жүйесінің дидактикалық мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету. Оқу элементтеріндегі жеке дидактикалық мақсатты орындау класс оқушыларына міндетті.

Бақылаудың түрлі формаларын мұғалім пайдалана алады. Олар: диктант, тест алу, өзіндік жұмыс, лабораториялық және практикалық жұмыс, ауызша сұрау, бақылау жұмысы т.б.

Деңгейлік тапсырмаларды орындау оқушының білік деңгейінің, оқу белсенділігі мен білімді сапалы игеруінің көрінісі. Деңгейлік тапсырмаға қойылатын дидактикалық талап:

Бірінші деңгей (міндетті) - оқушы белгілі бір объектіге ұқсас объектіні таниды, біледі анықтайды, оны суреттей алады.

Екінші деңгей - оқушы менгерген ақпаратына сүйене отырып белгілі бір жаттығуларды орындайды.

Үшінші деңгей - оқушы өздігінше білім алуға қабілетті, алған білімін кез келген практикалық жұмыста қолдана алады [3, 57 б.].

Оқу ісін ұйымдастыру оқушының оқу қызметіне қызығушылығын қалыптастырып, білімге деген сұранысы мен оған деген өзіндік қанағаттанушылығын оятады. Мұндай оқыту технологиясында бағалаудың объектілігі, анықтық бір мәнділік іске асады. Мұғалім мен оқушының бір-біріне түсіністігі орнығады. Оқушының сыныптан тыс қызметінің көлемі мен мазмұны ретке келтіріледі.

3. Оқушының сыныптан тыс қызметін ұйымдастыру.

Оқушының сыныптан тыс қызметі - оқушының оқу мазмұнын оқу элементтері (блоктар) бойынша деңгейлеп оқытуға дайындығын тиімді ұйымдастыруға бағытталады. Қазіргі жаңа буын оқулықтардың өзінде деңгейлік тапсырмалар мен сыныптан тыс жаттығу тапсырмалар жүйесі жеткілікті деңгейде берілмеген. Сондықтан деңгейлік тапсырмалар жүйесін мұғалімдердің өзіне жасауға тура келеді, ал оның оқу мазмұнына әдістемелік тұрғыдан сай келе бермеуі де мүмкін. Оқу элементтерінің жеке дидактикалық

мақсаттарына сай үй тапсырмаларының мазмұны мен көлемі әлі толық зерттелді деп айтуға болмайды.

4. Сабақтың логикалық структурасын белгілеу.

Сабақтың логикалық структурасының үш деңгейі болады. Атап айтқанда:

а) Оқу қызметінің жобасы;

ә) Дамудың әдістемелік бағдарламасының жобасы;

б) Оқу мазмұнын түсіндіру тетігінің жобасы.

5. Түзету - ескертпе жасау.

Үй тапсырмасы үнемі түзету - ескертпелер арқылы жүзеге асырылады. Түзету ескертпелер негізінен алдын-ала қателікке ұрынбау үшін қажет. Қатемен жұмыс, оқу элементтеріне сәйкес деңгейлік тапсырманы түгел орындату арқылы бұл бөлімнің жұмысы ашыла түспек. Тестік не рейтингтік жүйе арқылы оқушы шала орындаған деңгейлік тапсырманы қайта орындау, тіпті орындалмаған деңгейлік тапсырманы қайта тапсыруды іске асыратын болады. Оқу процесін тиімді ұйымдастыру оқу элементтеріндегі дидактикалық мақсаттардың қайталанып келмеуі, ұғымдарды түсіндіруде логикалық бір ізділіктің сақталуы, уақыттың жеткілікті болуы, оқушының оқу мазмұнын толық, бүтіндей игеруін жете көңіл бөлініп үнемі мұғалім жадында болуына байланысты. Деңгейлік тапсырманын орындалу көрсеткіші оның дидактикалық тұрғыдан дұрыс жасалуына да байланысты болатыны түсінікті жағдай. Сондықтан да деңгейлік тапсырмалар үнемі түзету, толықтыру, қайта жасауға бейім болғаны жөн.

Жалпы оқу процесін бүтіндей модульдік оқытуға бейімдеу ісі оқу пәнінің бүтіндей курсына тақырыптың немесе тарау, бөлім бойынша модульдеуге, сабақтың ақпараттық-структуралық компоненттерін жасауға тікелей байланысты.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында білім мазмұнын жаңарту бағдарламасы. Астана, 2017.-46 б.

2. Полякова Н.В. «Перспективные школьные технологии» . научно-практический журнал.- №5, 2005. -47-51 с.

3. Скоробогатова Г.Г. Проблемная, проектная, модульная и модульно-блочная технология в работе учителя. Москва: МИОО, 2002. -187 с.

## **КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКАНЫҢ ЖАРНАМА АГЕНТІГІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ**

Қазіргі уақытта кез келген ұйымда компьютерлік графикамен жұмыс істеу қажеттілігі жиі туындайды. Жарнама қызметі, баспа қызметіндегі безендіру жұмыстары, презентациялар дайындау, Web-беттер құру және басқа да көптеген қызмет түрлері компьютерлік кестесіз болмайды. Ірі фирмалар мұндай жұмысқа арнайы агенттіктерге тапсырыс береді. Шағын және орта кәсіпорындар өз күшімен және қолжетімді бағдарламалық құралдармен жиі айналысады. Осы ақпараттық технологиялардың ерекше танымалдығына байланысты қазіргі заманғы графикалық құралдар кәсіби суретшілер мен дизайнерлерге ыңғайлы құралдар беру ғана емес, сонымен қатар қажетті кәсіби дағдылары мен көркем шығармашылыққа туа біткен қабілеттері жоқ адамдарға өнімді қызмет ету үшін мүмкіндік беру есебімен әзірленеді.

Компьютерлік немесе машиналық графика-бұл өз проблемалары мен ерекшелігі бар адам қызметінің дербес саласы. Компьютерлік графика-бұл жобалаушылар, конструкторлар мен зерттеушілерге арналған жаңа тиімді техникалық құралдар, бағдарламалық жүйелер мен машина тілдері, және аналитикалық, қолданбалы және Сызба геометриясы, ДК үшін бағдарламалау, есептеу математикасының әдістері және т. б. сияқты ғылымдардың синтезі негізінде пайда болған жаңа ғылыми, оқу пәндері.

Компьютерлік графиканың заманауи жүйелері арасында презентациялық графиканың пакеттерін бөліп көрсетуге болады. Бұл пакеттер сыныбы іскерлік кездесулер үшін тұсаукесерлер дайындауға, өнімнің тұсаукесерін және басқа да жарнамалық роликтер түрінде дайындауға мүмкіндік береді. Жарнамалық ролик немесе презентация — анимация әсері бар және берілген уақыт аралығымен бірінен кейін бірі келе жатқан жеке слайдтар жиынтығы. Бұл класс пакеттеріне ең алдымен MS Office пакеттерінің құрамына кіретін ең танымал PowerPoint пакетін жатқызуға болады. Пакетті игеру оңай, себебі пакеттің интерфейсі MS Office пакеттеріне арналған үлгі болып табылады, дегенмен, пакетті игеру белгілі бір жұмыс дағдыларын талап етеді. Презентацияны жасау кезінде графиканың басқа жүйелерімен дайындалған графикалық файлдарды экспорттауға болады.[1]

Анимациялық графика пакеттері компьютерлік графиканың динамикалық жүйелеріне жатады. Мұндай жүйелерде сурет уақытпен өзгереді және жылжу немесе әрекет әсерін жасайды. Ең жиі анимациялық суреттер жарнамалық мақсаттар үшін Web беттерге кіреді. Бүгінгі таңда ең танымал пакет-Flash пакеті.

### **Жарнаманың графикалық құралдары**

Жарнаманың графикалық құралдары-бұл жарнама алушыларға статикалық бейненің көмегімен, әдетте, мәтіндік ақпаратпен сүйемелденетін жарнама идеясының іске асырылуын қабылдау. Бұл топта баспа бейнелері (қағазда,

матада), сондай-ақ слайдтар (яғни шыныда немесе пленкада басылған статикалық бейнелер) бар.

Баспа және полиграфиялық жұмыстың тиімділігін арттырудың маңызды құралы. Бұл тираждауға арналған мәтіндік және графикалық материалды редакциялық-баспалық өңдеудің барлық операцияларын орындау үшін қажетті бағдарламалық құралдар мен жабдықтар жиынтығы.

Ірі дүкеннің немесе шағын дүкеннің иесі өзінің сауда ісін кеңейтуге ниет білдірсе, ол сатып алушылар санының ұлғаюын күте алмайды. Ол бағалаушылар назарын аударатын жарқын, тауарларды әдемі орналастырады, витриналарды жарқын безендіреді, тауарлар туралы қатты, өткір мәліметтермен көзге тасталатын жарнамалық хабарландыруларды шығарады.

Басқаша айтқанда, сауда кәсіпорнының иесі өзінің танымалдығын, яғни сауда айналымын арттыруға қол жеткізе алмайтын жарнаманы қамтамасыз етеді.

Компьютерлік графика – әр түрлі кескіндерді (суреттерді, сызбаларды, мультипликацияларды) компьютердің көмегімен алуды қарастыратын информатиканың маңызды саласы.

Дербес компьютерді пайдаланушылардың қатарында компьютерлік графикамен айналысатындардың саны күн санап артып келеді. Қазіргі кез - келген мекемеде кей уақытта газеттер мен журналдарға жарнамаларға тапсырыс беру немесе жарнамалық парақшалар мен буклеттер басып шығару қажеттілігі туындайды. Олардың кейбіреулері осындай жұмыстарды арнайы дизайнерлік бюролар мен жарнамалық агенттіктерге тапсырса, кейбіреулері қолда бар программалық құралдарын пайдаланып, өз күштерімен жасауға тырысады.[2]

Қазіргі компьютерлік графика қолданылу әдісі бойынша мынадай негізгі салаларға бөлінеді:

**Ғылыми графика.** Алғашқы компьютерлер тек ғылыми және өндірістік есептерді шығару үшін қолданылды. Есептерден шыққан нәтижелерді дұрыс түсіну үшін оларды графикалық тұрғыда өңдеп, графиктер, мен диаграммалар, сызбалар тұрғызған. Машинадағы алғашқы графиктерді символдық режимде басып шығаратын. Кейін сызбалар мен графиктерді қағазға қаламұштың көмегімен сызатын арнайы құрылғылар – графиксалғыштар (плоттерлер) пайда болды.

**Іскерлік графика** – қандай да бір мекеме жұмысының көрсеткіштерін көрнекі түрде ұсыну үшін қолданылатын компьютерлік графиканың маңызды саласы. Іскерлік графиканың көмегімен жоспар көрсеткіштерін, есеп құжаттарын, статистикалық есептерді және т. б. объектілерді көрнекі түрде ұсынуға болады. Іскерлік графиканың программалық жабдықтары электронды кестелердің құрамында болады.

**Конструкторлық графика** - инженер - конструкторлардың, архитекторлардың, жаңа техниканы ойлап шығарушы өнертапқыштардың жұмысында қолданылады. Компьютерлік графиканың бұл түрі САПР - дың(систем автоматизации проектирования - жобалауды автоматтандыру жүйесі) міндетті элементі болып табылады. Конструкторлық графика

құралдарын пайдалана отырып жазықтықтағы кескіндерді (проекциялар, сызбалар) ғана емес, кеңістіктегі үшөлшемді кескіндерді де жасауға болады. Суреттеу графикасы (көркем графика) деп компьютер экранында ерікті түрде сурет салу мен сызуды айтады. Суреттеу графикасының пакеттері жалпы мақсатта пайдаланылатын қолданбалы программалық жасақтамалардың қатарына енеді. Суреттеу графикасында қолданылатын қарапайым программалық жабдықтарды графикалық редакторлар деп атайды. Жарнамалық графика – теледидар пайда болғаннан кейін танымал бола бастады. Қазір компьютердің көмегімен жарнамалық роликтер, мультфильмдер, компьютерлік ойындар, видеодәрістер мен видеопрезентациялар жасалады. Оларды жасау үшін қолданылатын графикалық пакеттер осы мақсатта қолданылатын компьютерлердің жады мен жұмыс істеу жылдамдығына үлкен талап қояды.[3]

Күнделікті өмірде, жарнамалық агенстваларда және ірі кәсіпорындарда жиі қолданылады графикалық бағдарламаларға тоқталып өтсек:

**Paint** графикалық редактор растырлық бейнелермен жұмыс істеуге арналған, сондықтан әрбір суретке қатаң анықталған орын беріледі. Сонымен бірге бекітілген түстер саны қолданылады. Графикалық редактор графикалық бейнелерді жасауға және редакциялауға арналған. Редактор мынадай мүмкіндіктер береді:

1. Құрал-саймандар мен бояуларды қолдана отырып, сурет салу;
2. Суреттерді бөлек бөліктерден құрастыруға;
3. Суретке мәтін енгізуге;
4. Бар графикалық объектілерді түзету;
5. Схемаларды сызу;

**Adobe Photoshop** — графикалық редактор, фирмамен негізделген және таратылған Adobe Systems. Бұл тауар растрлік бейнелеу базарының алдыңғы қатарында және бұл Adobe фирмасының ең танымал тауарының бірі болды. Көбінесе бұл программаны жай ғана Photoshop (Фотошоп) деп атайды. Қазіргі уақытта Photoshop қолайлы мына платформаларда Mac OS X/Mac OS и Microsoft Windows. Редактор ерте болжамалары портированыларды болды SGI IRIX, бірақ ресми сүйеу тоқтатылған болатын, үшінші версиясынан басталды. Болжамаға арналған CS 2 жіберілуі мүмкін Linux баламаларымен көмек көрсетеді Windows API — Wine 0.9.54 және жоғары.

Графикалық программа Adobe Photoshop арнайы құралдардың құрылымынан тұратын, мета, расторлық және векторлық файлдарды редактрлейтін бағдарлама.

Өзінің функцияналдық және эксплуатациялық мүмкіндіктеріне қарай графикалық программа Adobe Photoshop расторлық графликтік файлдарды редактрлейтін ең мықты программалардың бірі. Оның келесі мүмкіншіліктерін көрсетейік:

- графикалық бейнелерді жоғарғы дәрежеде өңдеу
- эксплуатациядағы қарапайымдылық пен жұмыс істеу мүмкіншілігі
- бейнелерді жасау және оны өңдеудегі адам ойының барлық қажеттілігін қамтамасыз етуі

- расторлық бейнелерді өңдеуді автоматтандырудағы кең мүмкіндіктері
- көптеген түстік профильдермен жұмыс істей алуы және оны қағаз бетіне шығару мүмкіндігі
- әртүрлі көркемдік эффекттерді жасауға арналған фильтрациялау командалардың көпшілігі

**Corel Draw** векторлық графикалық редакторы. Corel Draw канадалық фирмалары мүмкіндіктерінің ауқымдылығымен, әзірлеушінің маркетингтік саясатына сенімді оқыту мен үйретудің аса қуатты жүйесінің, дайын кескіндерге ие бай кітапханасының арқасында әйгілі болды. Corel Photo Paint расторлық графигінің өңдеу дестесімен және Corel Ventura Publisher беттеу (верстка) программасымен тығыз біріктіретін болса, ол электрондық және полиграфиялық жарияланымдарды (публикаций) әзірлеудің аяқталған жүйесін жасауға мүмкіндік береді. Яғни, программалардың терезесі стандартты элементтерге ие: тиісті кнопкалары бар тақырып жолы, мәзір жолы, қалып-күй жолы, құрал-саймандар панелі, құрамын пайдаланушының өзі анықтай алатын басқа панельдер, айналдыру жолағы және т.б. Алайда Corel Draw интерфейсінің басқа программалардан айрықшалап көрсететін өз ерекшеліктері бар. [4]

### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ**

1. «Информатика негіздері» журнал, 2009. – 11с..
2. Бутакова, Н.Г. Компьютерная графика - М.: МГИУ, 2008. - 216 с.
3. Рашевская М.А.: Компьютерные технологии в дизайне среды. - М.: ФОРУМ, 2009
4. Гурский Ю.: Компьютерная графика: Photoshop CS3, CorelDRAW X3, Illustrator CS3. - СПб.: Питер, 2008

*Ғылыми жетекші: Алкенов Болат Маженович кандидат физика – математических наук*

**ТҰРМАҒАМБЕТОВА А.Ә.  
(АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)**

### **ЭФИРЛІК ПРОМОУШЕННІҢ МЕДИАБРЕНД ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ**

Жылдан жылға брендтік БАҚ қалыптастыру және насихаттаудың маңыздылығы артып келеді. Мұны, біріншіден, медиа-индустрия саласындағы үлкен бәсекелестіктің күшеюімен, екіншіден, аудитория сұранысының сәт сайын өзгеріп жатқандығымен түсіндіруге болады. Бүгінгі нарықтағы экономикалық қиын жағдай, жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы медиа саладағы дәстүрлі қалыпты бұзып, заманға сай әрекет етуге итермелейді.

Сондықтан әрбір бұқаралық ақпарат құралдары мақсатты аудиторияның сұранысына жауап беру, мықты идеологиялық және ерекше эмоционалдық әсер қалдыру үшін өзінің ешкімге ұқсамайтын айырықша имиджі арқылы бірегей, жоғары сапалы мазмұн қалыптастыруды ойластыру керек.

Бұл бәсекелестік телевизия саласында ерекше байқалады. Олар өздерін медиабренд ретінде көрсету үшін үнемі ізденіс үстінде. Түрлі маркетингтік жолдарды қарастырып отырады. Бренд – тұтынушыға өздері туралы, өнім туралы пікір қалыптастыратын ең маңызды фактор. Бренд ұғымының ауқымы өте кең. Ол тұтынушының ойына ғана әсер етіп қоймау керек. Аталмыш өнімнің сыртқы және ішкі сапасы тұтынушының сезімін оятуға тиіс. Брендті қалай білеміз?

- Өнім және оның сипаттамасы
- Өнімнің қызмет белгісі
- Тұтынушының өнімге қатысты пайда болған ойы, елестету
- Жарнама құралдарының әсері: өнімнің белгісі, компанияның стилі,

маркетингтік байланыстар, сатуды ынталандыру, промоушен арқылы әсер ету.

Телеарнаның медиабренд ретінде қалыптасуына осы белгілермен қатар, әсіресе, промоушеннің көмегі зор. Промоушен – тауарды сатуға ықпал ету, ынталандыру (ағылшын тілінен аударғанда sales promotion – сатуды жылжыту). Бұл маркетингтік байланыстың түрі. Сатылымды жылдамдату үшін өндірушіден бастап логистикалық және өткізу арналары арқылы тұтынушыға дейін жеткізу, яғни тауарды бүкіл бағыт бойынша жылжытудың кешендік іс-шаралары. Ал телевизиядағы промоушен телеарнаның бағдарламаларын, кейіпкерлерін, жүргізушілерін, бір сөзбен айтқанда ішкі өнімді жылжыту, көрерменге өткізу. Сондай-ақ корпорация имиджінің қалыптасуына ықпал етеді. Мақсатты аудиторияның назарын өзіне аударады, ұстап тұрады және жобаның рейтингісін көтеруге көмектеседі. Корпорация медиа-контентін тұтынушыларының көрсеткішін өсіреді.

Промоушен мақсатты аудиторияның негізгі артықшылығына, құндылығына, сипаттамасына қарай жүргізіледі. Жалпы, сарапшылардың айтуынша, эфирлік және сыртқы промоушенді пайдалана отырып телеарнаның жарнамалық стратегиясын құруға болады. Көрермен тартудың бір түрі – сыртта арнайы өтетін іс-шаралар, ғаламтордағы байланыс, тікелей indoor (ашық) және outdoor (жабық) жарнама, радиодағы, баспасөздегі және интернет-ресурстарындағы жарнамалық хабарламалар. Ал эфирдегі ең жарқын әрі аз тітіркендіретін жарнамалар аудиторияны өзі таңдаған телеарнада ұзағырақ қалуына себепші болады. Промоушен стратегиялық маркетингтің бір тармағы. Маркетинг пен промоушен біріксе үлкен күшке айналады.

Промоушен көптеген телекомпаниялардың көрермен аудиториясын кеңейту және олардың арнаға деген адалдығын қамтамасыз етуге жақсы мүмкіндік береді. Оның жүйелі, сәтті жүргізілуі нәтижесінде көрермендер мен жарнама берушілердің санасына үстемдік етуге болады. Ал жарнаманың көп болғаны жаңа жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Эфирлік промоушен сыртқы жарнамамен үйлесімдік тауып, көрерменді бір қарағаннан баурап алуы тиіс. Яғни промоушеннің бүкіл толқыны бірізді және дәйекті болуы керек.

Телевизияда эфирлік промоушеннің кең тараған түрі – *жедел* немесе оны басқаша «*икемдеу промосы*» деп атауға болады. Оның мақсаты – аталмыш телеарнадан нақты күні, нақты уақытта қандай да бір бағдарламаның

шығарылымын немесе телехикаяның бөлімін көру үшін көрерменді тарту. Аты айтып тұрғандай, бұл промоның ерекшелігі - қандай да бір бағдарламаны көру үшін аудитория жинауға арналған байланыстың икемді түрі, шығарылым аяқталғаннан кейін ол бірден өзектілігін жояды.

Негізгі төрт фактор: байланыс түрі, тиімділік деңгейі, бейне және мәтіндік ерекшеліктеріне қарай эфирлік промоушеннің берілу әдістерін бірнеше түрге жіктеуге болады.

#### *Жүргізушінің ауызша хабарландыруы*

Бұл ең қолжетімді насихаттаудың түрі. Жүргізуші осы бағдарлама аяқталғаннан кейін болатын көрсетілім жайлы ауызша ақпарат береді. Жарнамалық үзіліс кезінде арнаны ауыстырмай, бірнеше минуттан кейін қайта қосылуға шақыратын жетекші тіркестер секілді, бұл хабарлама түрі де бейне көрсетілімсіз диктордың сөзімен беріледі. Көбінесе, мұндай хабарландыруларды жаңалықтардың жүргізушілері келесі бағдарламаға үлкен аудиторияны ұстап қалу үшін пайдаланады.

#### *Жарнамалық топтамалар арасындағы промозаставка*

Промоның бұл түрі жарнамаланатын бағдарламаны анықтауға көмектесетін, тиісті стильде жасалған, толық экрандағы статикалық (тұрақты) немесе динамикалық кескін арқылы беріледі. Промозаставка - жарнамалық ақпарат міндетін атқаратын, бағдарламаның күні мен уақытын хабарлайтын және еске салатын жарнамалар топтамасының басы немесе соңында берілетін тиімді әдістердің бірі.

#### *Титрмен берілетін промоанонс*

Алдыңғы промоларға қарағанда титрмен берілетін анонс жарнамалық топтама кезінде шықпайды. Ол бағдарлама кезінде беріледі. Сондықтан оның қамту аудиториясы анағұрлым көбірек. Титрмен берілетін промоанонс – бұл телеарнадағы бағдарламаның шығатын уақыты мен күні не болмаса кейбір жағдайда телеарнаға қатысты эфирден тыс өнімнің шығарылымы туралы хабардар ететін, экранның шамамен төрттен бір бөлігін алатын статикалық немесе динамикалық плашка. Зерттеушілердің айтуынша, бұл промоның түрі – ағымдағы таралымға өз жарнамалық ақпараттарыңызды енгізудің ең негізгі және табиғи әдісі.

#### *Проморолик*

Жедел промоның ішіндегі ең әсерлі шығатыны арнайы ойластырылған сценариймен жасалған толыққанды бейнеролик. Ол дайын бейне көріністерден немесе арнайы түсірілген қойылымдық бейнелерден жасалады. Айырмашылығы, жедел промоның ақпараттық функциясы түрлі тәсілмен берілгендіктен көрерменнің қызығушылығы еселеп арттады.

Проморолик жарнама топтамасымен бірге беріледі. Бірақ кейде параллельді монтаждың көмегімен соңғы титрларға кіріктіріліп жіберілуі де мүмкін. «Көрермен, әдетте, соңғы титрларды көруді ұнатпайды. Алайда егер диктор қызықты бір нәрсе айтып жатса, көрермен назар аударып, келесі бағдарламаның басталуына дейін көруін жалғастыруы әбден мүмкін»(Ли Хант). Промоның осы түрінің жіктелуі мен сапасына кеңінен тоқталайық.

#### *Эфирлік промоушеннің жеделдігі жағынан жіктеу*



• *Тизерлік проморолик*

Тизер деп- ашып айтылмаған және шиеленіске, құпияға негізделген жарнаманың түрін айтамыз. Тек мұнда жарнамалық ролик секілді нақты жауаптар берілмейді, бірақ астарлап жеткізіледі:фирма стилінің элементтері, компания логотипі, жарнамалық мәтін белгілі бір байланыстың бар екенін аңғартады. Тизер басқаларға қарағанда насихаттың ең жылдам түрі. Ол жобаның нақты шығатын күнін ашып айтпайды, тек жақында қызықты бір нәрсе болатынын тұспалдап айтады. Осылайша, жоба жайлы алғашқы ақпараттарды қалыптастыра береді, ол сосын айқындала түседі. Оның ұзақтығы 10-20 секундтан аспау керек.

• *Проморолик*

Бағдарламаның немесе телехикаяның проморолигі толығымен арнайы түсірілген қойылымдық бейнеқатардан немесе дыбысы әрленген бейне қатар арқылы жасалады. Оның негізінде бағдарламаның мәнін не болмаса телехикаяның өткір сюжеттік желісін бере алатын идея жатады. Промоның бұл түрі телеарнадағы жарнамаланып отырған өнімге нақты сілтеме береді. Міндетті түрде атауы, берілетін уақыты, басты нысана ретінде бағдарламаның жүргізушілері көрсетіледі. Ұзақтығы 30-40 секундқа жетеді.

• *Белгілі бір эфир уақытының проморолигі*

Промоның бұл түрі белгілі бір уақытқа: күн, апта, жыл мезгілі, маусымға тәуелді. Мұнда негізгі нысан – қандай да бір бағдарлама немесе телехикая емес, белгілі уақыт аралығында шығатын телеарна өнімінің топтамасы. Көбіне мұндай проморолик жобалардың атауы мен нақты шығатын уақытын санамалап шығады. Мысалы,

*Ұлттық арнада жаңа маусым!*

*1 қыркүйектен бастап «Таңиолпан»,*

*3 қыркүйектен бастап «Қарекет»,*

*4 қыркүйектен бастап «Мінбер», «Мәселе»,*

*5 қыркүйектен бастап «Дара жол», «Парасат майданы»*

*бағдарламаларын жаңа форматта, жаңа уақытта көріңіздер!*

*Бұл – «Менің Қазақстаным»!*

Алайда промороликті әзірлеу кезінде креативті идеяға, шығармашылық тәсілдерге жүгінген жөн. Оның ұзақтығы 1 минутқа дейін барады.

• *Жеке телехикаяның, бағдарлама шығарылымының проморолигі*

Жеке телехикаяның немесе бағдарлама шығарылымының проморолигі– бұл бірнеше күн бойы өзекті болатын әрі жылдам әсер ететін промо. Басты тетігі- жеке эпизодтарды қызықтырып беру. Мұндай промо түрі дайын бағдарлама немесе телехикая бөлімінің бейне үзіктерінен дайындалады. Бұл роликтің жылдам түрі әрі өзектілігі қысқа мерзімге ғана жарайды. Сондықтан да оны дайындауға кететін шығын да, уақыт та аз болмақ.

***Имидждік промоушеннің жіктелуі.***

Имидждік промоның жедел промодан айырмашылығы сирек беріледі. Мұндай промоушеннің нақты бір бағдарламаға не болмаса оқиғаға қатысы жоқ, көрерменге телеарнаның жалпы жетістіктері жайлы баяндайды. Оның басты мақсаты – аудитория санасына медиабрендке деген сенімді қарым-қатынасты

орнату және растау. Имидждік ролик – телеарнаның негізгі сипаттамаларын: арнаның мақсаты мен міндеттерін, басты ұстанымдарын, мақсатты аудиторияның мінездемесін, сондай-ақ осы ақпарат құралымен байланыс жасағандағы көрерменде пайда болатын ойды біріктіретін шағын бейне ролик.

- *Телеарнаның ID ролигі*

ID ролик немесе идентификациялық бейне – промоушеннің негізгі түрлерінің бірі. Ол брендтің түрлі ерекшеліктерін: тұжырымдамасы, берілу формасы, бір бейнедегі графикалық және музыкалық компоненттерін біріктіреді. ID роликке бағдарламалар арасындағы заставкалар және дыбысталған роликтер жатады. Дыбысталмаған ID роликтер музыканың фонында және интершуммен әрленеді. Ал кейінгі түрі дыбысталған мәтінмен жасалады. Мұнда басты назар мәтінге және дәйексөзді айтатын кейіпкерге аударылады, бейнеқатар екінші орынға қалады.

- *Мерекелік промоушен (атаулы күндер, күнтізбелік мерекелер)*

Имидждік промоушеннің тағы бір түрі - телеарнаның мерекелік бейне роликтері имидждік промоушеннің тағы бір түрі. Атаулы күндер мен мемлекеттік мерекелер кезінде бір-біріне құрмет көрсету бұрыннан келе жатқан дәстүр. Барлық компаниялар мен коммерциялық құрылымдар әріптестерін, серіктестерін, тұтынушын құттықтап жатады. Бұл жағдайды телеарналар да ұтымды пайдалана білу керек. Құрғақ, ресми құттықтауларға қарағанда мерекелік промоушенге шығармашылық тұрғыдан келуі керек. Мұндай роликтердің кейіпкерлері, сюжеті, мәтіннің сөзі арнаның мақсатты аудиториясына көтеріңкі көңіл-күй сыйлауы тиіс. Мысалы, «Қазақстан» арнасы «Аналар мерекесі», «Астана күні», «Тұңғыш Президент күні», «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» қарсаңында мерекелік бейне роликтер, топтамалар жасайды. Соның бірі, 2019 жаңа жыл қарсаңында «Жарнамасыз жаңа жыл» деген түйінсөзбен промороликтер эфирден берілді.

- *Имидждік промороликтер*

Имидждік проморолик – бұл медиабрендтің негізгі мінездемесі мен міндеттерін көрсететін арнайы ойластырылған сюжеті, тұжырымдамасы, сценарийі бар шағын фильм. Имидждік проморолик телеарнаның бетпердесі. Оның хронометражы ұзақ болады. Жедел промо түрлеріне қарағанда ұзақ шығармашылық ізденісті талап етеді. Көбіне мұндай роликтер телеарнаның белгілі бір уақыт аралығындағы еңбегінің нәтижесінде пайда болады.

Сонымен, эфирлік промоушен негізінен екі топқа бөлінеді. Ол – көрермендерді қандай да бір бағдарламаны көру үшін нақты күні, нақты уақытта экран алдына жинау мақсатында жасалатын жедел промоушен және медиабрендке деген оң көзқарас пен жағымды ой-пікір қалыптастыруға бағытталған имидждік промоушен.

Бүгінгі күні қай телеарнаны алып қарасақ та промоушенге көп көңіл бөледі. Өйткені, олар көрермен мен жарнама берушілерді бері қаратудың бірден бір жолы осы екенін түсінді. Қазір креативті идеяларға толы бейнероликтердің түрлі формалары пайда болды. Сондықтан да сапалы роликтер жасайтын режиссерлерге, қысқа да нұсқа түйінсөз жазатын

копирайтерлерге, яғни журналистерге деген сұраныс артып отыр. Алдағы уақытта отандық телеарналарда промоушеннің рөлі бұдан да өсе түспек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хант Л. Телевизиялық брендинг пен эфирлік промоушеннің негіздері. М., Престиж, 2004.

2. Капфер Ж.-Н. Бренд: қалыптастыру, дамыту, бренд құндылықтарын қолдау. Ағыл. аударма- М. Вершина. 2006.

3. Тарасова О.В. Медиабрендті насихаттаудағы жарнамалық байланыстар. Магистрлік диссертация. С-Петербург. 2017. [www.dissercat.com](http://www.dissercat.com)

4. «Қазақстан» телеарнасының ресми сайты. [www.kaztrk.kz](http://www.kaztrk.kz)

*Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының докторы, профессор  
Кенжегұлова Н.С*

**ТҮРСАҒАТ А.М.  
(АСТАНА, ҚАЗАҚСТАН)**

## **"ҚОРҒАЛЖЫН ҚОРЫҒЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАРШРУТТАР МӘСЕЛЕСІ"**

Қазақстанда туризмнің дамуы еліміздің барлық аумақтарында маңызды, басымды бағыт болып табылады және Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында көрсетілген басты мақсаттардың бірі. Әлемдік экономикалық және табиғи күйзелістер жағдайында туризм елдің экономикалық өсуін ынталандыруда ғана емес, табиғи ресурстарды, тұратын халықтардың ұлттық тарихи-мәдени мұрасын сақтауда және бүкіл әлем халқының әл-ауқатын сапалы арттыруда өзінің құнды рөлін дәлелдеді. Ал экотуризмтабиғи аумақтарды тұрақты дамытудың маңызды компоненті болып табылады. Экотуризмнің ерекшеліктері табиғат пен мәдениетке теріс әсердің алдын алады және туроператорлар мен туристерді табиғатты қорғауға және әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын тигізеді.

Экологиялық туризмді Қорғалжын қорығында қарастыру. Қорғалжын мемлекеттік табиғат қорығы – ерекше қорғалатын аумақ, Орта Азияның аумағындағы бірегей орын. Шексіз құрғақ даланың ортасында Теңіз-Қорғалжын көлі созылып жатыр. 1968 жылы құрылған қорық алатын аумағы бойынша Қазақстан қорықтарының ең үлкендерінің бірі болып табылады. Ауданы - 543171 га болатын аумақ тұтас учаскеден тұрады, жыл құсының Орта-Азия-Үнді және Сібір-Шығыс-Африка құс өрісі жолдарының қиылысында орналасқан және халықаралық маңыздағы маңызды су-томар жері болып табылады.[10]

Қорғалжын мемлекеттік қорығының көлдер жүйесі дүние жүзі мен жергілікті ғалымдар, орнитолог, биолог, эколог, студенттер, туристердің қызығушылығын туғызатын Қазақстанның ерекше қорғалатын інжу маржаны болып табылады. Қорғалжынның ерекшелігі, мысалы, Теңіз-Қорғалжын көлдер жүйесі 1974 жылы сулы-батпақты аумақтар туралы Рамсар конвенциясына сәйкес ғаламдық маңызы бар сулы-батпақты аумаққа жатқызылды. 2000 жылы

Теңіз көлі «Тірі көлдер» деп аталатын әлемнің ерекше көлдер жүйесіне еніп, 2007 жылы Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау Ассоциациясының бастамасымен Қорғалжын мемлекеттік қорығы халықаралық дәрежедегі маңызды орнитологиялық аумақтар тізіміне енгізілді. 2008 жылдың маусымында Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралары тізіміне Орталық Азиядағы алғашқы нысандардың бірі болып енгізілді. [9]

Қорықтың биоалуандығы ерекше. Ол 443 өсімдіктер флора өкілдерінен тұрады. Қазақстанның Қызыл Кітабына өсімдіктердің 5 түрі енгізілген: *Tulipa schrenkii* Rgl. (Шренк қызғалдағы), *Tulipa pátens* (солғын қызғалдақ), *Adonis wolgensis* (жанаргүл), *Pulsatilla flavescens* (сарғылт құндызшөп), *Pulsatilla pátens* (солғын құндызшөп).

Қорық аумағында құстардың 354 түрін кездестіруге болады. Қазақстанның Қызыл кітабына құстардың 41 түрі, ал Халықаралық табиғатты қорғау және табиғат ресурстары ұйымында 26 түрі енгізілген. Осы құстардың арқасында қорық халықаралық маңызға ие болды. Қорғалжын фаунасы жартылай шөл дала және дала аймақтарына тән. Мұнда сүтқоректілердің 41 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 6 түрі, қосмекенділердің 2 түрі, балықтың 15 түрі бар. Қорғалжындағы жалпы аумағы 260 мың гектарды құрайтын өзендер жүйесі бүкіл Орта Азиядағы құстардың ең маңызды сулы-батпақты мекені болып табылады. Қорғалжындағы өзендер жүйесі қызғылт қоқиқаз (фламинго) және жоғалуға айналған өзге де сирек құстардың әлем бойынша солтүстіктегі ең шалғай мекені. [1]

Қорықтағы бар экомаршруттар. Қазіргі уақытта қорықтағы экомаршруттарды Қорғалжын ауданының туризм жөніндегі ақпараттық-ресурстық орталығы ұсынған.

№1 Экомаршрут "Аққу" - оқу-танымдық, автомобильді, маусымдық, топтық 20 адамға дейін, бір күндік маршрут. Жаяу маршруттың пункттері: 1) Қорғалжын ауылы-Нұра өзені (мазар Қаныкей)-сол. Шолақ-Есей көл жағалауы-1 Пост-Қорғалжын ауылы. Маршруттың ұзындығы 90 км, ұзақтығы 7 сағат. Соқпақтың жұмыс істеу мерзімі мамыр-қазан айлары.

№ 2 Экомаршрут " Фламинго " Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында орналасқан визит-орталықтан басталады. Оқу-ағарту, автомобиль, бір күндік маршрут. Қатты жауын-шашын кезінде экомаршрут жолдары өте қиын. Экомаршрут пункттері: Қорғалжын а. – Нұра өз. (мазар Қаныкей) - солт.Шолақ көлі жағалауы-Шубасор көлі -Есей көлі- Кенді көлі-Саумалкөл көлі-Қорғалжын ауылы. Ұзындығы 150 км, ұзақтығы 6-8 сағат.

№ 3 Экомаршрут "Ақбөкен" - туристік- экскурсиялық, оқу- танымдық, автомобильді, маусымдық, топтық маршрут. Ұзындығы 220 км, ұзақтығы 9 сағат. Маршруттың қызмет ету мерзімі: маусым айынан қазан айына дейін. Топтағы ең көп адам саны: 20 адамға дейін, рекреациялық жүктеме нормаларына сәйкес. Маршрут: Қорғалжын ауылы - Нұра өз. (Қаныкей мазары) – Саумалкөл көлі-Абай ауылы-Назаров бөгеті-Сымтас шатқалы- Теңізсолтүстік жағалауы-Қорғалжын ауылы.[6]

Бұл маршруттар көбіне фаунаға назар аударып отырып жасалған. Бұдан бөлек Есей, Көкай, Біртабан көлдері флорасымен ерекшеленеді. Есей көлінің жағалауында *Nitraria schoberi* (Шобердің ақтікенінің) шар тәрізді бұталары өседі. Одан бөлек *Tulipa schrenkii* Rgl. (Шренк қызғалдағы) мен *Batrachium* sp. (су сарғалдағын) тамашалауға болады.

*Tulipa schrenkii* Rgl. селекциялық қордың резервтік материалы ретінде үлкен маңызы бар. Бұл түр гүлінің ірі мөлшерлері және әралуан – ақ және сарыдан ашық – қызыл және қою қызылға дейін ашық бояуымен ажырайды. Дәл осы түр XVI ғасырда Голландияда шығарылған қызғалдақтың алғашқы мәдени сұрыптарының негізін салушы болып табылады. 1873 жылы Қазақстанға сапарының бірінде танымал биолог Александр Иванович Шренк осы жаңа, таңғажайып әдемі, өте нәзік өсімдікті байқаған. Атақты биологтың құрметіне өсімдікті *Tulipa schrenkii* Rgl., яғни, Шренк қызғалдағы - деп атаған.

Шобер (Schober) Готтлоб (1670, Лейпциг – 1739, Мәскеу), дәрігер, орыс бальнеологиясының негізін қалаушылардың бірі, медицина ғылымдарының докторы, саяхатшы *Nitraria* (ақтікен) өсімдіктің түрін ашқан. Карл Линней өсімдікті *Nitraria schoberi* (Шобер ақтікені) деп Шобердің құрметіне атаған. *Nitraria schoberi* (Шобер ақтікені) - галофит, биіктігі 1-1,5 метр, бұтақтары тік және сәл иілген бұта болып өседі. Өзінің биологиялық ерекшеліктеріне байланысты табиғи құмбекіткіш, тұзды батпақта, тұщы жерасты сулары жақын тұзды құмдарда, тау бөктері алқаптарында өседі. Үлкен қаумдастықтарды құрап, құм ұйындыларына жақсы төзеді. Құрғақшылыққа төзімді болғандықтан шөл және шөлейт аудандарда орман түзу құрылысында қызығушылық тудырып келеді. Аталған ақтікендер тұқымдасының өсімдіктері органикалық қышқылдарға, фитостеролдарға, полиқаньқапаған май қышқылдарына, алколоидты және флавоноидты қосылыстарға бай. Ақтікендердің жер үсті бөліктерін және тұқымдарын тұрақсыз жүрек соғысын түзетуде, гипертония, диспепсия, өкпе ауруларын, тұмауды емдеуде және дәстүрлі халық емінде қолданады. Қышқылды-тәтті дәмді жемістері жеуге жарамды, шырын, джем, кәмпит, т.б. жасауға және тағамдық бояғыш зат ретінде қолданылады. Жемістерінің тағамдық құндылығы құрамындағы қанттардың, протеиндердің, амин қышқылдарының, витаминдердің, пектиндердің, минералды элементтердің болуымен негізделген [11].

*Batrachium* sp. (батрахиумдар немесе су сарғалдағы) - бір мезгілде тек қана түгелдей суға батқан немесе өзгермелі және су астындағы жапырақтары бар су өсімдіктері. Олардың өте өзгермелі жапырақтары бар, гүлдері жалғыз, өте әдемі, судың беткі қабатын жапқанда үздіксіз гүл немесе гүлді кілемше сияқты көрінеді.

Осындай флора ерекшеліктеріне назар аударып отырып, Қорғалжын қорығында ғылыми тұрғыдан қарастырылған жаңа экологиялық маршруттар зерттелінуде.

Қорытындылай келе, Қорғалжын қорығындағы экомаршруттар Қазақстан үшін аса маңызды табиғи орындарды сақтауға, шетел азаматтарына барлық әсемдікті көрсетуге мүмкіндік береді. Жасалынып жатқан экомаршруттар

қызықтылығымен қатар ғылыми тұрғыдан танымдық маршруттар ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Летопись природы за 1986-1995 гг. – пгт. Кургальджино, Кургальджинский Государственный заповедник, 1996.
2. «Туризм, экскурсии, обмены: современная практика» В.А. Квартальнов М., «Наука» 1993 г.
3. Кошкин А.В., Федулин А.Е., Некоторые особенности орнитофауны Тениз-Коргалжынского региона (Центральный Казахстан) в 2016 году // Рус. орнитол. журн. 25 (1374): 4725-4728.
4. Кошкин А.В., Новое в орнитофауне коргалжынского заповедника // Русский орнитологический журнал (Санкт-Петербург). 2003. С 1175-1177
5. Салихов Т.К., Ынтымак А., Салихова Т.С., Комплексная экологическая оценка территории Коргалжынского государственного природного заповедника // Индивидуальный предприниматель Кузьмин Сергей Владимирович (Казань). 2016. С 506-515
6. <http://korgalzap.kz>
7. Глобально значимые водно-болотные угодья Казахстана. Том 2. Тениз-Коргалжынская система озер. - Астана, 2007. – 350 с.
8. Сидорова Т.В. Коргалжинский государственный природный заповедник // Заповедники Средней Азии и Казахстана. – Алматы: Tethys, 2006. - С. 48-71.
9. Номинация «Степи и озера Северного Казахстана» для включения в Список Всемирного культурного и природного наследия ЮНЕСКО, 2001.
10. Отчет по теме «Проведение комплексного обследования территории Государственного природного резервата "Алтын Дала" за 2009 год». // Казахстанская ассоциация сохранения биоразнообразия (АСБК). - Алматы, 2009.
11. Levent Üstünes. Pharmacological Activity of The Extracts of *Nitraria Schoberi* (Zygophyllaceae) // J. Fac. Pharm. – Ankara: 1988. - №18(1). - P. 74-86.

*Ғылымы жетекші: б.ғ.к, доцент Жамангара Айжан Қашағанқызы*

**ХАСЕНОВА К.Е., ЗЕЙНУЛЛИНА А.Ж.,  
АНАРБЕКОВ Н.М., КУРМАНБЕКОВА Г.А.  
(СЕМЕЙ, ҚАЗАҚСТАН)**

## **КӘСІПОРЫННЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ –ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ЗАМАНАУИ АВТОМАТТАНДЫРУ**

Кәсіпорынның оперативті қаржылық-шаруашылық қызметін талдай білу және алынған мәлімет пен қорытындылар негізінде оның даму әлеуетін жоспарлау мен болжау –қазіргі қаржылық менеджерге қойылатын негізгі талаптардың бірі.

Бұл көзқарас «кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін талдау микроэкономикалық деңгейде, яғни шаруашылық субъектісі деңгейінде шешім қабылдаудың негізі болып табылады» деп санайтын В.В.Ковалев пен О.Н.Волковамен расталды [1].

Сонымен бірге Н.И.Усик кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің диагностикасы мен талдауының келесі функцияларын ажыратады: бақылау, есептік, ынталандырушы, ұйымдастырушылық және индикативтік [2].

Н.А.Файдушенко кәсіпорынның қаржылық талдауына неғұрлым толық анықтама беріп, оның астарында коммерциялық және шаруашылық қызмет нәтижесінде пайда болатын әрі техника-экономикалық және қаржылық көрсеткіштер жүйесімен сипатталатын, кәсіпорынның экономикалық ақпараты жүйесінде келтірілген қаржылық ресурстардың бар болуын бейнелейтін қаржылық нәтижелер мен кәсіпорын қаржылық жағдайын зерттеуге бағытталған тәсілдерді түсінеді [3].

Шаруашылық қызмет талдауы - өндірісті басқару жүйесінің негізгі элементі, ішкі шаруашылық резервтерді анықтаудың тиімді құралы және басқару шешімдері мен ғылыми-шаруашылық жоспарларды қалыптастыру негізі екендігі отандық және Ресей экономистерімен бірнеше рет дәлелденді [4].

Кәсіпорындағы қаржылық талдау құбылыстарды зерттеудің әртүрлі әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асады. Әрқайсысының орындалуға тиісті міндеттері мен функциялары, мықты және әлсіз жақтары бар [5].

Талдау жүргізудің негізгі ақпараттық көзі компанияның қаржылық есептілігі болып табылады [6].

Ұйымның баланс талдауының жалпы мақсаты –қызығушылықтары бар қаржылық есептілік пайдаланушыларына шешім қабылдауға қажетті, ұйым дамуының әлеуеті мен қаржылық жағдайы туралы ақпаратты анықтау және ашу [7].

Атап өтетін жайт, кеңейтілген өндірістің залалсыз қызмет етуінің мәселесі бір жағынан, дәрменсіздік пен зияндылық, екінші жағынан, көптеген отандық компаниялар, банктер, әртүрлі шаруашылық түрлерімен айналысатын кәсіпорындар үшін өзекті. Фирманың кеңейтілген өндірісін жүзеге асыру және нарықтық қызметін өзін-өзі қаржыландырудың қаржылық негізін тек табыстың өсуі мен жаңа енгізілімдер қамтамасыз етеді [8].

Осындай жаңалықтардың бірі – кәсіпорынның тәжірибелік қызметінде қаржылық талдаудың автоматтандырылған компьютерлік бағдарламаларды жаппай енгізу мен тарату.

Қазіргі таңда шаруашылық субъектілердің қаржылық талдауына арналған әртүрлі мамандандырылған бағдарламалар бар. Бұл бағдарламалар басқару шешімдер жинағы мен есептілік-аналитикалық ақпарат көлемімен ерекшеленеді [9].

Қазіргі кезде Ресей әдебиетінде әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды қолдану негізінде жүргізілетін қаржылық талдау мен модельдеу бойынша басылымдар пайда болды.

Осылайша, А.Гладкий, К.Н.Петров оқу-әдістемелік нұсқауларында бизнес жоспарлау үрдісін Project Expert, Microsoft Project, Microsoft Power Point, Инэк-Аналитик, Comfar бағдарламаларының көмегімен сипаттайды [10], [11].

Н.Б.Кульгин, П.В.Поляков, С.А.Коробов, А.В.Крутова, Л.Д.Шапиро өздерінің басылымдарында бизнес жоспарлау процесінің мәнін «Project Expert» бағдарламасын пайдалана отырып толықтай ашады [12], [13], [14], [15].

В.С.Алиев пен Д.В.Чистов бойынша, инвестициялық жобалау компьютерлік бағдарламалық жүйелері қызмет атқаратын және әлі құрылмаған жаңа кәсіпорынның қаржылық үлгісін қалыптастыруға арналған. Олар кәсіпорынның қызметін әртүрлі ішкі және сыртқы факторларды есепке ала отырып, модельдеуге мүмкіндік береді [16], [17], [18].

Осындай бағдарламаларға кәсіпорын қызметі мен макроэкономикалық орта үлгісін құруды қамтамасыз ететін көпсалалы «Project Expert» жатады. Оның көмегімен жобалардың орындалуына оперативті бақылау жүзеге асады, қаржылық жоспардың іске асуына әсер ететін сыртқы факторлар зерттеледі, компанияларды қаржыландыру схемалары жасалады және бизнес-жоспарлар құрылады [19].

Ең жетілдірілген өнім – кәсіпорын қызметі нәтижелерінің және қаржылық жағдайының кешенді талдау құралы «Audit Expert» [19].

Негізгі жұмыс істеу принципі бастапқы ақпаратты ХҚЕС талаптарына сәйкес келетін аналитикалық кестелерге айналдыру болып табылады [19].

«Audit Expert» кәсіпорын активтері мен пассивтерінің құрылымына алдын-ала бағалау жүргізуге ықпал етеді. Алынған нәтижелер негізінде пайдаланушы кәсіпорынның қаржылық талдауының барлық стандартты көрсеткіштерін есептей алады [19].

Алайда, бұл бағдарламаның елеулі кемшілігі - оның көбінесе ірі корпоративті құрылымдарға қолжетімді болатын құны. Сонымен қатар, техникалық жағынан, әр қолданушы оны өз жұмыс орнында тікелей орната алмайды.

Бүгінгі күні Ғаламтор пайдаланушыларға жұмыс орындарында үлкен қаржылық салымдарды талап етпей, көптеген мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді.

Берілген мақалада Ресейдің ең танымал бағдарламасының бірі Финансовый Экономический Анализ (ФинЭкАнализ) мүмкіндіктерімен таныстыру көзделеді.



Project Expert пен ФинЭкАнализ бағдарламаларының білім алушылардың тәжірибелік дағдыларына ықпал етуіне байланысты, олар Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Қаржы» кафедрасында енгізілді әрі «Қаржылық менеджмент», «Жобаларды талдау», «Инвестицияларды қаржыландыру мен несиелеу», «Бизнес жоспарлау», «Инвестициялық талдау» және «Жобаларды басқару» пәндерінен дәріс пен тәжірибе сабақтарында әрдайым пайдаланылады.

Бірақ, білім алушылардың оларды қабылдау көлеміне қарай салыстырғанда, «ФинЭкАнализ» бағдарламасы пайдалануға оңай және сатып алуға, орнатуға, үйренуге шектен тыс шығындарды қажет етпейді. Бағасы бойынша кәсіпкерлік қызметпен енді айналыса бастағандар мен жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне де тиімді.

Бұл бағдарламаның таптырмайтын артықшылығы – оқу процесінде пайдалану қарапайымдылығы. Сонымен бірге бағдарлама экономикалық мамандықтар бакалаврлары мен магистранттары арасында курстық және қорытынды жұмыстарын жазу кезінде үлкен сұранысқа ие.

Осы бағдарламаны пайдалану тәжірибесі студенттердің жоғарыда аталған пәндерге қызығушылық танытуларын және оқу үлгерімі нәтижелері мен дипломдық жұмыстар мен магистрлық диссертацияларды орындау сапасының жоғарылауын көрсетті.

ФинЭкАнализ– шаруашылық субъектілерінің шаруашылық қызметтерінің басқару және қаржылық-экономикалық кешенді талдауының кәсіби автоматтандырылған жүйесі.

Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – шаруашылық субъекті қаржылық талдауын жетілдіру.

ФинЭкАнализ қаржылық талдауы ұйымның басқару және қаржылық-экономикалық талдауын автоматтандыруға қажетті жинақ болып табылады. Ол шаруашылық субъектілерінің қаржылық жағдайын талдауы мен экспресс-талдауын және мерзімдік мониторинг жүргізуге, болжамды баланс құруға, қаржылық оқиғалардың дамуын үлгілеуге, аналитикалық жазбаларды жасауға және компания дамуының стратегия, санация бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер**

1. Ковалев В.В., Волкова О.Н. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: учеб. – М.: ТК Велби, Издательство Проспект, 2007- 424 с.
2. Усик Н.И. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия: Учеб. Пособие. – СПб.: СПбГУНи ПТ, 2009. – 110 с.
3. Файдушенко В.А. Теория и практика. Учебное пособие. – Хабаровск: Издательство Хабаровского государственного технического университета, 2013. – 190 с.
4. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: Учебное пособие. Минск: Новое знание, 2002. – 704 с.

5. Загородников С. В.. Краткий курс по финансовому менеджменту : учеб. пособие. - 3-е изд., стер. - М. : Издательство «Окей-книга». - 174 с. - (Скорая помощь студенту. Краткий курс)., 2010

6. Ковалев В.В. Введение в финансовый менеджмент. – М.: Финансы и статистика, 2007. – 768 с.

7. Дюсембаев К.Ш. Анализ финансовой отчетности: Учебник. Алматы: Экономика, 2009. – 366 с.

8. Уткин Э.А. Финансовый менеджмент. Учебник для вузов. – М.: Издательство «Зерцало», 1998. – 272 с

9. Моделирование финансово-экономической деятельности предприятия: учебное пособие / Ковалева В.Д., И.В. Додонова. – М.: КНОРУС, 2016. -280 с.

10. Гладкий А. Бизнес-план. Делаем сами на компьютере / А.Гладкий . – М.: Рид Групп, 2012 .- 240 с.

11. Петров К.Н. Как разработать бизнес-план. Практическое пособие с примерами и шаблонами, 2-е изд. М.: ООО «И.Д. Вильямс», 2008. – 384 с.

12. Культин Н.Б. Инструменты управления проектами. М., 2009

13. Поляков П.В., Коробов С.А. Программные инструменты разработки бизнес-планов: система Project Expert: Учебное пособие. – Вологодград: Изд-во ВолГУ, 2004.

14. Крутова А.В. Методическое пособие по курсу «Бизнес-планирование с использованием программного продукта Project Expert». Пермь, 2010.

15. Шапиро Л.Д. Методическое пособие по составлению бизнес-планов с использованием программного продукта Project Expert по курсу «Экспертные системы в бизнес - планировании». Учебное пособие. Изд-во ТГУ, 2003.

16. Алиев В.С. Использование программы Project Expert для инвестиционного проектирования. Учебное пособие. М., 2004

17. Алиев В.С. Практикум по бизнес - планированию с использованием программы Project Expert. Учебное пособие. Инфра – М, 2007, 272 с.

18. Алиев В.С., Чистов Д.В. Бизнес - планирование с использованием программы Project Expert (полный курс). Учебное пособие. – М.: Инфра- М, 2015. -352 с.

19. Белолипецкий В.Г. Финансовый менеджмент: учебное пособие. – М.: КНОРУС, 2006. – 448 с.

**ЯКУБОВ М.С., ПАЯЗОВ М., ХУЖАКУЛОВ Т.  
(ТАШКЕНТ, УЗБЕКИСТАН)**

## **ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА РЕЧЕВЫХ СИГНАЛОВ В РАСШИРЕННОМ ЧАСТОТНОМ ДИАПАЗОНЕ**

Идентификация и распознавания речи это самая распространенная речевая технология в нашей жизни. Для улучшение качества передачи речи нужна анализировать речи с помощью разных программных продуктов. Распознавание речи – это преобразование речевого сигнала в цифровую информацию.

Основном в звуковой речи участвуют шумы и тоны. По частотной характеристике шумы подразделяются на низкочастотные – 300 Гц, среднечастотный – 300-800 Гц и высокочастотный – 800 Гц. На сегодняшний день существуют эффективный метод для повышения точности и качества восприятия речи на фоне шума и повышения разборчивости речи на разных устройствах с методами обработки высокочастотных и низкочастотных фонем речи с методом анализа и исследования в расширенном частотном диапазоне [1].

Для достижения к этой цели анализированы составные части речевых сигналов - фонемы. Речевые сигналы рассматриваются в их фонетических компонентах. Каждая из этих фонем характеризуется определенным набором характерных частот, в которых сосредотачивается сила звука, причем каждый уровень частоты еще характеризуется определенной динамикой повышения и снижения. Метод позволяет получить результат на основе всестороннего и динамического анализа речевых сигналов в полном физиологически воспринимаемом человеком частотном диапазоне. Разработка решает проблему построения сигналов по адаптивной речевой базе данных с последующими алгоритмами для методов обнаружения соответствия текущих сигналов речевым образам. Как показывали исследования, за пределами используемого в целях связи урезанного частотного диапазона содержится определенная доля информации, необходимая для однозначного распознавания передаваемого речевого сигнала. В практике при передаче сигналов не рассматриваются более двух третьей физиологически воспринимаемого человеком частотного диапазона, а именно вся высокочастотная доля, которая, хоть и содержит меньшую долю акустической информации, но ответственная для акустического отображения ряда важных фонетических элементов. В практике отсутствие этой части сигнала компенсируется контекстными суждениями, при условии, что распознаваемая низкочастотная часть речевого сигнала позволяет этого с достаточной степенью достоверности делать. Критическая ситуация может сложиться в таких случаях, когда распознаваемая низкочастотная часть сигнала имеет несколько возможных решений по компенсации высокочастотной части. Эта ситуация многократно усугубляется в автоматизированных системах.

Результат исследование предусматривает распознавание речевого сигнала путем экстракции необходимых для идентификации признаков и их сравнение с соответствующей базой образов (рис. 1).




Рис.1. Алгоритм распознавания речевого сигнала

При этом процесс распознавания осуществляется последовательно от фиксируемой совокупности признаков сигнала через проверяемую гипотезу предполагаемой информации до достаточно достоверно распознаваемого речевого сигнала (рис-2).




Рис.2. Схема анализа и распознавания речевых сигналов

Восприятия речи с помощью определенных по каналам связи или других специальных устройств на примере слуховых аппаратов часто приведет непременно к искажением или к полному сбою информации [2].

